

ALIKHAN BOKEIKHAN UNIVERSITY

Ибрагимова Ф.Г.

**ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ЗАҢНАМАСЫ БОЙЫНША  
САҚТАУ ШАРТЫ**

Монография

Семей – 2021

КБЖ 347.44

ӘОЖ 347.44

Сын-пікір берушілер:

Майшекина Э.С. – PhD

Мұқашева Н.К. – PhD

Ибрагимова Ф.Г. «Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша сақтау шарты». Монография. Семей – 2021.-135б.

ISBN 978-601-7799-61-8

«Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша сақтау шарты» атты монография заң факультеттері мен білім беру ұйымдарының студенттеріне, магистранттары мен докторанттарына, практикалық қызметкерлерге, сондай-ақ шарттық құқыққа қызығушылық танытқандарға арналған.

## **ОГЛАВЛЕНИЕ**

### **АЛҒЫСӨЗ**

#### **1 тарау Сақтау құқығы ұғымы және негізі: тарихи тәжірибе және қазіргі жағдайы**

1.1 Сақтау құқығының пайда болуы мен даму тарихы

1.2 Сақтау шарты ұғымы және оның қызмет көрсету туралы шарттар жүйесінде алатын орыны

1.3 Сақтау құқығының құқықтық сипаттамасы

#### **2 тарау Сақтау құқығының ерекшеліктері**

2.1 Сақтау құқығының бөлшектері

2.2 Сақтау құқығындағы тараптардың құқықтары мен міндеттері

2.3 Сақтау шарты бойынша азаматтық – құқықтық жауапкершілік ерекшеліктері

#### **3 тарау Сақтау шартының жекелеме түрлерінің ерекшеліктері**

3.1 Кәсіби сақтау шарттары

3.2 Кәсіби емес сақтау шарттары

### **Қорытынды**

### **Пайдаланылған түпнұсқалар тізімдері**

## АЛҒЫСӨЗ

ҚР АҚ қазіргі заманғы нарықтық экономиканың заңмен бекітілген негізі, оның мәні – құқық арқылы көрініс табатын экономикалық еркіндік анықталған. Экономикалық еркіндік құқықтық принциптер арқылы бекітілген жағдайда ғана экономиканың түпнұсқасына және қайнар көзіне айналады. Ол үшін ҚР АҚ бұрын кеңес құқықтық доктринасы бас тартқан азаматтық құқықтың кейбір институттарын жаңғыртты, олардың ішінде сақтау құқығы да бар (оның жекелеме түрлері).

Соған байланысты сақтау шартын зерттеудің өзектілігі келесі жағдайлармен негізделеді:

Біріншіден, қазіргі заманғы Қазақстан жеделдетілген экономикалық, әлеуметтік, саяси және құқықтық жаңғыру жолында тұр, мұның өзі ең алдымен сақтау бойынша қызмет көрсетумен байланысты мәселелерді қарау мен зерттеуге біршама өзгеше көзқарастарды талап етеді.

Құқықтық әдебиеттерде «заңнамалар жүйесінің елеулі көлемде жаңартылуына байланысты ең алдымен нарықтық экономикаға тән болып келетін құқықтық тетіктер, заңдық құрастырылымдар және нақтылы құқықтық нормаларға қалыптасқан нақтылыққа теориялық талдау және ғылыми жинақтаудың объективті қажеттіктері пайда болады» деп әділетті түрде атап көрсетіледі [1, с.4].

Сақтау шартына азаматтық – құқықтық шарттардың дербес түрі ретінде отандық өркениеттануда арнайы құрастырылымдары жасалынбағандықтан осы салада бұдан әрі ғылыми зерттеулер жүргізуге негіз болатын бірнеше жинақтаушы теориялық ережелерді қалыптастыру мақсатында осы қатынастарды кешенді зерттеу қажеттігі туындайды.

Екіншіден, ҚР АҚ жалпы бөлімінің қабылдануымен қызмет, сәйкесінше сақтау қызметін көрсету қатынасы сияқты заңдық ерекшелікті құқықтық реттеу туралы заң шығарушылардың жаңа көзқарастары көрініс бере бастады. Қазіргі таңда сақтау бойынша қызмет нарығы – экономиканың неғұрлым үдемелі дамып келе жатқан салаларының бірі (астық сақтау, құнды заттарды банкте сақтау, кедендік сақтау және т.б.). Бұл қызмет адамның тек әлеуметтік, тұрмыстық, рухани қажеттіктері саласына ғана таралмайды, сонымен қатар жаһандық макроэкономикалық көлемдегі салаларды да қамтиды, белгілі бір мөлшерде адамның қазіргі таңда лайықты тұтынушылық құнға ие болған қызметтерінің барлық салаларына енеді.

Үшіншіден, оның өзектілігі сақтау бойынша қатынастарды реттейтін нормативтік – құқықтық базаның шартты түрде жаңалығымен негізделеді. Ең алдымен сөз қолданыстағы ҚР АҚ туралы болып отыр. Қазіргі кезеңде сақтау бойынша қызметтің жаңа түрлері пайда болды, бірақ үлкен өкінішке орай олар әлі заңнамалар арқылы жеткілікті түрде реттелмеген.

Аталған мәселені зерттеудің ерекше қажеттілігі тағы да бірнеше факторлармен анықталады, олардың негізгілері жеткілікті деңгейде теориялық құрастырылмағаны, қолданыстағы заңнамалардың кейбір ережелерінің дау тудыратыны, құқықтық реттеуде ақтандақтардың болуы. Кейбір заңға тәуелді актілердің ҚР АҚ қарама-қайшы келіп жататын тұстары да жиі кездеседі.

Тауарлар қоймасында сақтау, қойма құжаттарының айналымы ережелері әлі толық зерттелмеген күйінде қалуда. Сонымен қатар, азаматтардың заттарын автоматты сақтау камераларына орналастыру кезінде пайда болатын қатынастарды реттеу проблемалық мәселе болып қалып отыр, астық сақтау, мүлікті ломбардта сақтау және т.б. мәселелерді реттейтін заңнамалар нақтылауды қажет етеді, ҚР АҚ сақтау туралы нормаларын қолдану кезінде туындайтын тағы да басқа қиындықтар бар. Бұл мәселелер жұмыстың жекелеме параграфтарында қаралатын болады.

Осының барлығы ғылыми зерттеудің ерекше өзектілігін анықтайды және алынған жаңа ғылыми нәтижелер азаматтық құқық ғылымы үшін елеулі көлемдегі маңызға ие бірқатар теориялық және тәжірибелік мәселелерді шешуге ықпал етуі тиіс.

Сақтау құқығының жоғарыда айтылған теориялық құрастырылымы мен құқықтық реттелуінің жағдайлары осы зерттеу тақырыбын таңдап алуға себеп болды.

**Зеерттеу тақырыбының құрастырылымдық деңгейі.** Қазіргі заманғы отандық заң ғылымында сақтау құқығы мен оның түрлеріне арналған кешенді зерттеулер іс жүзінде жүргізілген жоқ.

Сақтау құқығы ұғымын, сипаттамаларын, элементтерін анықтаумен байланысты мәселелерді зерттеу әрекеттері бұдан бұрын да жасалынған болатын. Атап айтқанда, шарттың даму тарихы және оның жалпы ережелері мәселелері Л.А. Антонованың, Р.С. Ажимовтың, С. Гейнцтің, М.В. Зимелеваның, З.И. Цыбуленконың және т.б. еңбектерінде қаралды. Алайда олардың барлығы революцияға дейінгі немесе кеңес азаматтық заңнамалар негізінде жасалынған.

Қазіргі таңда бұрынғы кеңес елдерінде сақтау бойынша қызметті жүзеге асырумен байланысты мәселелерді зерттеуге ғылыми қызығушылықтың артқаны байқалады. Осы жағынан алып қарағанда Ресей ғылымының үлкен тәжірибесі бар. Соған байланысты М.И. Брагинскийдің, К.С. Боуштың, Н.А. Новокшенованың, Ю.С. Соловьеваның, С. Суворованың және т.б. ғылыми еңбектерін атап өтуге болады.

Қазақстан Республикасында сақтау шарты ерекшеліктерінің жекелеме жақтары К.Е. Жакашевтың, С.К. Идрышеваның., С.А. Клишкиннің, Н.Г. Сарсеновтың және т.б. ғылыми мақалаларында қарастырылды.

Сақтау шартын азаматтық – құқықтық шарттардың ылыми жұмыстарда, ғылыми және ғылыми – әдістемелік құралдарда жалпы зерттеумен байланыста қарастырумен байланысты мәселелерге Ю.Г. Басин, А.Г. Жайлин, А.К. Калдыбаев, Т.Е. Каудыров, Е.Б. Осипов, М.К. Сулейменов және т.б. сияқты авторлардың бірнеше жұмыстары арналған, олар сақтау шартының рөлін зерттеуге елеулі үлес қосты.

Сақтау шартының азаматтық – құқықтық жақтарын зерттеу кезінде автор тұтас алғандағы азаматтық құқық принциптері мен институттарына арналған ғылыми еңбектерге, құқық теориясының шекаралас институттары мен санаттарына, сондай – ақ сақтау шартының қалыптасу тарихына да назар аударды. Сондай - ақ А.Т. Ащевлов, С.С. Алексеев, А.Г. Диденко, С.З. Зиманов,

Г.Ф. Шершеневич, Т.Т. Шиктыбаев және т.б. сияқты ғалымдардың еңбектері де зерттелді.

Сондай – ақ жүргізілген зерттеулердің ғылыми платформасы А.Л. Антонованың «Кеңес азаматтық құқығындағы сақтау міндеттемелері» (М., 1950), Р.С. Ажимовтың «Кеңес азаматтық құқығындағы мүлікті сақтау міндеттемелері» (М., 1952), З.И. Чуркинаның «Азаматтардың қалалық ломбардтармен шарттық қатынастарын құқықтық реттеу» (М., 1977), Н.А. Новокшонованың «Тауар қоймасында сақтау шарты (азаматтық – құқықтық және әкімшілік құқықтық жақтары)» (М., 2002), К.С. Боуштың «Ресейдің азаматтық құқығындағы сақтау шарты» (Волгоград, 2005), Ю.С. Соловьеваның «Ресей Федерациясының азаматтық заңнамалары бойынша қоймада сақтау шарты (астық және оны өңдеу өнімдерін сақтау шарты негізінде)» (Краснодар, 2008) және т.б. диссертациялар болып табылады.

Зерттеу тақырыбының қарастырылу деңгейіне жүргізілген талдау сақтау шартына арналған қазіргі кезде қолда бар еңбектердің маңыздылығы мен елеулілігіне қарамастан оларда зерттеу объектісі ретінде бұл мәселенің тек жекелеме жақтары ғана анықталады. Қазақстан Республикасында сақтау шартын құқықтық реттеуге кешенді талдаудың жоқтығы осы институтты зерттеу қажеттігін негіздейді.

Сақтау шартын құқықтық реттеумен байланысты мәселелерді ашып көрсетудің қажеттігі мен өзектілігі осы монографияның мақсаттары мен міндеттерін негіздеді.

Бұл жұмыстың мақсаты сақтау шартын құқықтық реттеу саласындағы теориялық ережелер мен тәжірибелік ұсыныстар құрастыру, сондай – ақ ҚР заңнамаларына зерттеу тақырыбына қатысты бөлігін жетілдіру бойынша нақтылы ұсыныстар құрастыру болып табылады.

Осы мақсатқа қол жеткізу үшін келесі кешенді зерттеу міндеттері қойылды:

- сақтау бойынша қатынастарды дамытудың тарихи ретроспективасын бақылау, рим құқығындағы және ұлттық құқықтық жүйедегі сақтау шартының тарихи дамуының кезеңделуін қарастыру;

- сақтау шарты, оның элементтері мен белгілерін қазіргі жағдайдағы ұғынудың жағдайын анықтау;

- сақтау шартындағы тараптардың құқықтары мен міндеттерінің ерекшеліктерін анықтау;

- сақтау шарты бойынша тараптардың жауапкершілігін сипаттау;

- сақтау шартының түрлерін жіктеу;

- сақтау шартының жекелеме түрлерін зерттеу, оларды құқықтық реттеу мәселелерін анықтау;

- сақтау шартын құқықтық реттеу саласындағы азаматтық заңнамаларды одан әрі жетілдіру бойынша ғылыми- тәжірибелік ұсыныстар құрастыру және негіздеу.

Зерттеудің теориялық негізі түрлі көздер: сақтау шартын құқықтық реттеу саласындағы монографиялық және диссертациялық зерттеулер, ғылыми және оқу еңбектері арқылы берілген.

Зерттеу жетекші қазақстандық және шет елдік ғалымдардың сақтау шартын құқықтық реттеу мәселесі бойынша еңбектерінде берілген теориялық ережелерге сүйенеді.

Сақтау шартының қызмет көрсету бойынша шарттарға жататынын есепке ала отырып автор сондай – ақ қызмет көрсету бойынша шарттардың іргелі мәселелерін зерттеуге елеулі үлес қосқан қазақстандық және шет елдік ғалымдардың еңбектерін пайдаланды. А.Ю. Кабалкин, М.В. Кротов, С.И. Клишкин, С.К. Идришева, Е.Б. Осипов М.Б. Российский, М.К. Сулейменов және т.б. сияқты ғалымдардың еңбектері зерттелді.

Бұл зерттеудің эмпирикалық негізін сот тәжірибесінің материалдары, оның ішінде азаматтық істер бойынша зерттелетін тақырыпқа қатысты шешімдер құрастырды.

Зерттеудің ғылыми жаңашылдығы тұңғыш рет монографиялық деңгейде нарықтық экономика жағдайындағы сақтау шартын құқықтық реттеу мәселелеріне арналған кешенді зерттеудің жүргізілгендігінде болып отыр. Сақтау қызметін көрсету бойынша қатынастарды реттейтін азаматтық заңнамалардың қазіргі жағдайына талдау жасалынды.

Диссертациялық зерттеудің ғылыми жаңашылдығын ашып көрсететін неғұрлым маңызды қорытындылар төмендегіден көрінеді:

1 Реттелмейтін сақтау кезінде бұл шарттың негізгі мақсаты – затты сақтауға беруші тапсырған мүліктің сақталуы мен қайтарылуы бұзылады.

Затты сақтауға берушіге дәл оның өзі сақтауға берген емес, бірақ сапасы мен түрі жағынан оған ұқсас тауар қайтарылатынына байланысты заттарды тапсыру кезінде белгілі бір келісімдер бойынша заттың анықтауыш белгілері сақтау шарты емес, несие шартының орындалуында болады, себебі сақтаудың тұтас алғанда реттелмейтін болуы мүмкін емес.

2 Доктриналық деңгейде «тұрмыстық қызмет» ұғымының болмауына байланысты осы дефиницияға авторлық түсінік ұсынылады:

*«Тұрмыстық қызметтер – бұл мүлкілік нәтижесі болмайтын, азаматтардың жекелеме дербес, отбасылық, күнделікті қажеттіктерін қанағаттандыруға бағытталған қызмет түрі».*

АК 39 тарауын жаңа 769- 1 «Тұрмыстық қызмет түріндегі сақтау шарты» жаңа бабын келесі мазмұнмен толықтыру ұсынылады:

*«Тұрмыстық қызмет көрсету түріндегі сақтау шарты азаматтар арасында ауызша түрде және тек кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес дербес, отбасылық күнделікті пайдалануға арналған мүліктердің сақталуына қатысты жасалынады».*

3 ҚР АК 780 бабының 2 тармағын келесі редакцияда бере отырып толықтыру ұсынылады:

*«Азаматтардың мүлкін ақысыз негізде сақтауды жүзеге асыратын сақтаушы азамат оның әрекетінде немесе әрекетсіздігінде арам пиғыл немесе абайсыздық орын алған жағдайда өзіне сақтауға берілген мүлікті жоғалтқаны, жетіспеушілігі, зиян келтірілгені үшін жауап береді».*

4 ҚР АК 776-1 «Қауіпті қасиеттері бар заттарды сақтау» жаңа бабымен толықтыру ұсынылады, онда мұндай заттардың қасиеттері қысқаша ашып

көрсетілген және оларды сақтауға беру тәртібі ашып көрсетілген болар еді. Бұл бап мүлікті сақтауға берушінің сақтаушы мен үшінші тұлға алдындағы осындай сақтауды жүзеге асырумен байланысты зиян келтіргені үшін жауапкершілігі мәселелері неғұрлым айқын реттелген болар еді.

5 Келесі санаттар бойынша сақтау шартының түрлерін доктриналық жіктеу ұсынылады:

- субъект бойынша: кәсіби және кәсіби емес сақтау шарттары;
- заты бойынша: жылжымалы мүліктерді сақтау шарттары және жылжымайтын мүліктерді сақтау шарттары (секвестр);
- орынын толтыру бойынша: орынын толтыру арқылы сақтау шарты және орынын толтырмастан сақтау шарты;
- шарт түрі бойынша: ауызша түрдегі сақтау шарты және жазбаша түрдегі сақтау шарты;
- заттың қасиеттері бойынша: қауіпсіз заттарды сақтау шарттары және қауіп төндіретін қасиеттері бар заттарды сақтау шарттары;
- сақталу жағдайы бойынша (жағдайға байланысты сақтау): кәдуелгі сақтау шарты және төтенше жағдайларда сақтау шарты.

6 Диссертант сақтау шартының жекелеме түрлеріне қатысты ҚР азаматтық заңнамаларын жетілдіру бойынша келесі ұсыныстарды енгізеді:

а) Көлік мекемесі мен автоматты сақтау камерасын пайдаланған затты сақтауға беруші арасындағы шарт, тек сақтау шарты ғана болып табылмайды, сонымен қатар оның құрамында мұндай шарттың бөлшектері болмайды, оның нақтылы табиғаты «жалға беру» және «күзету» элементтерінің араластырылуы болып табылады;

Соған байланысты ҚР АҚ, 787 бабы келесі мазмұндағы 5 тармақпен толықтырылуы тиіс:

5. *«Осы бап арқылы белгіленген көлік мекемелерінің сақтау камераларында сақтау ережелері көлік мекемесі автоматты сақтау камерасын өзге тұлғаға мүліктік жалға алу шарты негізінде пайдалануға берген жағдайларға таратылмайды».*

б) ҚР АҚ 789 бабының «Қонақ үйде сақтау» 2 тармағын келесі редакцияда беру қажет:

2. *«Қонақ үй ақшаны, валюталық құндылықтарды және өзге де құнды қағаздарды жоғалтқан жағдайда тек оларды қонақ үй сақтауға қабылдаған немесе қонақ үйге келуші оған қонақ үй бөліп берген жеке сейфке немесе ұяшыққа салған кезде бұл сейфтің оның номерінде немесе өзге арнайы бөлінген қонақ үй бөлмесінде болғанына қарамастан жауап береді».*

в) Даулы мүлікті сақтаудың анықталған ерекшеліктерін және жария және доктриналық деңгейде секвестрді анықтау мүмкіндігінің болмаған жағдайын есепке ала отырып бұл институттың негізін ғылыми ұғынудағы ақтаңдақтардың орынын толтыру ұсынылады:

*«Секвестр – даулы зат болып табылатын мүлікті орынын толтыра отырып немесе орынын толтырмастан сақтауды қарастыратын, сақтау мерзімі аяқталғаннан кейін секвестратор оны сот шешімімен немесе дауласушы тараптардың өзара келісімі бойынша оған иелік ететін тұлғаға*



*қайтарылып берілуін қамтамасыз етуге міндеттейтін арнайы тетік».*

г) Заң шығарушы тауар қоймасын мекеме, демек заңды тұлға деп анықтайды. Тауар қоймасында сақтау бойынша қызмет көрсетуді қызмет түрі ретінде қарастыру қажет деп есептейміз. Соған байланысты тауар қоймасына авторлық анықтама ұсынылады:

*«Тауарлық қойма деп сақтау бойынша қызмет көрсету саласында кәсіпкерлікті жүзеге асыруға арналған мүліктік кешен танылады».*

д) ҚР АҚ 39 бабының § 3 791-1 жаңа бабын «Тауар қоймасында сақтау шарты» келесі мазмұнмен толықтыру ұсынылады:

*«Қоймада сақтау шарты бойынша тараптардың бірі – сақтаушы өзіне екінші тарап – сақтауға беруші берген мүліктің сақталуын қамтамасыз етуге және қойма құжатын ұсынушының бірінші талап етуі бойынша сақталған күйінде қайтаруға міндеттенеді, ал сақтауға беруші сақтаушының қызметін төлеуге және оның шығындарының орынды толтыруға міндеттенеді».*

е) ҚР АҚ 39 тарауының § 3 800 бабына берілген несиенің көлемі және ол бойынша пайыздар варрантта жасалынуы туралы міндетті талап белгілеу ұсынылады. Варрант бірнеше рет алынуы мүмкін болуына байланысты кепіл шарттары туралы білмейтін және қосымша осындай ақпараттарды іздестіруге мәжбүр болатын оны одан кейін ұстаушылардың өзін өзі ақтамайтын тәуекелі пайда болады. Несиелік қатынастардың сомасы, мерзімі, тараптары туралы белгі кепіл ұстаушының кепілге берілген тауар құнының орынды толтыруды ғана талап ете алатыны, бірақ оған барлық кепілге салынған тауарды меншікке беруді талап етуге құқылы еместігіне байланысты да қажет болады.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы құрастырылған концептуалды теориялық ережелер азаматтық құқық ғылымын дамытуға белгілі бір деңгейде үлес қосады және қарастырылатын тақырыпқа қатысты ҚР азаматтық заңнамалары саласында одан әрі зерттеулер жүргізу үшін негіз бола алады.

Зерттеудің тәжірибелік маңызы жұмыс құрамындағы ұсыныстар мен қорытындылар сақтау шартын құқықтық реттеу және оны қолдану тәжірибесінің нормативтік – құқықтық базасын жетілдіруде пайдаланылуы мүмкін.

## **1 ТАРАУ. САҚТАУ ШАРТЫ ҰҒЫМЫ ЖӘНЕ НЕГІЗІ: ТАРИХИ ТӘЖІРИБЕ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ**

### **1.1 Сақтау шартының пайда болуы мен даму тарихы**

Сақтау шартының міндеттемелік құқықтың ажырамас бөлігі бола отырып өте бай тарихы бар және осы шартпен танысу кезінде оның рим құқығында және ұлттық құқықтық жүйеде пайда болуы мен қалыптасу ерекшеліктерін қарастырмай кете алмаймыз.

Біздің пікірімізше сақтау шарты сияқты санат белгілі бір бөлігінде кәдуелгі деликтіні өзімен алмастыруы тиіс шарттарға жатқызылады. Бұл шарттар деликтерінің тиісті түрлерімен бәсекелестік жағдайында кімнің, кімнің алдында және қандай жауапкершілікте болуы тиіс екенін анықтауға мүмкіндік беретін шарттар.

Сақтау негізінде қарапайым модель жатыр, онда бір тұлға түрлі себептерге байланысты өзге тұлғаға белгілі бір қызмет көрсету туралы өтініш жасайды, атап айтқанда: уақытша беерілген мүлікті қабылдауды, оны сақтауды және кейін тұтас сжәне сақталған күйінде қайтаруды [2, с. 34].

М.В. Зимелева өзі зерттеген қоймада сақтау туралы айта келе былай деп жазды: «Мүлікті сақтауға беру, демек мүлікті үшінші тұлғаға беру арқылы пайдалануда уақытша үзіліс жасау немесе оны әдейі шаруашылық айналымнан шығару идеясы Вавилон және Египет кезеңінде қолданыла бастады және атап айтқанда ол Хаммурапидің есімімен байланысты» [3, с. 3].

Тарихи қалыптасқан алғашқы моделдердің бірі сақтау бойынша жеке тұрмыстық қызмет көрсету моделі болды. Ол құқықтық тілде «лебіз таныту қызметі» аталатын түрде көрсетілді. Сол себепті мұндай түрдегі қатынастар үнемі немесе ең басты жағдайларда бір тараптың – осындай қызмет көрсету туралы өтініш жасаушы тараптың мүддесін ғана көрсетеді. Римде аталған қатынастарды реттеу кезінде заңдық нормалармен қатар мораль талаптарын сақтаудың үлкен рөл атқаруы өз кезегінде осы мәселемен байланысты болды [3, с. 4]. Бұл талаптар сақтаушының ең алдымен ол өзіне өзгенің мүлкін қамқорлыққа алу міндетін одан ешқандай да пайда таппастан өз мойынына алу бойынша әрекет ету жағдайын анықтайтын болады деп қарастырылды.

*depositum miserabile* кезінде сақтаушының тиісті міндеттемелерді сақтауының кепілі абыройсыз деп айыпталуы қаупінің болуы қызмет етуі тиіс болды (*infamia*). Оған сақтаудың өзге түрлеріне қатысты тиісті жағдайларда қолданылғандармен салыстырғанда неғұрлым қатаң материалдық сипаттағы ерекше санкциялар қосылатын болды. Бұл жерде сөз XII кесте Заңында қарастырылған «Егер де мүлікті сақтауға қабылдаған сақтаушы оны қайтармайтын болса, онда мүліктің екі еселенген құнын төлейтін болады» деген ережесі туралы болып отыр [4, с. 74].

Рим құқығында сақтау шарты осы құқықтық жүйе үшін тән болып келетін *contractus rei* нақтылы шарттар топтарының осы құқықтық жүйесінен өз орынын алды. Бұл жерде сөз шартқа отыру үшін жай ғана келісім жасасу (*nudus consensus*) тараптар арасында тиісті құқықтар мен міндеттер тудыру үшін жеткіліксіз болатын шарт түрі. Тараптардың біріне оған тиесілі мүлікті келісімге (контрагентке) негіздеп беру қажет болды [5, с. 320].

Хронологиялық жағынан осындай *mutuum* нақтылы шарттардың алғашқыларының бірі – тұрмыстық борыш (ауыстырылатын заттарды, ең алдымен ақшаны дәл осыындай мөлшердегі мүлікті қайтарып беру (әдетте көлемі бірдей болып келетін) міндеттемесімен беру. Тағы да бір өзгеше түрі *commodatum* – қайтарылымсыз несие (мүлікті орынын толтырымсыз пайдалануға беру). Үшіншісі -*depositum* (сақтау). Төртіншісі - *pignus* – кепілге берілетін мүлікті кепілді ұстаушыға беру түріндегі кепілдік.

Нақтылы шарттардың аталған түрлерінің бастауында fiducia – формалды емес контракт түрды, оның тиісінше жеткілікті заңдық күші болған жоқ. Оның негізі мүлікті белгілі бір мақсатпен болашақта қажет болған жағдайда қайтарып алу мақсатында уақытша пайдалануға беруден тұрды. Сонымен, сақтаудың нақтылы шарт ретіндегі анықтауыш белгісі «мүлік сақтаушыға берілмеген болса – онда сақтау шарты да орын алмайды» деген принцип болды [2, с. 35].

Бұл жерде сөз мүлікті беруші сақтаушының мүлікті алудан түрлі себептермен бас тартқан жағдайында тіпті шарт жасаспағанның өзінде өз мүддесін сақтау шартына отыру міндеттемесінсіз ақ орынын толтыру міндеттемесін алуды талап ете алатындығы туралы болып отыр [6, с. 296].

Ежелгі Римде сақтау заты ретінде жылжымалы мүлік әрекет етті. Сақтаудың арнайы түрлерінің бірі – секвестрге қатысты қолдануға қатысты ғана (секвестрации) – сақтау үшін жылжымайтын мүлікті де беру мүмкіндігі қарастырылды.

Мүлікті берушіге сақтауға берілетін мүлікке қатысты титулдың болуына қатысты ешқандай арнайы талаптар қойылмады. Тиісінше мұндай қызметті тіпті ұрлықшы – мүлікті ұрлап алған адам да атқара алатын болды. Мұндай шарттың пайда болуына бірден бір жалғыз кедергі тек жалпылама ереже болды, оған сәйкес сақтаушы өз меншігіндегі мүлікті сақтауға қабылдай алмайтын болды. Ю. Барон мұндай жағдайды «меншік иесі онсыз да өз мүлкінің сақталуына мүдделі болады» деген принциппен байланыстырады [7, с. 169]. *Бірақ мұндай жағдайда басқа да мәселелер назарға алынды себебі сақтаушы алдын ала сақталынатын мүліктің меншік иесі деп танылмады оған осы мәселеге қатысты үшінші тұлғалар міндеттемелік талаптар қоя алмайтын болды.* Сонымен сақтаушыда өз мүлкін «бөтен» (сақталатын) мүлік санатына жатқызуға мүдделілік пайда болуы мүмкін болды, ол сол арқылы өзіне тиесілі мүлікті конкурстық массадан шығарып тастайтын болды.

Мұндай жағдай өз кезегінде сақтаушы әрекетінің шынайылығының шектерін анықтауға ықпал етуге тиіс болды, демек оның мүлікті жоғалтқаны немесе зақымдағаны үшін жауапкершілігі принципі үшін де негіз болды. Сақтаушы жалпы ереже түрінде тек оның әрекетінен dolus немесе culpa lata қасақаналық немесе мұқиятсыздық орын алған жағдай анықталғанда ғана жауап беруге тиіс болды. Және тек сақтау төленген жағдайда ғана жауапкершілік осы шектен асып түсетін болды. Орынын толтырушылықпен қатар сақтаушының жауапкершілігін күшейте түсудің өзге де негіздері болды. Сөз ең алдымен түрлі жағдайларға байланысты сақтаушының өзінде мүлікті сақтауға қабылдауға тікелей жеке мүдделілік пайда болатын жағдайлар туралы болып отыр. Мұндай жағдайда жауапкершілік culpa lata (жеңіл кіна) дейін таралатын болды. Мұндай жағдайда сақтаушы «feci quod potui, faciant meliora potentes» (қолымнан келгеннің бәрін жасадым басқа ешкім де одан артық жасай алмас еді) деген белгілі тұжырымдаманы пайдалана отырып жауапкершіліктен сытылып кете алмайды. Мұндай жағдайларда сақтауға алынған заттардың бірдей себеппен сақтаушының өз заттарымен бірге жойылғанына сілтеме жасау сақтаушыны жауапкершіліктен босату үшін жеткіліксіз болды.

Жалпы ереже бойынша сақтаушы өзіне берілген заттардың меншік иесі де, тіпті иелік етушісі ретінде де есептелінбеді. Осы себепке байланысты өзге де бірнеше шарт түрлеріне қатысты сияқты арнайы құрастырылған ерекше мүліктік құқық - *detentio* (ұстау) пайдаланылды, ол *possessio* (иеленуге) қарсы қойылды. Жалпылама түрінде осы екі құзыреттілік арасындағы айырмашылық мынадан көрінді, *detentio* «затты өзге адам үшін ұстаудан» көрінсе, *possessio* «затты өзі үшін иеленуден» көрініс табатын болды. *detentio* иеленушілікті қорғау өтінішін жасау құқығын бермейтін болғандықтан *detentio* және *possessio* ұғымдарының аражігін ашып көрсету маңызды болды.

Сақтаушы мүлікті пайдалануға құқылы болмады, керісінше болған жағдайда ол жалға алушыға айналатын болды және басқасын былай қойғанда бұл жалға алу төлемін төлеуге алып келуге тиіс болды. Сонымен қатар сақтаушы жалпы ереже түрінде сақтауға берушіге дәл өзі сақтауға алған мүліктің өзін қайтаруы тиіс болды.

Арнайы режимдер ең алдымен сақтаудың екі түрі үшін белгіленді, оларды бөліп көрсету қазіргі жағдайда да үлкен маңызға ие. Біріншісі – *depositum irregulare*. Жекелеме мүлікке дербес есептелінген кәдуелгі сақтаудан айырмашылығы сақтаудың бұл түрі мүлікті тауар ретінде қарастыруға жақын болады, ол үшін сақталатын мүліктің айналымына қатысуды қамтамасыз ету ерекше маңызға ие болады, мұның өзі кейінірек кәсіпкерліктің негізгі белгілерінің біріне айналуымен тығыз байланыста болды. Тиісті мүлікке құқықтың субъектісі мен сипаты туралы басты даудың біздің заманымызға дейін жетуі де сондықтан да тегін емес.

Тағы да бір осындай ерекше сақтау түрі - секвестр. Оның негізгі мәні мынада, даулы мүлікті дауласушы тараптар оның өздеріне тиістілігін анықтағанша үшінші тұлғаға беретін болды, ал дау шешілгеннен кейін мүлік дауда жеңіске жеткенге қайтарылатын болды. Секвестр не дауласушы тараптардың келісімге қол жеткізуімен аяқталды немесе соттың осы мәселеге қатысты арнайы қаулы шығаруымен аяқталатын болды. Секвестрдің мақсаты жеңімпаз үшін шешімнің орындалуын қамтамасыз ету, демек, тиісті тәэртиппен оған тиесілі деп танылған белгілі бір мүлікті алуын қамтамасыз ету. Секвестрант мүддесі үшін даулы мүлік берілген тұлға оған сақтау бойынша шығынын төлеуге тиісті екеніні белгіленетін болды [5, с. 270].

Біздің пікірімізше Рим құқығындағы сақтау шарты заңдық –техникалық жағынан алып қарағанда өте күрделі болып келді, соған қарамастан оның негізгі элементтері мен белгілері Қазақстан Республикасының қазіргі заманғы азаматтық құқығынан көрініс тапты (шарттың нақтылығы, оның екі жақтылығы, шарт мәнінен жылжымайтын мүлікті алу, тараптардың жауапкершілігі және т.б.).

Сақтау шартының тарихи ретроспективасын қарастыра келе оның қазақ әдет құқығында реттелуін қарастырмай кетпеуге болмайды, себебі онда бұл институт орталық орын алмаса да елеулі маңызға ие болды.

Қазақ құқығының негізгі қайнар көзі әдет болды көпшілік санасында қабылданатын және қалыптастырылатын заңнамалар мен сот прецеденттері көшпелілердің өмірі мен дәстүрлі бостандық еркін білдіру қажеттігі ретінде

калыптастырылды. Қазақ құқығы өз құрылымы мен логикасы бойынша табиғи қажеттілік ретінде жылдам есте сақтау мен игеру үшін ыңғайлы, үнемді және стилді көрсетілген нормативтері бар тиімді, бейімделгіш құқықтық жүйе болып табылады. Ол бейбіт, зайырлы және азаматтық құқық болды, күналыны қылмыстық қудалау мен қылмыстық жазаға тарту оның құрамында болған жоқ [8, с. 13].

Қазақтардың құқықтық мәдениеті туралы қазіргі таңға сақталып жеткен көздер ішінен қарастырылатын қатынастарға қатыстылары арасынан орталық орынды Жетісу облыстық баспаханасынан шыққан «Қырғыз дәстүрлі әдеті жинағы» ерекше орын алады. Бұл еңбектің түпнұсқасы Алматы қаласындағы Пушкин атындағы мемлекеттік жария кітапханада бір данада сақталуда. Ол бойынша автордың немесе құрастырушының аты-жөнін, шығарылған жылын анықтау мүмкін емес. Кітапхананың барлық каталогтарында ол авторынсыз және шығарылған жылынсыз көрсетіледі. Жинақтың мазмұны, жүйесі және құрылымына қарайтын болсақ ол 19 ғасырдың соңы 20 ғасырдың басында Жетісу облысы қазақтарының әдет құқығы нормаларын жинау бойынша ресми басылым жасау мақсатымен жасалған деп болжауға болады.

Жинақты 19 ғасырдың соңы 20 ғасырдың басында Түркістан өлкесіне ревизия жасаған комиссиялар мүшелерінің бірі, тіпті мүмкін К.К.Пален басшылығымен жұмыс істеген белгілі комиссияның мүшелері құрастырған болуы мүмкін. Қазақтардың әдет құқығындағы сақтау құқығына жүргізілген талдау негізінде келесідей қорытынды жасауға болады. Сақтау шартының негізі ретінде кез келген жылжымалы мүлік, оның ішінде ақша мен актілер болуы мүмкін. Сақтау шарты – орны толтырылмайтын және нақтылы шарт. Алайда, егер де сақтаушы немесе қабылдап алушы өзіне сеніп тапсырылған мүлікті сақтау қажеттігіне байланысты шығынға ұшыраған болса, онда олар мүлік иесі, сақтауға беруші (сақтаушының контрагенті осылай аталынды) тарапынан жұмсалынған шығын көлемінде шығынның орынын толтыруға құқылы болды. Сақтау туралы шарт үшін белгілі ібір мөлшердегі мерзім шектеулері юолған жоқ, сақтауға берілген мүлік туралы шарттың мерзімі беруші мен қабылдап алушы арасында жасалынған шарт арқылы анықталатын болды.

Саақтаушы немесе мүлікті қабылдап алушы өздеріне тапсырылған мүлікті өз мүлкі сияқты қорғауға міндетті болды, осы мүліктің бір бөлігін жоғалтқан, бүлдіріп алған немесе табиғи апат немесе өзге де еңсерілуі мүмкін емес күш салдарынан жойып жіберген жағдайда оны жоғалтқаны туралы бірден билік органдарына, өзінен жасы үлкен туыстарына немесе беделді тұлғаларға хабарлауға және мұқият іздестіру жұмыстарын жүргізуге тиіс болды. Сақтаушы мүлік қожайынына өзіне сеніп тапсырылған мүлікті оның бірінші талап етуі бойынша қайтаруға міндетті болды, өз кезегінде мүлікті қабылдап алушы шартта белгіленген мерзім ішінде барлық қабылдап алынған мүлікті мүлік иесіне жеткізіп беріп тікелей қолына табыс ету міндеті жүктелді.

Мүлік иесі мен оны сақтаушы кез келген уақытта сақтау шартын бұза алатын болды, демек, біріншісі – сақтаушыдан кез келген уақытта оған сақтауға берілген мүлікті қайтарып беруді талап етуге, ал екіншісіне – кез келген уақытта мүлік иесінен өз мүлкін қайтарып алуын талап етуге құқық берілді.

Мүлікті сақтаушы мен қабылдап алушы мүлік иесінің ерекше өкілеттік беруінсіз қабылдап алынған мүлікті пайдалануға құқы жоқ болады.

Егер де мүлікті сақтаушы немесе қабылдап алушы табиғи апаттан немесе өзге де себептермен мүлікке зиян келтірілгені, жойылғаны немесе өзіне сеніп тапсырылған мүліктің жоғалғаны туралы мерзімімен хабар берген болса, онда оған зиян келтірілгені, жойылғаны немесе жоғалғаны үшін ол жеке де, мүліктік те жауапкершілікке тартылмайтын болды, сонымен қатар оның мүлік иесінен жоғалған мүлікті іздестірумен байланысты жұмсаған шығындарының орынын толтыруды талап етуге құқылы болды.

Егер де мұндай хабарлама жасалынбаған болса, онда сақтаушы немесе қабылдап алушы жоғалған немесе бүлінген мүліктің құнына сәйкес келетін жауапкершілікке тартылатын болды. Сақтаушының өзіне сеніп тапсырылған мүлікті иеленіп кетуі ұрлыққа теңестірілді. Мүлікті қабылдап алушы оның бір бөлігін өз қажеттері үшін ұстап қойған болса, онда ол ұстап қойған бөлік үшін ғана жауапты болды, ал егер де мүлік сауда заты болса және сатуға арналған болса, онда мүлікті қабылдап алушы азаматтық тәртіппен егер де шығын немесе мүліктің бір бөлігін иелену мұқтаждықпен байланысты болмаған жағдайда ғана жауап беретін болды. Мүлікті қабылдап алушы немесе сақтаушы өлген жағдайда оның мұрагерлері мүлікті мүлік иесіне қайтаратын болды.

Егер де мүлік сақтаушының кінасы болмай жоғалса немесе жойылып кетсе, онда олар ешқандай жауапкершілік тартпайтын болды. Мұрагерлер жүзеге асырған мүлікті иеленіп кету немесе жоғалту ұрлыққа теңелді. [9, с. 360-361].

Қазақ әдет құқығындағы сақтау шартын зерттей келе мұндай шарттың негізгі белгілері мен өзіндік ерекшеліктері қазіргі заңнамалардан да орын тапты деген қорытынды жасауға болады. Әрине, даму деңгейі, өмір сүру жағдайына байланысты қазақтардың әдет құқығында секвестр институты, тауарлық қоймада сақтау болған жоқ, бірақ осы шарттың негізгі өзіне тән белгілері біз жоғарыда қарастырған тарихи кезеңде орын алды.

Қазақстан Ресей империясы құрамына кіргеннен кейін сақтау шартын құқықтық реттеу осы мемлекеттің заңнамалары арқылы жүзеге асырылды, оларға талдау мен құқықтық сипаттама беруді біз одан әрі беретін боламыз.

Ресей империясының заңдар жинағында (бұдан әрі - заңдар жинағы) сақтау үшін «Сақтауға өткізу және қабылдау және сақталатын мүлік туралы» төртінші кітаптың бесінші тарауы бөлінді [10, с. 395].

Сонымен, «Сақталатын мүлік» тарауы арнайы бөлінген сақтау бір мезетте сақтауға беруді және қабылдауды білдірді. Егер де С.И.Ожегов жүргізген сөздерді лексикалық түсіндіруді есепке алар болсақ сақтауға берілетін мүлік және сақтау – бұл бір құбылыстың екі жағы болып келеді. Сақтауға беру «сақтау» сөзін білдірсе (сақтау, ұстау, пайдалану, тұтас қалпында ұстау), сақтауға берілетін мүлік «нені қайда қою, орналастыру» деген сұраққа жауап береді [11, с. 413].

Заңдар жинағында 2100 бап ерекше жағдайға ие болды. Ол «Сақтауға немесе сақтау үшін қоюға өз меншігіндегі немесе иесінің келісімі бойынша шарт бойынша заттар, ақша, актілер берілуі мүмкін» екенін қарастырды [12, с.

360].

Заңдар жинағының сақтауу туралы ережесіне Г.Ф.Шершеневич берген «Бір тұлға өзіне осы мақсатпен екінші тұлға берген қозғалмалы мүлікті сақтауға міндеттенетін күші бар шарт» деген анықтамасы неғұрлым кең көлемде сәйкес келді. Шарт жүйесіндегі сақтау орынын нақтылай келе осы автор «мүлікті сақтау осы жағынан алып қарағанда жеке жалға алуға жақын болып келетін жеке әрекетті, ерекше қызмет түрін білдіреді» деп есептеді [13, с. 425].

Заңдар жинағының сақтау туралы тиісті ережелері ішіндегі маңызды қорытындылар қатарына келесілерді жатқызуға толық негіз бар:

а) мүлікті сақтауға тек қана меншік иесі немесе оның өкілі бере алады;  
б) сақтау – үнемі нақтылы шарт;  
в) шарттық құқықтық қабілеттікке ие емес тұлға сақтаушы рөлінде әрекет етуге құқылы емес;

г) сақтау шартының жазбаша түрі оның растығының шарты болып табылмайды. Орын алған шарт мәселесі бойынша тараптар арасында дау туындаған жағдайда тиісті факт бойынша дәлел ретінде тараптардың бірінің сақталған жазбаны ұсынуы жеткілікті болды (қабылдау туралы жазба). Шарт түрі туралы заң жинағы нормасын бұлайша түсінуді сот тәжірибесі де, доктрина да қолдады;

д) сақтаушының жауапкершілігі мәселесін шешу кезінде өзгенің затына өз затына қараған сияқты қарау қажеттігі жетекші бағам ретінде қабыылданды. Сақтаушы еңсерілуі мүмкін емес күш жағдайында мүлікке ақау келтірілген, жоғалған, ұрланған жағдайларда жауапкершіліктен босатылды. Сонымен қатар, жауапкершіліктен босату мүлік сақтаушыдан күшпен тартып алынған жағдайда да орын алуға тиіс болды;

е) сақтаушы өзіне сақтауға берілген мүлікті пайдалану құқығына ие емес болды;

ж) сақтау орынын толтырылымсыз деп қарастырылды, бірақ сақтаушының қаажет етілу бойынша жұмсаған шығындарының орынын толтыруды талап ету құқығы болды;

з) мүліктің сақтауға берілгендігін растайтын айғақтардың тізімі толық анықталды, сонымен қатар куәларды тартуға болмайтын болды;

и) мүлікті бірінші талап ету бойынша қайтармау сақтаушы үшін сақтауға берушінің шығындарының орынын толтыру және заңдастырылған пайыздарды төлеу міндеттемесіне алып келетін болды (жылына 6%);

к) сақтаушы төлем қабілеті жоқ деп танылған жағдайда оған сақтауға берілген мүлік конкурстық массаға енгізілген жоқ және сақтауға берушіге қайтаруға жатқызылды [14, с. 203-204].

Келтірілген талдауда қазіргі ұлттық заңнамаларда құқықтық реттеу кезінде орын алатын сақтау шартының ерекшеліктері анық көрініс табады.

Арнайы ережелер қонақ үй ұстаушының онда тұратын адамдардың мүлкінің тұтастығы мен сақталуына жауапкершілігін анықтады.

Бұл жауапкершілік мүлікті қонақ үйге орналастыру немесе оны вокзалды, пристанды немесе т.б. ұстаушыларға беру орын алған кезден бастап күшіне

енетін болды. Қонақ үйде тұрушылардың тиісті құнды қағаздары мен қымбат заттарына ерекше жауапкершілік түрі таралатын болды. Атап айтқанда бұл заң жинағымен жоғары шектің белгіленуімен байланысты болды. Бірақ бұл шектеу егер де құнды қағаздар немесе құжаттарды қонақ үйді ұстаушы қабылдаған болса немесе керісінше оларды қабылдаудан бас тартқан болса, немесе мүліктер сақтаушының кінәсінен жоғалған болса әрекет етпеуі тиіс болды.

Ресей империясында да өзге елдердегі сияқты сақтаудың неғұрлым күрделі түрі – тауар қоймасында сақтауға арналған арнайы актілер болды. Олардың бірі 1888 жылғы 30 мамырда шыққан «Тауар қоймалары туралы ереже». Сонымен қатар сауда жарғысының құрамында «Тауар қоймалары туралы» арнайы бөлімі болды [15, с. 34].

Мұндай ұйымдастырудың ерекшеліктерін және оларға мемлекет тарапынан ерекше қызығушылықтың болуын есепке ала отырып қоймада сақтау арнайы режимге бағынды. Атап айтқанда, Ресей империясында бұл рұқсат беру жүйесін құруды білдірді. Қажетті рұқсаттар министрліктер деңгейінде берілуі тиіс болды (мұнда қойманы өзге тұлғаға беру де дәл осы органның рұқсатын алуды талап етті). Қойма операцияларының жариялылығы мүмкін болатын несие берушінің кепілдемелері арқылы көрінді. Мысалы, осы мүлік қарыздарды жабудың неғұрлым сенімді көзі болуы тиіс екенін есепке ала отырып ғимараттың өзі мен сауда мекемесін дербес кепілге қоюға тиым салынды. Тауар қоймасының құқықтық режимінің дәл осындай жария элементтерінің қатарына сауда жарғысында қарастырылған олардың қызметіне қаржы министрлігінің ревизия жасау мүмкіндігін, сондай – ақ көрнекі жерде ілініп тұруы тиіс тауардың табиғи шығысталы кестесінің жариялануын жатқызуға болады.

Сауда қоймасында жүзеге асырылатын екі түрлі режимнің құрылуы да елеулі көлемдегі маңызға ие болды: тауар мен оның иесін дербестендіре отырып кәдуелгі сақтау және дербестендірместен сақтау. Қоймада сақтау үшін арнайы құжаттар формаларын пайдалану ерекше маңызға ие болды, олар бір жағынан алғанда мүліктің сақтауға берілу фактісін растайтын болды, ал екінші жағынан жоғарыда атап өткеніміздей қоймадағы тауарларды азаматтық айналымда пайдалану мүмкіндігін жасады. Тұрақты сақтауға қабылданатын тауарларды міндетті сақтандыру енгізілді [16, с. 122].

Ресей империясының азаматтық заңнамаларының бесінші кітабының жобасы («Міндеттемелер») тауар қоймаларында сақтауды реттейтін арнайы актілерден бас тартуды қарастырған жоқ. Керісінше, сақталатын мүлікке аарналған жоба тарауына тауар қоймаларында сақталатын мүлік ерекше ережелер арқылы анықталады деген норманы құрады.

Заңдар жинағының өзге де көптеген тарауларына қатысты орын алғанындай азаматтық заңнамалардың бесінші кітабының жобасы да сақтау шартына қатысты бірнеше жаңалықтарды енгізуді қарастырды.

Өзінің «Сақталатын мүлік» атауын сақтап қалған тарауда сақтау бойынша қатынастарды реттеудің көлемін оны «жалпы алғандағы сақталатын мүлік» және «қонақ үйлерде сақталатын мүлік» В сохранившей свое название главе «Поклажа» предполагалось значитель деп бөліп қарастыру арқылы көлемін



кеңейту қарастырылды. Жоба тек қана жылжымалы мүліктерді сақтауға беру мүмкіндігін бекітті. Бқл жерде шарттың тек қана нақтылы сипатын сақтау туралы сөз болып отыр. Соған байланысты жобаны құрастырушылар сақтаушы қол жеткен келісімдерді негізге ала отырып және мүліктің өзіне берілуін күтпестен сақтаудың тиісті жағдайларын қамтамасыз ету мақсатында түрлі шығындарды жүргізген жағдайларға қатысты түрлі қызықты ойларын ортаға салды. Егер де мүмкін болатын мүлікті сақтауға беруші мүлікті бермеген болса онда сақтаушы *parca adjectum* – қосымша келісім немесе *negotiorum gestio* – өзгенің істерін тапсырмасыз жүргізу құрылымдарын пайдалану арқылы өз шығындарының орынын толтыруды талап ете алатын болды. Сонымен қатар жүзеге асырылмаған сақтау кезінде сыйақы талап ету мүмкіндігіне жол берілген жоқ [2, с. 35].

Мүлікті жабылған немесе қапталған түрінде беру, демек сақтаудың жекелеме белгілері жоқ болған кездегі қатынастарға қатысты мүлікті сақтауға беру кезіндегі жауапкершілік мәселесін шешу ерекше қызығушылық тудырады. Азаматтық заңнамалардың бесінші кітабының жобасы мұндай жағдайлардағы жауапкершіліктің міндетті шарты қаптаудың өзінің зақымдануы, тікелей сақтаушының кінасынан оның қаптамаларының немесе мөрінің бұзылуы болатынын қарастырды. Мұндай жағдайларда шығынның көлемін сот «істің барлық жақтарын қарай келе әділетті қарастыру арқылы шешуі» тиіс екендігі көрсетілді.

Заңдар жинағындағыға қарағанда неғұрлым айқын түрде сомасы мүліктің құнын құрайтын белгіленген көлемнен жоғары болып табылатын шарт формасына талап белгілеу қарастырылды. Шартқа отыру тәртібін жеңілдеті қарастырылды. Мұндай шарт мүліктің құны неғұрлым жоғары деңгейде болған кезде жазбаша түрде жасалынуы тиіс болды (300 рубль). Алайда бұл ереже қажетті сақтауға таралған жоқ [14, с. 229].

Шарттың маңызды шарттарының бірі сақтауға берілетін заттың белгілері болуы тиіс болды. Ол үшін сақтау орынын толтырушы немесе орынын толтырмаушы болуына байланысты сақтаушыға сипаты жағынан әр түрлі болып келетін талаптар қойылуы міндетті деп есептелінді. Бірінші жағдайда сақтаушы «өзмүлкіне қарағандай мұқият болу» арқылы әрекет етуі тиіс болса, екінші жағдайда – міндетті түрде «шаруақор қожайынға тән» мұқияттылық танытуы тиіс болды. Сақтаумен кәсіп ретінде айналысатын тұлғаның сақтауды жүзеге асырылуы ерекше жеке қарастырылды: сақтаушы сақтауға қабылданған құндылықтар мен мүліктердің тұтастығы мен сақталуына еңсерілуі мүмкін емес жағдай туындағанға дейін жауапты болатын болды.

Революциядан кейінгі кезеңдегі құқықтық реттеу өз дамуында бірнеше кезеңдерден өтті. 1922 жылғы ҚазАКСР- інің бірінші азаматтық кодексінде аталған шарттардың ішінде сақтау шартына орын табылмады. Сақтау тек қана тікелей заңнан туындайтын белгілі бір жағдайларда пайда болатын міндеттемелер ретінде ғана атап өтілді. Алайда тиісті нормалардың болмауының өзі сақтауды тәжірибеде кеңінен пайдалану мүмкіндігін жоққа шығармады және ең алдымен, белгілі бір кезең ішінде шаруашылық деп аталған қатынастарда ол кеңінен қолданылды. Бұл институт азаматтар арасындағы

катынастарда да қолданылды. Мысалы, 1941 - 1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы жылдарында азаматтарға белгілі себептермен қызметтің осы түрін жиі пайдалануға тура келді, КСРО Жоғары сотының сот коллегиясы «Азаматтық кодексте сақтау шарты қарастырылмағанына қарамастан шарттың бұл түрі тұрмыста жиі кездеседі және кез келген өзге де шарттар сияқты Азаматтық кодекстің шарттан туындайтын міндеттемелер туралы жалпы бөлім тарауының баптарымен реттелуі тиіс» екенін көрсетті (ст. 130-151 ГК)»[17, с. 2].

Басқа да мысал келтіруге болады: 1943 жылғы 15 сәуірдегі КСРО Жоғары соты Пленумының театрлар, қонақ үйлер, моншалар, кір жуатын орындар, киім тігетін және жөндейтін шеберханалар өздеріне тапсырылған мүліктер ұрланған, жоғалған немесе бұзылған жағдайларда олардың орынын толтыру тәртібіне арналған қаулысы шыықты [18, с. 227].

Сонымен қатар сақтау бірыңғай сақтау шарты шеңберіндегі арнайы құқықтық реттеудің болмауы ерекше сезілген шарт түрлерінің бірі болып табылады. Заңдағы ақау осы шарттың ерекшелігі бірден көзге түскенін көрсетті, сақтауды білдіретін оның бірден бір белгісі – сақтауға берілген мүлікті белгілі бір кезең ішінде сақтау мақсатында болатыны ерекше бөлініп көрініс тапты. Сақтау шартын құқықтық реттеуді ішкі саралаудан бас тартудың теріс салдары осы шарттың барлық өзге элементтерінің белгілі бір дихотомиялар құрайтындығымен байланысты болды. Мысалы, атап айтқанда, сақтау бола тұра бұл шарт орынын толтыратын немесе орынын толтырмайтын, консенсуалды немесе нақты түрде құрастырылуы мүмкін болды. Сақталатын мүлік дараланып көрсетілуі немесе аралас түрде болуы, сақтаушы сақталатын мүлікті пайдалана алатын немесе ондай құқықтан айырылған болуы, сақтау заты ақша немесе ақша болып табылмайтын кез келген мүлік болуы, сақтаушының жауапкершілігі кіна немесе зиян келтірілуі принципі бойынша құрылуы мүмкін болды. Осы аталған себептер бойынша шарттарға қатысты АҚ нормаларына сілтеме жасау өте сирек жағдайларда заңнамаларда қажетті шешімдердің болмауының орынын толтыра алды. Мұндай жағдайларда негізінен кеденде сақтауға немесе тауар қоймасында сақтауға арналған кейбір арнайы актілер шығарылып отырды [19, с. 224].

Осы жағынан алып қарағанда тікелей соғыстың алдында және соғыс жылдары шығарылған азаматтық құқық бойынша екі оқулықты салыстыру белгілі бір деңгейде қызығушылық тудырады. Олардың біріншісінде (1938 ж.) тиісті тарау тұтас алғанда арнайы түпнұсқаларға негізделіп құрылды, ал екіншісінде (1944 ж.) – елеулі көлемде міндеттемелер құқығының жалпы ережелеріне, сондай-ақ шарттардан туындайтын міндеттемелер туралы АҚ нормаларына сүйенді. Алайда автордың (З.И. Шкундин) өзі күткеніндей әрбір жекелеме жағдайда АҚ жалпы нормаларына сілтеме жасай отырып келтірілгеннен өзге, басқа мүмкіндіктердің болуы мүмкін екенін атап көрсетіп отыруға тура келді [2, с. 39].

1963 жылғы АҚ қабылданғанға дейінгі уақыт аралығында пайда болған оқулықтар ішіндегі жалпы алғанда және атап айтқанда сақтауға қатысты ең сәтті шыққаны О.С. Иоффенің оқулығы болды.

Алайда онда автор түсінікті себептер бойынша сақтау шартының ерекшеліктерін көрсетпейтін міндеттемелер туралы (шарттар) жалпы нормаларға сілтемелерді кеңінен пайдалануға мәжбүр болды.

Қаралатын шарттың белгілері туралы мәселемен оның атауының да белгілі бір дәрежедегі байланысы болды. Алайда бұл жағдайда О.С. Иоффенің көзқарасы кейбір нақтылауларды қажет ететін секілді. Мысалы «Революцияға дейінгі орыс заңнамаларында және құқықтық әдебиеттерінде сақтау шарты мүлікті сақтау шарты деп атаалды, ал оның субъектілері тиісінше мүлікті сақтауға беруші және мүлікті сақтауға қабылдап алушы деп аталды» деген тұжырым [20, с. 213]. Кеңес теориясы мен тәжірибесі «саақталатын мүлік» терминін «сақтау» терминімен алмастырды. Шындығында 20 жылдарға жататын көптеген шарттарда қарастырылатын шарттар турасында «мүлікті сақтау шарты» бастапқы атауы сақталынып қалған болатын. Осы саладағы М.В.Зимелеваның «Тауар қоймаларында саақталатын мүлік» атаулы іргелі еңбегі дәл осылайша аталған болатын [3, с. 120]. Сондай-ақ оған келесі жұмыстар да мысал бола алады: В.И. Вольфсона втың «Мемлекет және құқық энциклопедиясы» [21, с. 236], Марковтың М. «Мүлікті сақтау шарты» [22, с. 615] мақалалары.

«Азаматтық құқық» оқулығының тарауы да дәл осылай «сақталатын мүлік» деп аталды (2 б М.М. Агарков және Д.М. Генкиннің ред.), бұл оқулықта екі атау да сақталды (тарау «Сақтау шарты (мүлікті сақтау шарты) деп аталады»). Мұнда тиісті шартты анықтау «Сақтау шарты (мүлікті сақтау шарты) бойынша» деп басталады [23, с. 264].

1963 жылғы АҚ алғаш рет сақтау шарты бөліп көрсетілді.

Тиісті тарау нақтылы шарт типтеріне арналған нормалар жинағына арналған тарауларға жататын нормаларды қамтыды. Бұл тарауға енгізілген баптар шарт анықтамасымен қатар оның түріне қойылатын талаптарды анықтады, контрагенттердің құқықтары мен міндеттерінің шеңберін белгіледі, сондай-ақ олардың шартты бұзу негіздері мен шартты бұзғаны үшін жауапкершілік деңгейін белгіледі.

1963 жылғы ҚР АҚ кейбір принциптік ерекшеліктерін атап өтуге болады [24]. Мысалы, шарттың өз анықтамасы кейінірек қолданыстағы АҚ 768 бабының 1 тармағына енгізілген тұжырыммен іс жүзінде бірдей болды, ол: сақтау шарты бойынша бір тарап (сақтаушы) екінші тарап берген мүлікті сақтауға және осы мүлікті сол күйінде қайтарып беруге міндеттенеді (ҚазКСР-і АҚ 420 бабы). Шарт оның нақты болатындығымен анықталды, алайда өзге тарап берген мүлікті сақтауға қабылдау міндеттемесін өзіне алуға социалистік мекемелер арасындағы қатынастарға қатысты рұқсат берілді [25, с. 221].

Аталған шарт орынын толтырылымсыз деп қарастырылды, алайда заңда немесе шартта өзгеше көзделу мүмкіндіктері қарастырылды. Орынын толтыра және орынын толтырмай сақтаудың құқықтық режимдерін саралау сақтаушының мүлікті жоғалтқаны, бір бөлігін жоғалтқаны немесе зақым келтіргені үшін жауапкершілік негіздері туралы мәселелері қамтыды. 1963 жылғы ҚазКСР-і АҚ орынын толтыру арқылы сақтау кезінде сақтаушы егер де ол шартта қарастырылған барлық шараларды қабылдамаған болса мұндай

жағдайларда мүлікті сақтауға беруші алдында жауапты болатыны туралы қорытынды жасау мүмкіндігін берді. Орынын толтырмайтын сақтау кезінде өзге бағамды басшылыққа алу қажет болды: сақтауға берілген мүлікке өз мүлкіндей қамқорлық жасау қажеттігі. Сақтау жарғылық қызметі болып табылатын мекемеге еңсерілуі мүмкін емес күш қолданысына дейінгі кезеңге дейін жоғары деңгейдегі жауапкершілік жүктелуі тиіс болды (бұл норманы бағалау кезінде ҚазКСР- і АК (425 бабы) жалпы ереже түрінде борышкердің кінасы үшін жауапкершілігі қажеттігін танығанын есте сақтауымыз қажет). Қонақ үйлердің, санаторийлердің, жатаханалардың, демалыс үйлерінің басшылығының (директорларының, басқарушыларының) азаматтардың өздеріне бөлінген бөлмелерінде болған мүліктерінің жоғалғаны немесе зақымданғаны үшін бұл мүліктің мекемеге сақтауға берілгені немесе берілмегеніне қарамастан жауапкершілігі қарастырылды.

ҚазКСР- і АК сақтау шартының жалпы режимі шеңберінде «мұндай қызмет жарғылық сипатта болып табылатын мекеме жүзеге асыратын сақтау» , сондай- ақ «төтенше жағдайларда сақтау», «қонақ үйлер және өзге де оған ұқсас мекемелер жүзеге асыратын сақтау», сондай- ақ «заттарды дербестендірместен сақтау» түрлерін бөліп көрсетті [25, с. 223].

Кодекс заң күшімен жүзеге асырылатын сақтауға шарттың тиісті нормаларын таратты. Бұл тек қана шарттық нормалар түріне есептелінген нормаларға, атап айтқанда сыйақы беру және шығынның орынын толтырумен байланысты нормаларға таралған жоқ.

Қолданыстағы АК оның алдындағы сияқты «Сақтау» шартына 39 тарауды бөліп оны жеке тарау жасады.

Сақтау шартының пайда болуы мен қалыптасу ерекшеліктерін қарастыра келе автор оның эволюциясы бірнеше ғасырлар бойы жүргенін атап көрсетеді. Автор осы шарттың дамуының келесі тарихи кезеңдерін бөліп көрсетуді ұсынады:

- антикалық кезең (рим құқығы);
- қазақ мемлекеттілігі кезеңі (қазақтардың әдет құқығы);
- Қазақстанның Ресей империясы құрамында болған кезеңі;
- бірыңғай мемлекеттік жүйенің қалыптасу кезеңі (Қазан кезеңі);
- көшпелі стагнация кезеңі (1922 жылғы ҚазКСР- і АК сақтау шарты нормалары болған жоқ);
- қайта өрлеу кезеңі (1963 жылғы ҚазКСР- і АК сақтау шартын реттейді);
- қазіргі кезең.

## **1.2 САҚТАУ ШАРТЫ ҰҒЫМЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ТУРАЛЫ ШАРТТАР ЖҮЙЕСІНДЕ АЛАТЫН ОРЫНЫ**

Шарттардың жекелеме түрлерін бөліп көрсету шарттың тиісті моделі үшін арнайы құқықтық режим белгілеу қажеттігі пайда болатындығымен үнемі байланысты болады. Ол ерекше болуы тиіс, демек жаңа шарттық жобаға негізделген нормаларды қолдануға тікелей сілтемелер болмаған жағдайда заң ұқсастығы жағдайында ғана оған жол беріледі (ст. 5 ГК РК).

А.Г. Диденко атап көрсеткендей, «шарт құқықтық мемлекеттің экономикадағы басты элементтерінің бірі болып табылады. Ол экономиканы, ал сол арқылы қоғамды демократияландыру құралы, себебі ол өз табиғаты бойынша тараптардың тәуелсіздігін, дербестігін, мүліктік саладағы өз «менінің» құндылығын қарастырады. Экономиканың маңызды (бірақ жалғыз емес) терең талабы – шарт бойынша қызмет ету» [26, с. 190]. Сондықтан сақтау шарты сияқты институтты зерттеу және ғылыми анықтама құрастырудың маңызды әдіснамалық және тәжірибелік маңызы бар. Цицерон әділ атап көрсеткендей «кез келген мәселені кезеңдеп реттеудің бастауы анықтама болуы тиіс, ол не туралы ой толғау жасалатынының анықтау үшін қажет» [27, с. 60].

О.С.Иоффе бұл мәселе бойынша «ғылыми дұрыс анықтама беру– демек, оның негізінің мәнін ашу» деп жазды[28, с. 537].

Сақтау шарты ұғымын толық және жан жақты зерттеу, сондай- ақ оның қызмет көрсету бойынша міндеттемелер жүйесіндегі алатын анықтау осы саладағы ғылыми көзқарастарды дамыту үшін де, осы саладағы заңнамаларды жетілдіру үшін де маңызды болып табылады.

Сақтау құқығы ұғымы осы шарттың 1963 жылғы АҚ редакциясымен салыстырғанда елеулі өзгерістерге ұшыраған жоқ, ол азаматтық заңнамалар үшін дәстүрлі болып табылады, оның жалғыз ерекшелігі шарт негізін нақтылауда болып табылады – сақтау шартының негізі мүлік болып табылады (1963 жылғы сақтау шартының негізі мүлік болды).

Сақтау шарты бойынша бір тарап (сақтаушы) оған өзге тарап (мүлік тапсырушы) берген мүлікті сақтауға және осы мүлікті тұтас күйінде қайтарып беруге міндеттенеді (п. 1 ст. 768 ГК РК).

Сақтау шарты мәселелерімен айналысатын қазіргі азаматтық ғалымдардың еңбектерімен таныса келе біз олардың заң шығарушы берген анықтаманы өзгерту және жетілдіру бойынша іс- жүзінде ешқандай пікір айтылмағанын атап өтуімізге болады.

К.С. Боуштың «Ресейдің азаматтық құқығындағы сақтау шарты» атты кандидаттық диссертациясында қарастырылатын ұғымды келесі редакцияда беру ұсынылады: «Сақтау шарты бойынша бір тарап (сақтаушы) оған өзге тарап берген мүлікті сақтауға және оны тұтас күйінде қайтаруға міндеттенеді. Ал екінші тарап сақтау мерзімі аяқталғаннан кейін мүлікті кері қайтарып алуға, егер де заңдағы шарт мазмұнда өзгеше қаралмаған болса сақтаушыға сыйақы төлеуге , сондай – ақ сақтаушыға егер де олар сақтау бойынша сыйақы құрамына еңбеген болса сақтау бойынша шығындарының орынын толтыруға міндеттенеді [29, с. 37].

Автор көзқарасына құрметпен қарай отырып біз заң шығарушылар мен ғалымдардың басым бөлігінің пікіріне қосыламыз, себебі ҚР АҚ 768 бабының 1 тармағында артық күрделендірулерсіз сақтау шарты ұғымының оның негізі мен ерекшеліктерінің барлық басты жақтары ашып көрсетілген.

Сақтау шарты өзінің қызмет көрсету бойынша құқықтық табиғаты бойынша Дқызмет көрсету бойынша шартқа жатқызылады, алайда мысалы, М.В. Кротов [30, с. 44], Л.В. Санникова [31, с. 29] оған күманданады.

Бірінші кезекте қатынастардың осы түрін қызмет көрсету бойынша

міндеттемелерге айқын жататынын дәлелдеу қажет. Біз «қызмет» ұғымын терең зерттеу мақсатын қоймай бұл санатты тек оның сақтауға құқықтық құбылыс ретінде тікелей көзқарастар жағынан алып қарастырамыз.

Ол үшін «қызмет» ұғымының заңдық реттелуіне назар аударуды қажет деп санаймыз.

ҚР АҚ «қызмет» ұғымын осы сөздің барынша кең мағнасында қолданады. Оған мысал ретінде мына фактіні келтіруге болады, ҚР АҚ 683 бабының 2 тармағында сақтау, тапсырма, комиссия және т.б. арнайы сілтеме бар. Біздің пікірімізше заң шығарушылар әдейілеп осындай қателікке жол берген сияқты. Ол 39 тараудың әрекет ету аумағынан (Орынын толтыру арқылы қызмет көрсету) шарттың аталған түрлері шығарылатынын атап көрсетеді. Демек, «Қызмет» тарауы неғұрлым тар мағнаға ие болады. Бұл қызмет түрлері тек олар өзге қызмет түрлерімен қамтылған жағдайда ғана қолданылады.

ҚР АҚ 115 бабы қызмет көрсетуді азаматтық құқықтық қатынастардың дербес объектісі ретінде бекітеді. Қызмет көрсетудің азаматтық құқықтың өзге объектілерінен принципті айырмашылығы қызмет көрсету міндеттемелік құқықпен, демек қызмет көрсету бойынша міндеттемелермен тығыз байланысты. Оған дәлелді құқықтық әдебиеттерден де табуға болады. Мысалы, М. К. Сулейменов қызмет көрсетуді құқықтық қатынастардың объектісі ретінде қарастырады [32, с. 19], А.Ю. Кабалкин «жұмыс және қызмет көрсету азаматтық құқықтың, ең алдымен міндеттемелік құқықтық қатынастардың объектісі болып табылады» деп атап көрсетті [33, с. 72].

Сонымен, қызмет көрсету, азаматтық құқықтық қатынастардың объектісі бола отырып нақтылы түрде де, құқықтық жағынан да жүзеге асырылатын болуы тиіс. Қызмет көрсетудің азаматтық құқықтың өзге объектілерінен негізгі айырмашылығы қызмет көрсету өз негізі бойынша сезілмейтін болып табылады. Қызмет көрсетуді көру, дәмін татып көру, есту, оларды алған уақытқа дейін иіскеп көру мүмкін емес.

Қызмет көрсетудің ерекшелуінің қиындығы, түпнұсқасынан бөлінбейтіндігі сияқты қасиеттерін атап көрсету қажет [34, с. 10].

Қорытындысында құқықтағы «қызмет көрсету» ұғымының айқын емес шектері бар, көптеген мазмұндық түстерге ие болып келеді.

Сақтау бойынша қызмет көрсетудің құқықтық негізі оның экономикалық мазмұнымен анықталады және мүліктік емес игіліктің жағдайын өзгерту бойынша әрекеттерді жүзеге асырудан тұрады. Бұл әрекеттердің сипаты ықпал ету объектісі ретінде әрекет ететін игілік түріне тәуелді болады [35, с. 447].

Өз кезегінде Г.Ф. Шершеневич атап көрсеткендей, «мүлікті сақтау қызметтің ерекше түрін, дербес әрекетті білдіреді және осы жағынан алып қарағанда сақталатын мүлік жеке жалдауға жақын болып келеді». [13, с. 608].

З.И. Цыбуленко «сақтаушының қызметі танысатын міндеттемелерде басты немесе қосымша болып табылатын қызмет көрсетудің түрінен көрініс табады» [36, с. 7].

М.И. Брагинскийдің пікірінше «сақтауды қызмет көрсету шарттары тобына жатқызу әдебиетте кең қолдау тапты және Одақтас Республикалардың АҚ – де орын алды» [2, с. 47] себебі оған дейін ҚР АҚ ақылы қызмет көрсету

шарттарын атап көрсетіп қана қоймай жекелеме тарауларда арнайы реттеудің түрлі типтерін қарастыра отырып оларды дербес тарауға бөліп шығарды.

Сақтау шарты қызмет көрсету туралы шарттардың бірі болып табылады, себебі сақтау міндеттемесінің объектісі тауарлардан көрінбейтін, қызметті орындаушының әрекетінен дербес қызмет ететін заттық нәтижелер жасамайтын қызметті жүзеге асырумен байланысты қызметті жүзеге асыру.

Біздің пікірімізше сақтау шартының бірнеше өзіндік ерекшеліктері бар белгілері бар, олар оны қызмет көрсету бойынша міндеттемелерге жаатқызуға мүмкіндік береді, себебі бұл белгілер тұтас алғандағы қызметтің белгілерімен бірдей:

- бір бірін кезеңдеп ауыстыратын немесе толықтыратын әрекеттердің жиынтығы сақтаудың қызмет ретіндегі әрекеттік сипаттамасын құрайды;

- сақтау бойынша қызметтің заттық нәтижесі болмайды және операция ретінде сезілмейтін қасиетке ие болады;

- ерекшеленуінің қиындығы және сақтау бойынша қызмет көрсететін түпнұсқадан ажырамастығы;

- нақтылы адам немесе мекеме көрсететін сақтау бойынша қызмет дербестендіріледі белгілі бір мөлшерде ерекшеленеді алайда сонымен қатар қызметтің нақтылы түріне қатысты болуын жалғастыра береді;

- сақтау бойынша қызмет сапасының тұрақсыздығы.

Сақтау шартының құқықтық табиғатына оны қызмет көрсету бойынша шарттарға жатқызудың тиімділігі жағынан алып қарағандағы жүргізілген зерттеулер бізге сақтау шартын расында да қызмет көрсету бойынша міндеттемелерге жатқызуға болады деген тұжырым жасауға негіз болады, себебі қызметтің барлық экономикалық, құқықтық белгілері сақтау бойынша қызмет көрсетуден көрініс табады.

Сақтау шартының орыны мен маңызын анықтау үшін қарастырылатын шартты жақын шарттық институттарменарақатынасын шектей отырып оның ерекшеліктерін анықтауға болады.

Сақтау міндеттемелері өзінің негізі бойынша мүлікті қорғау бойынша ақылы қызмет көрсету және мүліктік жалға алу міндеттемелері сияқты міндеттемелермен жақын болып келеді. Сақтау міндеттемелерінің құқықтық табиғаты сақтаушыны сақтау затын қорғау үшін мүліктік жалға алуының тарихи міндеттемелерімен, сондай – ақ сақтауға берушінің сақталатын жүкті орналастыру үшін сақталатын қойманы жалға алуымен байланысты болуы мүмкін [36, с. 447].

Сақтау шарты азаматтық – құқықтық шарттардың жеткілікті деңгейдегі кең көлемімен байланысады. Ең алдымен сөз жалға алу, қарыз, қорғау, сондай-ақ мүлікті сақтау бойынша міндеттемелер туралы болуы мүмкін. Осы азаматтық – құқықтық шарттардың аражігін ашып көрсету үлкен теориялық және тәжірибелік маңызға ие. Алайда сақтау шартының ерекшелігі тәжірибеде үнемі есепке алына бермейді. Мысалы сот сақтаушының автокөлікті автотұраққа орналастырған кезден бастап ол ұрланған кезге дейінгі аралықтағы сақталғаны үшін сыйақы өндіру туралы талап арызын қанағаттандырды, алайда талапкердің мүліктің сақталуын қамтамасыз етпегені үшін кінасы дәлелденген

болатын. Кассациялық деңгей соты бұл шешімнің күшін жойды және сақтаушыға сыйақы беруге құқық беретін шарттық нәтиже (автокөлікті келісілген мерзім аяқталғаннан кейін сақтауға берушіге қайтару) қамтамасыз етілмеген деген негізбен талап арызды кері қайтарды [37].

Сақтау шартының жеке ерекшелігі сақтаушының өзінің өкілеттіктерінің еерекше көлемінен тұрады, атап айтқанда иелену құқығының пайда болу мүмкіндігімен. Пайдалану сияқты өкілеттікті қарастыратын болсақ оның сақтау міндеттемесі шегінен тысқары тұратынын атап өтуіміз қажет. Ал жалға алу, несиеге алу шарттарында мүліктің пайдалы қасиеттерін пайдалану бойынша мұндай құқықтық өкілеттілік бар болады. Бірақ әр ережеге қарсы ережелер де болады. Сақтау шарты бойынша берілген мүлікке қатысты сақтаушының мүлікті пайдалануына сақтауға берілген мүліктің сақталуын қамтамасыз ету қажеттігі туындаған жағдайда ғана жол беріледі (ст. 775 ГК РК). Бірақ тәжірибеде тіпті бұл сақтауға берілген мүліктің сақталуын қамтамасыз ету қажеттігімен негізделмеген болса да сақтаушыда берілген мүлікті пайдалану құқығы пайда болатын жағдайлар жиі кездеседі. Мұндай шарттарды аралас шарттар деп қарастыруға болады: олардың құрамына сақтау элементтері де, жалға алу элементтері де кіреді. Мысалы сақтау шарты бойынша немесе жалға алу шарты бойынша мүлікті міндетті түрде қайтару шартымен уақытша пайдалануға беру қарастырылады. Алайда мұндай шарттардың принциптік ерекшелігі сақтау кезінде қызметті тек қана мүлікті пайдалануға алатын тұлға, демек сақтаушының өзі ғана жүзеге асырады, ал жалға алу шарты кезінде мүлікті иеленуге және пайдалануға жалға беруші беретін болады [29, с. 73].

Азаматтық құқықтағы шарттарды түрлі негіздері бойынша жіктеуге болады. Алайда олардың ең маңыздысы шартты мақсаты, міндеттеменің бағыттылығы бойынша бөлу болып табылады. Мұндай бағыттылық экономикалық және құқықтық нәтижелер арқылы көрінуі мүмкін, оларға тиісті құқықтық қатынастарға қатысушылардың негізгі әрекеттері арқылы қол жеткізіледі. Мақсаты, бағыттылығы белгілері бойынша жіктеу шарттық құқық жүйесінің негізі болып табылады. Сондықтан да кез келген шартты жіктеу оның мақсаты мен бағыттылығын анықтаудан басталуы тиіс. Өзге жүйелік факторлар міндеттеменің нақтылы топқа жататынын анықтағаннан кейін ғана маңызға ие болуы мүмкін [38, с. 21].

Шарттардың мақсаты мен бағыттылығы белгілері бойынша аражігін ашуды жүзеге асыра отырып жұмыстар орындауға және қызмет көрсетуге бағытталған шарттарды бөліп көрсетуге болады. Мұндай шарттардың арасында тағы да мақсаттылық белгісі бойынша сақтау шартын бөліп көрсетуге болады. Бұл міндеттеменің негізі сақтауға берілген мүліктің сақталуын қамтамасыз ету бойынша қызмет көрсетуден тұрады. Осылайша сақтаушыға келіп түскен мүлікті ол тиісті есепке қабылдайды. Мұндай мүлік балаанстан тыс шотта өзге мүліктерден жеке есепке алынады. Осы арқылы сөз болып отырған мүлік сақтаушы үшін «бөтен» болады. Аталған себептер бойынша бұл мүлікке жалға алушының, несие алушының және сақтаушының қарыздары бойынша айыппұл өндірілмейді, ал олар банкрот болған жағдайда бұл мүлік осы заңды тұлғалардың конкурстық массасына қосылмайды [2, с. 53].



Біздің пікірімізше В.В. Витрянскийдің келесі пікірін қолдауға болады: «борышкер банкрот деп танылған және борышкер меншігіне жатпайтын, оған несие берушілер шарт бойынша берген мүліктің конкурстық өндірісі ашылған жағдайда (бөліп төлеу арқылы сату, жалға беру, лизинг және т.б.), бұл мүлік конкурстық массаға енгізілмейді, соңғысына қайтаруға жатқызылады. Екінші жағынан алып қарағанда сырттан басқару процедурасын енгізген кезде барлық мұндай активтер борышкерде сақталады және тиісті несие берушілер үшін кез келген өтемақы төлемінсіз төлем қабілеттілігін қалпына келтіру мақсатында пайдаланылады [39, с. 83].

Жалға алудың сақтаудан айырмашылығын көрсететін қызықты мысалды Д.И. Мейер келтірген болатын, оның пікірінше «...мүліктің тұлғаға сақтау үшін берілетіні сияқты ол бөлмені жалға алып мүлікті осы бөлмеген жинап қоюы мүмкін. Бірақ осы екі шарт арасындағы айырмашылық мүлікті қабылдап алушының оны сақтауға міндеттенетінінде болып отыр» [40, с. 275].

Несие және мүлікті сақтау шарттарының ұқсастығы аталған екі шар негізінде де бірінші мүлікті беру, ал екінші мүлікті қайтарудың жүзеге асырылатынында жатыр, бірақ дәл сол берілген мүлік емес өзге, бірақ дәл сол сападағы және түрдегі мүлік қайтарылады.

Олардың айырмашылықтарының қаатарына жалға алу кезінде қызметті мүлікті қабылдап алатын адам емес, оны беретін адам көрсетеді, ол үшін ол белгілі бір жағдайларда төлем төлеуді талап етуге құқылы болады. А.М. Долматовский келесі мәселеге назар аударады «тұрмыстық саудада несие алған кезде несие алушы алынған мүлік үшін пайыз төлейді, ал тауар қоймасы болса пайыз төлемейтіні былай тұрсын өзі сақтағаны үшін белгілі бір мөлшерде сыйақы алады» [41, с. 26].

Сақтау шарты бойынша сақтаушының берілген мүлікті пайдалану құқығы болмайды, ал несие шартында мұндай құқық өкілеттігі болады және аталған шарттың бағыттылығына сәйкес келеді. Несиеге алу шартында мүліктің қызмет туралы өтініш жасаған тұлғаның меншігіне берілетіні үлкен маңызға ие болады. Сол арқылы мүлік несиеге алушы мүлкінің құрамына енеді және ол оны өз мүлкі ретінде есепке алады. Және керісінше мүліктің жеке анықталған ретінде немесе аталық белгілері болғанына (қабылдауна дербестендірусіз қабылдау ҚР АҚ 890 бабы) сақтау үшін қабылданғанына қарамастан ол бәрібір «бөтен» болып қала береді [2, с. 55].

Сақтау шарты мен күзету шартының айырмашылықтарын қарастыралық. Бұл жерде мәселе «күзет» және «сақтау» ұғымдарының арасындағы айырмашылықта болып отыр. «Күзет қызметі туралы» Заңның 1 бабының 1 тармағына сәйкес күзет қызметі деп жеке (жеке кәсіпкерлер) және заңды тұлғалардың жеке тұлғалардың өмірін, денсаулығын және мүлкін, сондай-ақ заңды тұлғалардың мүлкін құқыққа қарсы әрекеттерден қорғау бойынша қызметті жүзеге асыруын айтады (күзет қызметі).

Жоғарыда атап өткеніміздей, «сақтау шартының кеңінен таралған мүлікті күзетуге алу», оның ішінде милиция органдары тарапынан осындай шарттың болуынан айырмашылығы бар. Соңғы жағдайда мүлік иеленуге берілмейді, ал шарттың мазмұны орынын толтыра қызмет көрсету немесе мердігерлік

нормалары арқылы анықталады» [43, с. 480].

Сақтау шарты күзетуді жүзеге асыру шартына жақын болып келеді, сондықтан кейде тәжірибеде оларды бір шарт түрі деп қателесіп жатады. Бұл жағдайда мүлік иесі мен күзет мекемесі арасында пайда болатын қатынастар сақтау туралы ережелер арқылы емес, орынын толтыра қызмет көрсету нормаларымен реттеледі [44, с. 606].

Тәжірибеде соған байланысты белгілі бір деңгейдегі қиындықтар пайда болады: қарастырылған құқықтық қатынастарды азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған жағдайда құзыретті органдар мен соттардың дұрыс жіктемейтін жағдайлары жиі кездесіп отырады. Көптеген нормалар екі жақты ұғынылуы мүмкін немесе проблемалық мәселе бойынша айқын жауап бере алмайды.

Мысалы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сот ашық сот отырысында экономикалық сот ғимаратында коммуналдық меншік және мемлекеттік сатып алулар басқармасы департаментінің «Синтек» ЖМҰ 20.09.02 жылғы № 256 шартты және 06.05.03 жылғы оған қосымша келісімді жарамсыз деп тану, 744766 теңге сомасында материалдық шығынды өндіру, олар орналасқан Қарағанды қаласының орталық мәдениет және демалыс саябағы мекен жайында орналасқан бұрынғы автосалондағы ғимаратты босатып беру туралы азаматтық іс бойынша материалдарды қарай келе 20.09.2002 жылы коммуналдық меншікті басқару департаменті мен (бұдан әрі КМБД) «Синтек» ЖМҰ арасында № 256 «Синтек» ЖМК жауапты сақтауға Қарағанды қаласының орталық мәдениет және демалыс саябағы мекен жайында орналасқан бұрынғы автосалондағы ғимаратты беру туралы шарт жасалғанын анықтады. 2003 жылғы 6 мамырда коммуналдық меншікті басқару департаменті мен «Синтек» ЖМК жоғарыда аталған шартқа қосымша келісім жасады. 20.09.2002 жылғы № 256 шартқа сәйкес «Синтек» ЖМҰ сақтауға ғимарат, демек жылжымайтын мүлік берілген, мұның өзі ҚР заңнамаларын бұзу болып табылады, себебі, ҚР АҚ 768 бабы негізінде сақтау шарты бойынша бір тарап (сақтаушы) оған екінші тарап (сақтауға беруші) берген мүлікті сақтауға және сақталған күйінде қайтарып беруге міндеттенеді. Жылжымайтын мүлікті күзетуге бұл тараудың әрекеті жүрмейді. Демек, бұл келісім ҚР АҚ 158 бабының 1 тармағына сәйкес жарамсыз болып табылады, себебі оның мазмұны заң талаптарына сәйкес келмейді. Сот коммуналдық меншік және мемлекеттік сатып алулар басқармасы департаментінің «Синтек» ЖМҰ 20.09.02 жылғы ю 256 шартты және 06.05.03 жылғы оған қосымша келісімді растамау туралы және 744766 теңге сомасында материалдық шығынды өндіру, Қарағанды қаласы орталық мәдениет және демалыс саябағы мекен- жайы бойынша орналасқан бұрынғы автокөлік павильоны ғимаратын босатып беруге міндеттілігі туралы талап арызын қанағаттандыру туралы шешім шығарды [37].

Өзінің құқықтық табиғаты және мазмұны бойынша бұл шарт сақтау шартына өте жақын болып келеді бірақ соған қарамастан одан өзіндік айырмашылықтары да бар.

З.И. Цыбуленко атап көрсеткендей, «күзет бойынша қатынастарда міндетті тұлға материалдық құндылықтарды ғимараттың есігін, терезесін,

витриналарын, қоршауларын бұзып кіру, сондай-ақ басқа да әдістер арқылы кіру арқылы ұрлаудан, сонымен қатар, бөтен тұлғалардың жойып жіберуінен және ақау келтіруінен қорғауы тиіс. Сонымен, З.И. Цыбуленко күзетшінің міндеттері сақтаушының міндеттерімен салыстырғанда тар екенін көрсетеді. Күзет есіктің құлыптары сау болған жағдайда мүліктің сақталуына, күзетілетін объектінің өзінің сапалы жағдайда болуы үшін жауап бермейді. Күзет өз міндеттерін объектіні және оның ішінде бар мүліктерді иеленуге берусіз ақ атқара береді» [36, с. 12].

Сақтау шартына тән болып келетіні меншік иесі немесе оны иеленуші мүлікті сақтаушыға сақтауға береді, ол оны белгілі бір мерзім ішінде немесе меншік иесінің талап етуі бойынша қайтарып беруге міндеттенеді. Демек, мүлік сақтаушының иеленуіне берілуі тиіс, демек меншік иесінің немесе иеленушінің иелігінен шығарылады. Мұндай жағдайда М.И. Брагинскийдің күзет шартында «сақтауға берілетін мүліктің сыртқы қол сұғушылықсыздығы туралы» сөз болатыны туралы тұжырымымен келісуге болады [2, с. 57].

Біз күзет шартының негізі ретінде бір дәрежеде жылжымалы мүлік те, жылжымайтын мүлік те бола алады деп есептейміз. Мүліктің өзі берілмейді, тек білгілі бір мүлікті белгілі бір жауапкершілікпен қабылдау бойынша қызмет қана бар.

О.С. Иоффенің пікірінше, «күзет тек мүлікті табиғи апаттар немесе оған құқығы жоқ тұлғалар тарапынан нақтылы жойылу, бүлінуі немесе жоғалуы қатерінен сақтау үшін қажетті техникалық қызметтерді атқаруды ғана қарастырады» [45, с. 496].

Объектілерді күзету туралы шарт бойынша мүлік меншік иесінің иеленуінен шығарылмайды, көшірілмейді және сақтауға берілмейді, күзетуге объектілер өздерінің орналасқан жерлерінде қабылданады. Екі шарт түрі үшін де ортақ мақсат – сеніп тапсырылған мүліктің сақталуын қамтамасыз ету.

Объектілерді күзету туралы шартты жүзеге асыру кезінде ешқандай құн өндірілмейді, ешқандай объективті жаңа нәтижеге қол жеткізілмейді, тек қана қолда бар материалдық құндылықтардың сақталуы қамтамасыз етіледі.

Шартта тараптардың әрқайсысына құқықтар берілгенін және әрқайсысының осы құқықтарға сәйкес келетін міндеттері бар екенін атап өтуіміз қажет. Мысалы қызмет алушының құқығы қызмет берушінің белгілі бір қызмет көрсету (күзет) міндетін тудырады, ал қызмет берушінің құқығы қызмет алушының көрсетілген қызметке төлем жасау міндетін туғызады.

М.И. Брагинский «қолданыстағы кодекстің § 2 39 тармағында сақтаудың арнайы түрлерінің құрамына расында да сақтау белгілері бар шарттармен қоса іс жүзінде кәдуелгі күзет шарттары болып табылатын шарттардың енгізілуі күдік тудырады. Бұл жерде құндылықтарды дербес банк сейфінде сақтау туралы сөз болып отыр (ҚР АҚ 786 бабының 3 тармағы), онда сақтаушы-бану – клиентке сейфтің кілтін береді, сонымен қатар оның өзіне банктің қатысуынсыз сейфке құндылықтарды салу және одан алу құқығын береді» деді. [2, с. 8].

Бұл шарттарды тек олардың қызмет көрсетуге бағыттылығы ғана біріктіріп қана қоймайды, сонымен қатар олардың түпкілікті мақсаты – мүлікті

сақтау біріктіреді. Сонымен қатар қарастырылған шарт түрлерінің бұзылуының салдары жоғалтылған немесе бүлінген мүліктің тиісінше құнының орынын толтыруға сәйкес келуі мүмкін. Сақтау мүліктің сақталуын қамтамасыз ету бойынша қызмет көрсетуге бағытталған күзет шартына ұқсас. Бұл шарттардың түпкілікті мақсаты бірдей, алайда оған қол жеткізу әдістері әр түрлі [45, с. 40].

Бұл ережелер нақтылауды қажет етеді. Іс мынада, бірыңғай бағыттылықтың артында сақтау шарты мен күзет шартының арасындағы елеулі айырмашылықтар жасырынып жатыр. Бұл айырмашылық мынадан тұрады, егер де сақтау шартының мақсаты ең алдымен «бұзылудан және ұрланудан сақтау» болса, күзет шарты берілген объектіні құқыққа қарсы қол сұғушылықтан қорғау ғана болып табылады. Күзет күзетуге берілген объектіні ұстаудың оптималады режимін құруды қарастырмайды, өзінің үшінші тұлғалардың әрекеттерімен байланысты жойылу мен зиян келтіруден қорғауға арналған мақсаттылығы болмайды. Сақтау және күзет шарттарының негізгі айырмашылығы да осыдан тұрады. Мысалы, күзет мекемесі жоғалған немесе зиян келтірілген мүлік үшін расында да жауап береді, бірақ ол үшін үшінші тұлғалар жауапты болады. Басқаша айтар болсақ, күзет мекемесі үшінші тұлға тарапынан келтірілген зиянның орынын толтырады. Әрине, бұл зиян күзет мекемесінің өзінің шарт бойынша міндеттемелерін орындауымен байланысты, алайда күзеттің қолданатын әдістері мен тәсілдерін есепке ала отырып зиян келтірілудің алдын алу кей жағдайларда мүлдем мүмкін болмайды. Мұндай жағдайларда күзет мекемесінің міндеттері тек құқық бұзушыларды ұстаумен шектеледі. Сонымен, күзет шартының мақсаты тек қана мүлікті сақтаудан ғана емес (немесе өзге шарт түрлеріне қатысты өзге объектілерге қатысты), ол негізінен үшінші тұлғалардың құқыққа қарсы қол сұғушылықтарынан қорғауды, мұндай құқық бұзушыларды ұстауды қамтамасыз етуден тұрады.

Зерттелетін шарттардың өзге айырмашылықтарына келетін болсақ, онда олар туралы келесіне атап өту қажет болады. Ең алдымен, мұндай айырмашылыққа сақтау шарты бойынша мүлік сақтаушының иелігіне берілетіні, ал күзет қызметін көрсету кезінде мүлік тапсырыс берушінің иелігінде қалады, демек. Күзетшіге қандай да болмасын мүліктік құқықтар көшпейді. Сақтау міндеттемесінің мүліктері қызмет көрсетуші тұлғаларға уақытша иеленуге беріледі. Күзет бойынша міндеттемелерде мүлік қызмет берушінің иелігіне берілмейді, ол күзетілетін бөлмелерде – қоймаларда, базаларда, дүкендерде, кәсіпорындарда қалуын жалғастыра береді, сол арқылы қызмет алушының шаруашылық саласынан шығарылмайды. Күзет шартына сипаттама беру кезінде цивилистер күзет шарт объектісіне қатысты «сыртқы» сипатта болатынын, бұл күзет «сыртқы күзет болып табылатынын атап көрсетеді».

Сақтау мен күзеттің бұл айырмашылығын О.С. Иоффе де атап көрсетті, ол «күзет мүлікті оған табиғата апаттарынан немесе құқықтық өкілеттігі жоқ тұлғалар тарапынан қатер төндірілуі мүмкін нақтылы жойылу, жоғалу немесе зиян келтірілу қаупінен сақтау үшін қажетті техникалық қызметтерді орындауды ғана қарастырады. Керісінше, мүлік сақтау үшін берілген тұлға осы үшін қажетті өзге де құқықтар мен міндеттер сияқты иелену құқығын жүзеге

асырады»деді [45, с. 498.]. Бұл айырмашылықтарды сақтау және күзет шарттары құрылымдарында көрсете келе мысал келтіре кетелік. Күзетші күзететін мүлік оның иелегінде деп есептелмейтіндіктен, егер де күзетші оны үшінші тұлғаға сатып жіберетін болса, онда ұрлық туралы сөз қозғау қажет болар еді, мұның өзі меншік иесіне тіпті сааналы сатып алушымен дайласқан жағдайда да виндикацияға құқық береді. Бірақ егер де дәл осындай актіні мүлік иесі деп танылатын сақтаушы жүзеге асырған болса, саналы сатып алушы жеке меншік иесінің виндикациялық таалап арызынан мүліктің талапкердің иелігінен оның еркі бойынша шыққанына сілтеме жасай отырып қорғана алған болар еді.

Зерттелетін шарттардың екінші айырмашылығы күзетілетіні мүлікті қызмет алушының иелігінде қалдыру күзет шартына отырудың ерекше тәртібін қарастырады: күзетуге қабылданатын объект әдетте тексерілмейді, ал ондағы тауар- материалдық құндылықтар тізімделінбейді, бұл да сақтау және күзет шарттарының ұқсас еместігіне тағы да бір дәлел бола алады.

Үшінші айырмашылықты сақтау шарты мен күзет шартының негізін салыстыру арқылы анықтауға болады.

Сақтау шарты бойынша мүлікті сақтауға беруші сақтаушыға ол сақтауға және тұтас күйінде қайтаруға міндеттенген мүлікті сақтау үшін береді. Сол арқылы бұл шарттың негізгі мәні ең алдымен қозғалтуға арналған мүліктер, демек бұл оның негізгі мақсатына сәйкес келмейтін зиянсыз жылжыту мүмкін емес жылжымалы мүліктер болып табылады. Бұл ереже заңда бекітілмегенімен «континенталдық және атап айтқанда отандық құқық дәстүрлеріне сәйкес сақтау объектісі ретінде тек қана жылжымалы мүлік танылуы тиіс». Сонымен қатар кез келген ереже қарсы көзқарассыз болмайды. Сақтау шартының- жылжымайтын мүліктерге қатысты екенінің негізі туралы жалпы ережеден ҚР АҚ 790 бабы ерекше тысқары тұр, оған сәйкес секвестр тәртібімен жылжымалы мүліктер де, жылжымайтын мүліктер де беріле алады. Бұл мәселе бойынша келесі тұжырымдама неғұрлым нақтылы болып келеді: «негізінен жылжымалы мүлікті сақтау бойыншаа қатынастарға бағытталған бола отырып АҚ сонымен қатар сондай- ақ сақтауға жылжымайтын мүліктің берілуінің принципті мүмкіншілігін жоққа шығармайды, ал дау негізі болып отырған мүліктерді сақтау жағдайында мұндай мүмкіндікке тікелей жол беріледі» [46, с. 41]. Ал күзет шартының негізі жылжымалы мүліктер де, жылжымайтын мүліктер де болуы мүмкін, тіпті тәжірибеде дәл осы жылжымайтын мүлікті күзету мәселесіне арналған шартқа отыру неғұрлым кеңірек тараалған.

Сақтау және күзет шарттарының төртінші айырмашылығы ретінде сақтаудың негізі сақтауға алынған мүлікті сақтаушының жеріндегі бөлмелерде орналастырудан тұратынын, ал күзет шарты бойынша әдетте мұндай әрекеттер қарастырылмайтынын атап өтуге болады. Орындаушы күзет шарты бойынша белгілі бір кезең ішінде (ай, жыл және т.б.) ең алдымен жылжымайтын мүлікті (ғимаратты, бөлмені) оған өзге тұлғалардың енуінен күзетеді, сондай- ақ клиенттің мүліктерін оның қызметкерлерінің ұрлауының алдын алу бойынша шаралар қабылдайды. Мұнда күзету күзетілетін мүліктерді сақтаушының жерінде немесе бөлмесінде орналастыру арқылы жүзеге асырылмайды, ол

күзетілетін объект аумағында күзет постларын орналастыру немесе күзет дабылын орнату және оны күзеттің орталық басқару пунктіне қосу арқылы жүзеге асырылады.

Күзет шартын сақтау шартынан бөліп көрсету олардың ортақ мақсаттылығына байланысты ғана емес (мүліктің сақталуын қамтамасыз ету), сонымен қатар кейбір жағдайларда сақтау шартының құрамында күзет шартының элементтерінің болатынымен де байланысты. Осы шарттарды «араластыру» жағдайын сақтаудың жеке банк сейфінде құндылықтарды сақтау сияқты сақтаудың ерекше түріне, атап айтқанда оның құндылықтарды банкте клиентке жеке банк сейфін беру арқылы сақтау сияқты түріне қатысты қарастыруға болады.

Мүлікті автоматты сақтау камераларында сақтау шартын жіктеу де өте қызықты болып көрінеді. Бұл шарттың заңдық табиғатына қатысты түрлі көзқарастар арасында бұл қатынастарды күзет шартының элементтері бар жалға алу шарты ретінде қарастыру қажет деген көзқарастар да бар. Атап айтқанда соңғысы мүлік бұзылған автоматты сақтау камерасынан ұрланған жағдайда көлік мекемесінің жауапкершілігін негіздеуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ супермаркеттер мен универсамдар әкімшілігі мен азаматтар арасындағы қол жүгін сол үшін арнайы бөлінген жәшіктерге орналастыру кезіндегі қалыптасатын қатынастарын да осылайша жіктеуге болады.

Сонымен, күзет және сақтау шарттарының аражігін ашып көрсетуді келесі негіздер бойынша жүргізу қажет болады:

а) мақсаты бойынша (егер де сақтау шартының мақсаты мүлікті бұзылудан немесе ұрланудан сақтаудан тұратын болса, онда күзет шартында тек қана берілген объектіні құқыққа қарсы қол сұғушылықтың алдын алуға ғана бағытталады);

б) күзетілетін мүліктің мәртебесі бойынша (сақтау шарты бойынша мүлік сақтаушының иелігінде болады, ал күзет қызметін көрсету кезінде мүлік тапсырыс берушінің иелігінде болады);

в) объектіні беру процедурасы бойынша (күзет шартына отыру кезінде күзетуге қабылданатын объект әдетте тексерілмейді, ал ондағы тауар-материалдық құндылықтар тізімделінбейді);

г) негізі бойынша (сақтау шартының негізі секвестр тәртібімен сақтауды есепке алмаған барлық жағдайларда жылжымалы мүлік болып табылады, ал күзет шартының негізі жылжымалы мүліктер де жылжымайтын мүліктер де болуы мүмкін);

д) қызмет көрсетумен байланысты нақтылы әрекеттердің негізі бойынша (сақтау бойынша қызмет қабылданған мүлікті сақтаушының аумағында немесе бөлмесінде орналастыруды қарастырады, ал күзет шарты бойынша әдетте мұндай ірекеттер қарастырылмайды);

е) орнын толтыру белгісі бойынша (күзет шарты үнемі орын толтырушы болып табылады, сақтау шарты орын толтырушы да, орын толтырмаушы да болуы мүмкін);

Осы бөлімді қарастыруға сақтау шартының заңдық табиғатына жүргізілген талдау негізінде қорытынды жасай келе сақтау шарты кәсіпкерлік

міндеттіліктің құрамдас бөлігі ретінде бірінші кезекте қызмет көрсетуге бағытталған шарт болып табылатынын атап өтуімізге болады, демек, азаматтық құқықтық қатынастар субъектілеріне қызмет көрсету шарты болып табылады, оның негізгі мақсаты – азаматтар мен заңды тұлғалардың қажеттіктерін қанағаттандыру.

Автор отандық заңнамалаардаа берілген сақтау шартының дефинициясына қосылады, себебі сақтау шартының идеалдағы анықтамасына қол жеткізу тиімді емес болып табылады, қолда бар және ғалымдардың қарастырылатын шартқа қатысты көпшілігі таныған ұғымдар оның негізі мен ерекшеліктерін ашып көрсететін барлық басты жақтарын толық ашып көрсетеді.

Осы фактіге қатысты біз құқықтық ғылымда бар пікірге қосыламыз, оған сәйкес анықтама беру заң шығарушыға тән емес міндет және сондықтан да ол құқық ғылымына жүктелінуі тиіс. Анықтамалар сәтсіз құрастырылған жағдайда зиянды болуы да мүмкін, себебі құқықтық нормалар өмірінің одан әрі дамуына кедергі келтіруі мүмкін [47, с. 19].

### **1.3 САҚТАУ ШАРТЫНЫҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ**

Сақтау шартын толық және жан жақты зерттеу үшін осы институттың сипаттамаларын мұқият қарастыру қажет деп есептейміз.

Заң шығарушы келтірген анықтамадан сақтау шарты нақтылы шарт болып табылатыны туындайды. Бұл ол бойынша құқықтар мен міндеттердің пайда болуы тараптардың келісімі бойынша болуы жеткіліксіз, бірақ сонымен қатар мүлікті беру бойынша нақтылы әрекеттерді жүзеге асыру қажет. 1963 жылғы Қаз КСР- інің АҚ де заң шығарушының осындай көзқарасы орын алғанын көруге болады: «Сақтау шарты нақтылы шарт болып табылады. Шарт бойынша құқықтар мен міндеттер мүлікті бергеннен кейін туындайды» [25, с. 221]. Мұндай шарттың негізгі сипаттамасы шарт негізін құрайтын «мүлікті сақтау» міндеттілігі «берілген мүлікке» таралады, бұл жерде «шарт жоқ болса нақтылы мүліктің берілуі де болмайды» деген ұғымнан көрінеді. Бірақ, әринне кәсіпкерлік қызметпен айналысатын мекеме болашақта мүліктерді қабылдауға, оның ішінде болашақта жасалынатын немесе сатып алынатын мүліктерді қабылдауға кепілдік берілуіне мүдделі болатынын атап өтуіміз қажет. Осы мақсатпен қолданыстағы АҚ субъектілердің нақтылы шеңберіне қатысты ммұндай шартқа отыру мүмкіндігі бөліп көрсетілген, ол сақтаушының міндеттерінің құрамына мүлікті сақтауға берушіден шартта қарастырылған меерзімге қабылдап алу міндеттілігі енгізілген шартқа отыру мүмкіндігін береді. АҚ 769 бабы тараптар арасында консенсуалды сақтау шартының жасалу мүмкіндігін қарастырады: кәсіпкерлік қызмет ретінде сақтауды жүзеге асыратын сақтаушы өзіне сақтауға берушінің мүлкін сақтауға қабылдау міндеттемесін алуы мүмкін.

1963 жылғы ҚазКСР АҚ орынын толтырусыз сақтау презумциясы жарияланды, қолданыстағы АҚ одан бас тартты және тек қана сақтаудың кейбір арнайы түрлері бойынша ғана белгілі ібір нормаларды енгізеді. Сақтау шарты

орнын толтырусыз да, орыны толтырылымды да болуы мүмкін. Кейбір авторлар бұл шарт орынын толтырымсыз болады деп есептейді, ал сақтаушыға сыйақы заңда немесе шаартта арнайы қарастырылуы тиіс деп есептейді. Көбінесе сақтаушы ретінде кәсіпқой сақтаушы ретінде өзгелердің мүлкін сақтауды жүзеге асыратын мекеме сақтаушы қызметін атқаратын шарттар орынын толтырушы болып келеді. Бұл ереже «Ресейдің азаматтық құқығы. Міндеттемелік құқық» ред. О.Н. Садиқова [48, с. 566], А.Ю. Кабалкиннің «Ресейдің азаматтық – құқықтық шарттары. Жалпы ережелер» дәрістер курсы [49, с. 173], «ҚР АҚ екінші бөліміне түсініктемелер» сияқты еңбектерде бекітілді [50, с. 418].

Алайда мұндай тұжырымды барлық ғалымдар бірдей қолдай бермейді. Мысалы, А.П. Сергеев «сақтау шарты орынын толтырушы болып табылады деп есептейді» [51, с. 605].

ҚР АҚ ол туралы тікелей айтылмайды, бірақ оның нормаларына тікелей түсінік беру арқылы сондай қорытындыға келуге болады, атап айтқанда 770,774,775,779 ГК РК және т.б. баптаарына қатысты. Бұл заң шығарушылардың осы мәселе бойынша бұрынғы көзқарастан бас тартқаны туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді (ср. со ст. 420 ГК 1963г.). З.И. Цыбуленконың «азаматтардың мүлікті қысқа мерзімдік сақтауға гаардеробтар қызметін реттейтін мекемелерге, санаторийлердің, демалыс үйлерінің, тұрмыстық қызмет көрсететін кәсіпорындардың сақтау камерааларына қысқа мерзімге сақтауға тапсыруы кезінде қалыптасатын қатынастар орынын толтырымсыз болып табылады. Орынын толтырымдылық кәсіпқой сақтаушылар мен азаматтар арасындағы, ал кейде азаматтар арасындағы сақтау бойынша міндеттемелеерге тән болып келеді. Сақтау бойынша орынын толтырушылық құқықтық қатынастар екі жақты болып табылады. Орынын толтырушылық қатынастар кезінде сақтау міндеттемелері де екі жақты болады. Алайда мұндай жағдайларда сақтауға берушінің сақтаушыға сыйақы төлеу немесе белгілі бір қызметтер мен игіліктерді ұсыну бойынша міндеттемелері болмайды, ол мүлікті қайта қабылдап алуға, сақтау бойынша шығындардың орынын толтыруға міндетті, мұның өзі аталған қатынастарға екі жақтылық немесе өзара келісушілік сипат береді» деген пікірімен толық келісуге болады [36, с. 3].

М.И. Брагинскийдің пікірінше, «Әдебиеттерде аралық көзқарас та кеңінен таралған. Ол орынын толтырусыз сақтау расында да бір жақты шарт жобасы негізінде құрылады деген пікірге келіп саяды. Алайда белгілі бір жағдайларда бұл шарт екі жақты шартқа ауысады» [2, с. 47].

О.С. Иоффенің пікірінше, «тіпті алғашында бір жақты шарт ретінде жасалынған сақтау шарты да кейіннен түрлі себептердің күшімен екі жақты шарт сипатына ие болуы мүмкін. Мысалы мүлікті орынын толтырусыз сақтауға қабылдай отырып сақтаушы сақтауға берушінің кінасынан пайда болған зиянның орынын толтырту құқығына ие болады» [45, с. 337]. В.Ф. Яковлева «нақтылы орынын толтырусыз шарт - біржақты, себебі сақтаушы бұл шартта тек міндеттер орындайды, ал сақтауға берушінің тек құқықтары болады. Алайда бір жақты ретінде жасалынған сақтау шарты белгілі бір себептерге



байланысты екі жақты шарт сипатына ие болуы мүмкін деп есептейді.

Мысалы, егер де орынын толтырусыз сақтау кезінде сақтаушы мүлікті сақтау үшін қажетті шығынға ұшыраса, онда сақтауға беруші оның шығындарының орынын толтыруға міндетті» [51, с. 13]. Сақтаудың жалпы ережелері бойынша сақтау орынын толтырушылық деп қарастырылады, сонымен қатар тараптардың келісімімен немесе заң актілері арқылы сақтаудың орынын толтырушылығы негізделуі де мүмкін (АК 774 бабының 2 тармағы).

Шарттың орынын толтырушылығы немесе орынын толтырмаушылығы туралы мәселе сақтаушының әрекетіне де ықпал етеді. Кодекстің 775 бабының 2 тармағына сәйкес егер де сақтау орынын толтырусыз жүзеге асырылатын болса, онда сақтаушы сақтауға қабылданған затқа өз меншігіндегі заттай қамқорлықпен қарауға міндетті. Бұл норма тәжірибеде түсіндірудің қиындығы мәселесіне тап болады: заң шығарушы осы арқылы нені айтқысы келді? Сақтаушылардың қайсысы(орынын толтырушы немесе орынын толтырмайтын) өз міндеттерін орындауға неғұрлым үлкен жауапкершілікпен қарауы тиіс?

Неғұрлым «жауапты» деп орынын толтырушы сақтаушыны тану қажет деген айқын жауап беру қажет, себебі орынын толтырмайтын сақтаушыға тіпті ол өз мүлкіне жауапкершілікпен және өте сақ қарамайтын болса да қабылданған затты өз заты сияқты сақтау мүмкіндігі беріледі. [52, с. 21].

А.П. Сергеев қолданыстағы азаматтық заңнамалар сақтаудың орынын толтырушылығының жалпы презумпциясын енгізеді [51, с. 604] алайда ҚР АК тиісті баптарына талдау жасаған кезде орынын толтырушылық презумпциясын бекіту мақсатының көзделмейтіндігі анықталады деп есептейді. Мысалы 774 баптың 1 тармағы сыйақы төлеу қажеттігі қашан пайда болады деген мәселені ашық қалдыра отырып сыйақы төлеуді қалай жүзеге асыру қажеттігіне арналған. Аталған баптың 2,3, тармақтары «сақтаушының қандай шығындарының және қашан орыны толтырылуы тиіс» деген арнайы сұраққа қатысты екі шешім ұсынумен шектеледі: оның бірі орынын толтырушылықты қарастырса, екіншісі әрине тиісінше орынын толтырусыз сақтауды қарастырады. АК 788 бабы мекемелердің гардеробтарында сақтау сияқты сақтау түрінің орынын толтырылмайтын екенін белгілейді, бірақ басқа барлық жағдайларда орынын толтырушылық презумпциясы әрекет етеді деген қорытындыны біз тек «қарсы пікірдің жоқтығы» әдісі арқылы ғана жасай аламыз. Бұл қорытындыға дәлел ретінде өзге бір ғалым АК жекелеме баптарына сілтеме жасай келе АК орынын толтырмаушылық презумпциясының бекітілгені туралы тікелей қарама қайшы пікірге келу мүмкіндігі баар екенін келтіруге болады [53, с. 12].

Бізге сақтау шартының орынын толтырушылығы туралы пікірді қолдайтын ғалымдардың көзқарасы неғұрлым дұрыс көзқарас болып көрінеді. Біздің мұндай қорытынды жасауымызға негіз болған АК 39 бабы емес, АК шарттара туралы жалпы ережелері. Аталған норма қарастырылған презумпцияның әрекет ету шегін белгілейді: ол егер бұл заңнан, өзге нормативтік құқықтан, шарт негізі мен мазмұнынан туындаған болса қолданылмайды. Ол сақтауға қатысты оның қарастырылатын шарттың орынын толтырушылығы тікелей белгіленген түрлеріне жатқызылады, мұнда біз тиісті

норманың диспозитивті немесе императивті болатынын анықтаудың қажеттігі жоқ деп есептейміз.

Сақтау бір жақты әлде екі жақты шарт болып табылады ма деген дау тәжірибеде ең өткір болып қалып отыр. Басқаша айтар болсақ бұл шарт олардың бір тарабына ғана әлде екі тарабына да міндеткерлік туындата ма?

«Сақтау шарты екі жақты болып табылады ма, әлде бір жақты болып табылады ма деген сұраққа қатысты құқықтық әдебиеттерде бұрыннан бері әр түрлі көзқарастар бар. Сақтау шартының ең аалдымен сақтауға берушінің мүддесі үшін жасалынатынына қарамастан оның ішінде тіпті сақтау шарты орынын толтырусыз және нақтылы болған жағдайларда да құқықтар мен міндеттер екі жаққа да тиесілі болып келеді деген көзқарас неғұрлым сенім тудыратын көзқарас болып табылады. Әрине, бұл жеерде олардың тараптаар арасында біркелкі бөлінетіні туралы айтуға келмейді, себебі шарттың негізгі мақсатын есепке ала келе сақтауға беруші дәстүр бойынша сақтаушыға қарағанда неғұрлым кең мүмкіндіктерді пайдаланады. Бірақ сақтауға жұмсалған шығындардың орынын толтыру бойынша міндеттемелер және сақтауға тапсырылған мүлікті алу бойынша міндеттемелер сияқты міндеттемелердің екі түрі іс жүзінде барлық жағдайларда сақтауға берушіге жүктелінеді»[36, с. 115].

Ең алдымен одақтас республикалардың АҚ бар сақтау шартының жария анықтамаларын есепке ала отырып цивилистер туралы сөз қозғауға болады (ал қазір қолданыстағы кодекстерде де), В.А. Рясенцев [54, с. 302], В.Ф. Маслов. [55, с. 329], И.Петров [56, с. 16] орынын толтырусыз және нақты сақтау шарттарын бір жақты деп таниды

Оларға сақтау шарты үнемі екі жақты болып табылады деген В.П. Грибанов [57,с. 331], Т.И. Илларионова [58,с. 301] қарсы тұрады. Мұнда кейбір сирек кездесетін жағдайларды есепке алмағанда соңғы көзқарас сақтауға берушінің белгілі бір міндеттемелерінің болатынын тануға сүйенеді (ең алдымен мүлікті кері қайтарып алу міндеттілігі), ол бұл сақтау шартының орынын толтырушы немесе орынын толтырымсыз екендігіне тәуелді болмайды.

Сақтауға берушінің сыйақы төлеумен байланысты емес міндеттері деп ең алдымен сақтаушыға келтірілген шығындарының орынын толтыру қажеттігін, сондай - ақ сақтауға берілген мүлікті қайтарып алу міндеттілігін айтады. А.П. Сергеев былай деп атап көрсетті: «Іс жүзінде екі міндет, атап айтқанда сақтауға жұмсалынған шығындардың орынын толтыру міндеттілігі және сақтауға берушінің тапсырылған мүлікті қайтарып алу міндеттілігі іс жүзінде барлық жағдайларда жүктелінеді» [51, с. 605]. Осы міндеттемелердің біріншісіне қатысты ең алдымен оның екі жақты шарттың екі жақтылығын тек екі жақтылық қана білдіретініне қарамастан сақтаушының міндеттемелеріне қатысты екі жақты болып табылмайтынын көрсетуге болады. Сақтау шартының екі жақтылық сипатын ашып көрсетуге тиісті келтірілген мысал әдетте екі жақты шарттар тобына жатқызылатын кез келген шартты бір жақты шартқа жатқызушылыққа дау айтушылар үшін пайдаланылуы мүмкін екендігі де белгілі бір деңгейде маңызға ие болады. Мысалы, сыйға тарту шартының бір жақтылығы туралы пікірді (қолданыстағы АҚ консенсуалды сақтау шарты

моделінің енгізілгенін есепке алмайтын болсақ) қарастырылған шарттың құқықтық табиғатын зерттеумен айналысқандардың барлығы да іс жүзінде қолдайды. Және бұл көзқарас АҚ 516 бабының күшімен сыйға берушіге сыйды алатын адамның өміріне, денсаулығына немесе мүлкіне сыйланған мүліктің кемшіліктеріне байланысты келтірілген зиянның орынын толтыру міндеттілігінің жүктелетініне қарамастан күшінде қалады.

Өз мүлкін кері қайтарып алу міндеттілігіне келетін болсақ біздің пікірімізше Л.А. Антонованың көзқарасына қосылуға болады, ол нақтылы және орыны толтырылымсыз сақтау шартында «мүлікті сақтауға берген тарапқа да белгілі бір деңгейде жауапкершілік жүктелінуі мүмкін: мүлікті көрсетілген мерзімде алу, мүліктің зиянды қасиеттерінің болуы салдарынан келтірілген шығындардың және зиянның орынын толтыру, бірақ бұл міндеттер негізгі және қарсы болып табылмайды» деген болатын [59, с. 43]. Әдебиеттерде аралық пікір де белгілі бір деңгейде таралған. Ол мынадай тұжырымға келіп тіреледі, орынын толтырусыз сақтау расында да бір жақты шарт моделі бойынша құрылады. Алайда белгілі бір жағдайларда бұл жағдай екі жақты шартқа өзгереді. Атап айтқанда, О.С. Иоффенің пікірінше, «бастапқы кезде біржақты шарт ретінде жасалынған шарттың өзі кейіннен түрлі себептермен екі жақты шарт сипатына ие болуы мүмкін. Мысалы мүлікті орынын толтырусыз қабылдап алып сақтаушы сақтауға берушінің кінасынан пайда болған зиянның орынын толтыртқызу құқығына ие болады» [45, с. 492]. В.Ф. Яковлев та осыған ұқсас көзқараста болды. Сақтауға берушінің өзге міндеттемесі туралы айта келіп ол «нақтылы орынын толтырусыз шарт – біржақты болады, себебі сақтаушы бұл шартта тек қана міндеттер атқарады, ал сақтауға берушінің тек қана құқықтары болады. Алайда біржақты шарт ретінде жасалынған сақтау шарты белгілі бір себептердің күшімен екі жақты шарт сипатына ие болуы мүмкін. Мысалы, егер орынын толтырусыз сақтау кезінде сақтаушы мүлікті сақтау үшін қажетті шығындарға ұшыраған болса, онда сақтауға беруші осы шығындардың орынын толтыруға міндетті» деп есептеді [60, с. 337].

Біздің ойымызша ұсынылған тұжырымдама белгілі бір деңгейде күдік тудырады. Ол ең алдымен бір жақтылықтың немесе екі жақтылықтың шарттың өз мазмұнының ерекшеліктерін көрсететінімен байланысты болып келеді. Сонымен қатар шарттың мазмұны оны жасасу кезінде анықталады және тек екінші кезекте – оны орындау кезінде жүзеге асырылады.

Бұған О.С. Иоффенің өзі де екі жақты шарттардың ерекшеліктерін белгілеу үшін – «өзара келісу арқылы» терминін толық негізбен қолдананытынын қоса атап өтуге болады. Мұнда соңғысының мазмұнын ол мынадан көреді «жалпы ереже бойынша екі контрагент те өз міндеттемелерін бір мезетте орындауы тиіс, демек әр тарап қарсы жақ тарапынан қанағаттанарлық ұсыныс алынбайынша екінші тарапқа қатысты міндеттемелерді орындаудан бас тартуға құқылы болады» [45, с. 34].

Біздің ойымызша шығындардың орынын толтыру «екі жақтылық» және «қарсы ұсыныс» ұғымдарынан тысқары жатыр.

Мәселені неғұрлым толық ашып көрсету үшін кредиторлық міндеттемелер деп аталатын жалпы мәселеге назар аударуға толық негіз баар,

атап айтқанда олардың бірі – орындауға қабылдау міндеткерлігі. Бұл жағдайда қызығушылық шарттарды бір және екі жақты деп бөлу үшін аталған міндеттемелердің орын алатын маңызын танумен байланысты болып келеді. Әдебиеттердегі мәліметтер бойынша, М.М. Агарков алғашқылардың бірі болып кредиторлық міндеттемелердің ерекшелігінің маңызына көңіл аударды. Соған байланысты ол «кредиторлардың міндеттемелерінің орындауға қабылдауының мазмұны (негізгі міндеттемелер бойынша) белгілі бір нәрсені борышкер тарапынан орындалуына айырбастап алудан емес (негізгі міндеттеме бойынша), борышкерге міндеттемелерін орындау мүмкіндігін қамтамасыз етуден тұрады және оның міндеттемелерінің мазмұнынан туындайтын ешбір қиындықтар, шығындарсыз». Сондықтан да екі жақты шарттағы тараптың міндеті екінші тараптан міндеттемелерді орындауға қабылдау болып табылады, мысалы сатып алушының кредитордан сатып алынған мүлікті қабылдауы еш уақытта да айырбастың құқықтық түрі болып табылмайды». [61, с. 67].

Орындауға қабылдауды екі жақты шарттың белгісі ретінде қабылдау бойынша міндеттемелерді тану мүмкіндігін В.К. Райхер жоққа шығарады. Дәл осы кредиторлық міндеттеме – «дұрыс ұсынылған міндеттемен орындауды қабылдау міндеткерлігі» туралы айта келе ол былай деп жазды: «Алайда оны екі жақты шарттарда екі контрагентке де қатысты әрекет ететін кредитордың қарама – қарсы міндеткерлігі ретінде қарауға болмайды.

Тараптардың әрқайсысы кредитор ретінде емес өзге тарапқа борышкер ретінде атқаратын міндеттеме қарама- қарсы міндеткерлік. Міндеттемені орындауға қабылдаудың одан айырмашылығы (борышкерге орындауға қолдау көрсету міндеттілігі сияқты) «дебиторлық» емес «кредиторлық» міндеттеме болып табылады... Расында да қарама- қарсы міндеткерлік тек өзге тарап үшін «қарама- қарсы қанағаттандырушылық» болып табылатын міндеттеме болып табылады және осы жағынан алып қарағанда ол «екі жақты». Бірақ кредитордың міндеттемені орындауға қабылдауы (оны орындауға қолдау көрсетуі сияқты) борышкер үшін қарама- қарсы қанағаттандыру болып табылмайды [62, с. 117].

Дәл осындай ережені О.Н. Садиков та өзінің кандидаттық диссертациясында келтірген болатын [63, с. 12].

Демек, келтірілген шығынның орынын толтыру және ұсынылған орындауды қабылдау сақтауға берушінің барлық өзге де осындай кредиторлық міндеттемелері сияқты орынын толтырусыз және нақты сақтаудың бір жақтылық сипатын жоққа шығармайды [59, с. 47].

Біздің ойымызша ең алдымен екі жақты деп тек қана орынын толтырушы болып табылатын шарттарды ғана тану қажет деп есептейтіннің көзқарастарын қолдау қажет. Бұл туралы ең алдымен орынын толтырушылық шарттың принципті түрде бір жақты болуы да мүмкін екенін атап өтуіміз қажет. Пайыздарын төлеу міндеттілігімен қоса есептегендегі несие шарттары дәл осындай болып келеді. Алайда несие мен сақтау арасындағы олардың екі жақтылығы немесе бір жақтылығы туралы қарастырылатын мәселеге қатысты айырмашылық несие кезінде сыйақы төлеу міндеткерлігі онсыз да міндетті болып табылатын тарапқа тиесілі болады: ол алынған соманы қайтаруы тиіс

болады. Сонымен, бұл жағдайда борышкер аталған соманы пайызымен төлеуі керек пе әлді пайызсыз төлеуі қажет пе деген мәселені анықтау қажет болады. Сонымен қатар екінші тарап – несие беруші, екі жағдайда да ешқандай міндеткерлік атқармайды. Орынын толтырушылық шартта да, орынын толтырмайтын шартта да ол тек құқықтарға ие болады. Сақтау шартында мәселе мүлдем басқаша болып келеді. Орынын толтырушылық шарт кезінде бір тарап қызмет көрсетуі тиіс (сақтаушы), сонымен бір мезетте сыйақы төлеу міндеткерлігі екінші тарапқа жүктелінеді (сақтауға берушіге). Дәл осы жағдай орынын толтырушылық шартты екі жақты деп қарастыруға негіз болады.

Көптеген авторлар екі жақты шарттар қатарына консенсуалды сақтау шарттарын жатқызады.. АҚ 768 бабының 2 тармағы консенсуалды сақтау шартына қатысты сақтаушының міндеттемелерін ғана бөліп көрсетеді, бірақ АҚ 769 бабының 1 тармағы консенсуалды шарт кезінде шартта қаралған мерзім ішінде мүлікті сақтауға бермегені үшін сақтауға берушіге шығындардың орынын толтыру міндеткерлігін жүктейтінін есепке алуымыз қажет, Осы баптың 2 тармағына сәйкес сақтаушыны егер шартта өзгеше көрсетілмеген болса сақтауға беруші шартта қарастырылған мерзім ішінде мүлікті сақтауға бермеген болса мүлікті сақтауға қабылдау қажеттігінен босатылатынын есепке алар болсақ, мұндай жағдайда сөз контрагенттердің өзара қарама- қарсы міндеттемелері туралы болып отыр деген қорытынды жасауға болады.

Алайда мұндай жағдайда зерттеліп отырған міндеттеменің өзіндік ерекшеліктері болады. Олардың біріншісі ол бұзылған жағдайда ешбір жағдайға қарамастан борышкерді өз міндеттемелерін нақтылы мүлікпен орындауға мәжбүр етуге болмайды. Сақтау шартының аталған ерекшеліктері өзге де белгілері сияқты кей жағдайларда сақтауға берушінің мүддесі үшін белгіленген ретінде қарастырылады. Тиісінше «сақтау шартының негізгі мақсаты сақтауға берушінің мүддесін қамтамасыз ету болып табылатындықтан, соңғысы шартты орындаудан бір жақты бас тартуға, демек, мүлікті сақтауға бермеуге құқылы» екендігі атап көрсетіледі [64, с. 83]..

Біздің пікірімізше әрқашан заң шығарушы тарапқа бір жақты шартты бұзу құқығын берген кезде тараптың жауапкершіліктен босатылатын жағдайларын атап көрсеткен кездегідей ол әрине тек осы тараптың мүддесі үшін ғана әрекет етеді. Осы тұрғыдан алып қарағанда сақтау шарты кезінде қалыптасатын жағдайдың одан еш айырмашылығы жоқ болып шығады. «Сақтаууды оның мақсаты бір тараптың мүддесін қамтамасыз ету болып табылатын ерекше шарт түрінде бөліп қарастыруға келетін болсақ біздің пікірімізше мұндай жағдай белгілі бір шарттың типінің ерекшелігімен байланысты емес, ол шарттарды Бас жіктеу кезінде есепке алынатын белгілеріне ғана байланысты болып келеді. Бұл жерде сөз мынада болып отыр, мүліктерді берумен, жұмыстарды орындаумен және қызмет көрсетумен байланысты кез келген шарт тек қана бір міндетті шарт орындалған жағдайда тек бір тараптың мүддесін қорғаушы ретінде қарастырылуы мүмкін, ол шарт: егер де тараптаар арасындағы қарым- қатынас орынын толтырусыз сипатта болған болса. Және керісінше, кез келген орынын толтырушылық шарт ол қарсы қанағаттандырушылықты қарастыратындықтан да орынын

толтырушылық болып табылады. Мұнда қарсы қанағаттандыру оны алуға ұмтылыс екі тараптың да мүддесін көрсететіндіктен үлкен маңызға ие болады. Орынын толтырусыз сақтау сыйға тарту, мүлікті ақысыз пайдалану, көлік мекемесінің ақысыз жүріп тұру құқығы бар тұлғаларға билетті ақысыз беруі сияқты – барлық осы және осыған ұқсас орынын толтырусыз шарттар контрагенттердің бірінің мүддесін қорғау мақсатын көздейді. Орынын толтырумен сақтау кезіндегі жағдай мүлдем өзгеше. Мысалы тауар қоймасында сақтаудан мүлікті вокзалдағы сақтау қоймасында сақтауға дейінгі сақтаудың барлық түрлері сақтаушының кәсіпкерлік қызметінің бір бөлігін құрайтыны еш күдік туғызбайды, оның табыс табуды көздеуді есепке алмауы мүмкін емес. Сақтаушы сыйақы алуға ұмтыла отырып әрине өз мүддесін көздейді.

Міндеттемені нақтылы затпен орындауды талап етудің мүмкін еместігі шындығында кез келген қызметті орынын толтыра көрсету туралы шарттың ерекшеліктерімен байланысты болып келеді. Мұндай шартта контрагентті қызметті қабылдауға мәжбүрлеуге болмайды. Мұндай жағдайда сөз массаж жасаушы, шаштараз, көлік мекемесі немесе мұғалім туралы болып отыруы маңызды емес. Қызмет көрсету турады өтініш жасаған тараптың міндеттемелерін орындауын қамтамасыз етудің бірден бір әдісі – бұл контрагентке шығынның орынын толтыруды талап ету құқығын беру» [2, с. 37]. Заңда көрсетілген белгілі бір жағдайларда сақтауға берушіні мүлікті сақтауға беру бойынша міндеттемесін бұзғаны үшін жауапкершіліктен босату мүмкіндігіне келетін болсақ, онда сөз болып отырған норма (АК 769 бабының 1 тармағы), осындай шартқа отыру кезінде тараптардың әрқайсысы есепке алатын контрагенттер арасында қызмет көрсетілмеу тәуекелдерін бөлу әдістерінің бірі ретінде негіз болады.

ҚР АК 769 бабында сақтауға берушінің сақтау мерзімі біткеннен кейін мүлікті кері қайтарып алу міндеттілігі бекітілген, ал ҚР АК 773,774 баптарында сақтауға берушінің сақтауға жұмсалған шығындардың орынын толтыру міндеттілігі көрсетілген.

Бұл сақтау шартында екі тараптың да сақтаудың орынын толтырушы немесе орынын толтырусыз болғанына қарамастан құқықтары мен міндеттерінің болатыны, демек оның екі жақтылық сипаты туралы ережені тағы да дәлелдей түседі.

Сақтау күрделі ғана емес сонымен қатар аралас шарттардың құрамына да кіруі мүмкін, онда түрлі шарттардың, оның ішінде сақтау шартының элементтерін «шарт еркіндігіне» сүйенетін өзінің құқықтарын осылайша жүзеге асыратын тараптардың өздері әрбір нақтылы жағдай үшін арнайы таңдап алатын элементтерден тұрады.

Аралас шартқа қатысты оның құрамында сақтаудың қандай орын алатынына байланысты екі нұсқаны бөліп көрсетуге болады. Біріншісінде – сақтау тараптың шарттағы негізгі міндеттемелеріне қызмет көрсетеді. К.А. Граве атап көрсеткендей «мұндай жағдайларда бір тараптың екінші тараптың мүлкін сақтау бойынша міндеткерлігі шарттың мақсатын құрайтын негізгі міндеткерлік ретінде емес, тек қосалқы жүретін қосымша міндеткерлік ретінде пайда болады» [65, с. 323]. Мысалы, атап айтқанда, көлік экспедициясы

шартына мүлікті сақтау бойынша қосымша қызметтер түрінің бірі ретінде қарастыратын шарт енгізілуі мүмкін (ҚР АҚ 708 бабының 1 тармағы). Мысалы, тапсырыс, комиссия, сату- сатып алу, мердігерлік сияқты шарттарға қатысты осындай жағдай туындауы мүмкін (бұл жерде сөз мердігердің жұмыстарды атқару кезінде тапсырыс берушіге тиесілі материалдарды, құрал – жабдықтарды сақтауы және т.б. туралы болып отыр) [66, с. 723]. Бұған мүлдем қарама- қайшы жағдай да туындауы мүмкін, онда сақтаушы осындай шарт тарабы ретінде сақтаудың өзінен бөлек және онымен тікелей байланысты өзіне өзге шарттардың негізі болып табылатын әрекеттерді жүзеге асыру міндеттемесін қабылдайды. Бұл жерде сөз сақтаушының экспедициялық қызмет көрсетуі, сақтауға берушінің тапсырмасымен сақтауға алынған мүліктің сақталуын қамтамасыз ету үшін қажетті жұмыстарды жүзеге асыру барысында мердігер қызметін атқару бойынша қызмет көрсетуі туралы болып отыр.

Сақтау шартының бір жақтылығы немесе екі жақтылық сипаты туралы мәселе бойынша да дау туындайды, себебі бұл шарттың анықтамасы оның сипаты туралы біір жақты қорытынды жасауға мүмкіндік бермейтіндей етіп құрастырылған.

Әрине, сақтаудың құқықтық табиғатын неғұрлым толық зерттеу үшін сақтау шартының пайда болу негіздерін міндетті түрде көрсету қажет болып табылады. Осы жағдайды қарастырған кезде мұндай негіз ретінде «белгілі бір құқықтық фактілер де, тікелей құқықтық құрам да» бірдей деңгейде әрекет ете алатынын атап көрсетуіміз қажет болады. Мұндай негіздерге қатысты да түрлі көзқарастар бар [29, с. 51].

Мысалы, Л.А. Антонов өзінің «Кеңестік құқықытағы сақтау міндеттемелері» атты еңбегінде [67, с. 5] заңды көрсетілген міндеттеме түрінің пайды болуы негіздерінің біріне жатқызады. Оған қарама- қарсы дәлелді И.Б. Новицкий, Л.А. Лунц, келтіреді [68, с. 71], олар құқықтық норма құқықтық қатынастар құра алмайтынына, тек оның пайда болуы үшін белгілі бір деңгейдегі алғышарт болатынына назар аударады. Мұндай көзқарасты О.А. Красавчиков [69, с. 27], В.А. Тархов [70, с. 24], Ф.И. Гавзе [71, с. 11], Р.О. Халфина [72, с. 207] және өзге де цивилистер сияқты ғалымдар қолдайды. Сақтау бойынша барлық қарым – қатынастардың құқықтық әрекеттердің күші арқылы ғана пайда болатынын атап көрсеткіміз келеді.

Сақтау міндеттемесінің пайда болуымен байланыстырылатын ең кеңінен таралған құқықтық факт шарт болып табылады. Ол екі немесе бірнеше тұлғаның сақтау бойынша азаматтық – құқықтық міндеттемелер белгілеуге бағытталған келісімі болып табылады [36, с. 14]. Шартқа отыру кезінде тараптардың еркі мен еркін білдіруі сәйкес келуі тиіс, демек, сақтау міндеттемесінің пайда болуына бағытталуы тиіс.

Мысалы, «Алматыотын» ЖШС Алматы қаласының мамандандырылған экономикалық сотына 08.08.03 жылғы № 171 шарттың 4.1. тармағы бойынша «АК-Шын» ЖШС 11900583 теңге өндіру туралы талап арыз жасады. 2004 жылғы 19 сәуірдегі шешіммен талап арыз қанағаттандырылмады. Шешім № 171 сақтау шарты бойынша тараптар арасында құқықтық қатынастардың пайда болмағанын, демек, шарттың 4.1 тармағында қарастырылған

жауапкершіліктің қолданылуының мүмкін еместігін негізге алды. Сотта қарау барысында шартқа отыру кезінде тараптардың шыын еріктері мен қажеттіктерінің сәйкес келмегендігі анықталды [37]. Сонымен қатар, тараптардың құқық қабілеттілігі мен әрекет қабілеттілігінің қажетті көлемі болуы тиіс, демек, сақтау шартына отыру кезінде олар өздерінің еркін білдіргеннен кейін туындайтын оның құқықтық салдарын толық сезінуі тиіс болатын. Тараптардың еркі мүлікті сақтау бойынша міндеттемелердің пайда болуы сияқты белгілі бір құқықтық салдарға қол жеткізуге бағытталуы тиіс. Сақтау шарты тараптарының әрекеті олардың арасында құқықтық байланыс тудырады.

Кейбір жағдайларда сақтау шартының пайда болуы үшін бір ғана құқықтық фактінің болуы жеткіліксіз болады және сол жағдайда құқықтық құрамның, демек құқықтық фактілер жиынтығының болуы қажеттігі туындайды. О.А. Красавчиков дұрыс атап көрсеткендей бұл жекелеме фактілер құқықтық құрамға енген кезде ғана «құқықтық ретіндегі өз орынын табады». Осы жиынтықтың кез келген элементінің болмауы «тұтас алғанда құқықтық құрамды ғана емес, сонымен қатар осы құрамға қатысты оның жекелеме бөліктерін өлтіруге алып келеді» [69, с. 57]. Өздеріңізге белгілі сақтау міндеттілігі сақтау екінші кезектегі қызмет ретінде әрекет ететін шарттан да туындауы мүмкін, ал оның мазмұны белгілі бір қызмет көрсету болып табылады (мысалы, қонау үй қызметі, бассейн ді пайдалану және т.б.). Мүлікті сақтау бойынша белгілі бір арнайы бағыттылық мұндай жағдайда болмайды, тараптың мүлікті сақтау бойынша міндеттеме қабылдау бойынша ерекше келісімі талап етілмейді. Мұндай міндеттемелердің пайда болуы үшін қызмет көрсету туралы тиісті шартқа отыру жеткілікті болып табылады.

Мұндай түрдегі құқықтық қатынастардың пайда болуы үшін тағы да бір негіз болатын жағдай құқықтық әрекет болып табылады. Бұл санат құқықтық салдардың пайда болуына алып келетін белгілі бір құқықтық әрекеттер ретінде көрініс табады. Мұнда құқықтық салдар осы әрекеттердің соған бағытталғаны немесе бағытталмағанына қарамастан туындайды. Мұндай құқықтық әрекеттерге мемлекеттік басқару органдарының әкімшілік актілерін жатқызуға болады.

Әкімшілік актілер сақтау бойынша құқықтық қатынастардың пайда болуының дербес негізі болып табылады. Бір тарап ретінде осыындай әкімшілік акт шығарған тікелей басқару органының өзі әрекет етеді, ал екінші тарап осы акт бағытталған азамат немесе мекеме болып табылады. Алайда басқару органының актілері арнайы бағыттылығымен сипатталуға тиісті, ол өз кезегінде қарастырылған міндеттемелердің пайда болуына алып келеді. Тәжірибеде сақтау шарты мүлікті ақысыз пайдалануға беру бойынша келісімді жабу мақсатында жасалынатын жалған келісім ретінде әрекет ететін жағдайлар жиі кездеседі [29, с. 62].

Мысалы, Алматы қалалық сотының азаматтық істер бойынша сот коллегиясының қаулысына сәйкес 2002 жылғы 28 қарашада Алматы қаласының Әуезова аудандық сотының № 33-2426\2002 шешімі өзгеріссіз қалдырылды, ал талапкер Ю.П. Осипенконың жауапкер З.Ш. Мансуроваға апелляциялық



талабы қанағаттандырыусыз қалдырылды. Сот тараптар арасында сақтау шартымен бүркемеленген іс жүзінде несие шарты жасалынғанын басшылыққа алды [37].

Сақтау бойынша қатынастар азаматтар тарапынан да, мекемелер тарапынан да өзге де құқықтық әрекеттер арқылы орнатылуы мүмкін екенін атап көрсетуіміз қажет.

Осы тарауға қорытынды жасай келе келесіні атап көрсеткіміз келеді: зерттеу барысында біз сақтау шарты ғымы мен негізін қарастыруға әрекет жасадық, оның тарихи даму жағдайларын қамтыдық, өзіндік ерекшеліктерін анықтадық, шарттың бұл түрі расында да қызмет көрсету бойынша шарттарға жатқызылатынын және азаматтық айналымда үлкен маңызға ие екенін дәлелдедік.

ҚР АҚ сақтау туралы ережелерінің елеулі көлемде «коммерциялануы» өзіне көңіл аудартады. Экономикалық даму қажеттіктеріне мұндай жақындаушылық тауар қоймаларында сақтау туралы норманың ерекше түрін бөліп көрсетуден көрініс тауып қана қоймай, сонымен қатар сақтаудың барлық түрлеріне қатысты қолданылатын жалпы ережелерге де таралды. Нарықтық қатынастардың дамуымен сақтау шартының тәжірибеде негізінен орынын толтырушылық сипатқа ие болатынын атап көрсету қажет деп есептейміз.

АҚ ерекше бөлімі бұрын қолданыста болған заңнамалармен салыстырғанда сақтау міндеттемелері бойынша туындайтын қатынастарды неғұрлым толық ашып көрсетеді. ҚР АҚ құқықтық көзқарас жағынан алып қарағанда өте күрделі болып табылатын сақтау қатынастарын толық регламенттеуге аарналған арнайы тарауы бар; сақтау міндеттемелері туралы жалпы ережелер қарастырылады, сақтаудың неғұрлым кең тараған түрлері толық регламенттелінген. Барлық осы мәселелер, құқықтық реттеу ерекшеліктері, шарт белгілері мен элементтері осы зерттеудің келесі тарауларында қарастырылатын болады.

## 2 САҚТАУ ШАРТЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

### 2.1 САҚТАУ ШАРТЫНЫҢ ЭЛЕМЕНТТЕРІ

Сақтау шартының элементтерін қарастыра келе біз көптеген ғалымдардың (А.П. Сергеев, Ю.К. Толстой, М.И.Брагинский), шарт элементтері ретінде тараптарын, негізін, бағасын, негізін, мерзімін және формасын бөліп көрсеткен пікірлерімен келісеміз. Біз сақтау шартының элементтерімен дәл осындай реттілік арқылы танысатын боламыз.

Қатынастардың осы түрі бойынша тараптар ретінде оған қатысатын тұлғалар әрекет етеді. Жалпы ереже түрінде сақтау шартының субъектілік құрамы шектеусіз болып келеді. Алайда бұл ереженің кейбір ерекшеліктері де бар.

Ең алдымен сөз консенсуалдық сақтау шарты туралы болып отыр. Ол оларға кәсіпкерлердің қатысуын қарастыратын шарт түрлерінің бірін білдіреді, мұның өзі осы шартқа қатысты АҚ белгілеген құқықтық режимнен тікелей көрініс тапты. Сол себепті де қолданыстағы ҚР АҚ 769 бабының 1 тармағында осы бапта көрсетілген «кәсіпқой сақтау» белгілеріне жауап беретін нақтылы субъектілер шеңберіне қатысты – сақтаушыға мүлікті сақтауға берушіден шартта қарастырылған мерзімге сақтауға қабылдау міндеттілігі көрсетілген осындай шарт жасасу мүмкіндігі бөліп көрсетілген.

АҚ 769 бабының 1 тармағы консенсуалды шартқа сақтаушы тарапынан мүмкін болатын қатысушы ретінде ең алдымен коммерциялық мекемені атап көрсетеді. Аталған норма АҚ бірінші бөліміндегі коммерциялық мекемелер ұғымы шеңберінен шығатын кең көлемдегі түсінік беруді талап етеді. Шартта сақтаушы ретінде коммерциялық мекемелер – заңды тұлғалар да (шаруашылық серіктестіктері, өндірістік кооперативтер, мемлекеттік кәсіпорындар) кәсіпкер азаматтар да қатыса алатындығы қарастырылады. Консенсуалды шаартқа сақтаушы ретінде кәсіпкер азаматтарды қатыстыруға жол беруге болмайды деген қорытындыны тек ол тікелей заңда, өзге құқықтық актіде көрсетілген немесе құқықтық қатынастаар негізінен туындаған жағдайда ғана жасауға болар еді, алайда бұл жағдайда ол белгілердің бір де бірі жоқ.

Консенсуалдық шартта сақтаушы ретінде егер де сақтау оның кәсіптік қызметі мақсаттарының бірі болған шарт орындалған жағдайларда (кәсіпқой сақтаушы) сақтаушы ретінде коммерциялық емес мекеме де әрекет ете алады деп есептейміз (АҚ оған қарсы белгіленген нормалар жоқ). Мұндай шектеулер АҚ 34 және 35 баптарында бекітілген жалпы нормалармен байланысты [73], олардан коммерциялық емес мекемелердің арнайы құқық қабілеттілігі бар деген қорытынды жасауға болады. Бұдан белгілі бір қызмет түрі ретінде мүлікті сақтауға қабылдау аталған мекемелердің құрылыу мақсатына қол жеткізуі және осы мақсаттарға сәйкес болуы үшін қызмет ететін белгілі бір қызмет түрі болып табылады деген қорытынды туындайды.

Мемлекеттік кәсіпорындар арнайы құқықтық қабілетке ие болатындықтан және сақтау бойынша қызметті жүзеге асыру мүмкіндігі, демек консенсуалдық шарттарға қатысу мүмкіндігі де болатыны сақтаудың мекеменің осындай

арнайы құқық қабілеттілігіне жатқызылуына байланысты болады. Біздің пікірімізше көрсетілген көзқарасқаа байланысты С.Суворованың консенсуалдық шартта сақтаушы ретінде тек сақтауды өзінің кәсіптік қызметінің бір мақсаты ретінде жүзеге асыратын мекеме ғана әрекет ете алады деген пікірі белгілі бір нақтылауды қажет етеді. «Заңды тұлғалар» егер де ол қызмет мақсаттарына қайшы келмейтін болса және құрылтайшыы құжаттарымен тікелей тиым салынбаған болса сақтаушы ретінде әрекет етеді [53, с. 13].

Демек, кәсіпорындардан өзге мұндай мекемелердің барлығы ол үшін нақтылығы да, консенсуалды да шарттарды пайдалана отырып сақтау бойынша қызметті жүзеге асыра алады [74, с. 13].

Заңның өзінде (өзге құқықтық актіде) шартқа сақтаушыы ретінде қатысу үшін қосымша шектеулердің болуы мүмкін. Ең алдымен сақтау бойынша қызмет лицензияланатындар қатарына енгізілуі мүмкін екенін көрсетуіміз қажет. Мысалы, «Лицензиялау туралы» Заңда [75] өндірістік мақсаттағы жарылғыш заттарды, жарылыс ісінің құрал- жабдықтары мен приборларын сақтау, мұнай мен оны өңдеу өнімдерін сақтау, газ және оны өңдеу өнімдерін сақтау, мемлекет қажеттіктеріі үшін астық және оны өңдеу өнімдерін сақтау бойынша қызмет, дәрі – дәрмек құралдарын және медициналық мақсаттағы бұйымдарды сақтау көрсетілген. Сондай – ақ жекелеме заттарға (мүлікке) қатысты сақтаушыы жағынан шартқа қатысуды шектеуге бағытталған арнайы нормалар да бар.

Мысалы, «Есірткі заттары, қоздырғыш заттар, прекурсорлар туралы және олардың заңсыз айналымы мен оларды шектен тыс пайдалануға қарсы іс-қимыл шаралары туралы» Заңмен [76], сақтаушы рөлінде ҚР Үкіметі белгілеген тәртіппен арнайы жабдықталған бөлмелерде аталған қызмет түріне лицензиясы болған жағдайда тек заңды тұлғалар ғана әрекет етуі тиіс деп белгіленген. Тек мекемелердің арнайы түрі – депозитарийлер құнды қағаздар сертификаттарын сақтау бойынша қызмет көрсету түрінде көрініс табатын депозитарлық қызметті жүзеге асырумен айналыса алады [77]. Құнды қағаздарды тұтқынға алу тәртібінде мұндай жағдайларда орындаушы- сот приставы оларды құнды қағаз иесіне сақтауға беру немесе лицензиясы бар мамандандырылған мекемеге беру туралы шешім қабылдауы мүмкін.

Зейнетақы қорлары орналастырылған құнды қағаздар сертификаттарын сақтау депозитариймен жасалынған шарт бойынша жүзеге асырылады, оның рөлін тек тиісті қызметті жүзеге асыруға рұқсаты бар (лицензиясы) заңды тұлға ғана атқара алады. « Астық туралы» Заң [78] астықты және оны өңдеу өнімдерін сақтау бойынша қызмет ҚР заңнамаларымен анықталатынын қарастырады.

Меншік иесіне оның өзіне тиесілі мүлікті сақтауға беру кезінде ерекше жағдай қалыптасады. Мұндай жағдайларда таза құқықтық «тұлғаның екіге бөлінуі» жүзеге асырылады. Бұл тұлғаның меншік иесі ретінде тиісті мүлікке қатысты иелену, пайдалану және басқару құқықтық өкілеттігіне ие болатыны, ал сақтаушы ретінде – оны иелену өкілеттігіне ғана ие болатынымен және оның сақтауға беруші құқығынан туындайтынымен байланысты болады.

Мұндай жағдайдың принципті мүмкіншілігі бірнеше заңдарда қарастырылған. Мұнда аталған актілер бір тұлғаның осылайша қалыптасқан құқық коллизиясы қалыптасатыны туралы мәселенің қалай шешілетінін анықтауға мүмкіндік береді. Сөз болып отырған заңдар ең алдымен іс жүргізу құқығы саласына жатқызылады. Бұдан бұрын азаматтық іс жүргізу кодексіне енгізілген тиісті нормалар енді «Атқарушы өндіріс және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» заңға да енгізілген [79]. Оларда орындаушы – пристав оған айыппұл салу мақсатымен тұтқындалған борышкер мүлкін біреуге сақтауға бере алатыны қарастырылған. Мұнда мүлікті өзгелерімен бірге борышкерге де беру мүмкіндігі ерекше бөліп көрсетілген. Мұндай жағдайларда жасалынатын сақтау шарттарының режимі принципті түрде сақтаушы ретінде борышкер әрекет ете ме, әлде өзге біреу әрекет ете ме оған байланысты болмайтынын көрсету маңызды. Бұл жерде басқа барлық сақтаушылар сияқты борышкер де өзіне сақтауға берілген мүлікті иеленуге құқылы еместігі, бірақ ол оны мүліктің қасиеті оны пайдалану мүліктің жойылуына немесе оның құндылығының төмендеуіне алып келмейтін болса оны пайдалана алатыны туралы сөз болып отыр. Мұндай сақтаудың ерекшеліктерінің бірі сыйақы төлеу мәселесін шешумен байланысты. Борышкердің өз мүлкін сақтайтынын есепке ала отырып Заң егер де сақтаушы ретінде борышкердің өзі немесе оның отбасы мүшелерінің бірі әрекет ететін болса оның өзге барлық сақтаушылардан айырмашылығы онымен жасалынған сақтау шарты орыныын толтырымсыз болып табылады.

Дәл осындай құрылым нотариустың мұрагерлік мүлікті сақтауға берген кезінде пайдаланылады [80]. Мұндай жағдайда шарт бойынша тараптардың бірі ретінде әрекет ете отырып нотариус контрагент ретінде кез келген тұлғаны, оның ішінде мұрагерді де таңдауға құқылы, демек, мұрагерлік ашылған кезден бастап тиісті мүліктің меншік иесі болып табылатын тұлғаның өзін де таңдай алады. Тағы да бір қарастырылған жағдайға ұқсас жағдай бар, ол АК өзінде тікелей қарастырылған. Сөз кепілге алушының құлпымен және мөрімен немесе кепіл туралы куәлік беретін белгі соға отырып кепілге берілген мүлікті кепілге берушінің өзінде қалдыру туралы болып отыр.

Мүлікті меншік иесіне сақтауға берудің мақсаты мүлікті иелену мүмкіндігін шектеу және оны сақтау болып табылады. Сонымен, қарастырылған жағдайларда мүліктік қатынастарды міндеткерлік қатынастар ығыстырып шығарады.

Келтірілген мысалдарда мұндай ығыстыру заңмен қарастырылған. Алайда, ол заңда арнайы қарастырылмаған жағдайда дәл осындай құрылымды пайдалану үшін оның кедергі болуға тиіс емес екендігі айқын. Оның мүмкін болатын қажеттігін келесі мысал арқылы көруге болады.

Гараждар мен автокөліктерді иеленетін фирма оларды жалға береді. Мұндай жағдайда жалға алынған автокөлікті тұлға жалға беруші фирманың меншігі болып табылатын гаражда сақтайтын жағдай да орын алуы мүмкін. Мұндай жағдайда сақтауға берушінің сақтау шартындағы тиісті тараптың барлық құқықтар жиынтығын иеленетінін тануға тура келеді, мұнда сақтаушының тиісті құқықтарды жүзеге асыруға байланысты талаптарына

(мысалы, автокөліктің сақтау кезінде ақаулы болуы) соңғысы автокөліктің меншік иесі өзі болып табылатынын алға тартқан қарсы пікір қоя алмайды.

Сақтаушының контрагенті ретінде кім әрекет етуі тиіс деген сұрақ ерекше қызығушылық тудырады. Сөз ең алдымен сақтаушыға берілетін мүлікке сақтауға берушінің қандай құқықтарға ие болуы мүмкін екендігі туралы болып отыр.

Сақтауға беруші – бұл ең алдымен сақтауға берілетін мүліктің меншік иесі. Сонымен қатар АҚ те өзге де актілерде де мүлікті өзге тұлғалардың да сақтауға беруіне тиым салынатын ереже жоқ. Сақтаушы өзіне сақтауға берілген мүлікке тиісті құқықтарды тек өз кезегінде сақтауға беруші иелену құқығына ие болған жағдайда ғана ие болады. Ең маңызды сақтау шарттарының бірі – тауар қоймаларында сақтауға қатысты АҚ 39 тарауының § 3 заң шығарушының сақтаушының контрагентін АҚ дәл осы тарауының § 1 және 2 көрсетілгендей сақтауға беруші деп емес «тауар иесі» деп атауы тегін емес. Бұдан туындайтын қорытынды ол меншік иесі немесе мүлікті заңды негізде иеленіп отырған кез келген тұлға болуы тиіс. Бұл жерде кең көлемдегі тұлғалардың болуы қарастырылған, олар: жалға алушылар, сақтаушылар, көлік мекемелері. Алайда әдеби мәліметтерде өзге де көзқарастар айтылған. Мысалы, К.А. Граве сақтауға берушінің рөлін меншік иесі ғана емес, сонымен қатар «мүліктің сақталуына мүдделі болып табылатын өзге де тұлға» атқара алады деп есептейді [65, с. 325]. Алайда, автор суреттеу үшін келтірген мысалдардың барлығы тиісті құқықтық титулдың иесі болып табылатын сақтауға беруші туралы айтатынын атап өткеніміз әділ болады (сөз тапсырыс беруші мүлікті берген медігер, жалдаушы, комиссиянер, кепіл ұстаушы туралы болып отыр).

Біздің пікірімізше сақтаушы мүлікті қабылдаған кезде оны сақтауға берушіден мүліктің тиісті титулға тиісті екенін растауды талап етуге құқылы емес. Сол себепті оны иеленудің заңдылығының дәлелденуінің болмауын желеу етіп мүлікті қабылдаудан бас тарту заңмен қарастырылмаған өзге де жағдайларға сілтеме жасаған сияқты жария шарт режимін бұзу болып табылады. Алайда, іс сақтауға берушінің белгілі бір титулының болуы қажеттігі себепті принципті бас таратуда болып отырған жоқ, ал тек презумция туралы заңнан туындайтын факт ғана, ол сақтауға берушінің тиісті қызмет көрсету туралы өтініш жасай келе тиісті титулға ие болатынын білдіреді. Сол себепті сақтаушы ұрлықшы болуы да мүмкін деген римдік принциптен бас тарту қажет болады. Сонымен, «мүдденің болуы» сақтауға берушіні тиісті деп тану үшін жеткілікті емес белгі болып табылады деген қорытындыға келуге болады.

Сақтау шартының субъектілік құрамының ерекшеліктерін қарастыра келе қарастырылатын шарттың негізімен танысу қажет деп есептейміз. Бірақ осы жағын тікелей қарастыруға кіріспестен бұрын сақтау шартының «заты» және «объектісі» ұғымдарының арақатынасына көңіл аудару қажет деп есептейміз.

Азаматтық құқық ғылымында сақтау шартының «заты» және «объектісі» ұғымдарының бір жақты дефинициясы жоқ. Зерттеушілердің бір тобы сақтау шартының негізі ретінде белгілі бір мүлікті, затты, тауарды ұғынады. Тиісінше олар объект ретінде мүлікті сақтау бойынша қызметті қарастырады [66, с. 769], [81, с. 468].

Өзге авторлар сақтау шартының негізі сақтаушының дербес қызметі болып табылады деп есептейді. Олар объект ретінде сипаты және тұтынушылық қасиеттері бойынша сақтаушы одан кейін де табыс табу мақсатымен пайдалануы мүмкін болып табылатын заттар түрінде көрініс беретін тауарды атайды (мысалы тауар қоймасында сақтау кезінде) [82, с. 72], [83, с. 602].

Біздің пікірімізше, авторлардың біріші тобының көзқарасы неғұрлым дұрыс болып табылады. Бұл жағдайда зат және объектіге қатысты даулар кейбір ғалымдардың құқықтық қатынастардың объектілері мен субъектілерін шарт объектісі мен затымен араластыруы нәтижесінде пайда болады. Құқықтық қатынастар көп жағдайларда белгілі бір келісімдер жасалынған жағдайларда пайда болады. Сонымен, шарт белгілі бір құқықтық қатынастардың туындауына негіз болатын құқықтық факт ретінде әрекет етеді.

Кез келген құқықтық қатынастардың немесе шарттың объектісі деп қатынастардың пайда болуына себеп болатын қызметті атқаратынды айтады. Демек, сақтау құқықтық қатынастарына қатысты сақтаушының қызметінің өзі, сақтау бойынша қызмет көрсету процедурасы объект болып табылады. Затты құқықтық қатынастарда немесе шартта тараптардың қандай да болмасын міндеттемелері қайда бағытталғанын анықтауға болады. Көптеген цивилистер шарт затын анықтауда осындай анықтаманы қолдайды [36, с. 31], [83, с. 184]. Сақтау құқықтық қатынастарының затына келетін болсақ, оны сақтаушы сақтауға міндеттенетін мүлік (қоймада сақтау шартында тауар) ретінде белгілеуге болады.

ҚР қолданыстағы АҚ сақтау шартының затын нақтылай түсті – ол үнемі мүлік ретінде әрекет етеді. Заң шығарушының бұл новелласын қолдауға болады, себебі ҚазКСР- і АҚ сақтау шартының заты ретінде әрекет еткен мүлік ұғымы неғұрлым кең мағнаға ие және үнемі сақтау шартының заты ретінде әрекет ете бермейді.

Мүліктің нақтылы түрінің айналым қабілеттілігі маңызды емес, себебі осы белгісі бойынша қарастырылатын шарттың заты ретінде әрекет етуге қабілетсіз заттар жоқ. Осы соңғы белгіде тиісті қызмет- сақтаудың ерекшелігі көрінеді, ол соңғы нәтижесінде мүліктің жоғалтылуығ жоғалуы, сатылуы, зақымдануы, демек айналымнан алынған мүліктер үшін де дәл осындай мөлшерде маңызға ие болатын мүмкіндігінің алдын алуға бағытталған.

Сонымен қатар, АҚ 2 бабының 3 тармағынан туындап отырғандай заң деңгейінде сақтауға белгіленген заттарды қабылдаудың өзге де құқықытарымен қатар осы тармақта көрсетілген игіліктерді қорғау үшін қажетті мөлшерде шектелуі мүмкін. Бұл заңда қарастырылған жағдайларда қоғамдық құрылыс негіздерін, адамгершілікті, өзге тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, елдің қорғаныс қабілеттілігін және мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында орын алады. Оған мысал ретінде Қазақстан Республикасы «Есірткі, психотроптық заттар, сол тектестер мен прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс- қимыл шаралары туралы» Заңына сілтеме жасауға болады (ст. 14) [76]. Аталған Заң соған сәйкес заттарды оларды сақтауды заңды тұлғалар ҚР Үкіметі белгілеген

тәэртiппен жүзеге асыратын заттар қатарына жатқызады. Тиiстi режим өте қатаң болып көрiнедi, себебi дәл осы Заңның 14 бабы Заңда қарастырылмаған кез келген мөлшерде, кез келген мақсатпен сақтауға тиым салады. Сақтау заты болып табылуы мүмкiн түрлi заттардың iшiнде құжаттар мен құнды қағаздарды да бөлiп көрсетуге болады. Мысалы банктер жүзеге асыратын операциялардың бiрi Қазақстан Республикасы Ұлттық Банк басқармасының «Банктерде сақтауға жатқызылатын құжаттарды рәсiмдеу және есепке алу және құжаттарды сақтауды ұйымдастыру бойынша талаптар туралы нұсқаулықты бекiту туралы» қаулысы негiзiндегi «төлем құжаттары мен құнды қағаздарды сақтау» болып табылады [77]. Құжаттарды сақтау Қазақстан Республикасы «Нотариат туралы» Заңының 93 және 94 баптарына сәйкес нотариустар көрсететiн қызметтер қатарына жатады [80]. Беру және сақтау заттары қызметiн жеке анықталған заттар, ал кейбiр жағдайларда топтық белгiлерiне ие заттар атқаруы мүмкiн. Ақша сақтауға ең алдымен жеке анықталған зат режимiнде берiлуi мүмкiн. Бұл жеерде сөз жеке белгiлерi бар монеттер мен банкноттар туралы болып отыр (мысалы, олардың iшiндегi тарихи құндылықтары барлары немесе қылмыскердiң қолтаңбасы қалған банкноттар).

Мұндай жағдайда қалыптасқан қатынастар кәдуелгi сақтауу шарты түрiнде болады. Өзге жағдайларда ақшаны сақтау үшiн ең алдымен несие шарты пайдаланылады. Алайда бұл шартта ақшаны беретiн және оның қайтарылуын күтетiн тұлға белгiлi бiр тәуекелге барады, ол ең алдымен ақшаны алған адамның оны қайтару мiндеттiлiгi туындайтын уақыттағы қаржылық мүмкiндiктерiмен байланысты. Мұндай салдарды болдырмау үшiн ақшаны «бумада» беру түрiнде сақтауды жүзеге асыруға болады. Бұл жерде сөз сақтау үшiн ақшаны, әр түрлi сипаттағы өзге де құндылықтарды сейфте, қойма ұяшығында, банктегi бөлек бөлмеде, немесе қонақүйдiң ақша сақтау бойынша көрсететiн қызметi туралы болып отыр (ст. 786 ГК). Аталған жағдайларда сақтауға берушi өзiне тиесiлi ақшаның айналымнан шығуымен байланысты терiс саалдарды өзiне қабылдайды (ол қарызға берген ақшасынан пайыз алу, оларды инвестиция ретiнде пайдалану мүмкiндiгiн жоғалтады), бiрақ соның орынына өзiн контрагенттiң: банктiң немесе өзге де несие мекемесiнiң банкрот болуымен байланысты тәуекелден кепiлдендiредi.

Революцияға дейiнгi заңнамаларда сақтау шартының негiзi қызметiн тек қана жылжымалы мүлiк атқаратынына сiлтеме болған жоқ. Бiрақ та бұл жағдай әдебиетте бiрауыздан жылжымайтын мүлiктi сақтауға беру мүмкiндiгiнiң жоққа шығарылуына кедергi бола аалмады. Мұндай шектеудiң қажеттiгiн Д.И. Мейер былайша түсiндiрдi «мүлiк өзiнiң мақсаты бойынша тек қана жылжымалы мүлiкке қатысты болуы мүмкiн, себебi тек қана осы мүлiк түрi осындай сақтауды қажет етедi, сол себептi оған бөлме беру қажет..., сақтау кезiнде мүлiк сақтауға қабылдаушының қолында болады және оны мен мүлiктi сақтауға берушiнiң арасында ешқандай жеке тұлғалық қатынастар болмайды...» [84, с. 275]. Осыған ұқсас көзқарасты Г.Ф. Шершеневич те бiлдiрдi. Жылжымайтын мүлiктi сақтау затының құрамынан шығару оған қажеттiлiктiң жоқтығымен байланысты деген көзқарастағыларға қарсы пiкiр бiлдiре келе ол «жылжымайтын мүлiкке қатысты бөлме беру артық жұмыс болып табылады

және оларды сақтау тек оларды жеке тікелей бақылаумен шектелуі тиіс, басқаша айтаар болсақ жылжымайтын мүлікті сақтау сақтауға беруді емес, жалға алуды ғана тудырады» деп көрсетті [13, с. 424]. Автор жеке жалға алу деп оның түрлерінің бірі – сақтау шарты туралы айтты.

Революцияға дейінгі әдебиетте, тіпті 1963 жылғы АҚ қабылданғанға дейін де сақтау бойынша қатынастарды реттеу тұңғыш рет қаралған кезде де дәл осындай шектеулер қарастырылды. Мұны неғұрлым айқын көрсеткен З.И.Шкундин болды, ол «сақтау шартының заты жеке белгілерімен қатар оның сақтаушының бөлмесінде сақталатын немесе оның иелігіндегі аумақта сақталатын мүмкіндік беретін қасиеттері болуы тиіс» екеніне назар аударды. Сондықтан жерден бөлінбейтін объектілер, ғимаараттар, құрылыстар, бақшалар және т.б. сақтау объектісі бола алмайды» [85, с. 107]. Осы жағдайға К.А. Граве де назар аударды. 1963 жылғы АҚ қабылданғаннан кейін О.С. Иоффе Кодекстің тиісті тарауының нормаларын есепке ала отырып «сақтау объектілері сақтаушының иелігіне беріледі және оның шаруашылық саласына ауыстырылады. Егер де объектінің физикалық қасиеттері мұндай ауыстыруға мүмкіндік бермейтін болса онда сақтау да мүмкін емес болады Мысалы тұрғын үй сақтау шартының объектісі бола алмайды» деп көрсетті [45, с. 495].

Осы бағыт жаңа Азаматтық Кодекс қабылданғаннан кейін қазіргі таңда да бірауыздан қолданылады. Оған дәлел ретінде соңғы жылдардағы жұмыстардан жиі кездестірілетін «Сақтауға әдетте жылжымалы мүлік беріледі, ал күзетшінің күзеті жылжымайтын мүлік немесе жеке тұлғаларға қатысты жүзеге асырылады» деген көзқарасқа сілтеме жасауға болады [48, с. 567]. «АҚ сақтау заттары құрамында жылжымайтын мүліктің болуын жоққа шығармайтынына қарамастан жылжымайтын мүлік объектілері сақтау заты бола алмайды деп есептеуге болады, себебі олар сақтаушының иелігіне берілмейді. Тек секвестрге қатысты ғана басқаша айтуға болады» [85, с. 481].

Жылжымайтын мүлікті сақтау заты құрамынан шығару жылжымайтын мүлікті сақтаушының иелігіне берудің мүмкін еместігімен байланысты, ал бұл сақтау міндеттілігінің міндетті шарты болып табылады [36, с. 447].

Сонымен, тиісті мәселені шешуге қатысты заңнамалар мен ғылымның соңғы нәтижедегі бірыңғай тұжырымдамасын байқау қиын емес. Егер де оған өзге елдердің догмалары мен доктриналарындағы айқын көрінетін тенденцияны қосатын болсақ, онда Е.А.Сухановтың: «Кейде айтылып қалатын бұл шарттың заты (сақтау туралы сөз болуда) құрылыс болуы мүмкін емес деген көзқарас түсініксіз жағдайларға негізделетін сияқты» деген пікірінің дұрыстығына үлкен күман тудыруға болады [85, с. 152]. Революциядан кейінгі сот тәжірибесінде де, ал одан кейін әдебиеттерде де осыған ұқсас мәселелер көтерілгенін атап өтуіміз қажет. Мысалы 1963 жылғы АҚ әрекет кеткен кезде істердің бірінде сот сиырды қыста ұстауға беру сақтау емес мердігерлік болып табылады деп таныды. Бұл шешімгі Л. Антонова түсінік бере келіп онымен келісті [67, с. 14]. Біздің пікірімізше аталған қорытындымен келіспеуге де болады, бұл жерде «сақтау» ұғымына «күтуді», «ұстауды», «асыраудф» қарсы қоюдың негізсіз екені көрініп тұр. Оған дәлел ретінде АҚ 775 бабына сілтеме жасауға болады. Оның 1 тармағында сақтаушы үшін «өзіне сақтауға берілген мүліктің



сақталуын қамтамасыз теу үшін сақтау шартында қарастырылған барлық шараларды қабылдау» міндеті бекітілген. Сақтаушыдан «мүлікті сақтау үшін» өзге де шараларды қабылдауды талап ететін бұл бап шартта мұндай шаралар туралы шарттың болмауы немесе мұндай шаралардың толық еместігіне қарамастан шартта көрсетілген шектен шығу мүмкіндігін де қарастырады. Әрине, «жаны бар» мүлік үшін бұл ең алдымен «ұстау» болады. «Пайдалану» құқығына келетін болсақ Кодексте сақтаушыға тиісті құқықтар беру қарастырылмағанымен оған тиым да салынбайды (АК 775 бабы). Бұл мәселе өзінде «жемістер мен кірістерді» сақтау мәселесіне де қатысты (АК 775 бабының 5 тармағы). 1963жылғы АК іс жүзінде «қараусыз малды табу үшін» әр түрлі екі терминді пайдаланғанымен: бірінші жағдайда - «сақтау», ал екінші жағдайда — «ұстау және пайдалану», екі жағдай да бірдей деңгейде сақтау бойынша қатынастардың шеңберіне сияды деген қорытынды жасауға болады.

О.С. Иоффе, табылған малмен емес, сонымен қатар айдап әкелінген малға қатысты пайда болатын қатынастар туралы айта келе былай деп көрсетті «екі қатынас та азаматтық – құқықтық болып табылады және тиісінше оларға қатысты «сақтау шарты нормалары» қолданылуы тиіс [45, с. 493]. Оған дәлел ретінде сақтау шарты затының құрамына «жанды мүлікті» енгізу тиісті құрылымның табиғатына қарсы келмейтінін келтіруге болады, басқа да бірнеше мысалдар келтіруге болады. Мысалы АК новеллаларының бірін салыстыратын 124 бапта («Жануарлар «жануарларға қатысты мүлік туралы жалпы ережелер қолданылады, себебі заңмен және өзге де құқықтық актілермен өзгеше көзделмеген» деп белгіленген. Сонымен қатар АК 124 бабы тура қарама- қарсы қорытынды жасауға мүмкіндік береді: жанды мүліктер заңда және өзге де құқықтық актілерде осы мәселеге қатысты арнайы көрсетілген жағдайларда мүмкін болатын сақтау заттарының құрамынан шығарылады.

Аталған жағдайлар жанды мүлікті сақтау кезінде сақтаушы мұндай жағдайларда өзіне шарт затын «қабылдау» ғана емес, сонымен қатар «ұстау» міндеттемесін қабылдайтынын жоққа шығармайды. Алайда мұндай жағдай ерекше болып табылмайды. Оған мысалдардың бірі – жылдам бұзылатын тауарлар .Оларды мұздатқыш қондырғыларда сақтау сақтаушының тиісті температураны сақтау, сұрыптап отыру және т.б. міндеттерін қарастырады.

Жеке анықталған мүліктермен қатар сақтау заты «туыстық белгісі бойынша» анықталған заттар да болуы мүмкін. Сөз сақтаудың ерекше түрі – заттарды дара белгісінен айыру арқылы сақтау. Оларға римдік құқығы кезінің өзінде – ақ реттелмейтін атауының берілуінің өзі олардың «дұрыс еместігін», «ерекшелігін» көрсетті.

АК 771 бабы реттеусіз сақтауға арналған 771 («Мүлікті дара белгілерінен айыра отырып сақтау»), ол оның мазмұнын мынадаан көреді, бір сақтауға берушінің сақтауға қабылданған мүлкі өзге сақтауға берушілердің осындай түрдегі және сападағы мүлкімен араластырыла сақталады (сөз ең алдымен ерекше түрлер: тауар қоймалары- астық қоймалары, мұздатқыштар, көкөніс қоймалары, элеваторлар және т.б. туралы болып отыр). Кәдуелгі (реттеулі) және реттеусіз сақтау арасындағы айырмашылық соңғы нәтижесінде келесіден көрінеді: бірінші жағдайда шарттың тиісінше орындалуы дәл сол сақтауға

берілген мүліктің қайтарылуынан көрінеді, ал оны ауыстыру «шегінбелі» режимде – міндеттемені тоқтату әдісі арқылы жүргізіледі, ол АҚ 369 бабына сәйкес тараптардың келісімі бойынша міндеттемеде қарастырылғанның орынын өзге орындаумен ауыстырудан көрінеді.

Кәдуелгі және реттеусіз сақтау арасындағы шекті мүлікті жеке анықталған және туыстық белгілері бар деп бөлуге мүмкіндік беретін заттардың қасиеттерін есепке ала отырып белгілеу қабылданған. Тиісінше кәдуелгі сақтаудың заты жеке анықталған мүлік болатын болса, реттеусіз тек туыстық белгілері бар мүліктерге қатысты болатыны танылады. Алайда біздің пікірімізше аталған көзқарас нақтылауды қажет етеді. Соған байланысты ҚР АҚ 771 бабының тікелей алдында қолданылған 1963 жылғы АҚ 430 бабына қайта оралу қажет. Біздің ойымызша алғашқысында реттеусіз сақтаудың мүлкі туыстық белгісі бар заттар ғана емес, атап айтқанда «шартта туыстық белгілері бар» деп өте сәтті көрсетілген.

Заң шығарушы тек тиісті шарт, таңдап алынған құқықтық режим арқылы осындай деп танылған мүлік қана туыстық белгісі бар деп танылатынына көңіл аударады. Сонымен сақтау мүлкі туыстық белгісі барға жатқызылғандықтан ғана емес, шарт мазмұны сақтаушының берілген мүлікті ауыстыру міндеттілігін қарастыратындығы саалдарынан реттеусіз деп танылады. Оған дәлел ретінде автокөлікті сақтаумен байланысты мысал келтіруге болады. Тауар қоймасында сақтау мәселесі бойынша белгілі бір мөлшердегі автокөліктерге қатысты шарт жасалынуы мүмкін, әр автокөлікке зауытта номер берілген. Сақтау шарты мұндай жағдайларда шарт затына тән болуы мүмкін дербестендіретін белгілерді есепке алмайды және керісінше, кәдуелгі сақтау кезінде шарт затын дербестендіру міндетті шарт болып табылады. Онсыз мүлік осы шарт үшін дәл осы мүлікті қайтару туралы әдеттегі болып табылатын сақтауға қабылдау жүргізілмейді [29, с. 69].

Көрсетілген мәселелерден АҚ 771 бабы неліктен сақтаудың реттеусіздік сипаты «сақтау шартында тікелей қарастырылған жағдайларда» ғана жүзеге асырылуын талап ететіні түсінікті болады. Келтірілген ережеде 1963 жылғы АҚ тікелей көрсетілмесе де жанама түрде шартта қарастырылған құқықтық режимнің біріншілігі туралы мәселе көрсетілген және тиісінше мүліктің ерекшелігі болып табылатын қасиеттердің екіншілігі танылатыны көрсетілген.

Сауда айналымында реттеусіз сақтаудың кең таралғанына қарамастан догмалар мен доктриналарда әлі күнге дейін мұндай жағдайларда кім сақталатын заттың меншік иесі болуы тиіс деген мәселе бойынша бірлік жоқ. Реттеусіз сақтау кезіндегі қатынастарға қатысушылар арасында қалыптасатын мазмұнның барлығы бірдей соңғы нәтижесінде тәуелді болатыны туралы мәселе ең басты мәселе болып табылады.

Іс жүзінде ендігі жерде сөз тиісті мәселені шешудің үш мүмкін болатын нұсқасы туралы болып отыр:

1 мүлікті даралық белгілерінсіз сақтауға беру оның сақтаушының меншігіне көшуін білдіреді;

2 бір сақтауға аберушінің берілген мүліктері өзге сақтауға сақтауға берушілерден алынған мүліктермен бірге олардың ортақ үлестік меншігіне

айналады;

реттеусіз сақтау кезінде берілетін мүліктер кәдуелгі сақтаудағы сияқты сақтауға беруші сақтаушыға тек иеленуге ғана береді, демек, оның меншік иесі сақтауға беруші болып қала береді.

1922 және 1963 жылғы АҚ қабылдануы арасында кодекстердің біріншісінде сақтау туралы тараудың болмауына байланысты 1925 жылы ішкі сауда халық комиссариаты бекіткен «Ортақ пайдаланылатын тауар қоймаларында сақтаудың тәртібі туралы уақытша ережелер» үлкен қызығушылық тудырады. [41, с. 101-105]. Олар дараландыру және дараландырусыз сақтау бойынша қатынастарды бірдей деңгейде реттеді. Дараландырусыз сақтауға қатысты қойылған сұраққа тікелей жауап бермегенімен бұл акт сонымен қатар мұндай жағдайларда сол тауардың қайтарылуы міндетті емес болатынын қарастырды. Ең бастысы ол дәл сол сортты тауар болуы. Сонымен қатар тауар «қандай да болмасын себеппен жоғалтылған немесе зақымданған болса да» сақтаушы өзі әлі міндеттілігінен босатылмаған тауарды қайтарып беруге міндетті екендігі ерекше атап көрсетілді. Осы арқылы тауардың кездейсоқ жойылуы тәуекелін сақтаушы өзіне қабылдайтын болды. Ал бұдан сөз болып отырған үш құрылым ішінде келтірілген қорытынды үшін тек біріншісі: сақтаушы- меншік иесі негіз қызметін атқаруы тиіс сияқты болып көрінеді.

1963 АҚ (430 бап) екі шешім болуы мүмкін деп есептейді: мүліктің мүлікті тең немесе тараптар келіскен көлемде, сол сапада және мөлшерде қайтарып беру міндеттілігі жүктелген сақтаушының меншігіне көшуі, немесе өздері өткізген мүліктің санына (құны) сәйкес барлық сақтауға берушілердің ортақ үлестік меншігі беелгіленуі мүмкін. Бірінші шешім (сақтаушы- меншік иесі) 1963 АҚ көрсетілді, ал «сақталатын мүлік сақтауға берушілердің ортақ құндылығын құрайды» деген құрылымға айқын сүйенген екіншісі тараптар арасында осы мәселе бойынша өзара келісімге қол жеткізілген жағдайда мүмкін болады.

Қолданыстағы АҚ (сөз 771 бап туралы болып отыр) реттеусіз сақтау үшін тек бір шешім ғана қарастырады: сақтауға берушіге сол туыстық белгісі бар, сол сападағы тең бөлігі немесе тараптар арасында келісілген бөлігі қайтарылады.

Қолданыстағы Кодекс қабылданар алдындағы кезеңде осы мәселе бойынша кең көлемдегі пікірталас жүрді. Сөз болып отырған барлық үш құрылымның да жақтастары табылды. Сонымен қатар пікірталасқа қатысушылардың бір бөлігі өз көзқарастарын негіздеп қана қоймай, сонымен қатар оған қарсы пікірдегілерге дәлелдер ұсынды.

Бірінші көзқарастың жақтастарының бірі (меншік иесі - сақтаушы) атап айтқанда О.С. Иоффе болды. Ол «Егер де кім де кім дәл сол затты емес, оған ұқсас затты қайтаруы тиіс болса, онда осы фактінің өзі оған қарсы тұрған құқықтық өкілеттігі барлардың меншік иесі болу құқығын емес талап ету міндеттілік құқығының иесі болатынын көрсетеді» деп көрсетті. Даралық белгілерін көрсетпестен сақтау кезіндегі қарым- қатынастар дәл осмындай сипатта болады. Және егер де сақтауға беруші осы қатынастарға талап ету

құқығының иесі ретінде қатысатын болса, онда сақтаушыны сақтауға берілген мүліктің меншік иесі деп тануға тура келеді». Өзінің осындай көзқарастарға қарсы пікірінде М.В. Зимелева расында да мұндай жағдайда «меншік иесі болу құқығының тауар қоймасына көшуі орын алмайды, себебі заң тауар иесінің өзінің даралық белгісіз тауарын пайдалану құқығын сақтайды» деген пікірге көңіл аударды [3, с. 106]. Біздің ойымызша оған қоса тағы да бірнеше пікірлерді көрсетуге болады. Негізгі пікір сақтаушыны меншік иесі деп тану сақтаушы мен несиеге беруші арасындағы шектің жойылуына алып келеді деген пікірге әкеліп саяды. Бұл жерде сөз мынада болып отыр мұндай жағдайда мүлікті сақтау өзінің маңнасын жояды себебі сақтаушының барлық міндеттерінің несие берушінің міндеттерінен еш айырмашылығы жоқ болып шығады және ол өзге өзі қабылдаған заттар ішінен сол сапалы және сол мөлшердегі заттарды қайтару қажеттігіне әкеліп саяды». Сақтау шартының сақталуына, мүлікті үшінші тұлғаға сақтауға беруге тиым салуға, белгілі бір жағдайларда сақтау бойынша шығындардың орыныын толтыруға (тең бөлшерде және төтенше шығындарды), жоғалтқаны үшін жауапкершілік жүктеуге, мүлікті пайдалануға тиым салуға, мүліктің жетіспеуі немесе ақауланғаны үшін жауапкершілікке, шартты бір жақты тоқтатуға арналған АҚ нормаларының әрекет етпеуі қаупі пайда болады. Осы шарттың жария анықтауының күшімен несиеге алушыға жүктелетін бір ғана міндет, атап айтқанда несиеге берушінің талап етуі бойынша тең көлемдегі мүлікті қайтару міндеті ғана қалады.

Реттеусіз сақтау үшін белгілі бір құрылымды пайдалану қазіргі таңда ең алдымен банкроттық мәселесіне байланысты үлкен маңызға ие болып отыр.

Бірінші кезекте сөз сақтаушының банкроттығының салдары туралы болып отыр. Егер де қоймада сақталатын мүлік сақтаушының меншігі деп танылатын болса, онды конкурстық массаға енгізілмейтін борышкер мүлкінің жоғарыда аталған толық тізімінде (ҚР «Банкроттық туралы» Заңы) [86], ол кредиторлар талаптарын кезекпен қанағаттандыруға бағытталатын болады. Сонымен, сақтауға берушілер іс жүзінде тек ең соңғы бесінші кезекте ғана кредиторлар құрамынан өздеріне орын таба алатын болады оның өзінде олардың талаптарын осы кезектегі өзге кредиторлардың талаптарымен «теңестірілуінің» қажет екенін есепке ала отырып жүргізіледі. Әрине, банкроттықтың себебі мекеменің ауыр қаржылық жағдайы болатындықтан банкроттыққа ұшыраған сақтаушыдан оған сақтауға берілген мүліктің құнының орынын толтыру туралы қойылған талаптың қанағаттандырылатынына есеп жасауға келмейді. Сонымен, реттеусіз сақтаудың бірінші құрылымының тауар қоймасы кредиторларының мүддесін расында да сақтауға берушілердің есебінен қорғау деп есептеуге толық негіз бар.

Сақтауға берушінің мүмкін болатын банкроттығына келетін болсақ, онда бұл жағдайда кез келген шешім шыққанда да сақтаушының мүддесі сақтаушы- кредитор қамтамасыз етудің ұстап қалу деген құралын пайдалануға құқылы екендігімен қорғалатын және сол арқылы өзге кредиторлармен салыстырғанда басымдық жағдайға ие болады.

Егер де банкроттық туралы мәселені есепке алмайтын болсақ, онда сақтауға берілген, сақтаушының шаруашылық саласына түскен (әдеетте мүлікті сақтаушының меншігіне беру идеясын жақтаушылар осыны талап етеді) мүліктің бірден сақтаушының өзінің борыштары бойынша борыштарын өндіріп алу объектісіне айналу мүмкіндігімен байланысты тәуекелмен байланысты өзгеше мәселе туындайды. Сонымен, бұл жағдайда сақтауға берушінің өзінің де, оның кредиторларының да мүдделеріне қатер төнеді [87, с. 107].

«Сақтаушы – меншік иесі» құрылымын сынай келе С.Н. Ландкоф былай деп атап көрсетті: «Сақтауға өткізілген тауар қойманың меншігіне айналмайды. Қоймаға сақтау үшін тапсырылған тауарлар қойма кәсіпорынының қарыздары үшін тізімге алуға жатқызылмайды» [19, с. 231].

Жоғарыда атап өткеніміздей, ҚР АҚ аталған үш құрылымның қайсысын пайдалану қажет екеніне қатысты жауап бермейді. Әдебиеттердегі мәліметтер бойынша көптеген авторлар сақтауға берушілердің ортақ үлестік меншігі идеясын қолдайтындай көрінеді. Атап айтқанда мұндай көзқарасты М.Г. Масевич келтірген. Ол «Реттеусіз сақтау кезінде барлық сақтауға берушілердің ортақ үлестік меншігі пайда болады және мүлік кездейсоқ жоғалған жағдайдағы шығындарегер де сақтау туралы шартта басқаша қарастырылмаған болса олардың арасында сақтауға тапсырылған мүлігіне пропорционалды қатынаста бөлінуі тиіс» деген қорытындыға келеді [81, с. 315]. Е.Б. Осипов «Түрлі сақтауға берушілердің бір белгі мен сападағы даралық белгілерінсіз сақтауға берілген мүлік араласқан кезде (оның ішінде сақтаушының өз мүлкімен де араласқан кезде) олардың әрқайсысының меншік құқығы ортақ үлестік меншік құқығына айналады, себебі бір түрдегі заттар массасының бір бөлігінің меншік иесі болуға қатысты меншік иесі құқығының болуы мүмкін емес» деп есептейді [50, с. 415].

Аталған қорытынды қосымша қарсы пікірлер тудырады. Іс мынада, мұндай жағдайларда тарап ретінде кәсіпқой сақтаушы әрекет етеді. Ал бұл өз кезегінде оған сақтауға қабылданған мүлік жоғалған, жетіспеген немесе зақымданған жағдайларда жауапкершілік жүктейді. Тіпті еңсерілуі мүмкін емес күш жағдайына дейін (АҚ 779 бабының 1 тармағы). Демек, сол арқылы ол сақтауға қабылданған мүліктің кездейсоқ бөліну тәуекелін де өз мойнына алуы тиіс. Сонымен қатар, ұсынылған шешімді басшылыққа алатын болсақ, атаалған тәуекел сақтауға берушілер арасында бөлінетін болады. Мұның азаматтық айналымға қатысушылар арасында тәуекелді бөлудің негізгі принциптеріне қайшы келетіні анық, себебі ол АҚ 780 бабының 1 тармағына сәйкес тәуекелді түпкі нәтижесінде оның нәтижелерінен пайда түсіретін шарт тарабы өз мойнына алуы тиіс. Бірақ бұл жағдайда реттеусіз сақтау кезінде аталған принциптерден бас тарту ұсынылатын салдардың себептері толықтай түсінікті емес болып шығады.

Д.А. Вавулин былай деп атап көрсетеді: «Сақтауға тапсырылған тауарды дараландыру және дараландырусыз кезінде де ол тауар иесінің меншігі болып қала береді, айырмашылық тек мынада ғана, түрлі тұлғалардың меншігіндегі тауар дарасыздандырылған кезде ғана бұл тауар ортақ меншік мүлкі болып

табылады». Бірақ бұл жағдайда түсініксіздеу жағдай қалыптасады, ол бойынша бір тауар (тауарлар) бір мезетте бір тұлғаның (туар иесінің) тікелей жеке меншігінде және дәл осы қоймада өз мүліктерін сақтап отырған осы және өзге де барлық сақтауға берушілердің ортақ мүлкі болып табылады [88, с. 54].

Өз кезегінде осы екінші тұжырымдама атап айтқанда О.С. Иоффе, К.А. Граве және М.В. Зимелева тарапынан сынға ұшырады. Кейбір ерекше назар аударуды қажет ететін ескертулерді көрсете кетелік. «Сақтауға берушінің ортақ мүлікке қатысуы осы және өзге де кредиторларға назаар аударған жағдайдың өзінде ешқандай да көрініс бермейді. Ол ешқашан да сақтауға берушілерден өз үлесін бөлу туралы мәселе қоймайды, тек сақтаушыға тиісті көлемдегі мүлікті беру туралы талап қоя алады», - деп көрсетті О.С. Иоффе [45, с. 504]. К.А. Граве «мұндай ортақ меншік кезінде меншікті иелену, пайдалану және иелік жасау бойынша ортақ келісім талап етілмейді, іс жүзінде талап етілуі мүмкін де емес. Соған байланысты меншік иелерінде ешқандай да ортақ шығындар, төлемдер мен алымдар болмайды. Меншік иелерінің ешқайсысы да сатып алу басымдығы құқығын пайдалана алмайды» деп атап көрсетті [65, с. 185]. М.В. Зимелева келтірген қарсы пікірлер ішінен атап айтқанда келесі пікірді бөліп көрсетуге болады «сақтаудан тұратын мүлікті басқаруды тауар қоймасы сақтау шартынан туындайтын тапсырыс негізінде жүзеге асырады...» [3, с. 44].

Соңғы нәтижесінде осы дәлелдердің барлығы да бір арнаға келіп тоғысады: реттеусіз сақтау кәдуелгі сақтау сияқты сақтаушымен қатынастар тудырады және сонымен біір мезгілде мұндай жағдайларда сақтауға берушілер арасында ешқандай да заңдық байланыс туындамайды. Сақталатын мүлікті ортақ үлестік меншік деп есептеуді ұсынатындар ортақ үлестік меншіктің жиынтық құқықтық режимін құрайтын және оның негізін көрсететін АҚ нормаларының бір де бірі (ҚР АҚ 209 - 218 баптары), қарастырылатын жағдайға сәйкес келмейді деген қорытынды жасауға болады деп есептейміз. Атап айтқанда АҚ аталған баптарына енгізілген он нормада үлестік меншіктің барлық қатысушыларының келісімі қажет екендігіне сілтеме бар екенін көрсетуге болады. Сонымен қатар бұл тиісті мүлікке иелік етуге де қатысты. Егер де бұл нормаларды қарастырылатын жағдайға қолданар болсақ жаңа сақтауға берушіден мүлік қабылдау, әр сақтауға берушіге мүлігін қайтару кезінде барлық сақтауға берушілердің ерікті келісімін алу талап етілген болар еді. Алайда тәжірибеде мүлдем былайша болмайды және олай болуының мүкін емес екендігі де айқын.

Үшінші нұсқа: сақтауға беруші сақтауға берілетін мүліктің меншік иесі болып қала береді. Мысалы М.В. Зимелеваның пікірінше, «мұндай жағдайларда тауар қожайынының тауар қоймасындағы осы сортты тауарлардың барлық қорына үлестік меншігі пайда болмайды, тек осы қордың бір мөлігіне ғана менік иелігі пайда болады... Бірыңғай акт тәртібімен ортақ қорға иелік ету еш уақытта да орын алмайды – әр қожайын дәл сол сортағы тауардың өзіне тиесілі бөлігіне дербес иелік етеді» [3, с. 44].

Біз сақтауға берілген мүліктің меншік иесін анықтау бойынша ұсынылған құрылымдардың бір де біреуіне қосылмаймыз, себебі заң шығарушы құқықтық фикцияға жол берген деп есептейміз, және іс жүзінде егер де шартта зат ретінде

туыстық белгілері бойынша анықталған мүліктер әрекет ететін болса сөз сақтау шарты туралы емес несие шарты туралы болып отырғанын білдіреді.

Егер де реттеусіз сақтау орын алған болса, онда ол бұл шарттың дәл сақтауға берілген затты сақтау және қайтарудан тұратын мақсатына қайшы келеді, себебі сақтауға берушіге дәл осындай түрдегі және сападағы, бірақ дәл сол сақтауға берілген емес мүлік қайтарылады, сондықтан да белгілі бір туыстық белгілері бар тауарларды сақтауға тапсырған кезде сақтау шарты емес, несие шарты орын алады деп есептейміз, себебі сақтау реттелусіз түрде болуы тиіс емес, болмайды да.

Сонымен сақтау шартының заты деп тікелей сақтаушы қызметінің объектісі болып табылатын мүлікті, демек қызмет көрсету процедурасын айтатынын біз анықтадық. Сақтау шарты затының ерекшеліктерін қарастыра келе сақтау шартының мерзімі, уақыты, құны және сақтау шартының түрі сияқты элементтерін зерттеуге кіріскен дұрыс болады.

Сақтау шартындағы мерзім – бұл белгілі бір уақыт кезеңі. Сақтау мерзімі шарттың өзімен негізделеді. Егер де шартта мерзімі көрсетілмеген болса, сондай-ақ оны шарттың шарттарынан анықтау қиын болатын болса, онда сақтаушыға мүлікті сақтауға беруші талап еткен мерзімге дейін сақтау міндеті жүктеелінеді, соның салдарынан сақтау мерзімі талап етілу мерзімі арқылы анықталуы мүмкін. Мұндай жағдайда сақтаушы мұндай жағдайлар үшін әдеттегі болып келетін мүлікті сақтау мерзімі аяқталған кезде сақтауға берушіден оған осы үшін тиімді болатын уақыт бере отырып мүлікті кері қайтарып алуды талап ете алады.

Шарт құнын анықтауға келер болсақ сақтау шартының мұндай элементі тек орынын толтыратын сақтау шарттарында ғана орын алады. Сақтаушы қызметінің құны тарифтер мен ставкалар негізінде немесе сақтау шарты тараптарының келісімі бойынша анықталады.

Және ең соңында сақтау шартын жасау формасы қолданыстағы ҚР АҚ белгіленген. Бұл жерде АҚ сәйкес сақтау шартының формасы – жазбаша, заң шығарушы жазбаша сақтау шартын жасасу үшін негізді нақтыламайтынын көрсетуіміз қажет.

АҚ 772 бабы, біздің пікірімізше біраз нақтылауды талап етеді. Талданылатын баптың 1 тармағына сәйкес ауызша түрге вокзалдар, аэропорттар, мекемелер, кәсіпорындар, театрлар және т.б. гардеробтарында және сақтау камераларында сақтаушының номерлер, жетондар және өзге де растаушы белгілер бере отырып қысқа мерзімдік сақтау кезінде ғана жол беріледі. Алайда осы баптың үшінші тармағы тұрмыстық қызмет көрсету деп аталатын түріндегі сақтау кезінде де ауызша түрге жол берілетінін көрсетеді.

Соған байланысты екі сұрақ туындайды. Біріншіден, неліктен 1 тармақ «императивті- шектеуші» түрде құрастырылған [52, с. 22]. Егер де ол бойынша дәл осы бапта ерекшелікке жол берілетін болса? Оның өзінде тұрмыстық қана емес, сонымен қатар төтенше сақтау кезінде де (5 тармақ). екіншіден, «тұрмыстық қызмет көрсету түрінде сақтау» деген не? Кодексте осы ұғымды түсіндірудің болмауы (оған ресми комментарийлерде де) тәжірибеде күрделі жағдайлардың пайда болу қаупін туғызады.

Тұрмыстық қызмет түрінде сақтау ұғымын қарастырмастан бұрын тұтас алғандағы тұрмыстық қызмет ұғымын нақтылау қажет болады.

С. И. Ожеговтың түсініктеме сөздігінде «тұрмыс» термині «өмір сүру жағдайы, күнделікті өмір» мағнасын білдіреді [11, с. 122]. Осы ұғымды қызмет анықтамасымен салыстыра келе тұрмыстық қызмет дегеніміз – азаматтардың күнделікті қажеттіктерін қанағаттандыруға бағытталған қызмет түрі деген қорытынды жасауға болады (жөндеу, киім тігу, косметика салонының қызметі және т.б.).

Халыққа қызмет көрсетудің жалпыресеілік жіктегіші тұрмыстық қызмет көрсетуді «жеке тұлғалар көрсететін ақылы қызмет» деп анықтайды.

Отандық әдебиетте және заңнамаларда тұрмыстық қызмет ұғымы келтірілмеген және тиісінше тұрмыстық қызмет түрінде сақтау ұғымы да жоқ. Ол туралы жалғыз мәлімет С.К.Идрышеваның «Сақтау шарты жария шарт ретінде» мақаласында келтіріледі - «тұрмыстық қызмет көрсету түріндегі сақтау шарты мысалы туыстар, таныстар арасында ауызша түрде жасалынуы мүмкін» [89, с. 5].

772 бапқа талдау жасай келе АҚ 39 бабының § 1 келесі мазмұндағы жаңа «Тұрмыстық қызмет түріндегі сақтау шарты» 769-1 бабының § 1 тармағымен толықтыруды ұсынамыз:

*«Тұрмыстық қызмет түріндегі сақтау шарты азаматтар арасында ауызша түрде және тек жеке, отбасылық, күнделікті пайдалануға арналған кәсіпкерлік қызметпен байланысы жоқ мүліктерге қатысты жасалынады».*

Доктриналық деңгейде «тұрмыстық қызмет» анықтамасының болмауына байланысты осы дефиницияның авторлық ұғымы ұсынылады:

*«Тұрмыстық қызмет – бұл заттық нәтижесі болмайтын, азаматтардың белгілі бір отбасылық, жеке, күнделікті қажеттіктерін қанағаттандыру мақсатында жасалынатын қызмет түрі».*

Шарттың жазбаша түрі егер мүлікті сақтауға қабылдауды сақтауға алушы сақтауға берушіге сақталатын жазба, түбіртек, куәлік немесе өзге де сақтаушы қол қойған құжат беру арқылы растаған болса сақталынған деп есептелінеді (ҚР АҚ 772 бабының 2 тармағы).

Бірақ тәжірибеде көбінесе кейбір сақтаушылар өздері үшін тиімсіз жағдайлар пайда болу қаупі төнген жағдайларда осы норманы айналып өтуге тырысады. Мысалы, Павлодар облысының азаматтық істер бойынша коллегиясы 03.02.2006 жылы «Кар-Тел» ЖШС «ЕБМ» ЖШС апелляциялық арызын қанағаттандырды. Іс материалдарынан көріп отырғанымыздай талапкер автокөлігін «ЕБМ» ЖШС тиесілі автотұраққа қойды, және бақылаушыға паркока үшін 40 теңге төледі. Ол өз кезегінде төлем жасалғаны турады бір реттік талон берді, мұның өзі сақтау шарты тараптарының арасында жазбаша түрді сақтай отырып шаарт жасалғанының куәлігі болып табылады. Біршама уақыт өткеннен кейін көлікті тұрақтан белгісіз біреулер ұрлап кетті. Автокөлік құны 947850 тенгені құрайды. Талапкер жауапкерден ұрлаанған көліктің құнына парапар сомадағы сомаға оның орынын толтыруды талап етті, жауапкер талапкер автокөлікті парковкаға қойғаны үшін төлем жасағанын және



түбіртек беру сақтау шарты болып табылмайтынын алға тартып одан бас тартты. Сот жауапкер келтірген дәлелдерді есепке алмады және заңды түрде талапкердің арызын толық қанағаттандырды [37].

Қазіргі таңда сақтау шарты ҚР АҚ және өзге де нормативтік құқықтық актілермен реттеледі, олар осы зерттеу тақырыбын қарастыру барысында қаралатын болады. Алайда белгілі бір мәселе бойынша әр түрлі, екі жақты түсіндіруге жол беретін құқықтық нормалар кездеседі, бұл ең алдымен олардың айқын берілмеуімен байланысты болады. Кейбір жағдайларда заңға тәуелді актілердің де ҚР АҚ нормаларына сәйкес келмейтін, қайшы келетін, мүлдем қарама- қайшы келетін жағдайларының орын алуы фактілері кездеседі, осы жоғарыда аталғандардың салдарынан қазіргі таңда сақтау шартын жіктеу кезінде коллизиялардың артуу тенденциясы байқалады.

Бір жағдайда сақтау бойынша міндеткерлік дербестелінген – жеке азаматтық – құқықтық қатынас ретінде әрекет ететін болса, екінші бір жағдайларда – міндеткерліктің өзге түріндегі қосымша шарттар үлкен рөл атқаратынын атап көрсеткіміз келеді. Сақтау шарты дербес азаматтық – құқықтық ретінде тараптар құқықтық қатынастарға енген негізгі немесе негізгілердің бірі болып табылатын мақсатты құрайды деп танылған жағдайда ғана танылады (затты сақтау камерасына, ломбардқа, тауар қоймасына және т.б. тапсыру.) [2, с. 5].

Сақтау өзге негізгі мазмұны болған кезде негізгі міндеттеменің тиісінше орындалуының қосымша факторы ретінде жүзеге асырылған кезінде қосымша немесе қосалқы түрде болады (мысалы, сату- сатып алу шартында мүлікті сақтау міндеттемесі, мердігерлік, экспедиция, комиссия шартында тапсырыс берушінің материалдарын сақтау міндеттілігі) [90, с. 4]. Сақтау міндеттілігі қызмет көрсету бойынша қатынастардың құқықтық түрі ретінде әрекет етеді. Бұл шарттың негізі мүлікті қабылдаушы тұлғаның оның сақтау және сақталған түрінде қайтару міндеттілігінен тұрады. Сақтау міндеттемесінің анықтамасынан көріп отырғанымыздай оның мақсаты «тауарда өнімдегі сияқты, тұтынушылық құндағы сияқты болатын құнды сақтау, ол сондықтан да өнімді сақтау, тұтынушылық құнның өзін сақтау арқылы ғана сақталуы мүмкін болады» болып табылады [91, с. 158].

Бұл жерде ең маңыздысы сақтауға берілген мүлікті сол қалпында сақтау болып табылады.

Сақтау шартының сақтаудың жекелеме түрлері деп аталатын ерекше реттелетін түрлері үшін бөлінген шарттардың үлкен санынан тұрады. Тәжірибеде сақтау бойынша қатынастардың төрт негізгі құрылымы пайдаланылады. Оның біріншісі ҚР АҚ 768 бабының 1 тармағында көрсетілген анықтаманың шеңберіне жатқызылатындай етіп құрылған. Бұл құрылымның қажеттігі немесе тым болмағанда қажет етілуі тиісті қызмет дербес сипатта болған кезде пайда болады. Сонымен қатар, көптеген жағдайларда мүлікті сақтау міндеттілігі өзге типтегі шарттың мазмұнына енетін жағдайлар жиі кездеседі және мұндай жағдайда осы екі нұсқаның бірі таңдалынады.

«Бір нұсқада сақтау бойынша міндеттеме күрделі бірыңғай шарттың ажырамас бөлігін құрайды, одан оның сақтаусыз өмір сүруі мүмкін емес деген

қорытынды туындайды. Бұл атап айтқанда тасымалдау шартына қатысты . Оның үш негізгі элементін бөліп көрсетеміз: жеке жалға алу, мүліктік жалға алу, тапсырыс, Г.Ф. Шершеневич оған төртіншісін қосады: «Жүкті өз иелігіне қабылдай отырып тасымалдаушы оны сақтауға және бұзылудан қорғауға міндеттенеді – осы жағдайдан сақтау жағдайын көруге болады.. Алайда таза сақтау шартынан айырмашылық сақтау міндеттілігі негізгі болып табылмайды, тек қана жеткізіп беру міндеттілігіне қоса атқарылады».? Мұндай жағдайда сақтау бойынша міндеттілік нақтылы күрделі шарттың негізіне имманентті болып келеді. Осы себепке байланысты сақтау бойынша міндеттілік тиісті шарттың конституциялық белгісіне айналады» [2, с. 5].

Дәл осы мысалды пайдалана отырып жүкті және багажды тұтас және сақталған күйінде жеткізіп беру көлік мекемесінің шарт бойынша негізгі міндетін құрайды, ал олардың тасымалдау үшін қабылдап алынған кезден бастап жүкті қабылдаушыға жеткізіп бергенге дейінгі сақталуы үшін мүліктік жауапкершілік – тасымалдаушының аталған шарт бойынша жауапкершілігінің негізгі түрі болып табылады. Кепіл шарты бойынша тараптар арасында бір мезетте кепілге қойылатын мүлік бойынша қатынастар туындайды, оларда кепілдің сипатына байланысты сақтаушы ретінде кепілге беруші немесе кепілге алушы әрекет ететін болады [92, с. 79].

Осы тарау шеңберінде біз сақтау шарты элементтерінің ерекшеліктерін зерттедік, тиісті қорытындылар жасалынды және қарастырылған тақырып шеңберінде азаматтық заңнамаларды жетілдіру бойынша ұсыныстар жасалынды.

## **2.2 САҚТАУ ШАРТЫНДАҒЫ ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

Кез келген шартта тараптардың құқықтары мен міндеттері оның негіздері мен ерекшеліктерін ашып көрсету кезінде елеулі рөл атқарады.

Заң шығарушы АҚ сақтау шартының мазмұнын жеткілікті түрде толдық ашып көрсеткен (біз тараптардың құқықтары мен міндеттері туралы сөз қозғап отырмыз), алайда шешуі сақтаушы мен сақтауға берушінің құқықтары мен міндеттерін мұқият қарастыруды талап ететін белгілі бір мәселелер бар.

Сақтау шартындағы тараптардың құқықтары мен міндеттерін тікелей қарастыруға көше келе құқық институтында міндеттемені анықтау бойынша түрлі көзқарастардың бар екенін атап көрсетуіміз қажет, әр автор міндеттеменің не екенін өзінше ұғынады. Мысалы, В.М. Корельскийдің и В.Д. Переваловтың пікірінше «міндеттеме – бұл адамның қоғамдық қажетті, тиісті әрекетінің өлшемі, ол құқықтар мен бостандықтармен қатар құқықтық реттеудің тепе-теңдігін, тұрақтылығын және динамизмін қамтамасыз етуі тиіс» [93, с. 502].

Сақтау шартындағы тараптардың құқықтары мен міндеттері туралы айта келе осы зерттеудің алдыңғы тарауларын еске ала отырып тағы да нақтылы және консенсуалды сақтау шарттарының аражігін ашып көрсету қажет. Нақтылы сақтау шартында тараптардың құқықтары мен міндеттері сақтауға берушінің мүлікті сақтаушыға нақтылы берген кезінен кейін ғана пайда болуы

мүмкін. Сақтаушының басты міндеті мүліктің сандық және сапалық жағынан сақталуын қамтамасыз ету болып табылады, тараптар мүліктің құндылығына қатер төндіретін факторлар мен сақтаушы қабылдауы тиіс оның алдын алу шаралары туралы алдын ала келісіп ала алады. Консенсуалды сақтау шартындағы жағдай біршама өзгеше болады, мұнда тараптар арасындағы қатынастар олардың арасындағы шарттың өзінен туындайды. Нақтылы сақтау шартында тараптардың құқықтары мен міндеттері тек мүлік берілгеннен кейін ғана пайда болады. Консенсуалды шартта мүлдем өзгеше, мұнда тараптардың арасындағы қатынастардың өзі олардың арасындағы келісім арқылы ғана туындайды. Мұндай шартта мүлікті берумен байланысты және пайда болуы үшін мүліктің берілуі қажет болатын контрагенттер арасында пайда болатын қатынастар кезіндегі құқықтар мен міндеттерді айқын бөліп көрсетуге болады. Соңғысы нақтылы сақтау шартында шарт жасалынған кезден бастап тараптарды байланыстыратын құқықтар мен міндеттермен сәйкес келеді.

ҚР АҚ 769 бабының 2 тармағында [94], консенсуалды шарттың ерекшеліктері сипаттала келе, сақтаушының сақтауға берушіден мүлікті шартта қарастырылған мерзім ішінде қабылдап алу міндеттілігін көрсетумен шектелгенімен алайда, нақтылы жағдайда мұндай шарт құрамына сақтауға берушінің осы шартта көрсетілген ең соңғы мерзімге дейін мүлікті сақтауға беруі тиістігі туралы қарсы міндеттілігі де кіреді. ҚР АҚ 770 бабы «Мүлікті сақтауға қабылдау» деп аталғанымен осы міндеттілікті растайды, ол іс жүзінде дәл осындай сақтауға берушінің мүлікті сақтаушыға беру қарсы міндеттілігін реттеуге арналған [2,с. 90].

Мүлікті сақтауға қабылдау бойынша міндеттілік сондай-ақ басқару органдарының жеке өкім шығару актілері негізінде немесе егер де шартта бір тараптың болашақта екінші тараптың мүлкін сақтауға қабылдау міндеттілігін қарастырған шарт болған болса сақтау бойынша қатынастарға қатысушылардың өз бастамалары бойынша пайда болуы мүмкін [36, с. 49].

Сақтаушы мүлікті сақтауға қабылдау міндеттілігін тек консенсуалдық сақтау шартында ғана мойнына ала алады. Мұндай шартта сақтаушы мүлікті сақтау бойынша қызмет көрсетуі тиіс болып табылатын белгілі бір кезең міндетті түрде көрсетіледі. Бұл белгілі бір күнтізбелік уақыт,немесе шартта міндетті түрде көрініс табатын белгілі бір жағдайдың туындауы болуы мүмкін. Сондай-ақ сақтаушыға мүлікті сақтауға берушіден белгілі бір кезең ішіндегі кез келген уақытта сақтауға қабылдап алу міндеттілігі жүктелуі мүмкін. Сақтаушы қарастырылған міндеттерді орындаудан жалтарған жағдайда сақтауға беруші міндеттемені нақтылы мүлікпен орындалуын талап етуге құқылы. Мүлікті сақтауға қабылдау міндеттілігі сақтаушыдан тек сақтау шартында өзгеше қарастырылмаған болса шартпен келісілген мерзім ішінде мүлік оған берілмеген болса ғана алынып тасталынады.

Сақтаушы мүлікті сақтауға қабылдап алғаннан кейін онда мүлікті сақтау бойынша негізгі (басты) міндеттілік пайда болады, себебі сақтау шарты бойынша бір тарап (сақтаушы) оған екінші тарап (сақтауға беруші) берген мүлікті сақтауға және оған сол сақтауға берілген күйінде қайтарып беруге міндеттенеді (ҚР АҚ 786 бабының 1 тармағы). Сондай – ақ сақтаушыға осы

мүлікті сақтаумен байланысты өзге де қосымша міндеттер жүктелуі мүмкін екенін атап өтуіміз қажет. Оған мысал ретінде құнды қағаздарды тұтқындау ережелерінде қарастырылған қызмет түрлерін келтіруге болады. Атқарушы өндірісті мерзімімен және дұрыс орындау мақсатында, сондай-ақ сот органының шешімінің нақтылы орындалуына қолдау көрсету мақсатында мамандандырылған мекемелерге құнды қағаздар сақтауға беріледі. Оларға төлем жүргізу немесе жабу мерзімі келген жағдайда ақша қаражатын талап ету және алынған қаражатты сот приставтарының тиісті бөлімшесінің депозиттік шотына салу міндеттілігі жүктелінеді.

Мүлікті сақтауға бағытталған әрекеттер түрлі сипатта болып келуі және заттың шығу тегіне, сапасына, орынына және сақталу мерзіміне тәуелді болып келуі мүмкін. Сақтаушы қабылдайтын шаралар мүлікті кім қабылдайтынына (жеке адам немесе мекеме), қызмет орынын толтыра немесе орынын толтырылымсыз көрсетілетініне, ол мекеменің жарғысында көрсетілген қызметінің мақсаттарының бірі болатыны немесе болмайтындығына тәуелді болып келеді. [36, с. 51].

Мысаалы «Ақыл» ЖШС Ақтау қаласының сотына «ДОС» ЖШС өрт нәтижесінде номері ВА 643152 «Когель» жартылай прицеп-рефрижераторына келтірілген 1млн. 546 мың тенге шығынды өндіріп беру туралы шағым жасады.

09.07.1999 жылғы сот шешімімен талап арыз толық қанағаттандырылды.

Сот ҚР АҚ 768, 775, 778,779 баптарын басшылыққа ала отырып дауласушы тараптаар арасында сақтау шарты жасалынғаны, оның шарттарына сәйкес жауапкер сақтауға қабылданған жартылай прицептің зақымданғаны үшін жауап беруі тиіс деген қорытынды жасады.

Апелляциялық инстанция сотының 09. 12. 1999 жылғы шешімімен сот шешімі оның заңдылығы мен толық негізделуі себепті өзгеріссіз қалдырылды [66]. Немесе басқа мысал, «Спектр-н» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Семей қаласының сотына «Прогресс» ашық акционерлік қоғамынан 21. 05. 1998 жылғы № 79 шарт бойынша сақтауға берілген бензин үшін 2млн.826мың тенге өндіріп беру туралы талап арыз жасады.

30. 06. 1999 жылғы шешіммен талапкердің қойған сома бойынша талабы қанағаттандырылды.

Апелляциялық инстанция 08. 09. 1999 жылғы қаулысымен соттың шешіміне «Спектр-н» ЖШС талап арыздағы талап көлемін нақтылауына байланысты «Прогресс» ААҚ 1млн.100 мың тенге өндірді.

Өзге бөлігінде іс өндіріспен тоқтатылды.

Материалдық және іс жүргізу құқығы нормаларының қолданылуының дұрыстығын жоғары тұрған сот тексерген. [37].

Сақтаушы сақтау қызмет ету оның жарғысында (Ережеде) көрсетілген мақсаттарының бірі болып табылатын мекеме болып табылатын жағдайларда бұл мекемеге мүлікті сақтау бойынша барынша жоғары талап қойылады (ломбардтар, базарлар, тоназтқыштар, көлік мекемелерінің сақтау камералары, кеден мекемелері бекіткен қоймалар).

Бұл кәсіпорындар сақтау бойынша қызметті орынын толтыра отырып атқарады және мүліктің бұзылуының немесе жетіспеушілігінің алдын алу

бойынша әрекеттердің, іс- шаралардың тұтас кешенін, арнайы техникалық құралдарды, әдістерді, аппараттарды қолдануға міндетті. Олардың міндеткерлігі мүліктің ішкі және сыртқы қасиеттерін сақтауды қарастырады. Мүлік сақтау процесінен ол сақтауға қабылданғандағы жағдайда шығуы тиіс болады [95, с. 40-42].

Кейбір жағдайларда сақтауға берілетін мүлік бағалануы тиіс болады (әдетте бұл жеке пайдалануға арналған, үйде тұтынуға арналған, ломбардқа салынған қымбат металдардан жасалынған бұйымдар болып табылады). Мүлік автоматты кассалық аппараттар мен автоматты сақтау камераларын есепке алмаған кездегі көлік мекемесінің сақтау камерасына мүліктің әрбір орынының құндылығын жариялай отырып тапсырылуы тиіс. Көлік мекемелерінің сақтау камераларының қызметкерлері жарияланған құндылықтың көлемі күдік тудырған жағдайларда мүлік иесінің келісімімен және тікелей қатысуы арқылы сақтауға қойылған мүлікті тексеруге құқылы болады [36, с. 50].

Сонымен қатар, ломбардтар міндетті түрде сақтауға берушінің пайдасына өз есебінен сақтауға қабылданған мүлікті сақтандыруы тиіс. Сақтандыру оның толық бағаланған құнына сәйкес жүргізіледі. Бұл сақтау шарты жария сипатта болатындықтан ломбардқа кез келген өтініш жасаушымен сақтау шартына отыру бойынша міндеттеме жүктелінеді. Сақтауға берушінің келісілген мерзім ішінде мүлікті кері қайтарып алу талабын бұзған жағдайда ломбард оны тағы да екі ай мерзім ішінде сақтауға міндетті. Тек көрсетілген шекті мерзім аяқталғаннан кейін ғана ломбард мүлікті белгіленген тәртіппен сата алады. Мүлікті сату – бұл тек ломбардтың құқығы екенін атап көрсетуіміз қажет соған байланысты мүлік онда шектеусіз мерзім ішінде сақталынуы мүмкін, мұның өзінде ломбардта осы мүлікті сақтау бойынша міндеттілік сақталып қала береді. Сонымен қатар ломбардтарға нафталин пары концентрациясын жасау, бөлмелерде қажетті температураны сақтау, сақталатын мүлікті тексеріп отыру міндеттері жүктелінеді. [96, с. 128].

Сақталатын мүлікке ең жоғары деңгейде қамқорлық жасау міндеті мұздатқыш қондырғылар, сақтау камераларының, көлік мекемелерінің және т.б. иелеріне жүктелінеді. Барлық жағдайларда сақтаушы мүлікті жойылудан, бұзылудан, ұрланудан және т.б. сақтауға міндетті, тіпті сақтау шартында немесе арнайы ережелерде олай көрсетілмеген болса да осылай істеуге міндетті. Қолданылатын шаралар нақтылы жағдайларға, сақтауға берілген мүліктің қасиеттері мен жағдайына байланысты анықталуы мүмкін.

Мұздатқыш камералар мен базарлардың иелерінің, сондай- ақ сақтау камераларын жалға алып пайдалануға беру бойынша тікелей сақтау бойынша құқықтық қатынастарының аражігін ашып көрсету қажет екенін атап көрсетуіміз қажет. Мұндай шектеулер ең алдымен сот органдарының құқықтық қолдану қызметі үшін қажет. Аталған құқықтық қатынастарды бұлайша шектеудің теория үшін де, тәжірибе үшін де маңызы зор, себебі тараптардың міндеттері әр түрлі болып келеді.

Өз көзқарасымызды дәлелдеудің негізгі дәлелі ретінде бірнеше дәлелдер келтіре кетелік. Барлық жылдам бұзылатын азық- түлікті мұздатқыш камералардың иелері, ауыл шаруашылық мекемелері салмағы бойынша, орын

саны бойынша қабылдайды, демек сәйкесінше қабылдау жүргізіледі. Бқдан кейін азық – түлік тиісті нарядтар бойынша беріледі немесе тиеледі. Сонымен қатар сақтау камералары міндетті түрде жабылуы және мөрленуі тиіс. Мұндай жағдайда мүлік тиісті мұздатқыш камераның иесіне немесе ауыл шаруашылық мекемесінің иелігіне беріледі, демек оларда мұндай өнімдерді сақтау және оларды қабылданған күйінде қайтару міндеттілігі пайда болады. Мысалы мұздатқыш камералардың иелері өнімді тиісті қабылдау кезінде олардың термикалық жағдайын тексеруге, сорттаумен айналысуға, белгілі бір өнімдерді қатыруға, сондай- ақ қажетті температура режимін ұстауға міндетті. Ұл жерде біздің көріп отырғанымыздай сақтау шартының барлық маңызды белгілері бар.

Сақтау камерасын белгілі бір кәсіпорынға жалға беру жүзеге асырылған кезде кәсіпорын бұл камераға азық – түлік жеткізумен өзі айналысуы тиіс. Өнімді саны мен сапасына қарай қабылдау жүргізілмейді. Қол жетімділік қатаң шектеледі. Соған байланысты жалға алушының міндеттер шеңбері пайда болады: белгіленген мерзім ішінде мұздатқыш камераны пайдалануға кірісуі, ағымдағы жөндеу жұмыстарын өз есебінен мерзімімен жасап отыруы, оны және құрал- жабдықтарын жөндеп отыруы міндетті. Сонымен қатар жалға алушыда жалға берушінің жазбаша камераны жалға беру туралы келісімі болуы тиіс. Мұндай жағдайда өнім осы мұздатқыштың иесінің немесе өзге кәсіпорынның иелігіне берілмейтінін атап өтуіміз қажет. Бұл олардың сақтаушы болып табылмайтындығының дәлелі болады. Демек жауапкершілік те сақтау шартын бұзғаны үшін емес, жалға алу шартының шарттарын бұзғаны үшін болады. Сақтаушының өз иелік жасауын қорғау құқығы болатынын атап өтуіміз қажет, себебі сақтау тек оны нақтылы иеленуді қарастырады [97, с. 21].

Көлік мекемелерінің сақтау камераларына келетін болсақ, онда азамат пен белгілі бір көлік мекемесі арасында жасалынған сақтау шарты жария болып табылады, себебі олардың сақтау камералары мүлікті сақтауға берушілер жолаушы болып табылатынына немесе табылмайтынына қарамастан кез келген азаматтан қабылдауға міндетті болады. Мұндай шартқа отыру нәтижесінде сақтаушы сақтауға берушіге түбіртек немесе номерлі жетон береді. Түбіртек немесе жетон шартқа отырудың дәлелі қызметін атқарады және сақтауға берушіге тиісті мүлікті беру үшін негіз болады [98, с. 108].

ҚР АҚ 787 бабының ережелері бойынша сақтау камерасы, тиісті сақтаушы ретінде сақтауға берушінің өз мүлкін 3 айлық қосымша мерзім ішінде талап етпеген жағдайда сақтауға берушінің осы мүлкін сатуға құқық беріледі. Сақтаушы сақталған бөтен адамның мүлкін виндикациялық талап арыз бойынша талап ете алады деген пікірдегі ғалымдардың пікірімен келісеміз. Алайда барлық бірдей ғалымдардың дәл осы пікірді қостай бермейтінін атап өтуіміз қажет. Мысалы, В.Ф. Маслов виндикациялық талап арыз деп титулдық иеленуді қорғау туралы кез келген талап арызды демек, меншік иесінің ғана емес, сонымен қатар жалға алушыны, сақтаушыны да айтуға болады дегенмен келіспейді [99, с. 280]. Сонымен қатар, виндикациялық талаппен қатар сақтаушы мүліктің бүлінуі салдарынан болған шығынның орынын толтыру туралы талап арыз жасауға құқылы, сондай- ақ негаторлы талап арыз жасау құқығына да ие болады.

Сақтаушыға мүлікті тек қана оны тапсырған тұлғаға қайтару міндеті жүктелетінін айта кетуіміз қажет, бірақ бұл жерде сақтауға беруші өзге тұлғаға мүлікті кез келген уақытта алуға өкілеттік беруі де мүмкін екенін айта кетуіміз қажет, себебі сақтау мерзімі сақтауға берушінің мүддесін қорғай отырып белгіленеді. Тіпті сақтаушы сақтауға берушіден егер де мүлік белгілі бір уақытқа тапсырылған болса және ол мерзім әлі жетпеген болса өз мүлкін мерзімінен бұрын кері қайтарып алуын талап ете алмайды. Сақталған мүлік сақтауға берушіге бірден тиісті талап етілген жағдайда қайтарылып берілуге жатқызылады. Бұл жағдайда сақтаушының жұмыс режимі, белгілі бір мүліктің қасиеттері, қайтару шарты және осы мүлікті алу шарты есепке алынуы тиіс. Сонымен қатар қайтарылуы тиіс заттар сақтауға берілген кездегі сандық және сапалық мөлшерде болуы тиіс. ҚР АҚ 775 бабының мазмұны бойынша сақтауға беруші сақтаушыға мүлікті сақтау үшін барлық шараларды қабылдауды тапсырады. Бұл шаралар тікелей сақтауға берушінің өз есебінен жүзеге асырылуы тиіс. Орынын толтырусыз сақтау кезінде сақтауға берушінің тиісті сақтаушыға мүлікті сақтау үшін қажетті барлық шығындарының орынын толтыруы міндетті екені белгілі [29, с. 118].

Мысалы, Астана қаласының соты өз отырысында «Тың наны» ЖШС «Азық- тұлкі контрактісі корпорациясы» ЖАҚ 22816203 теңге өндіру туралы талап арызын қарай келе, 2000 жылы 14 қыркүйектегі шартқа сәйкес жауапкердің өкілі болып табылатын «№3 нан базасы» берілген астықты сақтауға міндетті екенін көрсетті. Алайда келісілген мерзім ішінде «Нан базасы» астықты қайтармады. Талапкер енді орынын толтыруды қажет ететін шығынға ұшырады. Жауапкердің сақтау шарты жасалынған жоқ деп есептелінеді деген дәлелін сот негізсіз деп тапты, себебі шарт жазбаша түрде жасалынған, өкілетті тұлғалар қол қойған, тараптар барлық маңызды шарттар бойынша келісімге келген және талапкердің талап арызы қанағаттандырылды. [37].

Сақтаушының құқықтары мен міндеттерін қарастыра келе азаматтардың автомотокұралдарды күзетілетін ақылы автотұрақтарға қоюы кезінде қалыптасатын құқықтық қатынастарға талдау жасауға жеке тоқталу қажет болады. Мұндай қызмет түрі құқықтық әдебиетте салыстырмалы түрде жақында ғана қарастырыла бастады. ҚР АҚ мұндай қызметке қатысты нақтылы нормалары жоқ. Автомото көлік құралдарын арнайы сақтау түрі ретінде бөліп көрсету жоқ, демек, ережелердің өзінде бекітілгендей бұл сақтау түрі егер де шартта өзгеше көрсетілмеген болса ҚР АҚ сақтау туралы жалпы ережелері, сондай - ақ «Тұтынушылар құқығын қорғау туралы» ҚР Заңы арқылы реттеледі [100].

Орындаушының негізгі міндеті тұтынушыға тиісті ақпаратты жеткізу болып табылады. Бұл ақпарат құрамында мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтер; автотұрақтың жұмыс режимі; көрсетілетін қызметтер туралы мәліметтер; негізгі және қосалқы қызметтердің бағасы туралы мәліметтер; жеңілдіктер алу құқығы бар тұтынушылар санатының тізімі; шарттар, актілер, сақтау қолхаттары және т.б. құжаттардың үлгілері; орындаушының мекен-жайы мен телефон номері; тұтынушылар құқығын қорғау бөлімшесінің мекен-

жайы мен телефон номері, сондай-ақ тұтынушының өтініші бойынша шартқа қатысы бар өзге де мәліметтер көрсетілуі тиіс.

Шарт екі данада жасалынуы тиіс. Бір данасы орындаушыда қалдырылады, ал екінші данасы тұтынушыға беріледі. Орындаушы тұтынушылар беретін тапсырыстардың есебін жүргізуі тиіс. Тапсырыс автото көлік құралдарын сақтау бойынша қызмет көрсету үшін міндетті талап болып табылмайды. Автото көлік құралын сақтауға қабылдау мүмкін болмаған жағдайда орындаушыға тұтынушының талап етуі бойынша орындаушының өкілетті қызметкерінің қолы қойылған дәлелдері көрсетілген қабылдаудан бас тартуын рәсімдеу міндеті жүктеледі.

Сонымен қатар орындаушы автотокөлік құралдарын шартта қарастырылған мерзім ішінде сақтау бойынша қызмет көрсетуі тиіс.

Мысалы Алматы қалалық сотының азаматтық істер бойынша сот коллегиясы өз отырысында И.И.Левковичтің «Арман» автокөлік иелері кооперативіне материалдық шығында және моральдық зиянды өндіру туралы талап арызы бойынша азаматтық істі қарады. Талапкер өз талаптарын өзінің «Ниссна Примера» автокөлігін 28.05.02 жылы «Арман» ПАК ақылы автотұрағына қойғаны және 29.05.02 жылы өз автокөлігінің оң жақ артқы есігінің терезесінің сынғаны, автокөлік салонынан антирадардың ұрланғанымен негіздеді. Жауапкер талапкердің «Арман» кооперативінің мүшесі болып табылмайтынын, ал антирадар – жол полициясы қызметкерлері тиым салған құрал екені туралы дәлелдер келтіре отырып өзіне қойылған талаптармен келіспеді.

Азаматтық істер бойынша сот коллегиясы талапкердің арызын жартылай қанағаттандырды, ол өз қаулысында талапкердің төлем жасағаны және оған түбіртектің берілгені сақтау шартының жасалынғанын растайтын факт болып табылатынын және тиісінше ҚР АҒ 778 бабына сәйкес сақтаушы сақтауға қабылданған мүліктің кемдігі, зақымданғаны немесе жоғалғаны үшін жауап беретінін көрсетті. Талапкердің моральдық шығынын өтеуден бас тартылды [37].

Тұтынушының өз автотокөлігін автотұрақтан шығарып әкету бойынша өз міндетін орындамаған жағдайда орындаушы егер шартта өзгеше көрсетілмеген болса тұтынушыға жазбаша ескерту жасай отырып осы ескертуден кейін бірақ уақыт өткеннен кейін сот шешімі негізінде автотокұралды алуға және оны АҚ қарастырылған тәртіппен сатуға құқылы. Автотокөлік құралын сатудан түскен сома тұтынушыға беріледі (сатумен байланысты шығындарды қоса есептегендегі орындаушыға тиіс соманы алып тастағанда) [29, с. 121].

Сақтаушының өз міндеттерін орындау мерзімі де маңызды факторлардың бірі болып табылады. Бұл мерзім сақтау шартының шарттарымен анықталуы немесе анықталмаған болуы мүмкін. Егер де сақтау шартының тараптары жеке тұлғалар болатын болса, онда сақтау мерзімі тараптардың келісімі арқылы да, жарғы бойынша да және сақтаушының жағдайы бойынша да анықталуы мүмкін. Азаматтар ломбардқы, сақтау камерасына және т.б. мүлкін тапсырған кезде сақтау мерзімі шартта осылайша көрсетіледі. Азаматтардың мүліктері



конақ үйлердің, жатаханалардың, демалыс үйлерінің, санаторийлердің сақтау камераларында, кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдардың гардеробтарында болған кезде сақтау мерзімі азаматтардың осы мекемелерде болу мерзімі арқылы анықталады.

Сақтау шартында сақтау мерзімі сақтаушының өз міндеттерін жүзеге асыру мерзімін анықтайды. Мүлікті сақтауға қабылдаған тұлға белгіленген мерзім аяқталғанға дейін әдетте сақтауға берушіден өз мүлкін кері қайтарып аалуды талап ете алмайды. Оған мұндай құқық тек сақтауға берушінің мүддесі үшін белгіленген мерзім аяқталған жағдайда ғана беріледі [36, с. 82].

Белгілі бір жағдайларға байланысты жоғалған мүліктің сақталуына қатысты заң шығарушы сақтаудың келесі режимін қарастырған (шарт мерзіміне байланысты). Мүлікті тапқан адам оны өзінде сақтауға немесе ішкі істер органдарына, жергілікті өзін – өзі басқару органдарына немесе өзі белгілеген тұлғаға сақтауға тапсыруы мүмкін.

Жылдам бұзылатын мүлік, мүлікті сақтауға жұмсалатын шығындар оның өз құнымен салыстырғанда көп болып келетін мүлікті тапқан адам тапқан табысын растайтын жазбаша айғақтар ала отырып сатуы мүмкін. Табылған затты сатудан түскен ақша оны алуға өкілеттік құқығы бар тұлғаға қайтарылуға жатқызылады. Егер де мүліктің табыылғаны туралы хабарламадан кейін алты ай мерзім ішінде табылған мүлікті алуға өкілеттік құқығы бар тұлға ішкі істер органдарына немесе жергілікті өзін өзі басқару органдарына табылған мүлікті алу туралы өтініш жасамаған болса, немесе мұндай тұлға анықталмаған болса немесе мүлікті тапқан адамға, ішкі істер органдарына немесе өзін өзі басқару органдарына өзінің осы мүлікке құқығын хабарламаған болса онда мүлікті тапқан адам оның меншік иесі құқығына ие болады (ҚР АҚ 245, 246 баптары).

Тараптар басқаша әрекет етуі де мүмкін: шартқа оның мерзімін анықтауға мүмкіндік беретін шарттарды енгізу. Әдетте мұндай белгіленген мерзімі бар шарттар оны белгілі бір жағдайлармен байланыстырады. Мысалы, сақтауға беруші сатып алған құрал – жабдықты оның кәсіпорынында күрделі жөндеу аяқталғанға дейін сақтауға қабылдануы тиістігі туралы шарт.

Үшінші нұсқа да орыны алуы мүмкін, мұнда шарттың шаарттарында нақтылы сақтау мерзімі де, оны анықтау әдістері де көрсетілмейді. Мұндай жағдайда сақтау сақтауға беруші мүлікті талап еткенге дейін жүзеге асырылады (773 ГК РК).

Орындалу меерзімі талап етілгенге дейін деп есептелінетін шартта сақтаушының мүддесін қорғау үшін оған осындай жағдайлар үшін қалыпты болып табылатын уақыт мерзімі өткеннен кейін сақтауға берушіден өз міндеттемелерін тиісінше орындауды талап ету құқығы беріледі.

Мысалы, акционерлік қоғам алынған өнімді жауапты сақтауға қабылдау және оны тиеуден көрінетін қызмет көрсету бойынша шартқа отырды. Шарт ЖШС өзіне сақтауға берілген өнімді (матаны) өз қалауы бойынша пайдалану құқығы болмайтынын қарастырды. Шарттың осы шарт орындалмаған жағдайда ол акционерлік қоғамға пайдаланылған матаның екі еселенген құнын төлеуге міндетті болды. ЖШС осы міндеткерлікті бұзды және содан кейін «екі еселенген құн» ұғымын қалай түсінуге болады деген мәселе туындады.

Акционерлік қоғам аталған екі еселенген құнды ЖШС пайдаланған өнімнің құнынан есептеу қажет деп есептеді. Соған байланысты ҚР АҚ күшімен пайыздар оның екі еселенген құнын құрайтын сомаға қатысты есептелінуі тиіс болды.

Алайда ҚР Жоғары соты шарттағы шартты бұлайшы ұғынумен келіспеді. Және «екі еселенген құн»— бұл әдеттегі тұрақсыздық төлемі [37]. Тиісінше пайыздарды есептеу үшін негіз ретінде матаның тек қана бір реттік құны болуы тиіс.

ҚР АҚ 775 бабына сәйкес сақтаушыға сақтауға берушінің келісімінен тыс өзіне сақтауға берілген мүлікті пайдаланбау міндеттілігі жүктелінеді. Бірақ кей жағдайларда мүлік пайдаланыла берілуі мүмкін. Бұл сақтауға берушінің келісімі арқылы жүргізіледі немесе ол мүліктің өзінің сақталуын қамтамасыз ету үшін қажет болады. Бірақ кей жағдайларда мүліктің жеке қасиеттерін есепке ала отырып оны пайдаланбайынша оның тиісінше сақталуын қамтамасыз ету мүмкін болмайтын жағдайлар да кездеседі. Мысалы, сиырды сақтаған кезде оны үнемі сауып отыру қажет әйтпесе ол ауруға ұшырауы мүмкін [36, с. 58].

ҚР АҚ 246 бабының күшімен сақтаушы қадағалаусыз қалған жануарларды пайдалану құқығына ие болады, себебі олай болмаған жағдайда олардың тиісінше сақталуы қамтамасыз етілмеген болар еді.

Мүлік сақтауға берілген сақтаушы сақтау бойынша міндеттемелерді тек өзі жеке орындауы тиіс (ҚР АҚ 777 бабы). Тек сақтаушы аяқ астынан ауырған немесе сақтаушының еркінен тыс өзге жағдайлар туындаған кезде ғана ол сақтау міндетін өзге тұлғаға тапсыруы мүмкін.

Мысалы, Ақмола облыстық сотының азаматтық істер бойынша коллегиясы «Сарыарқы» ААҚ «Рата» ЖШС 928920 теңге сомасындағы қарызын өндіріп алу туралы талап арызы материалдарын қарай келе сақтау шарты бойынша сақтаушы жауапкер берген сары майды сақтауға міндеттеме қабылдағанын анықтады. Сақтау шартының құны таңдау фактісі бойынша бір тонна май үшін тәулігіне 253 теңгені құрады. «Сарыарқы» ААҚ өзінің апелляциялық арызын негіздеген кезде тараптар арасындағы шарт арнайы мұздатқыш камерада теріс температурада сақтау шартымен шарт жасалынғанын көрсетті. Жауапкер тауар сапасы мен ыдысы бойынша акт беру мерзімі мен тәртібін сақтамаған. «Сарыарқы» ААҚ бұзылған өнім қабылданғаны туралы ешқандай зертханалық мәліметтер, актілер, құжаттар жоқ. Бірінші инстанция соты өнім талапкердің кінәсынан бұзылды деген ешбір айғақсыз негіздеме негізінде шешім қабылдаған. Ақмола облыстық сотының азаматтық істер бойынша коллегиясы істің барлық материалдарын тексере келе «Сарыарқы» ААҚ апелляциялық шағымын қанағаттандырды [37].

Қайтарылатын мүлік олардың табиғи сапасы мен қасиеттерінің өзгеруін есепке ала отырып сақтауға берілген жағдайында қайтарылуы тиіс.

Мүлікті сақтау кезінде алынған өнім мен табысқа келетін болсақ, олар сақтау шартының шарттарына байланысты сақтауға берушіге қайтарылуы немесе сақтаушыда қалдырылуы мүмкін.

Мүлікті номерлер (жетондар) көрсету арқылы кәсіпорындар мен

мекемелердің гардеробтарынан қайтарған кезде сақтаушы мүлікті алушының өкілеттігін тексеруге міндетті емес. Бірақ сот тәжірибесінде сақтауға берушілер мүлік өздерінен ұрланған номер (жетон) бойынша берілгенін көрсете келе келтірілген шығынды өндіру туралы талап арыыз жасайтын жағдайлар да жиі кездеседі.

Номерлердің ұрлану фактісінің дәлелденуіне байланысты соттар мұндай талап арыздарды қанағаттандырады, ал кейде оның мүлікті алған тұлғаға тиістілігіне күдік туындаған жағдайларда оларды қанағаттандырмайды. Мүлікті беруді талап етуші тұлға мүліктің өзіне тиесілі екеніне, мүлікті гардеробқа өзінің тапсырғаны және оны кері қайтарып алуға өкілетті екені туралы дәлел ұсынуы тиіс [36, с. 59].

Мүліктерді бірнеше тұлға бір жетон бойынша тапсырған жағдайда сақтаушыға сақтауға берушілердің біріне беруден бас тарту (мысалы пальтоны) тиімді емес деп есептейміз. Бұл мәселенің ең тиімді шешімі құқықтық өкілеттігі бар тұлға тарапынан оны барлық тапсырушылардың бір мезетте алуын талап етуі немесе біреуі өзінің мүлкіні алған кезде қалғандарының соның қасында тұруын талап еткені болар еді. Тек осындай жағдайларда ғана мүлікті мысалы, құны 25 мың теңге тұратын пальтоны өзге субъектіге беру мүмкіндігі орын алмаған болар еді. Сонымен қатар мұндай шара сақтаушының да сақтауға берушілердің де заңды мүдделерін қорғауды күшейте түсуге мүмкіндік берген болар еді. Барлық жоғарыда аталғандарды есепке ала отырып біздің пікіріміз бойынша мүлікті жетонның жоғалтып алған азаматқа қайтару туралы тиісті акт құрастыру мәселесі бойынша ұсыныс енгізген тиімді болар еді, мұндай жағдайда жетон жарамыз деп танылған болар еді. Бұл өз кезегінде сақтаушыны бұған дейін беріліп қойған мүліктерді қайта қайтару міндеттілігінен босатқан болар еді. Сонымен қатар, бұл шара жетонды ұрлаған адамдарды анықтауға да мүмкіндік берген болар еді. Жоғарыда айтылғанға сақтау шарты бойынша тараптардың келісімі бойынша мүлікті қайтару тәртібі белгіленуі мүмкін екенін қоса айтуға болады, атап айтқанда нақтылы көлік түрі таңдап алынып, мүлікті қайтаратын орын анықталуы және т.б. жүзеге асырылуы мүмкін.

Көптеген жағдайларда мүлік өзі сақталған орында – ломбардта, сақтау камерасында, гардеробтарда және т.б. жерлерде қайтарылады. Сақтау үшін жауаптыдан тауар жеткізіп берушінің өкімі бойынша жауапты сақтаудың пайда болғаны үшін кінәлы тарапқа барлық шығындарды арта отырып жөнелтеді [36, с. 69]. Сақтаушының сақтауға берушіден мүлікті мерзімімен қайтарып алуды талап ету құқығы пайда болатынын атай кетуіміз қажет. Заі сақтаушының тағы да бір міндетін бөліп көрсетеді – бұл мүлікті белгіленген мерзімде қайтару. Бұл мерзім заң арқылы да, шарт арқылы да белгіленуі мүмкін.

Қазіргі таңда ең алдымен сақтаушының құқықтары мен міндеттерінің аражігін ашып көрсетумен байланысты жеткілікті көлемдегі көптеген мәселелер бар. Көп жағдайда сақтау міндеттемесінің субъектілері өздерінің қандай құқықтары бар екенін және қандай міндеттер орындауы тиіс екенін өздері де білмейді, сол себепті өз мүдделерін қалай қорғауға болатыны туралы да түсініктері мүлдем аз болып келеді. Әрине мұның барлығы ең алдымен

құқықтық сауаттылықтың төмен деңгейімен, құқықтық хабарланбаудың, құқықтық актілердің жүйеленбеуі себептерінен туындайды. Заң шығару процессі жылдам өзгеріп, толықтырылып отыратындықтан қарапайым адамдар үшін жаңа нормативтік құқықтық актілердің пайда болуын қадағалап отыру өте қиынға түседі. Бір біріне қарама қайшы келетін біірнеше құқықтық актілердің бір мезгілде әрекет ететін жағдайлары да кездесіп отырады, нормативтік құқықтық актілер коллизиясы да жиі байқалады [29, с. 104].

Сақтай шартының өзге субъектісі сақтауға берушіні қарастыра келе онда тиісті сақтауға беру қажет болатын мүлік жоқ болған жағдайда міндеттілікті нақтылы орындау сияқты міндеттеменің болмайтыны туралы айта кетуіміз қажет. ҚР АҚ 769 бабына сәйкес сақтаушыда сақтау жүзеге асырылмағаны айқын болған жағдайда, егер де сақтауға беруші өзінің мүлікті сақтауға беру бойынша міндеттемесін орындамаған жағдайда келтірілген шығынның орынын толтыру туралы талап ету құқығы пайда болады.

М.И. Брагинский РФ АҚ 888 бабының редакциясы (ҚР АҚ 769 бабы) сәтті деп айтуға келмейді, себебі онда сақтауға берушінің мүлікті беру бойынша өзінің міндеттемесін орындамауы мен мерзімімен орындамауы салдары араласып кеткен деп есептейді. Бұл сақтаушының мүлікті сақтауға мерзімімен бермегені үшін шығындарының орынын толтыруды талап ету мүмкіндігін жоққа шығармайды. «Сол арқылы орынын толтырушылық шығынның да, моральдық шығынның да орынын толтыру құқығы пайда болатыны айқын» [2, с. 92]. Сақтауға белгілі бір сападағы, қарастырылған мөлшердегі, кейді сәйкес келетін жұптағы, қапталған, демек, оны сақтаушыға сақтауға қалдыруға жарамды түрдегі мүлік берілуі тиіс [36, с. 76].

ҚР АҚ 769 бабының 2 тармағы сақтаушыны егер де сақтауға беруші келісілген мерзім ішінде осы мүлікті сақтауға бермеген болса осы мүлікті қабылдау міндеттілігінен босатады. Бұл жерде борышкердің уақытын өткізіп алуы туралы айтуға болады ол ҚР АҚ 365 бабында көрсетіліп, бекітілген. Біздің байқап отырғанымыздай жалпы және арнайы нормалардың соқтығысуы байқалады, олар өз негізі бойынша кредитор және кредитор- сақтаушы үшін түрлі құқықтық салдарға алып келеді.

Сонымен қатар сақтауға берушіге егер де сақтау шарты орынын толтырушы болып табылатын болса сақтаушыға келісілген сыйақыны төлеу міндеттілігі жүктелінеді. Сыйақы көлемі шарт талаптарымен де преискуранттар, таксалар, тарифтер және т.б. арқылы да белгіленуі мүмкін. Егер де сақтаушы ретінде азамат (жеке тұлға) әрекет ететін болса, онда сыйақы ретінде ақша қаражаты ғана емес сонымен қатар белгілі бір қызмет көрсету де әрекет етуі мүмкін [49, с. 88]. Орынын толтыра сақтау кезінде мүлікті тапсырған тұлға сақтаушы шығынға ұшырады ма, жоқ па оған қарамастан сыйақы төлеуге міндетті болады, алайда мекемелер арасындағы қатынастарда үнемі дерлік белгілі бір мөлшерде шығындар орын алып тұрады. Орынын толтыра сақтау кезіндегі шығындар ставкалар мен тарифтеркөлемін анықтау кезінде есепке алынады. Сол себепті бұл шығындар сақтау үшін сыйақыдан бөлек өндірілмейді [97, с. 76]

Кезінде Э.Лаасик, сот тәжірибесінен қызықты мысал келтірген болатын

[101, с. 336]. Сөз меншік иесінің өзіне тиесілі мүліктің дәл кімде сақталып тұрғанын біле тұра сақтау шартында қарастырылған сыйақыны төлегісі келмеуі себепті оны алудан жалтарғаны іс негізінен белгілі болған жағдай туралы болып отыр. Мұндай жағдайда жалпы ереже түрінде меншік иесі өз мүлкінің сыйақы төлемінсіз қайтарылып беруін талап ету құқығы болған деген ойға келуге болады. Мұны бұл жағдайда өзге жағдайларды есепке алмағанның өзінде меншік иесінен алып алынған мүлікке құқық шартқа негізделмеген, негізінен виндикациялық сипатта болып келеді және тиісінше қарызды ауыстырумен байланысты жол берушілікті қарастырмайды.

Әдетте кейбір жағдайларда сақтаудың кәсіпқой негізде жүргізілетінін, мұндай сақтау бойынша төлемнің алдын ала алынатынын айта кетуіміз қажет. Негізінен бұл автоматты сақтау камераларына, ломбардтарға және т.б. таралады. Мысалы, ломбардтарда сақтау үшін төлем бүкіл сақтау мерзіміне алдын ала алынады. Осы мәселе бойынша А. Кабалкин, В. Хинчук [102, с. 3], А. Никитин [103, с. 4] және т.б. бірнеше мәрте баспасөзде өз пікірлерін білдіріп, оны қатты сынға алған болатын.

Мұндай ереженің болуы әрине біршама қарсы пікір тудыруы мүмкін, себебі бұл кезде тұрмыстық прокат пен тұрмыстық тапсырыс шарттары бойынша қатынастар кезінде орын алатын жағдайға сәйкес жағдай қалыптасады, бұл кезде азаматтар іс жүзінде қызмет көрсету кәсіпорыны қызметіне аванс жасайды. Бұл кезде де дәл осындай жағдай байқалады. Сонымен қатар қолданыстағы заңнамаларға сәйкес сақтау шарты тараптардың бірінің талап етуі бойынша тоқтатылуы мүмкін. Мұндай жағдайда қайта есептеу, артық алынған соманы қайтару мәселесі туындайды, сақтау үшін төлем белгілі бір кезең үшін жасалынған немесе алдын ала төлем жасай отырып шарттың тоқтатылуына байланысты түпкілікті есеп жасасқан кезде мұндай жағдай орын алмаған болар еді [104, с. 77].

Бұл шара (әрекет) белгілі бір дәрежеде сақтауға берушілердің құқықтарына нұқсан келтіру болып табылады деп есептейміз, себебі бүкіл сақтау мерзімі үшін сыйақы алдын ала төленеді, сонымен қатар сақтауға беруші өз мүлкі мерзімінен бұрын талап еткен жағдайда оған қалған сақтау мерзімі үшін сома қайтарылмайды. Соған байланысты кез келген қызмет, оның ішінде сақтау бойынша қызметтің қолданыстағы төлем тәртібін қайта қарау туралы ұсыныс енгізген тиімді болады.

Сақтаушының сақтауға беруші сыйақы төлегенге дейін өзінде ұстап қалуы мәселесі заңмен реттелмеген, әдебиеттерде әр түрлі шешімі көрсетіледі [36, с. 78].

Бір авторлар сақтаушы сақтау үшін ақша алғанға дейін мүлікті ұстап қалуға құқылы емес деп есептесе [65, с. 328], өзгелері орынын толтырушылық сақтау шартының екі жақтылығына сілтеме жасай отырып оған ешқандай да кедергі жоқ деп есептейді [45, с. 506].

Екінші көзқарас дұрыс сияқты болып көрінеді, себебі өзара шаарттарада тараптардың әрқайсысы екінші тарап өзіне жүктелген міндеттемені орындамайынша өзіне жүктелген міндеттемені орындамай қоя алады. Сонымен қатар орынын толтырусыз сақтау кезінде мүлікті сақтауға өткізген адам

мүлікті сақтау үшін қажетті шығындардың орынын толтыруға міндетті. Мысалы, егер де өзге тұлғаның мүлкін орынын толтырусыз сақтаған азамат олар сақталған бөлмені су басып кетуіне байланысты оларды ломбардқа тапсырған болса, онда мүлікті ломбардта сақтау, оны ломбардқа және кері жеткізу шығындарын мүлік иесі қайтаруы тиіс, себебі бұл қажетті шара болып табылады және сақтауға берушінің мүддесін қорғау мақсатында жүзеге асырылған.

Сапасыз өнімді жауапты сақтау туралы мәселені қарастыра келе сақтаушының қабылдау, сақтау, жүзеге асыру және т.б. бойынша жасаған барлық шығындарының орынын тікелей жеткізіп беруші толтыруы тиіс. Бірақ та осы мәселені шешу кезінде де қиындықтар кездеседі, атап айтқанда мұндай шығындарды өндіру көлемін анықтаған кезде, себебі қазіргі таңда құрастырылған және бекітілген бірыңғай тарифтік сетка жоқ, мұның өзі кәсіпкерлердің арасында дау туындауына алып келеді. Соған байланысты осындай тарифтер құрастыру қажеттігін айта кетуімізге болады [104, с. 73].

ҚР АҚ 245 бабының 2 тармағына сәйкес мүлікті тауып аалған адам мүлікті алуға құқықтық өкілеттігі бар тұлғадан мүліктің құнының 30 % көлемінде табылған мүлік үшін сыйақы алуға құқылы. Егер де табылған мүлік тек оған құқықтық өкілеттігі бар тұлға үшін құндылығы бар болатын болса сыйақы көлемі осы тұлғамен келісу арқылы анықталады. Егер де мүлікті тапқан адам оны тапқаны туралы хабарламаса немесе оны жасырып қалғысы келсе оның сыйақы алу құқығы болмайды.

ҚР АҚ 246 бабы негізінде меншік иесіне қараусыз қалған үй жануары қайтарылып берілген болса, жануарды ұстаған адам мен осы жануарды ұстаған және пайдаланған тұлға оның меншік иесінен оны пайдаланудан түскен пайданы шығара отырып жануарларды ұстаумен байланысты шығынның орынын толтыруды талап ету құқығы болады. Қараусыз қалған жануарларды ұстаған тұлға ды сыйақы алуға құқылы болады. Ұсталған қараусыз және үй жануарларын ұстағаны үшін сыйақы төлеумен байланысты тараптар арасында пайда болған барлық даулар сот тәртібімен шешіледі.

Сақтау кезінде алынған немесе пайдаға асырылған барлық өнімдер, табыстар сақтауға берушіге тиесілі болып табылады. Осы жерден сақтау міндеттілігінің жалға алудан айырмашылығын байқауға болады. ҚР АҚ 606 бабының күшімен жалға берушіде мұндай құқық болмайды, ол мүлікті берген кезінен бастап оның өнімдеріне, түсетін табысына құқығын жоғалтады.

Сапасыз өнімді, сондай-ақ сатып алушы төлем жасаудан заңды түрде бас тартқан жүкті жауапты сақтау кезінде, жеткізіп беруші сақтаушының қабылдау, тиес- түсіру, өткізу және басқа жаққа жіберумен байланысты барлық шығындарының орынын толтыруға міндетті болады. Бұл шығындардың көлемі заңмен белгіленбеген, соған байланысты мұндай шығындарды өндіру кезінде қиындықтар мен даулар туындайды.

ҚР АҚ 773 бабына сәйкес, сақтаушы мүлікті сақтау шарты бойынша негізделген мерзім ішінде сақтауға міндетті болады. Егер де сақтау мерзімі мүлікті сақтауға беруші талап ететін кез арқылы анықталатын болса сақтаушы осындай жағдайлар үшін әдеттегі болып табылатын мерзім өткеннен кейін

сақтауға берушіге ол үшін тиімді уақыт бере отырып одан сақтауға берілген мүлкін қайтарып алуды талап ете алады. Сақтауға беруші осы мерзім ішінде өз мүлкін алуға міндетті. Олай болмаған жағдайда ҚР АҚ 773 бабында қарастырылған салдар туындайды. «тиімді мерзім» ұғымы нақтылы сақтау шартының маңызды шарттарынан туындайтынын айта кетуіміз қажет, сонымен қатар «мұндай жағдайлар үшін әдеттегі болып табылатын сақтау мерзімін» анықтау кезінде және «мүлікті кері қайтарып алу үшін жеткілікті болып табылатын тиімді мерзімді» анықтаған кезде АҚ 227 бабында қарастырылған міндеттемелердің орындалу мерзімінің жалпы ережелерін қолдану қажет екенін айта кетуіміз қажет.

Тиімді мерзімді анықтау кезінде келесі факторлар есепке алынады: сақтауға берушінің мүлікті тасымалдау мүмкіндігінің болуы, мүлікті одан кейін ұстауға қажетті бөлменің болуы және т.б.. Бір жағдайларда сақтаушының мұндай талаптары сақтауға берушінің өз мүлкін бірден алып кету міндеттілігін тудыруы мүмкін (мысалы гардероб жұмысының тоқталуына, өрт болуына, су тасқынының орын алуына және т.б. байланысты), өзге жағдайларда мүлікті алу үшін белгілі бір уақыт белгіліп беру, оны алуды кейінге қалдыра тұруға уақыт берілетіні байқалады. Бұл ереже мүліктер оның иесінің мүддесі үшін сақталатынын, оның өз міндеттерін бірден орындауы кей жағдайларда оның мүддесіне қайшы келуі мүмкін екенін есепке ала отырып белгіленген [45, с. 506] Сақтауға беруші сақтаушыдан өз мүлкін алып кетуі тиіс мерзім заң арқылы да белгіленуі мүмкін екенін айта кетуіміз қажет.

Оған тауып алынған мүлік туралы ережені реттейтін ҚР АҚ 245 бабы немесе қадағалаусыз қалған жануарлар туралы ҚР АҚ 246 бабы және ҚР АҚ кейбір өзге де баптары мысал бола алады.

«Сақтауға беруші өз мүлкін тікелей өзі немесе өз өкілі арқылы ала алатынын атай кетуіміз қажет. Сонымен қатар сақтауға берушінің өз мүлкін, өнімін немесе тауарын егер де сақтаушы өзінің осы мүлікті, өнімді, тауарды белгіленген мерзім ішінде қайтару бойынша өз міндеттемесін орындамаған жағдайда мәжбүрлеу тәртібімен талап ету құқығына ие болады. Соған байланысты құқықтық әдебиетте өз міндеттемесін бұзған тарапқа тәжірибеде қаандай талап қойылуы тиіс деген мәселе бойынша дау туындады. Бұл жерде сөз жауапкерге виндикациялық талап арызды немесе мүлікті қайтару туралы міндеттемені бұзудан туындайтын талапты қолдану туралы болып отыр. Бұл мәселе бойынша көзқарастар бөлініп кетті». [2, с. 104].. Мысалы, В.Ф. Маслов виндикациялық талапты жауапкердің мүлікті келісім күшімен қайтару (жалға алу, сақтау шарттары) міндеттемесін орындамау салдарынан туындайтын мүлікті нақтылы қайтару туралы өзге талаптармен араластыруға болмайды деп көрсетеді [99, с. 280]. Д.М. Генкин «виндикациялық талап, шарттан тыс болып табылады және шарт негізінде мүлікті талап ету талабынан осынысымен ерекшеленеді» деп көрсетеді (мысалы сақтау шартынан) [105, с. 185].

Біздің пікірімізше, В.Ф. Масловтың В.Ф., және Д.М. Генкиннің келтірген дәлелдері неғұрлым сенімді және дұрыс болып табылады. Алайда тәжірибеде соттар барлығық жағдайларда бірдей ҚР АҚ тиісті нормаларыын дұрыс қолдана бермейді.

Виндикациялық талап арызменшік құқығының иелену, демек, белгілі бір мүлікке билігін жүргізу құқығын да қалпына келтіреді. Құқығы бұзылған тарап (талапкер) мүлікті иеленуге (билік етуге) өзінің тікелей құқығы бар екенін дәлелдеуі тиіс. Мүлікті заңсыз иеленушіден талап ету туралы талап арыз бере отырып меншік иесі немесе титулды иесі уақытша жоғалтылған мүлікті иелену құқығын жүзеге асырады, мұның өзі виндикациялық талап арыз үшін негіз болады [36, С. 88]. Сақтаушы мүлікті сақтауға берушіге мерзімімен қайтару бойынша өз міндеттемесін орындамаған жағдайда соңғысында мүлікті сақтаушыдан мәжбүрлеу арқылы талап ету құқығы пайда болады. Бұл құқық талап арыздан көрініс табады.

Сонымен егер де тараптар арасында сақтау шарты жасалынған болса, ал сақтаушы мүлікті иесіне қайтармаса, онда ол виндикациялық талап бойынша емес, сақтау шартын орындау тәртібімен мүлікті қайтару туралы талап арыз бойынша талап етіледі. Шарттан емес өзге құқықтық әрекеттерден туындаған сақтау міндеттемесі болған жағдайда мүлік сақтауға берушіге сақтау бойынша қатынастардың осы түрін реттейтін заң негізінде шарттық талап бойынша қайтарылуы тиіс.

Осы тарауды қарастыруға қорытынды жасай келе сақтаушы мен сақтауға берушінің құқықтары мен міндеттерінің өзара байланысты екенін атап өтуіміз қажет. Біреуі екіншісінен болмайды, біріншісі екіншісі туындамайды. ҚР АҚ 770 бабы «Мүлікті сақтауға қабылдау міндеттілігі» деп аталғанымен ол өз негізі бойынша сақтауға берушінің мүлікті сақтаушыға беру бойынша қарсы міндеттілігін реттейді.

Сақтау шарты бойынша тараптардың құқықтары мен міндеттеріне талдау нәтижесі бойынша сақтаушының міндеттер кешенінің сақтауға берушімен салыстырғанда неғұрлым кең деген қорытынды жасауға болады, ал мұның өзі бірінші кезекте сақтаушыда сақтау міндеттемесі бойынша жауапкершілікке тартылу негізі де көбірек пайда болады деген қорытынды жасауға негіз болады.

### **2.3 САҚТАУ ШАРТЫ БОЙЫНША АЗАМАТТЫҚ – ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Сақтау шартының маңызды шарттарының бірі тараптардың жауапкершілігі туралы ышарт болып табылады.

Егер де сақтаушы өз міндеттерін тиісінше атқармаса, мүлікті жоғалтуға, оның жетіспеушілігіне немесе зақымдануына жол берсе ол үшін сақтауға берушінің алдында жауапкершілікке тартылады.

Сақтау шартындағы тараптардың жауапкершілігі мәселесін неғұрлым толық ашу үшін құқықтық жауапкершіліктің жалпы ұғымын қарастыралық.

Жауапкершілікті түрлі жағынан қарастыруға болады, оның ішінде құқықтық ретінде моральдық жағынан да, бірақ оны адамнан бөліп қарастыру мүмкін емес, ол біздің бүкіл өмірімізге серік болады, барлық қатынастарымызды қамтиды, ол бізге сана иесі ретінде имманентті тән болып келеді. Жауапкершілік табиғи жаратылыс, қадір қасиет сияқты материалды емес игілік болып табылады.



«Жауапкершілік» термині өз маңызы бойынша әр түрлі мағынаға ие болып келеді. Жауапкершілік сезімі мен жауапты қадам туралы осылай айтады. Жауапкершілікті арттыруға, жауапкершілікті өз мойнына алуға, тұлғаны жауапкершілікке тартуға және одан босатуға болады. Жауапкершілікпен әрекет ететін адамдар, жауапты қызмет атқаратындар бар, ал шаруашылық салада жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер әрекет етеді. Осы мазмұны бойынша әр түрлі бірақ бір терминмен анықталатын ұғымдарды не біріктіреді?

Жауапкершілік адамдар арасындағы қатынастардың барлық саласын қамтиды, демек, заңмен реттелетін құқықтық қатынастардың тар тобын да қамтиды.

Қазіргі таңда құқықтық жауапкершілік, оның мазмұны мен түрлерге бөлінуіне қатысты бірыңғай көзқарас жоқ, соның салдарынан кейбір заңгерлер экономикалық санкцияларды құқықтық жауапкершілік түрлерінің біріне жатқызады [109, с. 76].

Мысалы, О.С. Иоффе және М.Д. Шаргородский «құқықтық жауапкершілік үш элементтің бірлігі» деп дәлелдеді. Олар құқықтық жауапкершілікті құқық бұзушының әрекетін құқықтық немесе қоғамдық айыптауға негізделетін және ол үшін жеке және мүліктік тәартіппен шектеу түріндегі белгілі бір теріс салдар белгілеуден көрініс табатын мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы деп анықтады [106, с. 314].

С. С. Алексеев 70 жылдардың басында құқықтық жауапкершіліктің негізі тұлғаның жасаған құқық бұзушылығы үшін мемлекеттік- мәжбүрлеу шарасына ұшырауы міндеттілігінен тұрады деп көрсетті [107, с. 180].

Бұл көзқарасын ол қазір де қорғауда («кіналы тұлғаға жасаған құқық бұзушылығы үшін мемлекеттік мәжбүрлеу шарасын қолдану»).

Братусь С. И. құқықтық жауапкершілік құқық талаптарын бұзушы мен мемлекет, оның белгілі органдары арасындағы құқықтық қатынастардың ерекше, қарастырылған және реттелетін түрі деп есептеді [108, с 6].

«Құқықтық жауапкершілік» ұғымы құқықтық әдебиетте әр түрлі ұғылады. Бір авторлар оны санкция түрлерінің біріне ғана жатқызса, екіншілері оны қолдану процессінің өзі құқықтық жауапкершілік деп таниды. Үшінші біреулері оны құқық бұзушы мен мемлекеттік органдар арасында пайда болатын жауапкершілікті қарым- қатынас деп есептейді.

Құқықтық жауапкершілік өзге тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін бұзатын тиісті емес (құқықтық емес) әрекет салдары үшін жауапкершілікті белгілейі. Демек, оны қолдану бұзылған құқықтар мен мүдделерді қорғау әдістерінің біріне айналады. Бұл әдістің маңызды ерекшелігі мемлекеттік, оның ішінде сот арқылы, демек жария билік көмегімен (соған өкілетті мемлекеттік органдар немесе лауазымды тұлғалар) мәжбүрлеу көмегімен жауапкершілік шарасын қолданудан тұрады. Бұл оның қажетті қорғаныстан және құқық бұзушыға қарсы тікелей құқықтық өкілеттігі бар тұлғалар (жапа шегушілер) қолданатынын ықпал ету шараларынан ерекшелігі. Кейбір жағдайларда жауапкершілік шаралары жария биліктің көмегіненсіз ерікті түрде қолданылуы мүмкін (мысалы, құқық бұзушы ерікті түрде айыппұл төлесе). Бұл жағдай оның мазмұны мен қолданылу тәртібі заңмен белгіленген мемлекеттік мәжбүрлеу

шарасы ретіндегі табиғатын өзгертпейді. Сол себепті құқықтық жауапкершілікті көп жағдайда құқық бұзушыға қарсы кез келген ол үшін тиімсіз болып табылатын мемлекеттік мәжбүрлеу шарасын қолдану ретінде қарастырады [109, с. 85].

Енді осы ұғымның қазіргі кездегі қолданыстағы түсініктемелерін қарастыралық. Мысалы бір ғалымдар (мысалы, В.Н Хропанюк) «құқықтық жауапкершілік құқық нормаларының санкцияларын, оларда көрсетілген белгілі бір жауапкершілік шараларын білдіреді» деп есептейді [109,с. 242].

Өзге ғалымдар (мысалы, В.В Лазарев, В.С. Нерсисянц) бұл ұғымды кең көлемінде «құқықтық жауапкершілік – бұл жасалынған құқық бұзушылық үшін кінәлінің жеке немесе мүліктік жауапкершілікке ұшырауымен байланысты мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы», [110, с. 240], сондай- ақ тар мағнада («құқықтық жауапкершілік — бұл құқықтық нормалармен қарастырылған субъектінің құқық бұзғаны үшін өзі үшін тиімсіз салдарға ұшырау міндеттілігі» [111,с. 522]) деп ұғынады. Құқықтық жауапкершілікті тар мағнасында түсінудің осы анықтамасын А.Ф. Черданцев та қолдайды [112, с. 316]

Жоғарыда аталған анықтамаларды толық және дәл деп атауға келмейді деп ойлаймыз. Оларда құқық бұзушының жеке немесе мүліктік сипаттағы зардап шегетіні көрсетілмеген. Өзгелерінде бұл мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы емес, субъектінің зардап шегу міндеттілігі деп көрсетілген. Азаматтық – құқықтық жауапкершілік туралы мәселе көптеген жылдар бойы құқықтық әдебиеттегі даулы мәселе болып келеді. Азаматтық құқықта көптеген ұғымдар түрлі мақсаттар көздей отырып пайдаланылады, мұның өзі тиісті ұғымның мазмұнын анықтайды. Бұл айтылған пікір «Азаматтық – құқықтық жауапкершілік» ұғымына да қатысты. Бұл ең алдымен осы ұғымның негізіне қатысты құқықтық әдебиеттерде келтірілген көзқарастардың көптігімен түсіндіріледі. Ұсынылған қорытындылар көп жағдайларда осы күрделі ұғымды зерттеудің бағытына байланысты болып келеді [29, с. 121].

Азаматтық – құқықтық жауапкершілікті құқықтанушылар әлеуметтік жауапкершілік түрі ретінде қарастырған кезде олар осы ұғымның маңызды белгісі ретінде құқықтық жауапкершілікті әлеуметтік жауапкершіліктің моральдық, экономикалық және т.б. түрлерінен бөліп көрсетуге мүмкіндік беретін елеулі белгілерін бөліп көрсету қажеттігіне келіп тіреледі. Мұндай көзқарас авторларды азаматтық – құқықтық жауапкершілік мемлекеттік мәжбүрлеу түрінде болады деген қорытынды жасауға алып келеді.

Мысалы, В.П. Грибанов азаматтық – құқықтық жауапкершілікті «бұзылған құқықтарды қалпына келтіруге және азаматтық айналымға тең құқылы қатысушылардың қалыпты экономикалық қатынастарын ынталандыруға бағытталған, мүліктік сипаттағы санкция қолданумен байланысты мемлекеттік мәжбүрлеу түрлерінің бірі» деп көрсетті [112, с. 284].

Б.И. Пугинский «жауапкершілік даусыз (талап арызсыз) тәртіппен және тіпті борышкердің өз еркімен тұрақсыздық төлемін төлеу немесе зардап шегуші тараптың шығындарын төлеу арқылы өзіне міндеттемені ерікті қабылдауды жүзеге асырылуы мүмкін болғанымен бұл оның мемлекеттік-

мәжбүрлеу сипатын өзгертпейді» деп көрсетті [113, с. 137]. Сонымен қатар мемлекеттік мәжбүрлеу, мәжбүрлеушілік сипат кез келген санкцияға тән болып келеді, ол құқықтық нормаға негізделген мәжбүрлеу шарасы ретінде көрініс береді. Алайда О.С. Иоффе атап көрсеткендей, барлық бірдей санкция құқықтық жауапкершілік шарасы болып табылмайды. Жауапкершілік — бұл құқық бұзушылық үшін санкция, бірақ санкция барлық уақытта бірдей жауапкершілікті білдіре бермейді. Мысалы О.С.Иоффе айтқандай мүлік заңсыз иеленуден мәжбүрлеу тәртібімен алынған болса құқық бұзушылықтың салдары ретіндегі санкция болады. Бірақ мұндай санкция өзіне тиесілі емес мүлік алынған құқық бұзушы үшін ешқандай жауапкершілікпен байланысты емес болады. Ал жауапкершілік – бұл құқық бұзушылық үшін санкция зғана емес, бұл мүліктік немесе жеке сипаттағы белгілі бір жауапкершілікке алып келетін құқық бұзушылық болып табылады [45, с. 8].

Н.Д. Егоров сондай-ақ азаматтық- құқықтық жауапкершілікті құқық бұзушыға қатысты оған қосымша азаматтық – құқықтық міндет жүктеу немесе оған тиесілі азаматтық құқықтан айыру түрінде қолданылатын санкция ретінде қарастырады. Ол сондай-ақ азаматтық- құқықтық жауапкершілік ұғымын мемлекеттік мәжбүрлеу ретінде анықтаудың кемшілігі ретінде мұндай анықтама «борышкердің кредиторға ерікті түрде шығынының орынын толтыруы немесе тұрақсыздық айыбын төлеуі егер де ол мәжбүрлеуді қолдану қаупімен емес, борышкердің шығынның орынын толтыру, тұрақсыздық төлемін төлеу қажет деген ішкі сенімінің күші арқылы жүзеге асырылған жағдай азаматтық – құқықтық жауапкершілік ұғымын анықтаудың сыртында қалады» деп көрсетеді. [44, с. 480].

Әрине соңғы ескерту қарсы пікір тудырады, себебі ол азаматтық – құқықтық жауапкершілікпен бірдеу деңгейде «санкция» ұғымына да қатысты болады.

Кейбір авторлар оң жауапкершілік деп аталатынды бөліп көрсетуді ұсынады, ол барлық міндеттемелерді барынша қатаң түрде, барынша белсенділікпен жүзеге асыруды білдіреді. Алайда бұл жағынан алып қарағанда жауапкершілік ұғымы құқықтық маңызын жоғалтатындай болып көрінеді.

Азаматтық – құқықтық жауапкершілік ұғымына құқықтық әдебиетте кең көлемдегі көзқарастың болуымен қатар осы ұғымды тар мағынада анықтап көрсету де кездеседі. Негізінен алғанда мұндай көзқарас азаматтық – құқықтық жауапкершіліктің шарттық міндеттемелерді бұзғаны үшін жауапкершілікті қарастыратын тиісті құқықтық нормаларды қолданумен байланысты тек қана тәжірибелік жағынан талдайтын ғалымдардың көзқарасынан көрініс табады [113, с. 371]. Мұндай жұмыстарда азаматтық- құқықтық жауапкершілік міндеттемені бұзуға жол беерген борышкердің кредиторға келтірілген шығынның орынын толтыру және заңмен белгіленген немесе шартта қарастырылған тұрақсыздық үшін айыппұл төлеу міндеттілігін қарастырады [114, с. 10]. Мысалы, М.И. Брагинский «міндеттемені бұзғаны үшін жауапкершілік деп міндеттемені бұзған борышкерге заңмен белгіленген мүліктік ықпал ету шарасын атайды. Міндеттемені бұзғаны үшін жауапкершіліктің екі түрі бар. Біріншіден келтірілген шығынның орынын

толтыру және екіншіден тұрақсыздық айыппұлын төлеу» екенін көрсетеді. [2, с. 111].

Біздің пікірімізше О.С.Иоффе ұсынған азаматтық – құқықтық жауапкершіліктің анықтамасы неғұрлым дұрысырақ, себебі ашылатын ұғымның негізін білдіреді.

Сонымен, О.С. Иоффе «азаматтық – құқықтық жауапкершілік – құқық бұзушы үшін субъективті азаматтық құқықтардан айыру немесе жаңа немесе қосымша азаматтық- құқықтық міндеттер жүкктеу түріндегі теріс салдарға алып келетін құқық бұзушылық үшін санкция» деп көрсетті [20, с. 97].

Азаматтық құқық теориясында қалыптастырылған жауапкершілік ұғымы саланың тұжырымдамалық дамуында елеулі маңызға ие бола отырып азаматтық- құқықтық жауапкершілік туралы нормалардың әрекет ету тетіктері мен тікелей қолданылу мәселелерін зерттеуге негізделген жауапкершілік ұғымы [45, с. 7].

Азаматтық- құқықтық жауапкершіліктің негізгі принциптері мыналар болып табылады:

- **Заңдылық принципі** (жауапкершіліктің заңмен қарастырылуы міндетті болмауы тиіс, бірақ заңмен қарастырылған болса, онда императивті норма кезінде тараптар одан бас тартуға құқылы емес болады, диспозитивті нормада өзге шешім қабылдауы мүмкін, тараптар мен олардың дауыын қараған құзыретті органның шешімі заңға қайшы келмеуі тиіс);
- **Жауапкершіліктің болмауы мүмкін еместігі** (осы уақытқа дейін жауапкершілікке тартудың болмауы мүмкін еместігіне қатысты даулар жүргізілген, ендігі жерде ретроспективті жағынан алып қарағанда оның болмауы мүмкін еместігі туралы айтуға келмейді, ол зардап шегуші тараптың қарауына беріледі, ал болашақ уақыттағы жағынан алып қарағанда жауапкершілік барлық жағдайларда да сақталады);
- **тараптардың тең құқылығы принципі;**
- **жеке мүдделерді қоғамдық мүдделермен үйлестіру принципі** [29, с. 127].

Сақтаушының немесе сақтауға берушінің сақтау шарты бойынша өз міндеттемелерін бұзғаны үшін азаматтық- құқықтық жауапкершілік қарастырылған. Сақтаушы өз міндеттемелерін бұзған немесе оларды тиісінше орындамағаны үшін ол сақтауға беруші алдында жауапкершілікте болады. Мұндай жауапкершіліктің туындау шарты әдетте заң арқылы анықталады, бірақ кейбір жағдайларда тараптар осы шарттарды өз беттерінше өзгертуі немесе толықтыруы мүмкін.

Құқықтық жауапкершілік тұлғаның, қоғамның және мемлекеттің мүддесін қорғаудың маңызды шарасы болып табылады. Ол құқықтық норманың талаптарын орындамаған жағдайларда туындайды.

Құқықтық жауапкершілік осы немесе өзге құқық бұзушылықтың құқықтық салдары болып табылады. Оған келесі жалпы белгілер тән болып келеді: мемлекеттік мәжбүрлеу, құқық бұзушы үшін теріс салдардың болуы,

қоғамның айыптауы. Құқық бұзушылықтың әр түрлі түрлерінде ол өзінің ерекшеліктеріне ие болады [114, с. 409].

Ю. Г. Басин атап көрсеткендей жауапкершілік, жасалып қойған құқық бұзушылық үшін жауап беру қажеттігі [115, с. 5].

Жауапкершіліктің анықтамасы жалпытеориялық болып табылады және құқықтың жекелеме салалары үшін әр түрлі болуы мүмкін емес: «шындық дегеніміз жалпыадамзаттық» [116 с. 45].

Шиктыбаев Т.Т «құқықтық жауапкершілік үшін әрекет, құқық бұзушылық құрамының объективті және субъективті мазмұны негіз болады» деп есептейді [117, с 13].

Әрине, азаматтық- құқықтық жауапкершілік үшін мұндай құрылымның бірнеше ерекшеліктері болады:

Біріншіден, В.А. Тархов жазғандай, құқықтық жауапкершіліктің мемлекетпен байланысы ең алдымен оның міндетті түрде мемлекет белгілеген құқықтық нормалар арқылы реттелетінімен негізделеді [118, с. 27].

Екіншіден, В.А. Тархов: «құқық бұзушылық фактісі егер де жауапкершілік тараптар арасында бұрын пайда болған құқықтық әрекеттер немесе оқиғалар негізінде қалыптасқан қатынастарды қамтымайтын жағдайда ғана құқықтық қатынастарды тудырады. Осы жағынан алып қарағанда абсолютті және шартты құқықтық қатынастарды бөліп қарастыру қажет. Біріншіден, пассивті тарап қандай да болмасын оң әрекеттер жасауға міндеттенбейді, алайды құқықтық өкілеттігі бар тұлғаның құқықтарын бұзбауы тиіс. Осы міндеттемені бұзған жағдайда жауапкершілік егер де оған ешбір кедергі болмаған болса сол құқықтық қатынастар шеңберінде жүзеге асырылады» [118, с. 28].

Қазіргі таңда құқықтық жауапкершілікті анықтауға, оның мазмұны мен түрлерге бөлінуіне қатысты бірыңғай көзқарас жоқ, оған кейбір заңгерлердің экономикалық санкцияларды құқықтық жауапкершілік түрлерінің біріне жатқызатыны дәлел бола алады [119, с. 76].

1963 жылғы Қазақ КСР- і АК айырмашылығы қазіргі қолданыстағы ҚР АК сақтаушының жауапкершілігі туралы жалпы ережелер бар екенін атап өтуіміз қажет, мұның өзі әр түрлі сақтаушылардың жауапкершілік деңгейін анықтауға мүмкіндік беретін үлкен алға жылжушылық болып табылады.

Бірінші кезекте консенсуалды сақтау шартында сақтаушының жауапкершілігі мүлікті сақтауға қабылдаудан бас таратқан кезде туындайды. Сақтаушы үшін жауапкершіліктің туындауының маңыздылығы бойынша екінші дәрежелі болып табылатыны сақтауға қабылданған мүлікті жоғалты, оның жетіспеуі немесе зақымдануы болып табылады. Осы жерден сақтау шартының орынын толтырымды немесе орынын толтырымсыздығына, кәсіптік сақтаудың ерекшеліктеріне, сондай- ақ кәсіпқой емес сақтауға тәуелді жауапкершіліктердің шарасын анықтаудың шегі өтеді.

Мысалы, «Автоматика-плюс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «ЛРН» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі үстінен ВА3- 2108 (мемлекеттік номері А576ВСК) автокөлігін сақтау бойынша міндеттемелерін тиісінше орындамаудан келтірілген 280 704 теңге шығынды өндіру туралы сотқа талап

арыз берген.

Талапкер іс бойынша шешім қабылданғанға дейін Қазақстан Республикасы азаматтық іс жүргізу кодексінің 49 бабында қарастырылған тәртіппен талап арыздағы талабының көлемін ұлғайтты және 300 705 тенге сомасы көлеміндегі шығынды өндіріп беруді сұрады. 2005 жылғы 3 қарашадағы шешіммен талап арыз толық көлемде қанағаттандырылды. Апелляциялық инстанция сотының 2005 жылғы 29 желтоқсандағы қаулысымен 2005 жылғы 3 қарашадағы сот шешімі өзгеріссіз қалдырылды. Іс бойынша қабылданған сот актілерімен келіспеген «ЛРН» ЖШС қадағалау инстанциясы сотына шағымданды, онда 2005 жылғы 3 қарашадағы сот шешімін және апелляциялық инстанцияның 2005 жылғы 29 желтоқсандағы қаулысының күшін жоюды және істі қайта қарауға жіберуді сұрады. Қадағалау инстанциясы соты 2005 жылғы 3 қарашадағы шешімді өзгеріссіз, қадағалау арызын - қанағаттандырусыз қалдырды[37].

Қонақ үйге демалыс үйі, мртель, жатаахана, поликлиника, монша, сауна, асхана және т.б. сияқты сақтаушылар санатына неғұрлым толығырақ тоқталып өтелік. Неліктен бұл сақтаушылар неғұрлым жоғары деңгейдегі қызығушылық тудырады? Құқықтық әдебиетте осы мәселе бойынша баяғыдан бері дау жалғасып келеді.

Істің мәні мынада, ғалымдардың бір тобы қонақ үйлері мен жатаханалар кәсіпқой емес сақтаушылар болып табылады деп есептейді, себебі олар аарнайы бөлінген орындардағы жоғалған, азайған немесе зақымданған мүлік үшін жауап береді және бұл мүлік аталған мекемелерге сақтау үшін тапсырылмайды.

Өзгелер қонақ үйлер, санаторийлер, жатаханалар және т.б. сақтау түрінің орынын толтырымды немесе орынын толтырымсыз болғанына қарамастан тұтас алғандағы мүліктің сақталуы үшін жауап беруі тиіс деп есептейді. Мысалы, М.И. Суслов қонақ үйлердің, жатаханалардың және оларға ұқсас өзге де мекемелердің кінәсінің болуы, болмауына қарамастан жауапкершілігін белгілеуді ұсынады [120, с. 17]. Г.П. Бычкова [121, с. 117], Н. Мирошникова [122, с. 26], А.Ю. Кабалкин [102, с. 3].

Өзгелер мүлікті сақтауды қызметінің бірден бір түрі немесе негізгі мақсаты етпейтін, негізгі қызметіне қосалқы, қосымша ретінде ғана жүзеге асыратын мекемелер мүліктің жоғалғаны немесе зақымданғаны үшін олардың кінәсі болған жағдайда ғана жалпы негізде жауап беруі тиіс деп есептейді. Қонақ үйлерді, жатаханаларды, санаторийлерді, демалыс үйлерін олар азаматтардың мүлкін өздерінің жарғысында немесе олар туралы ережеде қарастырылғандай қызметінің негізгі мақсаттарының бірі ретінде сақтау камераларында орынын толтыра сақтаған жағдайда оларды кәсіпқой сақтаушыларға жатқызуға болады деген З.И. Цыбуленко пікірімен келісуге болады[36, с. 92].

ҚР АҚ 789 бабының 1 тармағына сәйкес қонақ үйлер ондаа тұратын тұлғамен ерекше келісімсіз ақ сақтаушы ретінде оның ақша, өзгее де валюталық құндылықтарын, құнды қағаздарын, қымбат металлдарын есептемегендегі қонақ үйге енгізген мүлкінің жоғалуы, жетіспеушілігі немесе зақымданғаны үшін жауап береді.

Бұл баптың ережелері тиісінше азаматтардың мүлкін motelдерде, демалыс үйлерінде, пансионаттарда, санаторийлерде, моншаларда және өзге де осыларға ұқсас мекемелерде сақтауға қатысты қолданылады. Орналасқан адамның аақшасы, валюталық құндылықтары, құнды қағаздары және өзге де қымбат зааттарының сақталуы үшін қонақ үй тек оларды сақтауға қабылдаған жағдайда ғана жауап беретінін атап өтуіміз қажет. Бұл қатынастар бірінші жағдайда кәдуелгі сақтау шарты анықтамасына жатқызылады.

Мұндай сақтау шартының жасалғанының дәлелі орналасқан адамға берілетін аты- жөні көрсетілген түбіртек болып табылады. Егер де қонақ үй мүліктің жоғалуы еңсерілуі мүмкін емес жағдайлар салдарынан орналасқан адамның өзінің немесе оның жанында болған адамдардың кінасынан орын алғанын дәлелдейтін болса онда қонақ үйден барлық жауапкершілік алынады.

Мүлкі жоғалған немесе зақымданған жағдайда бұл тұлға ол туралы бірден қонақ үй әкімшілігіне хабарлауы тиіс. Егер де орналасушы осы шараны жүзеге асырмаған болса қонақ үй жауапкершіліктен босатылуы тиіс. Сонымен қатар ҚР АҚ 789 бабының 5 тармағы азаматтардың мүлкін сақтау уқатынастары пайда болуы мүмкін мекемелердің кеңейтілген тізімін бермейді, тек «өзге де осыған ұқсас мекемелер» деген сөзбен шектеледі. «Өзге де осыған ұқсас мекемелер» - бұл азаматтар тұру жағдайларына байланысты өз мүліктерін арнайы бөлінген немесе сақтауға арналған орындарға өткізбестен ерекше тапсырусыз орналасқан жерінде қалдыруы мүмкін болатын мекемелер екенін атап көрсетуіміз қажет.

Клубтар, моншалар, турбазалар, шаштараздар, балалар мекемелері өзге де қызмет көрсету кәсіпорындары мен азаматтар арасында қалыптасатын қатынастарды талдау олардың арасындағы қатынастардың санаторийлер мен қонақ үйлер мен азаматтар арасындағы қатынастармен бірдей деген қорытындыға келуге мүмкіндік береді. Осы қатынастардың екі түрінің де шеңберінде азаматтар осы міндеттемелердің негізгі мазмұны мен мақсатын құрайтын түрлі қызметтер көрсету бойынша міндеттемелерге түседі, (мысалы, санаторийлерде - емделуге, моншада - жуынуға, шаштаразда – шашын қиғызуға және т.б.). Мекемелердің осы екі түрінде де азаматтардың болуы, оларға қызмет көрсету шарттары бойынша азаматтар оларға қызмет көрсеткен кезде мүліктерін арнайы бөлінген бөлмелерде (мысалы санаторийлерде-палаталарында, қызмет көрсететін бөлмелерінде) немесе сол үшін арналған орындарда (шкафтарда, моншада, бассейнде арнайы анықталған орында) сақтау шартына отырмастан қалдырады [36, с. 96]. Барлық осы жағдайларда тараптар қызмет көрсету бойынша құқықтық қатынастарға түседі.

Сақтаушыны еңсерілмейтін күш нәтижесінде мүлікті сақтау мүмкін болмағаны үшін жауапкершіліктен босату үшін оның өз міндеттерін орындамауы осы әрекетпен себептік байланыста болуы тиіс, дәл осы құбылыс (су тасқыны, жер сілкінісі және т.б.) сақтаушының қызметіне кері әсер еткені дәлелденуі тиіс. Егер де сақтаушы сақталатын мүлікке су тасқыны, боран, шторм кезінде зиян келтірілуі мүмкін екенін біле тұра өзіне қол жетімді құралдарды пайдалана отырып оны сақтау бойынша шара қабылдамаған болса оның мүлік жоғалған немесе зақымданған жағдайда еңсерілуі мүмкін емес

күшті сылтау етіп жауапкершіліктен босатылуына ешқандай да негіз болмайды. Ол еңсерілуі мүмкін емес күштің өзінің қызметіне ықпалын тоқтатуға мүмкіндігі болмағанын және соған байланысты мүлікті саақтай алмағанын дәлелдеуі тиіс. [36, с. 104-105]. Келесі мысал да қызығушылық тудырады.

Мысалы, тараптар арасында жасалынған шартқа сәйкес кооператив өзінің базасында контрагент – бірлестікке түсетін жүкті қабылдап, сақтауға, тиеу-түсіру жұмыстарын жүргізуге, ал бірлестік – көрсетілген қызметке төлем жүргізуге міндеттенді. Кооператив металлдың белгілі бір мөлшерін сақтауға қабылдады, бірақ оның жартысына жуығы «қарақшылық шабуыл» нәтижесінде жоғалды. Мұндай жағдайда КСРО жоғары арбитраждық Сотының Президиумы сақтаушының міндеттемесін орындамауы орын алғанын таныды, ол үшін шығынның орынын толтыру түріндегі жауапкершілік шарасы қолданылуы тиіс. Трестің кінасын белгілеу мақсатымен оның әрекетін бағалау мүлдем жүргізілген жоқ [36, с. 104-105].

Белгілі бір сақтаушылардың жауапкершілігінің шарттарының (негіздерінің) көлемін неғұрлым дәл анықтау үшін бастапқыда мұндай сақтаушылардың қызметінің мақсатын және сақтау бойынша қызмет оның қызметінде қандай сапада әрекет ететінін анықтау қажет.

ҚР АҚ сақтау бойынша нормаларға талдау егер де сақтауға беруші мүлкін келісілген уақытта алмаған болса, онда сақтаушы оның әрекетінде қасақаналық немесе абайсыздық болған жағдайда ғана мүліктің жоғалғаны, жетіспеушілігі немесе зақымданғаны үшін жауап береді. Бұл ережеге тек орынын толтырусыз сақтау шарты кірмейді.

ҚР АҚ 780 бабы мүлік жоғалған немесе жетіспеген жағдайда осы мүліктің тек нақтылы құны ғана қайтарылуыға жатқызылады деп белгілейді. Мүлік зақымданған жағдайда орынын толтыру тек оның құны төмендеген көлемде ғана жүзеге асырылады. Сақтау нәтижесінде мүліктің елеулі көлемде өзгеруі және өзінің жаңа сапасында сақтауға берушіге қажетсіз болуы мүмкіндігін де есепке алу қажет. Мұндай жағдайда сақтауға беруші мұндай мүлікті қабылдаудан бас тартуға және сақтаушыдан (оның кінасы дәлелденген жағдайда) келтірілген шығынның орынын толтыруды талап етуге құқылы болады. Егер де мекеме сақтауды қызметінің негізгі міндеті ретінде жүзеге асыратын болса, онда ҚР АҚ 779 бабының 1 тармағына сәйкес мұндай мекеме үшін мүліктің сақталмағаны үшін жауапкершілік кінасының болу болмауына қарамастан туындайды. Бұл жеерде сөз мұздатқыш камералардың иелері туралы болып отыр, олар үшін сақтау жарғылық құжаттарында қарастырылған қызметінің негізгі мақсаттарының бірі болып табылады.

Тәжірибеде сақтау шартына отыру кезінде мұздатқыш камералардың иелері- сақтаушылардың өнімнің сақталуы үшін жауапкершілігі мүлдем қарастырылмайтын жағдайлар да жиі кездеседі.

Сақталынған өнімдердің табиғи шығын салдарынан мүмкін болатын норма шегінде жетіспеушілігі қалыптасқан жағдайда мұздатқыш камераның иесі ол үшін жауап бермейді. Мұндай шығындар мүлікті сақтауға бергеннің есебіне жатқызылады. Егер де өнімнің жетіспеушілігі табиғи шығынның белгіленген нормасынан асып кететін болса онда ол үшін өзінің кінасының



болғаны немесе болмағанына қарамастан жауапкершілік мұздатқыш камераның иесіне жүктеледі. Табиғи шығын нормасы сақталған өнімнің нақтылы жетіспеушілігі жағдайында ғана қолданылады [36, с. 104-105].

Ломбард сияқты кәсіпқой сақтаушының қызметіне талдау жасай келе оның мүліктің сақталуы үшін жоғары деңгейдегі жауапкершілігі болатынын көрсетуіміз қажет. Бірақ кейбір цивилистер бұл жағдайға да күманмен қарайды. Мысалы, Г.К. Матвеев өзінің «Азаматтық құқықтық жауапкершілікті негіздеу» еңбегінде келесідей сұрақ қояды: «Неліктен ломбард немесе сақтау камерасы өзгенің мүлкінің сақталуы үшін жоғары деңгейде жауапкершілікте болады, ал театр тек кінасы үшін ғана (пальто гардеробқа тапсырылған)?» [123, с. 84].

В.А. Тархов «Кеңестік азаматтық құқық бойынша жауапкершілік» атты еңбегінде жоғары деңгейдегі жауапкершілік «жоғары деңгейдегі мұқияттылық, сақтық қажет болған және міндеттемені орындау барысында зиян келтірілудің алдын алу бойынша барлық шаралар қабылданған» жағдайда белгіленеді деп көрсетеді [124, с. 70-72].

Мысалы, ҚР АҚ 779 бабына сәйкес ломбард, кәсіпқой сақтаушы ретінде егер де мүліктің жоғалуы, жетіспеушілігі немесе зақым келтірілуі еңсерілуі мүмкін емес күштің әсерінен немесе мүліктің қасиеттеріне байланысты болғанын, оны сақтаушы мүлікті сақтауға қабылдау кезінде білмегенін, біілуге тиіс емес болғанын, немесе сақтауға берушінің қасақана әрекеті немесе абайсыздығы салдарынан орын алғанын дәлелдей алмаса, онда мүлікті жоғалтқаны, жетіспеушілігі немесе зақымданғаны үшін жауап береді.

Қабылданған мүлікті сақтаушы кері қайтарып алатын мерзім туған кездегі мүліктің жоғалуы, жетіспеушілігі немесе зақымданғаны үшін сақтаушы тек оның тарапынан қасақана немесе абайсыздық салдарынан орын алған жағдайда ғана жауап береді (ҚР АҚ 781 бабының 1 тармағы) (ҚР АҚ 779 бабының 2 тармағы).

Мысалы, «Оскар и К» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі сотқа «Прометей» акционерлік қоғамының үстінен сақтау шарты бойынша қайтарылмаған құрылыс материалдарының құнын құрайтын 5942540 теңге шығынды өндіріп беру туралы талап арыз түсіреді. Қалалық соттың осы іс бойынша сот актілерін үш мәрте облыстық сот оның қаулысында көрсетілген өкімдердің орындалмауы, талап арыздың көлемі бойынша құнының дәлелденбеуі, іс жағдайының толық анықталмауы себепті күшін жойып, қайта қарауға жіберді. Сот жаңа шешім қабылдағанға дейін талапкер талап арыздың құнын материалдардың құнын ағымдағы жылдың бағасымен анықтай келе 7060392 тенгеге өсірді. Сот шешімімен жауапкерден 5483190 тенге өндірілді, талап арыздың өзге бөлігі қанағаттандырылмады. Апелляциялық сот 5483190 тенгені өндіру бойынша шешімнің күшін жойды, талапты қанағаттандырудан бас тартты. Апелляциялық инстанция соты сақтау мерзімі біткен және талапкер уақытымен кері қайтарып алмаған мүлікке қатысты жауапкер тарапынан қасақаналықтың немесе абайсыздықтың орын алмағаны туралы қорытынды жасады. Сот актісі өзге бөлігінде өзгеріссіз қалдырылды [37]. Егер де сақтаушы ретінде тауар қоймасы әрекет ететін болса, онда қойманың жауапкершілік көлемі қандай болады? Осы мәселені қарастырып көрелік.

ҚР АҚ 780 бабының 2 тармағына сәйкес сақтаушы, демек тікелей тауар қоймасы нақтылы шығын ретінде көрініс беретін шығынның орынын толтырады. ҚР АҚ 9 бабының 4 тармағына сәйкес шығын деп құқығы бұзылған тұлға жүргізген немесе бұзылған құқықты қалпына келтіру үшін жүргізуі тиіс шығын ды, оның мүлкінің жоғалуын немесе зақымдануын айтады (нақтылы шығын).

Егер де мүліктің жоғалуы немесе жетіспеушілігі айқын болса, онда жауапкершілік жетіспеген немесе зақымданған көлемде жүзеге асырылады, мүлікті зақымдағаны үшін жауапкершілік мүліктің құны төмендеген сома көлемінде жүзеге асырылады.

Сақтау шарты бойынша сақтаушының жауапкершілігі мүлік жоғалған, жетіспеген немесе зақымданған жағдайда оның жоғалған, жетіспеген, зақымданған мүлік құны шеңберінде ғана жауапкершілік туындайды.

"Рифма" ЖШС сотқа "Полиграфия" ӨБ үстінен соңғысының қағазды өз бетінше пайдаланғаны және шығындауынан туындаған және оны сақтауға жұмсаалған шығындардан 573 678 тенге өндіру, жауапкердің шарттық міндеттемелерін орындамағаны үшін - 1 401 723,40 тенге шығында, қағазды пайдаланудан алынбаған табыстан жіберіліп алған пайда - 919 677 тенге, қағаздың пайдаланылмағанынан келген шығын - 1 504 143 тенге және іскерлік беделіне нұқсан келтірілгені үшін моральдық шығын - 2 500 000 тенге, жиыны 6 898 609,40 тенге өндіріп беру туралы талап арыз түсірді.

Ақтөбе облыстық сотының 1998 жылғы 7 сотының «Полиграфия» ӨБ «Рифма» ЖШС пайдасына 2 206 497 теңге көлемінде қарызын өндіру және 100 000 теңге моралдық шығын өндіру, 66 519 теңге мемлекеттік алымды қайтару туралы шешімі 1998 жылғы 8 қазанда сот төрағасының қаулысымен өзгеріссіз қалдырылды. Талап арыздың өзге бөлігі қанағаттандырылмады [37].

Қоймада сақтау шарты орынын толтырымды болатындықтан ол сақтаушыға тиісті сыйақы төлеуді қарастырады. Біз мұндай қорытындығы ҚР АҚ 791 бабының түсініктемесіне сілтеме жасай отырып келе аламыз. Қойма куәлігінің мәтінінде сыйақы туралы белгі (жазба) болуы тиіс. Орынын толтырымды сақтау шарты бойынша сақтаушының, демек тауар қоймасының жауапкершілігі ҚР АҚ 780 бабына сәйкес анықталуы тиіс, атап айтқанда нақтылы шығын және жіберіліп алынған табыс түріндегі шығынның орыны толтырылуы тиіс. Жіберіліп алынған табысқа келетін болсақ онда бұл норма диспозитивті болады, соған байланысты тараптар оны алып тастауы мүмкін.

Бұл жағдайдағы басты мәселе тәжірибеде сыйақы көлемі «орынын толтырымсыз» деп көрсетілген қойма куәліктерінің шығарылып жатқанын көруге болады, алайда ҚР АҚ нормалары бойынша оған жол берілмейді. ҚР АҚ 791 бабы тауар қоймасының тек орынын толтырымды қызметі ғана белгіленеді (біз қоймада сақтау туралы шарт жөнінде айтып отырған жоқпыз, себебі ол туралы АҚ ешқандай да түсінік берілмеген). ҚР АҚ нормалары мен тәжірибе арасында қайшылық туындайды. Әдетте мүліктің нақтылы құны белгіленген құндық бағалаудан артық немесе кем болып шығады, сондықтан сот осы құндық өлшемді кім белгілегенін есепке алатын болады [125, с. 83].

Егер де құныны тікелей сақтауға беруші белгілеген болса, онда қосымша

талап үшін негіз пайда болмайды. Алайда ҚР АҚ осы мәселе бойынша ешқандай сілтемелер жоқ. Бірақ түрлі себептермен мүліктің құндық өлшемін жүргізу мүлдем жүргізілмейтін жағдайлар да болып тұрады. Мұндай жағдайда ҚР АҚ басшылыққа алынылуы тиіс, оған сәйкес шығындарды анықтау кезінде міндеттеме орындалуы тиіс болған уақыттағы баға есепке алынады [126, с. 54].

Егер де қойма сақтауға қабылданған мүлікті толық қайтармаса, немесе тиісті сапада қайтармаса, онда қойма куәлігін ұстаушыға тауар қоймасынан өзіне орынын толтыртқызу құқығынан айырылып қалмас үшін ҚР АҚ 793 бабының ережелерін сақтау қажет болады, атап айтқанда: тауар қоймасы тауар ұстаушыға тауарды немесе оның үлгілерін тексеру мүмкіндігін беруге міндетті. Тауар иесі оны қоймадан алар кезде тауардың жоғалғаны, зақымданғаны немесе жетіспеушілігі туралы хабарлауға міндетті, ал бірден көрінбейтін зақымданулар туралы оларды анықтау үшін қажетті мерзім ішінде хабарлауға міндетті болады.

Қолданыстағы заңнамаларда тауарды тауар қоймасынан тауар иесіне берудің мерзімі мен тәртібін реттейтін арнайы нормалардың жоқ екенін атап өтуіміз қажет. Сақтау шарты туралы жалпы ережелер сақтаушының сақтауға берушінің бірінші талап ету бойынша сақтауға қабылданған мүлікті қайтарып беру міндеттілігін қарастырады (ст. 773 ГК РК).

Алайда, тауар қоймаларына қатысты осы норманы үнемі оңай пайдалана беруге келмейді (әсіресе сөз мүлікті дараландырусыз сақтау туралы болған болса). Соған байланысты тауар берілуі тиіс нақтылы мерзім көлемін көрсету тиімді болады деп ойлаймыз. Сонымен қатар, осы процесстің өзін нақтылай түсу қажет болады.

Жоғарыда аталғандарды есепке ала отырып тауар қоймасында сақтау ерекшеліктерін реттейтін нормативтік құқықтық акт шығаруды ұсынамыз.

ҚР АҚ 787 бабына сәйкес 787 ГК РК, көлік мекемелерінің сақтау камераларында сақтауды бөліп көрсету қажет. Кәсіпқой сақтаудың осы түрін қарастыра келе бұл бап осы ережелер АСК-ға тарала ма деген сұраққа жауап бермейтінін атап көрсетуіміз қажет. Кейбір авторлар, мысалы А.П. Сергеев, «заң шығарушы РФ АҚ 923 (ҚР АҚ 787 бабы) бабымен автоматты сақтау камераларын пайдаланумен байланысты қызметті де қамтыған» деп есептейді [51, с. 538].

А.П. Сергеевтің пікірімен де келісуге болады, себебі «көлік мекемелерінің сақтау камераларында сақтау» ұғымы «автоматты сақтау камераларында сақтау» ұғымымен салыстырғанда неғұрлым кең мағнада болып келеді. Логикалық ойлау жағынан келетін болсақ екінші ұғым бірінші ұғымның құрамында болуы тиіс деген қорытынды жасауға болады. Сондықтан да осы жағын зерттеу кезінде біз автоматты сақтау камераларын көлік мекемелерінің сақтау камераларында сақтаудың құрамдас бөліктерінің бірі ретінде қарастыратын боламыз.

Бұл мәселені А.Ю. Кабалкин, П. Мозговой, Е. Муженский, З.И. Цыбуленко, М.И. Суслов сияқты авторлардың бірнеше мәрте қарастырғанын айта кетуіміз қажет.

АСК, туралы айта келе осы камераларда сақтау тек олардың құлыптау

құралдары дұрыс істеген жағдайда олардан ұрлық жасау фактілерінің көптеп кездесетініне көңіл аударуымыз қажет [127, с. 25]. Неліктен? Және мұндай жағдайда АСК иесі қандай жауапкершілікке тартылуы мүмкін?

Барлық жұмыс істемейтін ұяшықтарға «бос емес» жағдайында тосқауыл қойылады. Егер де өз мүлкін АСК орналастырған азамат шифрын ұмытып қалса немесе құлыптау тетігі бұзылған болса, онда мұндай ұяшықты тек комиссия құра отырып ашады. Комиссия құрамына вокзал бойынша кезекші және тікелей АСК меңгерушісі немесе қызметкері кіреді.

Жоғарыда аталғанды есепке ала отырып вокзал әкімшіліктері тарапынан өз мүліктерін АСК сақтауға қойған азаматтардың мүлкі сақтаулы болуы үшін барлық шаралар қабылданатыны туралы қорытынды жасауға болады. АСК ұрлық жасау әдістеріне келетін болсақ, олар әр түрлі болып келуі мүмкін: «шифрді бөгде адам оны ұяшық шифрлауыншысында алған кезде оның артында немесе жақын жерде тұрып көріп қоюы мүмкін. Көптеген адамдар шифр ретінде өзінің туған жылын немесе есімін алады (әріппен теретін кезде). Кейбіреулер шифр ретінде төрт бірдей санды алады, мұның өзі мұндай шифрды тез тауып алуға мүмкіндік береді. Кейбір жағдайларда азамат алған шифрді білу үшін оның қасына 10 – 12 жастағы балаларды жібереді, олар кейін өздері көрген сандарды ересектерге келіп айтады, ал олар осы сандарды пайдаланып ұрлық жасайды» [36, с. 110-111]. Мүліктердің АСК ұрланғанын дәлелдеудің қиындығы темір жол көлігінің жұмыс ерекшеліктерімен, оны жүзеге асыру әдістерінің көптігімен, әдетте куәлардың немесе заттай айғақтардың немесе өзге де дәлелдердің болмауымен, сондай-ақ ұрлықтың жүзеге асырылу мерзімі туралы мәліметтердің болмауымен байланысты болып келеді.

Сақтауға берушінің мүлкі жоғалған, жетіспеген немесе зақымданған жағдайда сақтау камерасының иесі осы сақтауға беруші тиісті талап қойған кезден бастап 24 сағат ішінде шығындардың орынын толтыруға міндетті. Егер де сақтау камерасының иесі белгілі бір себептермен 24 сағат ішінде шығынның орынын толтыра алмаған болса, онда сақтауға беруші осы сақтаушыдан ҚР АҚ реттелген пайыз төлеуді талап етуге құқылы болады.

Бірақ кез келген жағдайда сақтау камерасының жауапкершілігі сақтауға берушінің өзі көрсеткен мүліктің ақшалай бағамына сәйкес ақысын төлейтін болады. Мұндай мүлікті бағалауды сақтауға беруші мүлікті сақтауға тапсырған кезде жүзеге асырады.

Біздің пікірімізше С. Н. Братусьтің «азаматтардың мүлкін өз қызметінің жарғылық мақсаттарының бірі ретінде сақтауды жүзеге асыратын вокзалдардың әкімшілігі тек кінасы белгіленген жағдайда ғана емес, оған байланысты емес жағдайларда да мүліктің жоғалғаны немесе зақымданғаны үшін жауап беруі тиіс. Мұндай сақтаушылар құлыптау құралдары дұрыс жұмыс істеп тұрғанда да, олар дұрыс істемеген жағдайда да жауап беруі тиіс екенін атап көрсету қажет. Сонымен қатар мүліктің жоғалтылуымен байланысты шығынның орынын толтыру бойынша міндеттілік ұяшықтың құлпының кімнің кінасынан – станция қызметкерлерінің бе, әлде үшінші тұлғалардың ба кінасынан бұзылғанына тәуелділікке қойылмайды» деген көзқарасымен келісуге

болады [128, с. 10-11].

Құлып құралдары дұрыс жұмыс істеп тұрған кезде АСК мүлікті ұрлау жағдайлары мен әдістеріне талдау жасай келе тиісті сақтаушыларға қатысты жоғары жауапкершілік шаралары қолданылуы тиіс екенін атап көрсету қажет болады. Біздің пікірімізше мұндай жауапкершілік аталған сақтаушылар үшін олар АСК пайдаланған кезде азаматтардың мүліктерінің сақталуын қамтамасыз ету үшін барлық мүмкін болатын шараларды қабылдауы үшін ынталандыру болып табылады. Мұндай құқықтық қатынастарда жоғары деңгейдегі жауапкершілік шараларын қолдануды атап айтқанда келесі авторлар: В.А. Тархов [114, с. 73], О.С. Иоффе [129, с. 25], және т.б. ғалымдар қолдайды. Сақтаушының мамандануының өзі оның клиенттеріне өзге жағдайлардағы сақтау шарттарымен қамтамасыз етілетінмен салыстырғанда неғұрлым жоғары деңгейдегі кепілдеме беруді ақтайды. Кәсіпқой сақтаушы маман болып табылады, қажетті бөлмелері, түрлі тетіктері, құралдары болады, мұның өзі оны жұмысына барынша жауапкершілікпен қарауға және тіпті кездейсоқ пайда болған жағдай үшін де жауап беруге міндеттейді.

Азаматтардың мүліктік құқықтарының жеткілікті деңгейде толық қорғалмауының негізгі себептері бірінші кезекте көп жағдайларда азаматтар мен тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындары арасында қалыптасатын қатынастар заңның өзімен реттелмейтіндігімен, үнемі заң нормаларына сәйкес келе бермейтін заңға тәуелді актілермен реттелетіндіктен деп есептейміз. А.Ю.Кабалкин атап көрсеткендей, «тұрмыстық қызмет көрсету саласын реттейтін барлық бірдей заңға тәуелді актілермен азаматтар мамандандырылған мекемелермен салыстырғанда бірдей құқықтық жағдайға қойылмайды» [130, с. 26-30]. Н.С. Малейннің заңға тәуелді актілер тым көп және азаматтар үшін үнемі қол жетімді бола бермейді деген пікірімен де келісуге болады. Оларды түрлі деңгейдегі органдар шығарады, олар ведомстволық көзқарастарға тәуелді және үнемі заң нормаларына сәйкес келе бермейді [131, с. 46].

Кәсіпқой сақтаушылар – мекемелердің жауапкершілігімен қатар сақтаушылар – азаматтардың да жауапкершілігін бөліп көрсету қажет болады. Бұл жауапкершілік өз міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапкершіліктің жалпы шарттары негізінде туындайды. Сақтаушы – азаматтың жауапкершілігі сақтау бойынша шарттың орынын толтырымды немесе орынын толтырымсыз жасалуына, сондай-ақ оған сақтауға қандай мүлік берілетініне байланысты туындайды. Сақтауға берілетін мүлік сақтауға беруші азаматқа да, сақтауға беруші мекемеге де тиесілі болуы мүмкін.

Егер де сақтауды азамат орынын толтырымсыз жүзеге асыратын болса, онда жауапкершілік тек оның әрекетінен қасақаналық немесе абайсыздық белгілері байқалатын болса ғана туындайды.

Азаматтың абайсыздығы дегеніміз егер де ол мүліктің жоғалуы немесе зақымдануы мүмкін екенін сезіне тұра өзіне сеніп тапсырылған мүлікті сақтау үшін шаруашылық жағынан тиімді болып табылатын және ең қарапайым, ең қажетті мөлшердегі қабылдамаған жағдайда туындайды [36, с. 115].

Абайсыздық кезінде сақтаушы мұқият болудың ең шағын мөлшердегі

талаптарын сақтамайды [45, с. 136].

О.А. Красавчиковтың «Жоғары деңгейдегі қауіп көзі келтірген зиянның орынын толтыру» [132, с. 179], Г.К. Матвеевтің «Азаматтық – құқықтық жауапкершілік негіздері» [123, с. 173], О.С. Иоффенің «Міндеттілік құқығы» сияқты ғылыми еңбектерімен таныса келе [44, с. 154], ғалымдар арасында абайсыздықтан болған кінаны қарапайым және ауыр деп бөлу бойынша ортаақ пікірдің жоқ екені туралы қорытынды жасауға болады.

О.С. Иоффенің «қарапайым және ауыр абайсыздықтың арасындағы айырмашылықты мүмкін болатын саалдарын алдын ала болжай білу деңгейіне байланысты жүргізу қажет» деген пікірімен келісуге болады деп ойлаймыз [45, с. 154].

Бір жағынан қарапайым абайсыздық кезінде сақтаушы осындай жағдайларда қабылдауға болатын және әдетте жүзеге асырылатын барлық қарапайым әрекеттерді орындады деп есептелінеді, бірақ екінші жағынан, өзіне сақтауға берілген мүлікті сақтау үшін барлық қажетті және жеткілікті шаралар қабылданбады. Бірақ сақтаушы өзі қабылдаған шаралардың жеткіліксіз екенін сезінуі және өз кезегінде осы мүліктің жоғалуына немесе зақымдануына алып келетінін білуі тиіс. Орынын толтыра сақтауда сақтаушы азаматқа неғұрлым жоғары талаптар қойылады. Бұл жағдайда мұндай сақтаушы үшін жауапкершілік тіпті қарапайым абайсыздық кезіндегі мүліктің жоғалуы, жетіспеушілігі немесе зақымдануы үшін де туындайды.

Егер де келісілген мерзім ішінде сақтауға беруші өзінің мүлікті кері қайтарып алу бойынша міндеттемесін орындамайтын болса, онда сақтаушы азамат үшін мүліктің жоғалтылғаны, жетіспеушілігі немесе зақымданғаны үшін жауапкершілік тек оның тарапынан қасақаналық немесе ауыр абайсыздық орын алған жағдайда ғана туындайды.

Сонымен сақтауға беруші өзінің мүлікті қайтарып алу мерзімін өткізіп алғана жағдайда сақтаушының жауапкершілігі төмендейді. Қарапайым абайсыздық кезінде мүліктің сақталуы үшін сақтаушы жауап бермейді. Бұл ережелер мүлікті олар үшін сақтау қызметінің негізгі мақсаты болып табылатын мекеме, сондай-ақ сақтауды жүзеге асыру қызметінің қосымша немесе қосалқы түрі болып табылатын кәсіпорындар, сондай – ақ азаматтар сақтаған жағдайларға да тарайды [36, с. 118].

Егере де мүлікті қайтарып алуды сақтаушы кешіктірген болса, онда мұндай жағдайда жауапкершілік сақталған мүліктің кездейсоқ жойылуы немесе зақымданғаны үшін де туындайды. Мүлік жоғалған, жетіспеген немесе зақымданған жағдайда сақтаушы ҚР АҚ 350 бабына сәйкес сақтауға берушінің шығындарының орынын толтыруға міндетті болады.

Орынын толтырусыз сақтау кезінде сақтауға берушіге мүлікті жоғалту, жетіспеушілігі немесе зақымдануы салдарынан келтірілген шығындардың орыны келесі жағдайларда толтырылады:

- Мүлік жоғалтылған немесе жетіспеген жағдайда — жоғалтылған немесе жетіспеген мүліктің құны көлемінде;

- Мүлікті зақымдағаны үшін ол құнын жоғалтқан сома көлемінде.

Сақтаушы жауап беретін зақымдану нәтижесінде мүліктің сапасының

өзгергені соншалық оны өзінің бастапқы мақсаты бойынша пайдалану мүмкін емес болатын болса, сақтауға беруші одан бас тартуға және сақтаушыдан заңмен немесе сақтау шартымен өзгеше қаралмаған болса осы мүліктің құнын және өзге де шығындарын қайтаруды талап етуге құқылы болады (ҚР АҚ 780 бабы).

Осы жағынан қарауды қорытындылай келе автор орынын толтырусыз сақтауды жүзеге асыратын сақтаушы азаматтың жауапкершілігін жеке санатқа бөліп қарастыруға қатысты ұсыныс білдіреді.

ҚР АҚ 780 бабының шеңберін ұлғайту қажет, атап айтқанда, қарастырылған норманың 2 тармағына 2 азат жолды енгізу қажет, онда азаматтардың мүлкіін орынын толтырусыз негізде сақтауды жүзеге асыратын азамат тек кінасы болған жағдайда, оның әрекеті немесе әрекетсіздігінде қасақаналық немесе ауыр аабайсыздық орын алған жағдайда ғана жауап беруі тиіс.

Сақтау шартының екінші субъектісі – сақтауға берушіні қарастыра келе ол үшін де сақтау міндеттілігі бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапкершілік туындауы мүмкін екенін атап көрсетуіміз қажет. Сақтауға берушінің сақтаушыға келтірілген шығыны үшін тек кінасы болған жағдайда ғана жауап беретінін атап көрсетуіміз қажет.

Сақтау шартын нақтылы және консенсуалды деп бөлуге қайта орала келе консенсуалды сақтау шартында сақтауға берушінің негізгі міндеттерінің бірі - мүлікті тиісті сақтауға беру (тапсыру) болып табылатыны туралы қорытынды жасауға болады. Әдеетте мұндай жауапкершілік мұздатқыштарда жылдам бұзылатын өнімдерді сақтау шарты кезінде туындайды. Мұндай өнімдерді беру шартпен белгіленген мерзім ішінде жүзеге асырылуы тиіс, олай болмаған жағдайда мұндай мерзімді бұзу тиісті міндеттемелерді орындамауға алып келеді, оның өзі сақтауға берушінің жауапкершілігіне алып келуі мүмкін. Егер де мұздатқыш алаңды қандай да болмасын бір мекеме брондап қойған болса, онда алаң иесі осы мұздатқыш құралға өзге мекемелердің тауарларын немесе өнімдерін қабылдап, орналастыра алмайды, демек, егер де мұндай алаң сақтауға берушінің кінасынан пайдаланылмайтын болса, онда сақтауға берушіде сақтаушының шығындарының орынын толтыру міндеттілігі пайда болады. Мұндай жағдайда сақтаушы ретінде әрекет ететін мұздатқыш камераның иесі осындай бөлмені тиісінше дайындауды жүзеге асыруы мүмкін, мысалы, жөндеу жұмыстарын жүргізуі, мұндай жағдайда бұл шығындар өзін өзі ақтамайды және орыны толтырылмауы мүмкін.

Мүлікті мерзімінен бұрын талап етуге келетін болсақ (мұздатқыш камерадағы өнімдерді), онда сақтаушыға тиісті шығындардың орынын толтыру қажеттігі туралы айтуға болады. Мысалы, К.А.Граве [65, с. 320], М.И.Коган [104, с. 20] «мүлікті мерзімінен бұрын алудан туындаған шығындардың орыны сақтаушыға толтырылуы тиіс» деп есептейді.

Егер де сақтауға беруші сақтаушыға сыйақы төлеу мерзімін өткізіп алатын болса, онда өз кезегінде сақтаушыда әрбір өткізілген күн үшін пени төлеуді талап ету құқығы пайда болады, бірақ тек бұл заңмен немесе тараптардың келісімімен қарастырылған болса ғана. Жекелеме жағдайларда

сақтау үшін төлемнің мерзімі өткізілген жағдайда мекемелер арасында пайда болатын қатынастарда сақтауға берушіге пайыз төлеу міндеті жүктелінеді. Сонымен қатар сақтауға берушінің жауапкершілігі ол шаартпен белгіленген мерзімнің аяқталуы бойынша өзінің міндеттемесін бұзған жағдайда да туындауы мүмкін [29, с. 127].

Оған мысал ретінде ҚР Жоғары Сотының шаруашылық істер бойынша коллегиясының 2001 жылғы 6 наурыздағы Шығыс Қазақстан облыстық сотының 2000 жылғы 25 желтоқсандағы № 21 азаматтық іс бойынша «Норекс» ЖШС «Востокнефтепродукт» АҚ 6197456 теңге өндіру туралы талап арызын қанағаттандыру туралы шешімінің күшін жою туралы анықтамасын келтіруге болады.

Шешім материалдық және іс жүргізу құқығы нормаларының дұрыс түсіндірілмеуі себепті күшін жойды.

ЖШС және АҚ арасында мұнай өнімдерін сақтау туралы шаарт жасалынған, оған сәйкес жауапкер сақтауға қабылданған өнімді өткізуге басымдық құқығына ие болады. Кейіннен өнімнің өткізілмеген бөлігін шарт мерзімі аяқталғаннан кейін талапкер алып кетпеген және сақтау бойынша қызметтің ақысын төлемеген, сотта тараптар өзара есептескен.

Сот қалған 6197456 теңге көлеміндегі соманы жауапкерден өндіру туралы қаулы шығарады. Коллегия өзінің анықтамасында ҚР АҚ 774 бабына сәйкес тараптардың келісімінде қарастырылған мерзім аяқталған кезде сақтауға беруші мұнай өнімдеріне толық тексеру жүргізіп үлгермеген болса, онда сақтаушы тауарды өз меншігіне ала алмайды, ол сақталуын жалғастыра береді, ал сақтауға беруші бұрынғы мөлшерде төлем жасауға міндетті [37].

Сақтаушыға белгіленген мерзімнен кейін де мүлікті сақтау міндеті жүктелетіндіктен орынын толтыру шартында сақтауға берушіге сақтаушыға мүлікті одан әрі сақтағаны үшін көлемі сәйкес келетін сыйақы төлеу бойынша міндеттілік жүктелінеді (ҚР АҚ 774 бабы).

Егер де сақтау шарты орынын толтырымсыз негізде жасалынған болса, онда сақтауға беруші сақтаушының шартпен белгіленген сақтау мерзімі біткеннен кейін сақтаууды жалғастыруымен байланысты тиісті шығындарының орынын толтыруға міндетті болады.

Сонымен қатар сақтауға берушіге сақтаушының бөлмесі сақтау мерзімі өткен мүлікке толып тұруына байланысты өзге мүліктерін үшінші тұлғаға сақтауға беруге мәжбүр болуымен байланысты туындаған шығындарының орынын толтыру міндеттілігі жүктелінеді. Мұндай жағдайда сақтаушы осы шығындардың орынын толтыруға тиісті сақтауға берушінің кінасынан сақтау төлемі, бөлмені жалға алу бойынша шығынға ұшырайды [45, с. 130].

Автор тәжірибеде сақтауға берілген мүлік өзінің табиғи қасиеттерімен тиісті сақтаушыға зиян келтіруі мүмкін болатын жағдайлар да болатынын көрсетеді. Мысалы, егер сақтауға ауру жаануар берілетін болса, ол ауруын өзімен бірге орналастырылған сақтаушының өзіне немесе үшінші тұлғаларға тиесілі өзге жануарларға жұқтыруы, соның салдарынан шығын келтіруі мүмкін. Бұл жағдайда сақтауға берушінің сақтаушыға тапсырылатын мүліктің қауіпті қасиеттері туралы алдын ала ескерту міндеттілігі туралы айтуға болады.



О.С. Иоффе атап көрсеткендей, «егер де сақтаушы мүліктің зиянды сапалары туралы білсе немесе білуі тиіс болса, бірақ соған қарамастан мүлікті сақтауға қабылдаса, онда олсоған байланысты осы мүлікті тапсырған адамды жауапкершілікке тарту мүмкін болмауы себепті шығындардың алдын алу бойынша қажетті шараларды қабылдау мүмкіндігіне ие болады» [133, с. 350].

Сақтаушы өзіне сақтауға берілген мүліктің зиянды қасиеттеріі туралы білмеуі де мүмкін екенін айта кетуіміз қажет, сол себепті ол өзіне тапсырылған осы мүліктің зиянды қасиеттерін білген жағдайда қабылдайтын шараларды қабылдамауы да мүмкін.

Сақтауға беруші сақтаушыға өзге сақтауға берушілердің немесе сақтаушының өзінің мүлкіне өзінің қауіпті қасиеттерімен зиян келтіруі мүмкін мүлікті залалсыздандыру немесе жою бойынша шара қабылдау бойынша мүмкіндік беруге міндетті. Сақтауға берушінің сақтаушының осындай мүлікті залалсыздандыру бойынша шара қабылдауымен байланысты шығынға ұшырау мүмкіндігіне келетін болсақ ол орынын толтыруға жатқызылмайды. Егер де сақтау шарты орыныны толтырушылықты болып жасалынған болса, онда сақтаушыда сыйақы алу құқығы сақталынады. Бұл алынбаған сыйақы толық көлемде төленуге жаатқызылатынын, ал төленіп қойылғанын сақтауға берушінің кері қайтарып ала алмайтынын білдіреді [2,с. 109].

Автор ҚР АҚ қауіпті қасиеттері бар мүлікті сақтау туралы ереже енгізуді ұсынады, бұл бап сақтауға берушінің осындай сақтауды жүзеге асырумен байланысты сақтаушыға және үшінші тұлғаларға келтірілген зияны үшін жауапкершілігі мәселелерін неғұрлым айқын реттеуге мүмкіндік берген болар еді. РФ АҚ 894 бабында сақтауға берушінің жауапкершілігіне қатысты ерекше ереже бар. Мұнда қауіпті қасиеттері бар мүлікті сақтау туралы сөз болып отыр, атап айтқанда сақтауға берушінің сақтаушыға тапсырылатын мүліктің қауіпті қасиеттері туралы ескерту міндеттілігі туралы айтылып отыр. Біздің заң шығарушылар қолданыстағы АҚ осыған ұқсас норма енгізген жоқ, сақтау міндеттемелерінің дамуын ескере келе осыған ұқсас нормалар ҚР АҚ де қабылдануы тиіс.

Сақтауға берушіге өзінің кінасынан немесе кінасыз осындай міндеттемелерді орындамағаны үшін осындай сақтаудың барлық тиімсіз салдары үшін жауапкершілік жүктелген болар еді. Бұдан шығатын қорытынды сақтауға беруші сақтаушыға қауіпті қасиеттері бар мүлікті залалсыздандыру немесе жою бойынша құқық беруі тиіс, мұның өзінде сақтаушы оны кез келген уақытта жүзеге асыра алатын болуы тиіс. Мұндай жағдайда сақтауға беруші шығынның орынын толтыруды талап ету құқығын жоғалтады. Сонымен қатар, орынын толтырушы сақтау шартында сақтаушының өз сыйақысын талап ету және алу құқығы сақталып қалған болар еді.

А. Кожухарова «сақтауға беруші сақтаушыға шарт жасау кезінде өзіне белгілі мүліктің кемшіліктері туралы хабарлауы тиіс, егер де ол осылай жасамаған болса өзіне қасақана кіна артқан болар еді» деген болатын[134, с. 378].

Енді сақтаушы ретінде кәсіпқой сақтаушы әрекет еткен және сақтау шарты орынын толтырымды негізде жасалған жағдайда осы мәселенің қалай

шешілетінін қарастырайық. Бұл жерде сақтауға беруші үшін неғұрлым жеңілірек жауапкершілік деңгейі болатынын атап көрсетуіміз қажет. Бұл жерде сөз сақтаушы өзіне мүліктің дұрыс емес атаумен тапсырылған жағдайда қателесетін жағдай туралы сөз болып отыр. Мүліктің тиісті сақтауға дұрыс емес атаумен тапсырылғанын дәлелдеу процессі үлкен маңызға ие болады. Дәлелдеудің барлық процедуралары сақтаушыға жүктеледі. Мұндай жағдайда сақтауға берушінің қасақана немесе қасақана емес әрекет еткенінің маңызы болмайды. Мұндай жағдайда кез келген жағдайда сақтаушыда тапсырылған заттың қауіпті қасиеттері бар екеніне көз жеткізу мүмкіндігі болмайды.

Егер де мүлікті сақтауға тапсырған тұлға оның қауіпті қасиеттері туралы білген, бірақ ол туралы сақтаушыға хабарламаған болса, онда ол өзіне жүктелген міндетті орындамаған болып шығады. Демек, ол тапсырған мүліктің зиянды қасиеттерінен келтірілген шығын үшін жауапкершілік оған жүктеледі. Егер де сақтауға беруші тапсырылатын заттың өзіне белгілі қауіпті қасиеттері туралы сақтаушыға ескерткен болса мұндай шығындарды болдырмауға болатын еді, демек ол өзінің міндеттерін саналы түрде орындаған болар еді. Мұндай сақтауға берушілердің әрекеті құқыққа қарсы болып табылады және оны жаппай айыптауға болады.

Сақтауға тапсырылатын мүліктің зиянды қасиеттерін қарастыра келе ол сақтаушының мүлкіне немесе үшінші тұлғаның мүлкіне зиян келтіруі мүмкін екенін атап көрсетуіміз қажет. Кейбір авторлар, атап айтқанда Н.А. Боровиков, сақтаушыға немесе үшінші тұлғаларға сақтауға тапсырылатын мүліктің зиянды қасиеттеріне байланысты келтірілетін зиянды табиғи шығындар деп аталатын шығындар нәтижесінде пайда болуы мүмкін шығындармен араластырып көрсетеді [135, с. 76]. Табиғи шығын кезінде сақтаушының мүлкі сандық жағынан алғанда азаймайды, демек шығынға келесі жақ- тікелей сақтауға беруші ұшырайды. Сақтаушы тарапынан да, сақтауға беруші тарапынан да кіна болмаған жағдайда сақтауға беруші шығынға ұшырайды. Егер де сақтауға беруші сақтауға тапсырылатын мүліктің зиянды қасиеттері бар екенін білген болса және сақтаушыға осындай қасиеттерінің бар екенін ескерту бойынша өз міндеттемесін орындамаған болса сақтаушы кез келген жағдайда сақтауға тапсырылатын мүлікті қабылдау кезінде, әсіресе бұл тауар қоймасына қатысты, бірнеше қажетті шараларды жүзеге асыруға міндетті болады. Бұл шаралардың құрамына мыналар кіруі мүмкін: сараптама жүргізу, тиісті анализдер алу; берілетін мүліктің (тауардың) сапасы туралы сертификаттар мен анықтамаларды тексеру; тиісінше қабылдауды жүзеге асыру.

Сақтау шартындағы тараптардың жауапкершілігінің ерекшеліктерімен таныса келе келесідей қорытынды жасауға болады:

1 Сақтау шартында тараптардың жауапкершілігін анықтау өлшемі сақтау шартының орынын толтырымды немесе орынын толтырымсыздығына, кәсіпқой сақтаудың, сондай-ақ кәсіпқой емес сақтаудың ерекшеліктеріне байланысты болады;

2 Орынын толтырымсыз сақтауды жүзеге асыратынын сақтаушы азаматтың жауапкершілігін жеке санаатқа бөлу туралы ұсыныс жасалынды;

3 ҚР АҚ зиянды қасиеттері бар мүлікті сақтау туралы ереже енгізу

қажеттігі дәлелденді, бұл бап осындай сақтаудың жүзеге асырылуымен байланысты сақтауға берушінің зиян келтірілген сақтаушы мен үшінші тұлғалар алдындағы жауапкершілігі мәселесін неғұрлым айқын реттеуге мүмкіндік берген болар еді.

Пайда болатын құқықтық қатынастардың ерекше субъектілік құрамы, сақтау затының ерекшелігі, көрсетілетін қызметтің меерзімділігі, кейбір шарттардың жария сипаты, сақтау шартын жасау мен рәсімдеудің ерекше тәртібі – сақтаудың арнайы түрлеріне тән болып келетін ерекшеліктердің толық емес түрлерінің тізімі осындай, олар туралы біз бұдан әрі қарастыратын боламыз.

### **3 САҚТАУ ШАРТЫНЫҢ ЖЕКЕЛЕМЕ ТҮРЛЕРІНІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ**

Қазіргі кезеңді болашақта дербес типологиялық өмір сүруге үміткер болып отырған сақтау шартының моделін белсенді қалыптастыру уақыты деп сеніммен айтуға болады.

Көптеген азаматтық- құқықтық шарттардың ортақ қасиеттері де, оларды бір бірінен ажыратып қарастыруға болатын ерекше қасиеттері де болады.

Олардың көпшілік түрлері арасынан бағдар алу үшін оларды жекелеме түрлерге бөлу қарастырылған.

Мұндай бөліністің негізінде көзделген мақсатқа байланысты түрлі бағамдар жатуы мүмкін. Шарттарды бөлудің үлкен ғылыми және сонымен қатар тәжірибелік маңызы бар. Ол азаматтық айналымға қатысушыларға өз қызметінде шарттардың неғұрлым елеулі қасиеттерін жеткілікті деңгейде жеңіл анықтауына және пайдалануына, тәжірибеде өз қажеттіктеріне неғұрлым жоғары деңгейде сәйкес келетін шарттарды пайдалануына мүмкіндік береді» [47, с. 505].

Бағамдардың түрлеріне қарау сақтау шарттарын келесі түрлерге бөлуге болады:

#### **1 Субъектісі бойынша: кәсіпқой және кәсіпқой емес шарттар.**

Сақтауды кәсіпқой және кәсіпқой емес деп бөлу субъективті бағам бойынша жүзеге асырылады: ол сақтаушы жағынан кім әрекет ететініне байланысты. Кәсіпқой сақтаушы болып табылатындар: біріншіден, коммерциялық мекеме, екіншіден, сақтауды өзінің кәсіптік қызметінің бір мақсаты ретінде жүзеге асыратын коммерциялық емес мекеме [53, с. 13]. Арнайы құқықтық қабілеттігіне байланысты коммерциялық емес мекеменің жарғысы кәсіптік қызметінің сапасы ретінде көрсетілуі тиіс. Кәсіпқой сақтау ол мекеменің қосалқы (қосымша) емес негізгі шеңберінде жүзеге асырылуын қарастырады.

#### **2 Заты бойынша: жылжымалы мүліктер мен жылжымайтын (секвестр) мүліктерді сақтау бойынша сақтау шарттары.**

Жалпы ережелер бойынша сақтау шартының объектілеріне жылжымалы мүліктер жатқызылады, демек, 39 тарау тек дербес анықталатын немесе туыстық белгілері бойынша анықталатын жылжымалы мүліктерді құқықтық реттеуді қарастырады. Бұл ережеге тек жылжымалы мүлікті де, секвестр тәртібімен жылжымайтын мүлікті де сақтауды қарастыратын даулы заттарды сақтау жағдайы ғана жатқызылмайды.

#### **3 Орыны толтырылымдығы бойынша: орынын толтырымды сақтау шарты және орыны толтырылмайтын сақтау шарты.**

АК жаңалығы сақтаудың орынын толтырылымды презумциясы болып табылады, және сақтаушы сыйақы талап етуге құқылы болады. Тек егер де тараптардың келісімі бойынша немесе заң актілері арқылы сақтаудың жекелеме түрлері үшін сақтаудың орынын толтырылымсыздығы тікелей қарастырылмаған болса (АК 774 бабының 1 тармағы).

#### **4 Шарт түрі бойынша: жазбаша түрдегі сақтау шарты және ауызша түрдегі сақтау шарты.**

Сақтау шартының формасы – қарапайым жазбааша. Бірақ шартқа отырылғандықты жетондар, номерлер, сақтау қолхаттарын, түбіртектер және өзге де легитимдеуші белгілер беру арқылы да жасауға болады. Тұрмыстық қызмет түріндегі шарт ауызша түрде жасалынуы мүмкін.

**5 Заттың қасиеттері бойынша: - қауіпсіз заттарды және қауіпті қасиеттері бар заттарды сақтау шаарттары.**

Шарттың осы бөлімі үшін жіктеу бағамы сақтау үшін тапсырылатын мүліктің ерекше сипаттамалары, атап айтқанда олардың қауіпті қасиеттері болады. Шарттардың қарастырылатын бөлігінің құқықтық маңызы мүліктің қауіпті сапаларының көрініс беруімен байланысты шығынның пайда болуының (арттырылуының) алдын алумен байланысты сақтаушының өкілеттілігін ерекше реттеуден, сондай-ақ қауіпті қасиеттері бар мүліктерді сақтау кезіндегі тараптардың жауапкершілігі туралы арнайы ережелерді белгілеуден тұрады, ол туралы бұдан әрі сөз болатын болады.

**6 Сақтау шарты бойынша (жағдайға байланысты сақтау): кәдуелгі және төтенше сақтау шарттары.**

Мүлікті сақтауға беру төтенше жағдайлар кезінде – өрт, табиғи аапат, күтпеген жерден ауыру, шабуыл жасау қатері кезінде берілуі мүмкін. Мұндай жағдайлар кезінде жасалынатын шарттардың ерекшелігі мүліктің берілгендігін дәлелдеуге жол берілетіндігі жалпы ережелерден бөлек куалардың куаліктері арқылы жүзеге асырылады. Сақтау шартының жекелеме түрлері туралы нормалар ҚР АҚ 39 бабының 2 тарауында көрсетілген. Алайда әдебиеттерде көрсетілгендей қарастырылатын шарттың реттелетін түрлерімен сақтаудың барлық қолданыстағы түрлері шектелмейді. ҚР АҚ тәжірибеде неғұрлым кең тараған түрлері ғана бөліп көрсетілген, сол себепті зерттелетін шарттардың түрлері өзекті болып табылады.

Сақтау түрлерінің аражігін ашып көрсетуге мүмкіндік беретін тиісті сақтау түрлерінің негізгі ерекшелік белгілеріне атап айтқанда арнайы субъектілік құрамын, сақтау затының ерекшеліктерін, шартты рәсімдеу ерекшеліктерін, шарт тараптарында ерекше міндеттер мен құқықтардың болуын жаатқызуға болады.

ҚР АҚ ерекше бөліп көрсетілген сақтау түрлеріне мыналар жатады:

- ломбардта сақтау;
- құндылықтарды банкте сақтау;
- көлік мекемелерінің сақтау камераларында сақтау;
- мекемелердің гардеробтарында сақтау;
- қонақ үйде сақтау;
- даулы мүліктерді сақтау - секвестр;
- тауар қоймасында сақтау.

Келтірілген нормативтік регламенттеу біздің пікірімізше келесі факторлармен негізделеді:

- 1 Шарттың осы түрлерінің тәжірибеде барыныша кең таралғандығымен;
- 2 АҚ шеңберінде барынша құқықтық регламенттелуімен.

Шарттардың жекелеме түрлерін бөліп көрсету соңғы нәтижесінде шарттың тиісті моделі үшін арнайы құқықтық режим белгілеу қажеттігі

туындайтынымен байланысты болып келеді.

Сақтау түрлеріне өзге де қатынастарды жатқызуға болады, мысалы, құнды металлдарды, құнды тастарды және олардан жасалынған бұйымдарды, мемлекеттік қордың материалдық құндылықтарын сақтау, мұнай және газды сақтау, дәрі дәрмектер мен есірткі заттарын сақтау және т.б. сақтау түрлері. Аталған қатынастар арнайы реттеледі.

ҚР АҚ және өзге де заңдардың аталған және өзге де сақтау түрлеріне қатысты арнайы ережелері ҚР АҚ сақтау туралы жалпы ережелерімен салыстырғанда басымдыққа ие болатынын есепке алу қажет. Бұл ҚР АҚ шарттық қатынастарды реттеуге қатысты ортақ көзқарасы.

Автор заңнамалар арқылы регламенттеу сақтау шартының ерекшеліктерін неғұрлым толық қамтиды деп есептейді, сол себепті жұмыстың келесі тарауларында сақтау шартының жекелеме түрлерін зерттеу заңнамалық тұжырымдама негізінде құрылатын болады.

### **3.1 КӘСІПҚОЙ САҚТАУ ШАРТТАРЫ**

**Ломбардта сақтау.** Мүлікті ломбардта сақтау шарты соңғы кезде түрлі экономикалық себептерге байланысты тұрғындар арасында үлкен сұранысқа ие болып келеді. Бұл шарт контрагенттері арасындағы құқықтық қатынастарды тағы да бір рет мұқият қарастыру, шарт ерекшеліктерін анықтау және құқықтық реттеу мәселелерін анықтау қажет екенін көрсетеді.

Ломбардта сақтау бойынша қатынастар әдетте оның негізгі қызметі – жеке тұтыну үшін қажетті несие берумен байланысты болып келеді. Тсы жағдайда несиені қамтамасыз ететін кепіл салым түріне ие болады. АҚ 328 бабына сәйкес ломбардқа салынатын заттарды ломбард пайдалануға және иелік етуге құқылы емес екендігі туралы сөз болып отыр.

Ломбард – азаматтардан қысқа мерзімге несие беру үшін жеке тұтынуға арналған жылжымалы мүлікті кепілге алуда жүзеге асыратын, сондай-ақ заңмен белгіленген тәртіппен сатып алынбаған немесе қайта талап етілмеген мүлікті өткізу бойынша қызмет атқаратын мекеме

Қазақстан Республикасы аумағында ломбардтардың қызметі АҚ нормаларымен реттеледі. Бұл мекемелердің қызметін құқықтық реттеу соңғы кезеңде біздің ойымызша үнемі өзін өзі ақтай бермейтін елеулі өзгерістерге ұшырады. 2001 жылғы 5 қыркүйектегі ломбардтар қызметін құру, реттеу және тоқтату ережелері күшін жойды [136], 2004 жылғы 16 ақпандағы № 43 ломбардтар қызметін лицензиялау, реттеу, тоқтату ережелерімен [137], ломбард қызметін міндетті түрде лицензиялау алынып тасталды. Осының барлығы көрсетілетін қызметтің сапасына теріс саалдар алып келді. Табыс табуды бірінші кезекке қоя отырып өз жұмысында кепілге салынған мүлікті қоймада сақтау және қалыпты жағдайларда сақтау бойынша талаптарды сақтамайтын өте көп ломбардтар пайда болды, ломбардтарда тиісті күзет қызметі ұйымдастырылмаған және т.б.. Сондай-ақ ломбардтарды құру процедурасы жеңілдетілуі, олардың қызметін қадағалайтын арнайы органдар жоқ екендігі сақтауға берушілерді өте тиімсіз жағдайға қояды, мұның өзі өз кезегінде

соңғылары үшін өте тиімсіз салдарға алып келеді. Жоғарыда аталғандардың негізінде ломбардтардың қызметін реттейтін заңнамаларды міндетті лицензиялау шартымен олардың қызметін реттейтін нормативтік акт қабылдау арқылы сәйкестікке келтіру қажет деп есептейміз.

Ломбардтардың кепілге қойылған заттарды сақтау бойынша міндеттілігі оның кепіл беруші жағдайымен тікелей байланысты болып келеді. Осы себепті ломбард берген несиені қамтамасыз ететін кепіл заттарын сақтау АҚ 328 бабымен реттеледі. Және сонда АҚ 784 және 785 баптары тек заң сәйкестігі ретінде ғана қолданылуы мүмкін болып шығады. Мұндай саралаудың маңызын ломбардтың қабылданған мүліктің тұтастығы мен сақталуы үшін жауапкершілігін мысалға ала отырып көруге болады. Егер де сөз жеке қызмет түрі ретіндегі сақтау туралы болған болатын болса, онда АҚ 784 және 785 баптарында осыған байланысты пайдаланылатын арнайы нормалардың жоқ болуына байланысты АҚ 768 бабының жалпы ережелері қолданылатын болады. Одан ломбард кәсіпқой сақтаушы ретінде мүліктің жоғалуы, жетіспеушілігі немесе зақымдануы үшін ол келесі үш жағдай негізінде болды деп дәлелдеген жағдайлардан өзге жағдайларда ғана жауап беретіні туындайды:

-еңсерілмейтін күш нәтижесінде;

-сақтаушы сақтауға қабылдай отырып білмеген және білуге тиісті емес болған мүліктің қасиеттері;

-сақтауға берушінің қасақана әрекеті немесе қатаң абайсыздығы

Мүлікті кепілге алғандағы жағдай мүлдем басқаша болады. Онда ломбард мүліктің жоғалғаны, жетіспеушілігі немесе зақымданғаны үшін өзін жауапкершіліктен босату үшін бұл еңсерілуі мүмкін емес күштің әсерінен жүзеге асты деп дәлелдеуі қажет болады (АҚ 328 бабының 4 тармағы). Сонымен, заң шығарушы ломбардтың несие беруге ерекше қызығушылығын есепке ала отырып (сөз берілген несие бойынша алынатын пайыздар туралы болып отыр) мүліктің кездейсоқ бұзылуына жауапкершілігін еңсерілуі мүмкін емес күшке дейін ауыстыруды мүмкін деп тапты деген қорытынды жасауға болады [2, с. 137].

Ломбардта сақтау үшін белгіленген құқықтық режимнің ерекшелігі негізінен келесіге негізделеді.

1. Ломбардтың азаматқа тиесілі мүлікті сақтау бойынша жасасқан шарты жария болып табылады, сондықтан оған АҚ 387 бабымен белгіленген құқықтық режим таралады .

2. Сақтау шартын растаудың арнайы жазбаша түрі – ломбардтар сақтаушыға беретін атаулы сақтау түбіртегі бар. Сонымен қатар сақтауға беруші түбіртегі болмаса да тараптар арасында сақтау бойынша қатынастардың болғанын дәлелдеу құқығынан айырылмайды. Және тиісті фактіні дәлелдеу үшін тек қана жазбаша дәлелдер келтірілуі тиіс.

3. Тараптар өзара келісім бойынша сақтауға тапсырылатын мүлікті бағалауды жүргізеді. Мұндай бағалаудың осындай түрдегі және сападағы мүліктің саудада және сақтауға қабылданатын орында әдетте белгіленетін бағаға сәйкес жүргізілуі тиіс екені ерекше қарастырылған.

Келтірілген норма императивті болып табылады. Сол себепті ломбард мүлікті кепілге (сақтауға) қабылдаған кезде оны толық құнына бағаламай (сақтандыру мақсатындағы сияқты) қабылданатын зергерлік бұйым құрамындағы құмбат металлдың сатып алынатын бағасына қарай бағалай ала ма деген сауал тәжірибеде туындаған кезде оған АҚ 784 бабына сілтеме жасай отырып теріс жауап берілді. Тиісінше тараптар арасында дау туындаған жағдайда сот АҚ 784 бабының 2 тармағындағы ережелер бойынша есептелінген мүліктің толық құнын есепке алуы тиіс екеніне назар аударылды.

4. Ломбардқа сақтауға қабылданған мүлікті өз есебінен жоғарыда қарастырылған тәртіпке сәйкес жүргізілген сақтаушының пайдасына сақтандыру міндеті жүктелінеді .

5. Сақтауға беруші келісілген мерзім ішінде сақтауға берілген мүлікті кері қайтарып алу міндетін бұзған жағдайда ломбард оны тағы да үш ай мерзім ішінде сақтауға міндетті. Бүкіл осы уақыт ішінде сақтауға берушінің қарсы міндеттілігі – шартта қарастырылған сыйақыны төлеу міндеті де сақталынады. Тек осы жоғарыда аталған мерзім аяқталғаннан кейін ғана ломбард мүлікті белгіленген тәртіппен сата алады (оның кепілге берілген мүліктерді жүзеге асыруы үшін белгіленген тәртіппен). Себебі аталған үш ай мерзімі ішінде сату – тек ломбардтың құқығы, мүлік онда шектеусіз мерзімге сақталынуы мүмкін және бүкіл осы мерзім ішінде ломбардтың мүлікті сақтау, ал сақтауға берушінің белгіленген сыйақыны төлеу міндеттілігі сақтала береді.

6. Ломбардтың талап етілмеген мүлікті сату тәртібі туралы мәселе бойынша АҚ 784, 785 баптары АҚ 781 бабының 2 тармағына сілтеме жасайды. Өз кезегінде соңғы норма бұл тәртіпті нақтыламайды сондықтан біз АҚ 319, 320, 328 баптарына назар аударамыз. Бұл нормалар кепілге қойыылған мүлікті сауда ұйымдастыру арқылы сату процедурасын қарастырады.

7. Талап етілмеген мүлікті белгіленген тәртіппен сатудан түскен сомандан ломбард сақтаумен байланысты өзіне тиесілі өзге де төлемдерді, мысалы сақтауға берушіге қосымша көрсетілген қызмет үшін өзіне тиесілі сыйақыны ұстап қалуға құқылы. Жоғарыда аталғандардың барлығына қосымша ломбардта сақтаудың, сондай-ақ сақтаудың жекелеме түрлері бойынша §2 және § 3 көрсетілген өзге де түрлерінің конститутивтік белгілерінің бірі тиісті қызметтің орынын толтырымды жүзеге асырылатынын қоса айта кетуге болады.

Ломбардтар жүзеге асыратынын қызмет оның клиенттері үшін үлкен маңызға ие, ломбардтардың қызметін түрлі жағдайларға байланысты көптеген азаматтар пайдаланады. Сонымен қатар ломбард ашу процедурасының жеңілдетуімен бірге сақтауға берушілер үшін тиімсіз салдардың пайда болу тәуекелі арта түседі, ол кепіл затының жоғалтылуы, оның қанағаттанарлықсыз жағдайда қайтарылуы (тұрмыстық техника заттарын, мех өнімдерін, зергерлік бұйымдарын және т.б. сақтау бойынша қарапайым жағдайлардың жасалынбауы). Автор лицензиялау арқылы ломбардтар ашуға рұқсат беру



процедурасын күшейту және осындай шағын несие мекемелерінің қызметін реттейтін аарнайы нормативтік- құқықтық акт қабылдау қажеттігі туралы пікірін қуаттайды.

**Құндылықтарды банкте сақтау.** Банк органдарының қызметін жетілдіру және олар көрсететін қызмет салаларын кеңейту жеке және заңды тұлғаларда құндылықтарын ҚР банктерінде сақтау мүмкіндігінің пайда болуына алып келді.

АК 786 бабының 1 тармағында құндылықтар деп құнды қағаздар, қымбат металдар мен бағалы тастар, өзге де қымбат мүліктер, оның ішінде құжаттар (тиісті құндылықтарға құқықты растайтын құжаттар туралы сөз болып отыр) көрсетілген. Келтірілген тізім негізгі бөлігінде «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» ҚР Заңында (1 бабы 4 тармағы) «Валюталық құндылықтар» атауымен берілген бөлігімен сәйкес келеді [138].

АК 786 бабы құндылықтарды жеке банк сейфіне орналастыру аарқылы сақтау шартын (немесе жеке бөлмедегі сейф ұяшығында сақтау) және мұндай шартсыз сақтау шарттарын бөліп көрсетеді.

Аталған шартсыз банкпен шартқа отыру кәдуелгі сақтау шартының барлық белгілеріне сәйкес келеді АК 768 бабы). Тиісінше оған сақтау туралы жалпы ережелер қолданылады. АК осыған қатысты бірден бір нормасы АК 786 бабының 2 тармағында берілген және ол шарт формасына қатысты. Бұл жерде сөз аталған шартқа отыруды растайтын құжат атаулы сақтау құжаты болып табылатыны туралы болып отыр. Ол тауар бөлуші құжат болып табылмайды. Өзінің табиғаты бойынша ол тауар қоймасында сақтау кезіндегі қойма құжаты немесе ломбардта сақтау кезіндегі атаулы сақтау түбіртегі сияқты борыш құжаты болып табылады. Сондықтан да осы баптан көріп отырғанымыздай банк өзінде сақтауда тұрған құндылықты осы сақтау құжатына айырбастау арқылы беруге міндетті. Клиент оны банкке қайтарудан бас тартқан жағдайда банк оны орындауды ұстап қалуға құқылы. Атаулы сақтау құжатының банкте болуы басқаша дәлелденбейінше сақтаушының міндеттемесінің аяқталғанын білдіреді.

ҚР АК құндылықтарды банкте сақтаудың үш түрін бөліп көрсетеді:

-жеке банк сейфін пайдалану немесе берусіз құндылықтарды кәдуелгі сақтау;

-Құндылықтарды жеке банк сейфінде сақтау -;

- банктің сейфті мүліктік жалға алу шартымен беруі.

Барлық жағдайларда сақтау заты сақтауға берушінің құндылығы болып табылады. ҚР АК 786 бабының 1 тармағында құндылықтар ретінде құнды қағаздар, қымбат металдар, тастар, өзге де құнды мүліктер мен құндылықтар, оның ішінде құжаттар қарастырылады. М.И. Брагинскидің пікірінше осы тізімге енетін құжаттар тиісті құндылықтарға құқықпен байланыстырылуы тиіс [66, с. 781]. Біз ҚР АК 786 бабының 1 тармағы мұндай қорытынды жасау үшін негіз бермейді деп есептейміз, себебі банкте құндылық ретінде сақталуы мүмкін құжаттардың тізімін шектемейді.

Жеке банк сейфін беру немесе пайдаланумен байланысты емес құндылықтарды банкте сақтау сақтау шарты туралы жалпы ережелермен

реттеледі, себебі ҚР Ақ өзгеше қарастырылмаған. Оның жалғыз ерекшелігі мұндай шартқа отыру банктің сақтауға берушіге атаулы сақтау құжатын беруімен дәлелденеді, ол құнды қағаз болып табылмайды.

Құндылықтарды жеке банк сейфінде сақтаумен байланысты барлық жағдайларда клиентке құндылықтарды сейфке өзі салуы және одан өзі алуы құқығы беріледі. Осы құқықты жүзеге асыру үшін банкке клиентке сейф кілтін, клиентті тану мүмкіндігін беретін карточка немесе клиенттің сейфке және онда салынған құндылықтарға қол жеткізу құқығын растайтын өзге де белгілерді беру қажеттігімен байланысты міндеттер жүктелінеді. Сонымен қатар шарттың шарттарымен клиенттің банкте жеке сейфте сақталған құндылықтарымен жұмыс істеу құқығын беру қарастырылуы мүмкін.

Құндылықтарды банкте сақтау шарты жария сипаттағы шартқа жатқызылады, бұл банктің сейф қызметін көрсетуге лицензиясы болған жағдайда азаматтар мен жеке тұлғалардан құндылықтарды сақтауға қабылдаудан бас тартуға құқығы болмайтынын білдіреді.

Құндылықтарды сақтау шарты мүлікті нақтылы сақтауды қарастырады. Сондықтан да қызметтің бұл түрін құжатсыз құнды қағаздар бойынша құқықтарды бекіту бойынша кастодиалды қызметтен, депозитарлық қызметтен, сондай-ақ тиісті арнайы құқықтық реттеуге жататын және құндылықтарды банкте сақтау қызметіне қатысы жоқ металл шоттарды жүргізу бойынша қызметтерден бөліп қарастыру қажет. Сақтау шартының қарастырылатын түріне мүлікті банкте қарапайым сақтау да жатқызылмайды. Құндылықтарды банкте сақтау үшін арнайы банк қоймаларын немесе сейфтерін пайдалануды қарастырады, оларға қатысты заңнамаларда белгілі бір техникалық талаптар, сондай-ақ сейф ішіндегіні ұрланудан сақтауды қамтамасыз ету бойынша арнайы талаптар бар. Құндылықтарды банкте сақтау шарттары, оның ішінде сақтаудың әрбір жекелеме түрлеріне қатысты банктің арнайы ішкі ережелерінде бекітіледі, оларға лицензия алу кезінде Ұлттық банктің келісімі алынады.

Бұл ережелер олармен кез келген тұлға таныса алатындай көпшілік үшін қол жетімді болуы тиіс, тиісінше олар тіпті осы банктің клиенті болып табылмайтын болса да кез келген тұлғаның бірінші талап етуі бойынша танысу үшін берілуі тиіс. Арнайы ішкі ережелердің болуы әрбір сақтауға берушімен жеке сақтау шартына отыру қажеттігін болдырмайды және шарттың бұл түрі қосу шартына жатқызылады [50, с. 429].

Қазіргі қолданыстағы азаматтық заңнама (786 бап) құндылықтарды сейфте сақтау шартының екі бір бірінен елеулі көлемдегі айырмашылығы бар түрлерін бөліп көрсетеді. Бұл тікелей құндылықтарды банкте сақтау шарты және құндылықтарды жеке банк сейфін пайдалана отырып (сейф ұяшығын, сақтауға арналған жеке бөлмені) сақтау шарты.

Клиенттің жеке банк сейфін пайдалануы арқылы құндылықтарды сақтау шарты кезінде сақтауға берушіге жеке, демек тек қана өзі пайдалана алатын сейф беріледі. АҚ 786 бабының 3 тармағында атап көрсетілгендей бұл шарттың негізі мынадан тұрады, банк клиенттен сейфте сақталуы тиіс құндылықтарды қабылдайды, оларды клиенттің сейфке салуына және оларды сейфтен алуына

бақылау жасайды және сейфтен алынғаннан кейін ол (банк) оларды клиентке қайтарады.

Банк құндылықтарды қабылдайтын және қайтаратын болғандықтан бұл жағдайда сөз сақтау шартының шеңберіне жатқызылатын және сақтау шартының осы түрі туралы арнайы нормаларға қайшы келмейтін жалпы ережелердің әрекет етуіне бағынатын қатынастар туралы болып отыр деп есептеуге толық негіз бар. Ал соңғылардың қатарында – сақтаушының қабылдаған мүліктің тұтастығы мен сақталынуы үшін жауапкершілігіне арналған нормаларды ыжатқызуға болады (АК 778 және 779 баптары).

Заттарды (құндылықтарды) банк беретін сейфке орналастыру кезінде пайда болатын қатынастардың табиғатын зерттей келе Г.Ф. Шершеневич кезінде мұндай жағдайларда сақтау шарты моделін пайдаланудың мүмкін еместігі туралы қорытындыға келген болатын. «Банктердің жешіктерді жалға беру» шартын сақтау шартымен салыстыра келе (атап айтқанда темір жол станциясында жасалынатын жүкті сақтау шарты мысалға алынды), автор сақтау шартының нақтылы сипатына назар аударды, ол «мүлікті сақтауға берген кезде туындайды. Сонымен қатар жәшікті өз иелігіне ала отырып пайдаланушы оған ештеңе салмауы да мүмкін» [139, с. 530]. Автордың тағы бір ойы «банк сақтаушы ретінде жауап бере алмайды, себебі ол жәшікке не салыынғанын білмейді» деп көрсетті [139, с. 529]. Автордың теріс пікірдегі ойлары (сақтау шартының құрылымын жоққа шығаруы) және оң жағы (шарттың мүліктік жалға алу ерекшеліктеріне сәйкес келетінін тануы) қазіргі кезде де өз маңызын сақтауда. Соған қарамастан біздің пікірімізше қарастырылатын шарттың негізі тұтасымен жалға алу шеңберіне сыймайды. Олай болмаған жағдайда оны клиентке тиесілі бөлмеде сақтаудан сейфті прокатқа берген банктің жағдайында және банк бөлмесінде орналастырылған сейфті беру жағдайы арасында еш айырмашылық болмаған болар екенін көрсетсек те жеткілікті.

Алайда мұндай айырмашылық бар және ол банктің сейфті күзету бойынша өзіне міндеттеме қабылдайтынынан тұрады. Аталған элемент тиісті шарт үшін конститутивті қатарына жатқызылады. Осыған байланысты Г.Ф. Шершеневичтің өзінің «жәшікті жалға беруді» пайдаланудың болашағына қатысты пікірі өте қызықты. Олар мынадай болып келеді: «Әрине, қалыпты уақытты ешкім де мұндай жәшіктерде ақша ұстамайды. Бірақ бірінші қауіпті өсек тараған кезде банкте өз салымдарыны қалдырған адамдар өз салымдарын жағдай тұрақтанғанша өзге сенімді орында сақтау есебімен салымдарын кері қайтарып беруді талап етуі мүмкін» [139, с. 530]. Бірақ банк тарапынан күзету бойынша тиісті міндеттемелер қабылданбайынша банктегі шоттың орынына оның сейфін пайдалану арқылы өзінің мүлкін құтқаруға тырысатындардың табыла қоюының екіталай болатыны айқын.

Үшінші шарт – бұл бойынша банк өзінің міндеттерін пайдалану үшін оның ішіндегі мүліктің сақталуын қамтамасыз ету міндеттемесін өзіне қабылдамастан сейф берумен шектейді. АК 786 бабында бөліп көрсетілген саны бойынша ең соңғысы болып келетін осы шартқа қатысты АК 786 бабының 6 тармағында көрсетілген «Осы баппен белгіленген құндылықтарды банк сейфінде сақтау ережелері банк өз сейфін (сейф ұяшығын, сақтауға арналған

жеке бөлмені) өзге тұлғаға мүліктік жалға алу шартымен берген жағдайларға таралмайды».

Келтірілген нормадан мұндай жағдайда банк тек АҚ 548 бабы бойынша жалға берілген мүліктің кемшіліктерінен туындаған салдар бойынша ғана жауапкершілікте болады. Алайда мұндай жағдайда да банкке «күзет шарты бойынша тарп» міндеттемесі жүктеленетінін есте сақтауымыз қажет. Іс мынада: тиісті шарттың екі түрі бар: ұстағаны үшін жауапкершілікпен және мұндай жауапкершіліксіз. Бірінші жағдайда (ол сейфті жауапкершілікпен беруге қатысты орын алады) банк белгілі бір тәртіппен сейфте сақталғанның сақталуына кепілдік береді. Осы себепті оның жауапкершілігі жоғарыда атап өткеніміздей еңсерілуі мүмкін емес күшке дейін таралады. Сейфті жауапкершіліксіз беру туралы шартта тарап күзетпен қамтамасыз ету бойынша ғана өзіне міндеттеме қабылдайды. Сол себепті банк тек өзі кінәлы болған әрекет үшін ғана жауап береді. Сонымен, қорытындысында екінші және үшінші түрдегі шарттардың арасындағы айырмашылық банктің сейфте сақталатын құндылықтардың жоғалуы салдарына жауапкершілігі шеңберінен ғана тұрады: кінәсіз немесе тек қана кінәсі үшін.

**Тауар қоймасында сақтау.** Мемлекет экономикасының дамуы оның инфрақұрылымын жетілдіруді, атап айтқанда қойма шаруашылығы жүйесін реформалауды талап етеді. Қойма бөлмелерін және қызмет көрсететін персоналды ұстау кәсіпорыннан үлкен шығындарды талап етеді, олар үнемі өзін өзі ақтай бермейді. Соған байланысты сауда айналымында сыртқы мекемелерден тауарды сыйақыға қабылдау мүмкіндігін беретін құрылым пайда болды. Сонымен қатар тауарлардың кейбір түрлері арнайы құрал-жабдықтар мен ерекше технологияларды пайдалана отырып ерекше сақтау режимін талап етеді, мұның өзі қойма персоналының біліктілігіне жоғары деңгейдегі талап қояды. Мұның өзі біліктілігі жоғары персоналы бар, өзге субъектілердің тауарларын сыйақыға сақтауға қабылдау үшін тауар сақтауға арналған қазіргі заманғы құрал-жабдықтары бар, үлкен қоймаларды ұстауды мақсат ететін кәсіпорындардың құрылуына алып келді.

Кәсіпорындардың өзінің кәсіптік қызметінде тауар қоймасында сақтау шартын пайдалануы сауда айналымын жеңілдетіп, шығындарды азайтып қана қоймайды, сонымен қатар оның көлемін арттырады. Мұндай нәтижеге тауар қоймасының тауарды сақтауға қабылдағанын растайтын екі еселенген қойма куәлігін немесе қарапайым қойма куәлігін беру арқылы қол жеткізіледі. Өз негізінде тауар бөлуші құнды қағаз бола отырып олар тауардың қағаз түріндегі эквиваленті болып табылады. Соның салдарынан тауар өзінің орынын ауыстырмайды, тасымалдауға, тиісінше түсіруге жұмсалатын артық шығындар болмайды, алайда айналымдағы тауар қоймасының құнды қағаздары берілетін қолхат бойынша қолдан қолға беріледі, қағазға меншік құқығының көшуі тауарға меншік құқығының да көшуін білдіреді [146, с. 43]

Тауар қоймаларының операцияларының болашақта кең көлемде дамитынына күман келтіруге болмайды. Ал бұл өз кезегінде кәсіпкерлік қызметтің осы түріне аарналған заң актілерінің қабылдануына алып келуі тиіс болады.

Сақтау нормаларын алғаш рет кодтаған 1963 жылғы АҚ сонымен қатар қоймада сақтау қатынастарын бөліп көрсету қажет емес деп есептеді және қарастырылатын шарттың ерекше түрі ретінде ол туралы айтылмады. Мұны қолданыстағы Кодекс жүзеге асырды, ол тауар қоймасында сақтаудың орын алатыныын көрсетіп қана қоймай, сонымен қатар сақтаудың осы түріне тиісті тараудың арнайы параграфын арнады.

Қазіргі таңда қоймада сақтау бойынша қызмет заңдық негізде реттелген және қоймада сақтау шартының көмегімен заңдық жағынан жүзеге асырылған. Атап айтқанда ҚР АҚ (39 тарудың §3) және өзге де нормативтік құқықтық актілер қоймада сақтау бойынша қызметтің тауар қоймаларыын ашу, қоймалардың тауар бөлу құжаттарын беруі, жекелеме операцияларды жүргізу тәртібі сияқты жақтарын реттейді.

39 тарудың үшінші параграфы тауар қоймасында сақтау шартын реттеуге арналған. Тауар қоймасы деп тауар сақтауды жүзеге асыратын және кәсіпкерлік қызмет ретінде сақтаумен байланысты қызмет көрсететін коммерциялық мекеме танылады (ҚР АҚ 791 бабы).

Тауар қоймасының жария анықтамасы оған коммерциялық мекеме мәртебесін береді. Бірақ «коммерциялық емес мекемелер де белгіленген тәртіппен тауар сақтау бойынша кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға құқылы екенін есепке ала отырып тауар қоймасы туралы нормалар мұндай жағдайда оларға да таралатынын мойындауға тура келеді» [50, с. 378].

Заң шығарушы тауар қоймасын мекеме, демек заңды тұлға деп таниды. Тауар қоймасында сақтау бойынша қызмет көрсетуді қызмет түрінде қарастыру қажет деп есептейміз. Соған байланысты тауар қоймасының авторлық анықтамасы ұсынылады:

*«Тауар қоймасы деп сақтау бойынша қызмет көрсету саласында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға арналған мүлктік кешен танылады».*

Тауар қоймасы түрлерінің бірі жалпы пайдалануға арналған қойма болып табылады. Оның негізгі белгісі заңмен, өзге құқықтық актімен, рұқсатпен (лицензиямен) мұндай қоймаға (мұндай рөлді міндетті түрде коммерциялық мекеме атқаруы тиіс) кез келген тауар иесінен тауар қабылдау міндеттілігі жүктеелеетіні болып табылады. ҚР АҚ 792 бабының нормасының мазмұнынан тауар қоймасының екі түрі – жалпы пайдаланылатын және ведомстволық (демек тұлғалардың шектеулі көлеміне арналған) қоймалар болатыны танылады.

«ҚР АҚ 792 бабының 2 тармағына сәйкес жария шарт деп жалпы пайдалануға арналған тауар қоймасымен жасалынатын қоймада сақтау шарты танылады» [145, с. 8], демек, оларға толық көлемде АҚ 387 бабының мазмұнын құрайтын нормаларды қолдануға болады («Жария шарттар»). тиісінше, кез келген тұлғалар аталған қоймадан ол жасаған өзге шарттарда көрсетілген баға және т.б. шарттарды енгізе отырып аталған қойманың өздерімен де дәл осындай шартқа отыыруын талап етуге құқылы болады. Жалпы пайдалануға арналған қойма тек тауарды сақтауға қабылдаудың мүмкін еместігін дәлелдеген жағдайда ғана оны қабылдаудан жалтару мүмкіндігіне ие болады (мысалы қойманың толып қалуы немесе сақталатын тауар үшін арнайы

жағдайларды қамтамасыз етудің мүмкін еместігінен). Түрлі тұлғалар үшін сараланған шарттарды белгілеу тек заңда және өзге де құқықтық актілерде қарастырылған жеңілдіктер мен артықшылықтарды есепке ала отырып мүмкін болады. Мұнда АҚ 387 бабы тиісті шарт үшін ерекше шеңбер белгілейтінін есте сақтауымыз қажет. Сол арқылы сөз болып отырған нормалар ерекше сипатқа ие болады.

Шартта өзгеше көрсетілмеген болса тауар қоймасына тауарды сақтауға қабылдаған кезде өз есебінен оларға тексеру жүргізу, санын анықтау (дана немесе тауар орынының санын, немесе өлшемі- салмағын, көлемін), сондай- ақ ақыбылданатын мүліктің сыртқы жағдайын тексеру міндеттері жүктелінеді (АҚ 793 бабы).

Қойма, кәсіпқой сақтаушы ретінде кейінен тауарды қайтаратын кезде олардың жартылай жоғалтылғанын, жетіспеушілігін анықтаған жағдайда АҚ 782 бабында қарастырылған жағдайларға сілтеме жасай алмайды. Сөз сақтаушы білмеген және білуге тиісті болмаған тауар қасиеттері салдарына сілтеме жасау туралы болып отыр.

Осы себепті оған өзін жауапкершіліктен босату үшін сөз болып отырған қасиеттерді қабылдау кезіндегі сыртқы қарау кезінде оған анықтаудың мүмкін болмағанын дәлелдеу қажет болады. Сол арқылы тиісті нормалар қойманың белгілі бір міндеттемелерін ғана емес, сонымен қатар оның шектерін де белгілейді.

Қарастырылатын сақтау түрі ең алдымен оның негізі – «тауар» арқылы ерекшеленеді. АҚ 39 тарауының нормалары қандай тауарлардың қоймада сақтау объектілері болып табылатыны туралы ерекше тапсырмалары жоқ. АҚ 39 бабының § 3 гл. 39 жүйелік түсінік беру арқылы қоймада сақтау объектісі тек жылжымалы мүліктер болады, себебі қоймаға жылылжымайтын мүлікті орналастырудың ешқандай да мүмкіншілігі болмайды деп айтуға болады. Сондай ақ шарттың осы түрінің объектісі дербес анықталған мүліктер және туыстық белгілері арқылы жіктелетін мүліктер болуы мүмкін. Алайда қоймада сақтау объектісі ретінде ақша мен құнды қағаздар әрекет ете алмайды, себебі оларда тауар қасиеттері жоқ.

Сонымен, қоймада сақтау шартына қатысты тауар деп туыстық белгілерімен немесе дербес белгілерімен анықталатын, тұтыну үшін емес, өткізуге арналған және тауар иесі тек қана тауар айналымы объектісі деп қарастыратын материалдық әлем объектілерін айтуға болады.

Тауар қоймасын құрудың мақсаты берілген мүліктің сақталуын қамтамасыз ету ғана емес, сонымен қатар тауар қоймада болған кезде олардың айналымдағы қозғалысы жалғаса беруі үшін жағдай жасау болып табылады. Мүлкін тауар қоймасына қойған адам көбінесе оларды болашақта өткізуді көздейді және көп жағдайда оған тауар қоймасы тарапынан тікелей уәкеп көрсетілетініне есеп жасайды.

Тауар қоймасының аталған мақсаты екі түрлі мазмұнға ие болады. Ең алдымен сөз тиісті арнайы нормалардың 39 тараудың § 3 тегіннен «тауар иесі» деп аталмаған сақтауға берушіге қоймада сақталған тауарды айналымға жіберу мүмкіндігін беруді қарастырады. Нәтижесінде мүлікті кім тапсырды, мүлікті

алуға кім келді фигураларын біріктіруді қарастыратын сақтау моделі осы жағдайға қатысты сәйкес келетін болып табылмайды. Тиісінше сақтаудың қарастырылған түрінің құқықтық режимінің маңызды элементін «тауар қоймасы» ұғымының өзінің синониміне айналған тауар бөлу құжаттарының көмегімен тараптар арасындағы қатынастарды рәсімдеу құрайды.

Заң шығарушы берген анықтамаға жасалынған талдау сақтау шартының осы түрінің үш міндетті белгісін бөліп көрсетуге мүмкіндік береді.

Біріншісі — «тауар» қызмет ететін ерекше зат. Жоғарыда атап өткендермен қатар бұл мүлікті дербес анықталған ретінде де, туыстық белгілері бойынша да тиісті мүлік сапасында пайдалануға мүмкіндік береді, демек, тиісті қатынастарға жағдайға байланысты кәдуелгі және қоймаға неғұрлым тән болып келетін реттелмейтін сақтауды таратуға мүмкіндік береді.

Екіншісі – ерекше субъектілік құрамы. АҚ шартқа сақтаушы ретінде қатысу мүмкіндігін белгілі бір кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен байланыстырады. Ал мұның өзі қарастырылатын шартта сақтаушы рөлінде коммерциялық мекемелермен қатар коммерциялық емес мекемелер де әрекет ете алатынын білдіреді (соңғылары олардың сақтау бойынша қызметі өздері құрылған мақсаттарға қол жеткізуге қызмет ететін және оған сәйкес келген жағдайда).

Бұл жерде сөз коммерциялық емес мекемелер, сондай-ақ өзінің құқықтық қабілетінде шектелген коммерциялық мекемелер туралы болып отыр. Тауар қоймасында сақтау шарттары қызметтің екі түрімен байланысты болуы мүмкін екенін есепке алуымыз қажет. Сөз тауарды сақтау және тауарды өткізу туралы болып отыр. Сондықтан да сақтаушының тауарға өкілеттік жүргізу бойынша келісімдері оның арнайы құқықтық қабілеттігінің шегінен шығып кететін нұсқаларының да болуы мүмкін. Сақталатын тауарлардың кейбір түрлері де қоймаға берілген лицензияның шегінен тысқары болып шығуы да мүмкін екенін есте сақтауымыз қажет.

Қарастырылатын шартта тауар қоймасының контрагенттері тек олар үшін сақтауға берілген мүлік тауар болып табылатындар, демек, сақтауға берушілер оларды сатуды өзінің кәсіпкерлік қызметінің шеңберінде жүзеге асыра алатын мүліктер болатындар ғана бола алады. Тек осы жағдайда ғана оларға АҚ 39 бабының § 3 қарастырылған тәртіп таралады, оның ішінде тауарды сақтау бойынша қатынастарды өкілеттік беретін құжаттар арқылы рәсімдеу мүмкіндігін қоса есептегенде, сондай-ақ тауар қоймасына сақтауда тұрған тауарларды өткізу құқығын беру. Барлық өзге жағдайларда тауар қоймасында сақтау тек қана кәдуелгі сақтау режимінде жүзеге асырылуы тиіс. Және тиісінше оларға сақтау туралы жалпы ережелер таралуы тиіс.

Қоймада сақтау шартының үшінші белгісі тиісті қызметті тауар қоймасының сыйақыға көрсететінен көрінеді. Сол арқылы қоймада сақтау шартының орынын толтырушылығы императивті нормада қарастырылған жағдайға жатқызылмайды, қоймада сақтаудың конститутивті белгісі болып табылады. Орынын толтырымсыз сақтау бойынша қатынастар тіпті тиісті қызметті тауар қоймасы көрсеткен жағдайда да АҚ 39 бабының § 3 реттеу шегінен тысқары болады. Оның нормаалары мұндай жағдайларда орынын

толтырусыз сақтауға тек АҚ жалпы бөлімімен белгіленген режимде заң ұқсастығы жолымен ғана қолданылуы мүмкін.

Тауар қоймаларының ерекшеліктері тауарды сақтау шарттарын өзгерту мәселесін шешу кезінде де көрініс береді (АҚ793 бабының 4 тармағы). Сақтау шартын өзгерту туралы жалпы ережелерде қарастырылғаннан айырмашылығы (АҚ 776 бабының 1 тармағы), тауар қоймасына тауардың сақталуын қамтамасыз ету үшін сақтау шартын өзгерту қажеттігі пайда болған жағдайларда контрагенттің келісімін беруін күтпестен тиісті шараларды қабылдау туралы дербес шешім қабылдау құқығы беріледі. Ол тек осындай шараларды қабылдағаннан кейін ол туралы контрагентке хабар беруге міндетті болады. Мұндай міндет сақтаушыға тек қана сақтау шартына елеулі көлемдегі өзгеріс енгізу туралы сөз болған жағдайда ғана жүктелінеді. АҚ елеулі емес өзгерістер туралы контрагентке хабарламай ақ қоюға да болады деген қорытынды жасауға негіз береді.

Сақтаушы тауар өзінде болған кезде өзінің көлемі бойынша шартта келісілген шектен шығып кететін немесе әдеттегі бұзылу нормасынан асып кететін зақымдануды анықтаған жағдайда тауар қоймасына АҚ 793 бабының 3 тармағында көрсетілгендей осы мәселе бойынша тез арада акт құрастыру, дәл осы күні тауар иесіне хабар беру міндеті жүктелінеді. Егер де сақтаушы аталған міндеттемені орындамайтын болса, тауар иесі уақытымен хабарланған жағдайда тауардың одан әрі бұзылуына жол бермеген болар едім дегенге сілтеме жасай алады.

Қоймада сақтау қатынастарына субсидиарлы түрде болса да сақтау туралы жалпы ережелер таралатындықтан бұл тауар қоймасы оған АҚ 776 бабының 2 тармағында берілген сақтау кезінде мүліктің бұзылғанын немесе бұзылу қаупі төнгенін анықтаған, өзіне мүлікті сақтауды қамтамасыз етуге мүмкіндік бермейтін және тауар иесінің мерзімімен шара қабылдайтынына сенім жоқтығынан өзіне берілген сақтаушы құқығын пайдалана алады деген қорытынды жасауға болады.

Мұндай жағдайда тауар қоймасының оған тауар иесінің келісімін сұрамастан мүлікті сатып жіберу (бір бөлігін сату) мүмкіндігін пайдалана алатыны туралы сөз болып отыр. Сату сақталу орынында қалыптасқан бағаға жүргізілуі тиіс. Сонымен қатар тиісті міндеттемелер сақтаушы жауап бермейтін жағдайларға байланысты пайда болған барлық жағдайларда ол сатудан түскен пайда есебінен өзінің шығындарының орынын толтыруды талап етуге құқылы болады.

Қоймада сақтау шартының әр тарабына тауарды қайтару кезінде контрагенттен оны тексеруді және санын тексеруді талап ету құқығы беріледі. Тексерудің мақсаты — қайтарылатын тауардың сапасы мен жағдайын тексеру болып табылады. Бұл жағдайларды әдетте екі контрагент бірлесе отырып белгілейді. Тиісінше, бұл жағдайда жол берілген ауытқушылықтар екі жақты актіде көрсетіледі. АҚ 793 бабының 2 тармағы қайтарылатын тауарларды қарау мен сапасын тексеру белгілі бір шығындармен байланысты болатын жағдайларды есепке ала келе бұл шығындардың өтеуі тауарды қарау (олардың санын тексеруді) қажет екенін айтқан тарапқа жүктелуі мүмкін екенін



қарастырады. Мұндай салдар ешбір тараптың құқық бұзушылығы анықталмаған жағдайларға есептелінген. Сақтаушыға байланысты болып келетін тауардың жетіспеушілігі немесе бұзылуы анықталған кездегі жағдай мүлдем басқаша болады. Мұндай жағдайда АҚ 795 бабы әрекет етеді, ал бұл сөз болып отырған тауар иесіне келтірілген шығында сақтаушының орынын толтыруына жатқызылатын шығындар құрамына қосуды білдіреді. Тауар иесі кіналы деп танылған жағдайларда шығынды оның өтеуіне тура келеді [2, с. 127].

Егер де белгілі бір себептермен қойма тауарды қайтарған кезде тауарды бірлесе қарау мен санын тексеру жүргізілмеген болса тауардың жетіспеушілігін немесе бұзылғанын тауар иесінің өзі белгілей алады (бұл жерде сөз сақтаушының қарауға қатысудан бас тартқан немесе анықталған кемшіліктерді актіде көрсетуден бас тартқан, ал тауардың жетіспеушілігі немесе бұзылуы тауар иесінің қоймасында анықталған жағдайлар туралы болып отыр). Аталған жағдайда тауар иесі сақтаушыға осы мәселе бойынша жазбаша хабарлама жасауы мүмкін. Сөз «хабарлама» туралы болып отырғандықтан жай ғана тиісті факт туралы хабарлаудың жеткіліксіз болатыны айқын. Мұндай түрдегі құжат ерік білдіретін акт болуы тиіс. Сол арқылы хабарламаны кімнің атынан жіберу керектігі (тауар иесінің атынан тиісті құқықтық маңызы бар әрекеттерді жүзеге асыруға өкілеттік берілген тұлғадан), сондай-ақ белгілі бір талаптар жиынтығына жауап беруі тиіс хабарламаның мазмұны анықталады. Атап айтқанда сөз «ашық кемшіліктер», демек тауарды қабылдаудың әдеттегі әдісі кезінде анықталғаны туралы болған болса хабарламаны сақтаушыға бірден тауарды қабылдау кезінде жіберу қажет. Көрінбейтін кемшіліктер кезіндегі өзгеше жағдай қалыптасады. Онда тауар иесіне осы кемшіліктерді анықтау үшін белгілі бір мерзім беріледі, осы уақыт ішінде кемшілікті анықтап қана қоймай, ол туралы сақтаушыға хабар беру қажет болады. Аталған мерзім (ол үш күнге тең) тауарды сақтауға беруші алған кезден бастап есептеледі.

Келтірілген талаптарды орындамау тауар иесінің анықталған кемшіліктерге кейін де сілтеме жасау құқығынан айырмайды. Тауар иесі үшін ол жіберген кемшіліктің теріс салдары сөз болып отырған хабарлама мерзімімен жіберілген болса презумция тауар иесінің пайдасына әрекет етеді, демек ол кемшілік пен оның себептерін дәлелдеуге міндетті болмайды, ал сақтаушы – кемшілікке шынында да жол берілмегені немесе өзі жауап беруге тиісті емес жағдайларға байланысты орыны алды дегеніне презумция әрекет етеді. Аталған талаптарды бұзу тауар иесін өзінің пайдасына берілген презумпциядан айырады.

Тауар қоймасында сақтау шарты біріншіден, екі жақты, екіншіден, ол тек қана орынын толтырушылық бола алады, үшіншіден, тараптардың өзара келісіміне байланысты нақтылы немесе консенсуалды бола алады. төртіншіден, тауар қоймасында сақтау шарты мерзімді болады. бесіншіден, ол қосылу шарттары тобына жатқызылады, демек, тауар қоймасы құрастырған формулярлар мен өзге де стандартты ережелерді екінші тарап ұсынылған шартқа тұтас алғанда қосылу арқылы ғана қабылдай алады.

Сонымен қатар жалпы пайдалынымдағы қоймада сақтау шарты

жоғарыда атап өткеніміздей жария шарт болып табылады. Және тиісінше, осындай шарттар тобына аарналған барлық ережелер толық көлемде зерттелетін қатынастарға да тарайды. Бұл шектеулер осы жағдайда табиғи түрде қажетті болып табылатынын атап өтуіміз қажет. Соған қарамастан тауар қоймасында сақтау шарттық қатынастар сипатын сақтайды, себебі контрагенттердің еркін шектеу шарт негізін құрайтын екі жақты келісімнің болмағаны туралы айтуға келетіндей алысқа бармайды.

АК 39 тарауының § 3 келесі мамзмұндағы жаңа 791-1 «Тауар қоймасында сақтау шарты» бабымен толықтыру ұсынылады:

*«Қоймада сақтау шарты бойынша бірінші тарап- сақтаушы, өзіне тапсырылған екінші тарап- сақтауға берушінің тауарын сақтауды қамтамасыз етуге және оны қойма құжатын ұсынушының бірінші талап етуі бойынша қайтарып беруге міндеттенеді, ал сақтауға беруші сақтаушының қызметін төлеуге және оның шығындарының орынын толтыруға міндеттенеді».*

Қоймада сақтау шартына отыру қойма құжаттарымен расталуы тиіс:

-қарапайым қойма куәлігімен;

-екіленген қойма куәлігімен (қойма куәлігімен және кепілдік куәлігімен).

Барлық үш құжат өздігінен тек бір тараптың (сақтаушының) еркін білдіретін болғанымен, шарттың жазбаша түрімен теңестіріледі, сондықтан да екінші тарап (сақтауға беруші) өз кезегінде сақтауға берілген тауардың орынына тиісті құжаттарды қабылдау арқылы өзінің шартқа отыруға деген еркін білдіреді.

АК 797 бабында қарастырылған тауардың сақтауға қабылданғанын растау мақсатында берілетін қойма құжаттары: екіленген қойма куәлігі, қарапайым қойма куәлігі құнды қағазлар мәртебесіне ие. Дәл осы құжаттарды пайдалану сақтауға берілген тауарды айналымға жіберіге мүмкіндік береді және атап айтқанда оларды кепілге қоюды жеңілдетеді.

Екіленген қойма куәлігі екі бөліктен тұрады – қойма куәлігінен және кепілдік куәлігінен (варранттан). Тұтас алғандағы екіленген куәлік те, оның әрбір жекелеме бөліктері де құнды қағаздар болып табылады.

Екіленген куәлік те, оның әрбір жекелеме бөліктері де ордерлік құнды қағаздар санатына жатқызылады және тиісінше берілетін жазба негізінде беріледі ал қарапайым қойма куәлігі ұсынушыға арналған құнды қағаз болып табылады, ол қарапайым тапсыру арқылы беріледі. Өзге де құнды қағаздар сияқты екіленген қойма куәлігінің сақтау кезінде пайдаланылатын жекелеме бөліктерінің және қарапайым қойма куәлігінің заңда көрсетілген міндетті реквизиттері болуы тиіс.

Екіленген қойма куәлігінің әрбір екі бөлігі үшін бірдей болып келетін он реквизит міндетті болып табылады. Олардың тізімі АК 799 бабында көрсетілген. Оларға мыналар кіреді:

- екіленген қойма куәлігінің тиісті бөлігінің атауы;

- тауарды сақтауға қабылдаған тауар қоймасының атауы және орналасқан жері;

- қойма реестрі бойынша қойма куәлігінің ағымдағы номері;

- тауара сақтауға қабылданған мекеменің атауы немесе азаматтың аты-жөні, сондай-ақ тауар иесінің орналасқан жері (мекен-жайы);
- сақтау үшін қабылдаған тауардың атауы мен саны – тауар орынының саны;
- қабылданған тауар сомасы;
- тауар сақтау үшін қабылданған меерзім, егер де мұндай мерзім белгіленген болса;
- Тарифтер және сақтау төлемінің тәртібі;
- қойма куәлігінің берілген мерзімі;
- екіленген қойма куәлігінің әрбір бөлігіндегі өкілетті тұлғаның растаушы қолы және тауар қоймасының мөрі.

Қарапайым қойма куәлігінде екіленген куәлікке ұқсас өкілетті тұлғаның қолы, тауар қоймасының мөрі, сондай-ақ екіленген қойма куәлігіндегідей 1 тармақтағыдан өзге реквизиттері, сондай – ақ ұсынылушыға берілгені туралы жазба.

Олар үшін міндетті болып табылатын реквизиттердің бірі болмаған жағдайда аталған құжаттар тиісінше екіленген де, қарапайым да қойма куәлігі болып табылмайды. Сонымен қатар құжат егер де одан осындай кім, қашан, қайда, қандай тауарды қабылдағаны көрініп тұратын болса, ол қойма түбіртегі ретінде қарастырылуы мүмкін.

Екіленген де, қарапайым да қойма куәліктері тауар бөлуші құжаттар болып табылады. Бұл келесі мәселемен байланысты, екіленген немесе қарапайым қойма куәліктерін ұстаушыларға қоймада сақталып тұрған тауарларға иелік ету бойынша толық құқық бекітілік беріледі. Өзгелермен қатар оларға кепілдік құқығы да бекітілген. Қоймада сақтаулы тауарлар ұсынылған құжаттарға айырбасталып беріледі. Тауардың бір бөлігін ғана алған жағдайда құжат ауыстырылады.

Екіленген қойма куәлігі қоймалық және кепілдік болып бөлінген жағдайда тауарға иелік етудің бірыңғай құқығы да екіге бөлінеді. Қоймалық куәліктен бөлінген бір ғана кепілдік куәлікті ұстаушы болып қалған тұлға кепілге берілген несие мен ол бойынша пайыздар көлеміндегі кепілге қойылған тауардың осы бөлігіне ғана құқылы болады. Кепілдік куәліктен ажыратылған қойма куәлігін ұстаушы белгілі бір дәрежеде шектелген ауарларға иелік ету құқығына ие болады: мұндай адам кепілдік куәлікте көрсетілген несие толық жабылмайынша тауарды ала алмайды.

Осы себепке байланысты қоймадағы тауарды алу үшін қойма куәлігін ұстаушы тауардың орынына өзінің қойма куәлігімен бірге несиені қамтамасыз еткен кепілдік куәлікке сәйкес берілген несиенің толық көлемде жабылғаны туралы түбіртекті қоса ұсынуы тиіс. Мұндай фактіні анықтау үшін қоймаға кепілдік куәлігін ұсынуды талап етудің қажеті жоқ, себебі қоймадағы тауармен қамтамасыз етілген несие берілген сайын тиісті жазба кепілдік куәлікке ғана емес, сонымен қатар қойма куәлігіне де жазылады.

Қолданыстағы азаматтық заңнамалар бойынша тауар қоймаларының сақтауға тауар қабылданғанын растау үшін қарапайым және екіленген қойма куәліктерін беруіне жол беріледі. Қарапайым қойма куәлігі, екіленген қойма

куәлігі мен оның әрбір бөлігі бір мезетте құнды қағаздар да, тауар бөлуші қағаздар да болып табылады.

Басқа да кез лкеген құнды қағаздар сияқты қойма куәліктері де мүлік кепілдігі мен мүлікті сақтаумен байланысты қатынастарға тән болып келетін белгілі бір мүліктік құқықтарды растайды. Екіленген қойма куәлігі екі бір бірінен бөлінетін бөліктен тұрады, оларда заңда қарастырылған бірдей реквизиттер, өкілетті тұлғаның расталған қолы және тауар қоймасының мөрі болады. Бірінші бөлік – қойма куәлігі – тауардың белгілі бір тұлғаныкі екенін дәлелдейді, оның негізгі белгілерін көрсетеді, сақтауға берушінің міндеттерін және тауар қоймасының тауарды қабылдағанын растайды. Осы құжаттың негізінде тауар сатылуы, берілетін жазба бойынша айырбасталуы мүмкін. Екінші бөлігі – кепілдік куәлік (варрант) – тауарды кепілге қоюға аарналған құжат болып табылады. Ол кепілге беру құқығын растайды, кепіл ұстаушыға тапсырылады, өз кезегінде ол оны өзге тұлғаларға берілетін жазба арқылы бере алады» [2, с. 129].

Қойма куәлігі мен тауар қоймасының реестрінде тауардың кепілге қойылуының сомасы мен мерзімі туралы жазба жасалынады. Қойма куәлігінде тауардың кепілге қойылғандығы туралы берілген несие мен ол бойынша пайыздардың көлемі туралы белгі соғылуы тиіс. Алайда қолданыстағы заңнама осындай белгінің варранта да болуы міндеттілігі талабын белгілемеген. Бұл заң шығарушының кемшілігі деп ойлаймыз. Варрант бірнеше рет алынуы мүмкін, және оның кепілдік шарттарын білмейтін және осындай ақпаратты қосымша іздестіруге мәжбүр болатын кейінгі ұстаушыларда өзін өзі ақтамайтын тәуекел пайда болады. Несие қатынастарының сомасы, мерзімі және тараптары туралы белгі кепіл ұстаушының кепілге қойылған тауар құнынан ғана орынын толтыруды талап ету құқығының болуымен де байланысты болады. Ол өз меншігіне бүкіл кепілге қойылған тауарды беруді талап етуге құқылы емес.

Қойма куәлігін варрантсыз сатып ала отырып сатып алушы тауардың кепілге қойылғанын және оны қоймадан алу үшін варрантқа айырбасқа кепіл ұстаушымен есептесуі қажет болады. Варрант ұстаушы меншік иесі емес кепіл құқығы субъектісі болып табылады.

Қойма куәлігінің кепілі осы куәлік бойынша берілген несие сомасын қайтару бойынша міндеттемені қамтамасыз ету үшін ғана мүмкін болады. Оның кепілі өзге міндеттемелерді қорғауға есептелінбеген. Варрант оны тауар иесі бірінші рет кепілге бергеннен кейін несиелік құжат болып табылады, оның негізінде тауар иесінің кепіл ұстаушыдан алынған несие сомасын қайтару бойынша ақшалай міндеттемесі және тауар иесінің кепіл ұстаушы алдындағы өзінің ақшалай міндеттемесін орындауын қамтамасыз ететін кепілдік міндеттеме бір мезгілде пайда болады. Варрантта аталған екі міндеттемені біріктіру мүмкіндігінен осы құжаттың негізі мен негізгі құқықтық ерекшелігі көрініс табады.

Екіленген қойма куәлэгәне қоймаға тапсырылған тауар жаңа сатып алушыға тауарды тауар қоймасынан алмастан екіленген қойма куәлігін сатып алушыға беру арқылы берілуі мүмкін, мұндай жағдайда қойма куәлігі мен

варрант бөлінуі де, біір бірінен бөлінбеуі де немесе тек қойма куәлігі ғана берілуі мүмкін. Қоймаға екіленген қойма куәлігі арқылы тапсырылған тауар қойма куәлігін тиісінше берусіз алына алмайды.

Қойма куәлігін тауармен қамтамасыз ету тек қана мүлік- құндық өлшемі бар шаруашылық айналымның материалдық объектісі болуы мүмкін. Сақтауға берілетін мүлік жеке анықталған (тауар қоймасы бөліп сақтау арқылы қабылдайтын) немесе туыстық белгілерімен анықталған (дараландырусыз сақтау) болуы мүмкін. Кез келген мүлік қоймада сақтау шартының объектісі бола алмайды, тек тауар ретінде әрекет ететіні ғана бола алады. Сонымен қатар, мүлік тауар болуы тиіс және кепіл қабілеттілік белгісі болуы және одан өндіріп алу мүмкіндігі болуы тиіс.

Қойма құжаттары арқылы расталатын құқықтық қатынастардың субъектісі ең алдымен сақтаушы – тауар қоймасы және сақтауға беруші – тауар иесі болып табылады. Қойма куәлігі алынған жағдайда тағы да бір субъект – қойма куәлігін ұстаушы пайда болады, ал оны кейінгі ұстаушы кез келген тұлға болуы мүмкін. Тек қана жалғыз шектеу тауар қоймасының контрагенті сақтау үшін берілетін мүліктер- тауар болып табылатын, демек, сақтауға берушілер өзінің кәсіпкерлік қызметі шеңберінде сатуды жүзеге асыра алатын мүліктерді ұстаушы ғана бола алады деген талапты есептеуге болады.

Қоймаға қойылған тауарға меншік құқығы сақтауға берушіге тиесілі болады, алайда нақтылы иелену құқығы тауар қоймасына тиесілі болып келеді. Бұдан әрі тауарға меншік иесі құқығы қойма куәлігіне меншік құқығының қоса берілуі арқылы ұстаушыға өтеді. Егер де сөз екіленген қойма куәлігі туралы болған болса, ол оны пайдалану барысында бөлінуі де мүмкін болады, онда меншік иесі болу құқығы тауар бөлуші бөлігін ұстаушыда сақталады. Варрантты ұстаушының қойма куәлігін ұсстаушыдан айырмашылығы варрантқа берілген несие мен оның пайызы көлемінде тауарды кепілге қою құқығына ие болады (ҚР АҚ 802 бабы).

Азаматтық Кодекс қабылдаанғаннан бері он жылдан астам уақыт өтіп кетті, алайда тәжірибеде қойма куәліктері әлі тиісті деңгейде пайдаланылмай келеді. Бұл бірнеше себептерге байланысты.

1. Кодекс баптарының жалпы ережелері қойма куәліктерін пайдалану кезеңінде пайда болатын өзіндік ерекшеліктері бар сұраақтарға жауап бермейді. Сондықтан да ол іс жүзінде азаматтық айналымда пайдаланылмайды. Қойма куәліктерінің екіленген табиғатын есепке алатын олардың айналым ережелері туралы арнайы заң актілері жоқ.

2. ҚР АҚ 317 бабына сәйкес кепілге қойылған мүліктен өндіріп алу үшін кепілмен қамтамасыз етілген міндеттеме борышкерінің өзі жауап бермейтін жағдайларға байланысты міндеттемелерін орындамауы немесе тиісінше орындамауы негіз болады. ҚР АҚ 319 бабының ережелерінде өз кезегінде өндіріп алудың екі тетігі қарастырылған сот тәртібімен (даулы) және соттан тыс (даусыз). Даусыз тәртіп заңмен арнайы қарастырылған жағдайларда нотариустың орындау жазбалары негізінде немесе кепіл берушінің кепіл ұстаушымен келісімі арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Заң шығарушы дәл осы қоймада орналасқан кепіл затын өткізу бойынша ерекше тәртіп анықтамаған.

Сондықтан кепілге қойылған мүлікті өткізудің жалпы тәртібі әрекет етеді: кепіл ұстаушының талабы тауар иесі мен вarrant ұстаушы (кепілге қойылған қарапайым қойма куәлігін) арасындағы келісімде өзгеше қаралмаған болса сот шешімімен кепілге қойылған мүлік есебінен қанағаттандырылады.

Кепілді соттан тыс өткізу құқығының болмауы және кепіл құқығының жалпы ережелерін пайдалану екіленген қойма куәлігінің кепілдік тетіктерінің барлық артықшылықтарына күман келтіруге жағдай жасайды.

Кепілге қойылған мүлікті өндіріп алу кепіл затының қайда екендігіне тәуелді болады. Тауар мысалы Астана қаласындағы қоймада болуы мүмкін, ал қойма куәлігі Алматы қаласындағы меншік иесінде болуы мүмкін, сауда жүргізу орынын белгілеу бойынша сұрақ туындайды: ол нақтылы тауар орналасқан жерде өткізілуі тиіс пе немесе қойма куәлігінің меншік иесінің мекен жайы бойынша өткізілуі тиіс пе (әрине егер де олар бір жерде болмаған болса)? Егер де тауар бірінші басымдыққа ие деп есептейтін болсақ, онда сауда Астана қаласында жүргізілуі тиіс, ал егер де тауарға меншік құқығы қойма куәлігінің орынына байланысты дейтін болсақ онда сауда жүргізілетін орын екеуінің кез келгені болуы мүмкін. Соңғысы құқықтық жағынан да, экономикалық жағынан да неғұрлым негізделген сияқты болып көрінеді. Тауарға меншік иесі құқығын беретін қойма куәлігі осы куәлік- тауарға сұраныс бар кез келген орында айналымда бола алады.

Сонымен, дәл осы қойма куәлігіне деген сұраныс оның айналым орынын анықтайды. Кепілге қойылған мүлікті өндірген жағдайда мұндай кеңістік тауардың нақтылы сақталған орыны болуы тиіс деп есептеп көрелік. Мұндай жағдайда өндіруші де, борышкер- қойма куәлігін ұстаушы да сауданы тауар орналасқан жерде өткізу мақсатын қойғандықтан қосымша шығындар шығаруға мәжбүр болады.

Алайда кредитордың мақсаты тауарға меншік иесі болу құқығын сатып алу болып табылмайтыны анық, себебі оның түпкілікті мақсаты – берілген несие үшін ақшаалай орынын толтырып алу болып табылады. Сауданы қойма куәлігі айналымы орынында емес, тауар сақталған орында өткізу қажеттілігі мұндай мақсатқа қол жеткізуді елеулі көлемде қиындата түсуі мүмкін, ал кейбір жағдайларда оны мүлдем мүмкін емес етеді.

3. Қойма куәлігін беру кезінде қай кезеңді меншік иелігін беру кезеңі деп есептеу қажет екені түсініксіз. Құнды қағаздарды берумен меншік құқығын беру емес құқықтық жол беру ғана жүзеге асады деген пікір бар. Сондықтан қойма куәлігі тауарға меншік иелігі құқығын растайтын құжат болып табылмайды және тиісінше қойма куәлігін берумен оған меншік иелігі құқығы автоматты түрде өтпейді.

Тауарға иелік ету құқығы тиісті құжаттарға ие болуға тікелей тәуелді болып келеді. Бұл жағдай құнды қағаздардың қолдан қолға бірнеше мәрте өтуі кезінде және борышкердің бөтен мүлікті конкурстық массадан қабілетсіз болған жағдайда үлкен тәжірибелік маңызға ие болады.

Тауарға меншік иелігі құқығы сатып алушыға қойма куәлігіне құқықпен бір мезгілде көшеді. Алайда сатып алушы қойма куәлігіне иелік ету құқығын алған кезбен оның тауарға нақтылы иелік ете алатын уақыт аралығында белгілі

бір мерзімдік айырмашылық пайда болады. Бірінші жағдайда сатып алушы қойма куәлігіне бірден иелік ету құқығына ие болады, екінші жағдайда – тауарға өзінің құқығын жария растау фактісі қажет болады. Ол үшін оған сақтаушыға хабаарласып қойма куәлігі негізінде және беру жазбалары негізінде өзінің қағаздың заңды ұстаушысы болып табылатынын және тауарды қоймадан ала алатынын дәлелдеуі қажет болады.

4. Құқықты қолдану тәжірибесі үшін келесі мәселелер ашылмаған болып қалады: тауар кепілге қойылған жағдайда нені кепіл құқығының заты деп тану қажеет – құнды қағазды ма, әлде тауарды ма? Несиелік міндеттеме орындалмаған жағдайда өндіру неге жүргізілуі тиіс – тауарға ма, әлде құнды қағазға ма? Кепіл заты құнды қағаз болып табылады деген пікір бар және тиісінше мұндай кепілдік ол өзі растайтынын мүлтік құқық кепілдігі ретінде емес, ең алдымен құнды қағаздың өзінің кепілдігі болып табылады деген пікір бар. Алайда қойма куәліктері тауардың белгісі болып табылады және демек, олардың айналымы тауардың айналымы болып табылады. Сондықтан да меншікке немесе кепілге құнды қағаздар емес тауардың өзі жүруі тиіс. Тауар бөлуші құжаттар тек олар арқылы сақтауға орналастырылған тауармен келісімдерді жеңілдетеді, жылдамдатады, құқығы қағазбен расталған тауардың құндылықтар нарығында шынайы айналымын қамтамасыз етеді.

5. Варранттар айналымын құқықтық реттеу де несие беруші мен несие алушы кепілмен қамтамасыз етілген варранттың несие шартының шарттарына өзгерістер енгізген жағдайда қандай салдардың пайда болатыны туралы мәселену ескерусіз қалдырады. Несие шарттың бастапқы негізгі шарттары сақтауға берушіде қалатын қойма куәлігінде көрсетілуі тиіс. Егер де тауардың сақталу мерзімі жеткілікті көлемде ұзақ уақытты қамтиды деп есептейтін болсақ, онда осы кезең ішінде қойма куәлігі өз иесін бірнеше рет өзгертуі мүмкін. Варранттың әрбір жаңа сатып алушысы оны онда көрсетілген шарттарға негіздей отырып жүзеге асырады. Варранттың құны мен жаңа сатып алушы кредиторға (кепіл ұстаушыға) төлеуі тиіс болатын сома осы арқылы анықталады. Алайда егер кредиторда несие шарт бойынша оған берілген несиеді жабу шартына қатысты болып келетін бір жақты өзгеріс енгізу құқығы болатын болса, онда бұл өзгерістер туралы қарыз берушіні (несие берушіні) хабарландыру қажет болады. Кредитор оны қалай жүзеге асыруы тиіс екені түсініксіз. Сонымен қатар қарапайым куәлікті сатып ала отырып сатып алушы кредитордан несие берудің бастапқы шарттарына өзгеріс енгізілгені туралы білгісі келеді. Мұндай жағдайда бір қарағанда қарапайым болып көрінетін қойма куәлiгiнi айналымы мүмкін болатын сатып алушының кредиторға қосымша сауал жасауын талап етеді, соның нәтижесінде варранттың қысқа мерзімдік инвестиция ретіндегі қызығушылығы төмендейді.

6. Қолданыстағы заңнамада варрантқа қол қойған тұлғалардың бірлескен жауапкершілігі қарастырылмаған. Варрант ұстаушыда варрантқа қол қойғандарға қатысты регрессті талап ету құқығы автоматты түрде пайда болмайды. Заңнамалар қойма куәліктеріне қатысты ешқандай ережелер белгілемейді.

7. Заңнамалар қойма куәлігін беру кезінде тауар қоймасына талап құқығы

берілік қана қоймай, сонымен қатар оның алдындағы жауапкершіліктің де берілетінін қарастырмайды. Қойма куәлігін беру соған қарамастан бастапқы тауар иесі қойма куәләгәмен расталған сақтау шартының барлық шарттары бойынша тауар қоймасының алдында міндетті болып қала беретінін көрсетеді. Атап айтқанда бастапқы тауар иесі қоймаға сақтағаны үшін сыйақыны бұрынғысынша төлей беруге міндетті болады. Біздің пікірімізше мұндай нәтиже нарықтық қатынастарға толық қарама- қайшы келеді.

8 Көп жағдайларда арнайы нормативтік құқықтық актілер қойма құжаттарын құқықтық реттеу жағынан алып қарағанда азаматтық Кодекс нормаларына қарама қайшы келеді. Оған айқын дәлел ретінде «Астық туралы» Заңды келтіруге болады [78].

Заңның 1 бабының 19 тармағына сәйкес астықты астық иесінен сақтауға қабылдағанын растайтын нан қабылдаушы кәсіпорын беретін екіленген қойма куәлігі астық қолхаты деп танылады. Астық қолхатының құнды қағаздың дербес түрі болып табылмайтыны атап көрсетуіміз қажет. Бұл бар болғаны астық сақтауды жүзеге асыратын коммерциялық мекемелер тауар қоймасы ретінде пайдаланатын екіленген қойма куәлігінің бір түрі.

«Сонымен қатар аталған норма астық қолхаты тек екіленген қойма куәлігі түрінде ғана беріле алады деген императивті тәртіппен белгіленеді. Бұл элеваторлардың астықты қабылдағанын растау үшін қарапайым қойма куәліктерін бере алмайды дегенді білдіре ме? Біздің ойымызша солай, себебі «Астық туралы» Заңның 39 бабының 1 тармағында нан қабылдайтын кәсіпорындар астықты сақтау үшін қабылдаған кезде оның иесіне астық қолхатын беруге міндетті деп көрсетілген. Алайда мұндай шектеу қоюға ешқандай да нақтылы негіз жоқ.

Сонымен қатар заңда астық қолхатының айналым тәртібін жекелеме реттеудің ешқандай да негізі жоқ, себебі астық қолхаты іс жүзінде екіленген қойма куәлігі болып табылады. Оның құқықтық режимі АҚ құнды қағаздар және екіленген қойма куәлігі туралы ережесімен белгіленеді. Сондықтан да АҚ нормаларын қайталай беру нормативтік актіге тек түсініспеушілікті арттырады» [147, с. 245].

Бұдан әрі осы Заңды талдай келе біз оның мазмұнына сәйкес АҚ келесі сәйкессіздіктер мен қарама- қайшылықтар байқалады деген қорытындыға келеміз.

- «Астық қолхаты бөліктерінің мазмұны бір біріне сәйкес келмейді, ал АҚ 799 бабының 1 тармағындағы екіленген куәлік бөліктерінің мазмұны тиісті бөліктің атауынан өзге жағынан бірдей;

- Астық қолхатының бірінші бөлігінің мазмұнында екіленген қойма куәлігінің бөліктерінің мазмұнымен салыстырғанда АҚ 799 бабына сәйкес тарифтер және сақтау төлемі туралы мәліметтер жоқ

- астық қолхатының кепіл куәлігінің мазмұны АҚ 799 бабының 2 тармағында қарастырылған қойма куәлігі бөліктерінің мазмұнына қойылатын талаптарға мүлдем сәйкес келмейді.

- астыққа кепіл белгілеу кезінде кепіл куәлігін беру астық туралы Заңға сәйкес астық қолхатының бірінші бөлігінде оның жүзеге асырылғаны туралы



белгі соғуды талап етпейді, ал АҚ 800 бабының 4 тармағына сәйкес тауарға кепіл құқығын белгілеу кезінде (кепіл куәлігі бойынша индоссаментті жүзеге асыру кезінде кепіл ұстаушының атына кепіл куәлігі бойынша тауарды кепілге беру кезінде және кепіл ұстаушыға кепіл куәлігін беру кезінде) ол туралы қойма куәлігіне белгі соғылады.

Астық туралы Заңның ережелерінің көрсетілген АҚ нормаларына қарама-қайшылығы астық қолхаттарына АҚ қарастырылған құқықтық реттеуді қолдануға мүмкіндік бермейді және астық қолхаттарын АҚ қарастырылған екіленген қойма куәліктерінен ерекшеленетін эмиссиялық емес құнды қағаздардың жекелеме түрі деп тануды талап етеді. Бұл әрине астық қолхаттары нарығын дамытуға кері әсерін тигізеді» [50, с. 482].

Астық қолхаттарын АҚ қарастырылған тиісті нормаларға қайшылыққа келмейтін неғұрлым дұрыс және дәл құқықтық реттеу үшін қолданыстағы астық туралы Заңға өзгерістер енгізуді ұсыну қажет деп есептейміз.

9. Сақтау шартын орындау мерзімі туралы тағы да бір мәселе ерекше маңызға ие болады. Шарттағы тиісті шарттар қалай қалыптастырылмаса да императивті норма (АҚ 773 бабы) сақтаушыға сақтауға берушіге тауарды оның бірінші талап етуі бойынша қайтарып беру міндеттілігін жүктейтінін есепке алу қажет. Аталған жағдайға М.Г. Масевич көңіл аударып, келтірілгеннен әділ қорытынды жасады: «Бұл қойманы контрагент талаптарын уақытымен қанағаттандыру үшін тиісті мүліктің жеткілікті көлемде болуын қамтамасыз етуге мәжбүрлейді» [81, с. 382].

Жоғарыда аталғандарды негізге ала отырып егер де сақтау шарты консенсуалды болған болса, онда мүліктің сақтауға берілген мерзімін дәл анықтау қажет деп есептейміз. Тауардың сақтауға берілуінің дәл уақытының болмауы сақтаушы тарапынан шығындардың артуына ықпал ететін болады, бұл екі тарап үшін де тиімді емес. Сондықтан да міндеттеменің орындалу мерзімі туралы жалпы ережелердің қолданылу мүмкіндігін болдырмау үшін мүлікті сақтауға беру мерзімі туралы шартты елеулі деп тану қажет.

Соған қарамастан қойма куәліктерінің айналымы кезінде пайда болатын барлық қиыншылықтарға қарамастан келесіні атап өту қажет.

Тауар қоймалары мен олар беретін валанттар кепілдік құқығына негізделген несиенің ерекше түрін құрды. Тауар қоймалары беретін құжаттар бір мезеетте ондағы аталған тауарларды сақтау, сату және кепілге беруге қызмет етеді.

Қойма куәліктері ақша қаражаты жинақталған несиенің капиталы мен ақша қаражатының жетіспеушілігі байқалатын өнеркәсіп өндірісі саласы арасында көпір салуға мүмкіндік береді. Олардың көмегімен капиталдың банк саласынан өнеркәсіпке құйылуын қамтамасыз етуге болады.

Валанттық операциялардың нәтижелі дамуы үшін шаруашылық-экономикалық жағдайларға тән болып келетін белгілі бір алғышарттардың болуы қажет. Бұл атап айтқанда тауар- қойма шаруашылығының дамуы, тауар қоймасының қызметін қаадағалауды ұйымдастыру, тауар қоймаларын құру тәртібі, мемлекеттің тауар қоймаларының құрылтайшыларына қоятын олардың қызметін нақтылы қамтамасыз ету және тауар қоймасының валант беруін

стандарттау бойынша талаптары, тауар қоймаларының қызметін реттейтін, олардың жүйесі мен олар беретін құжаттардың айналымын реттейтін заңдардың болуы.

Егер де қойма куәлігін беретін тауар қоймасы тауарды тек қойма куәлігін берген адамға кепілдіксіз немесе әлі де болса әрекет етіп отырған қарызын жапқаны туралы мәліметтерсіз босату арқылы аталған талаптарды бұзатын болса тауар қоймасына кепіл куәлігін ұстаушы алдында жауапкершілік жүктелінеді. Мұнда соңғысы қоймадан несие көлемі мен кепілге қойылған тауардың құнының арақатынасының қаандай екеніне қарамастан несиенің барлық сомасын төлеу туралы талап қоя алады.

### 3.2 КӘСПҚОЙ ЕМЕС САҚТАУ ШААРТТАРЫ

**Көлік мекемелерінің сақтау камераларында сақтау.** Көлік мекемелерінің камераларында сақтау шарты көлік мекемелерінің сақтау камераларының азаматтардан олардың жолаушынемесе жолаушы еместігіне, осы көлік түрімен жүруге жол құжаттарының бар немесе жоқ екеніне қарамастан мүліктерін сақтауға қабылдау міндеттілігін қарастыратын жария шарт болып табылады (АК 787 бабының 1 тармағы)

Мұндай жағдайларда жасалынған шарттар түрлі деңгейдегі нормалар арқылы реттелінеді. Мұнда АК 787 бабында ол иерархия келесідей түрде болады:

- 1 – оған қайшы келмейтін арнайы заңдар;
- 2 – осы заңдар негізінде шығарылған өзге де арнайы актілер;
- 3 – АК «Сақтау» 39 тарауының жалпы ережелері;
- 4 – АК міндеттемелер туралы жалпы баптары (5).

АК 787 бабы сақтаудың екі әдісін қарастырады:

- Жолаушылар мен өзге де азаматтардың мүлкін сақтау камераларына беруі;
- Мүлікті автоматты сақтау камерасына орналастыру.

Бірінші жағдайда да, екінші жағдайда да қалыптасатын қатынастар негізінде әр түрлі шарт моделдері жатыр, бірақ ол екі шарттың да бірнеше ортақ белгілерінің болуына кедергі келтірмейді.

Ең алдымен шарттардың затын көрсетуіміз қажет: оның қызметін кәдуелгі қол жүгі құрайды. Екі шартта да субъективтік құрамдары сәйкес келеді: тараптардың бірі – сақтау камераларына иелік ететін көлік мекемесі, және оның контрагенті – жеке тұлға. АК жалпы қолданылымдағы көлік мекемесі туралы сөз болып отырғанын атап көрсетеді. Бұл атаалған шарттардың не себепті жария шарттар қатарына жатқызылатынын көрсетеді (АК 787 бабының 1 тармағы).

Қарастырылатын шарттардың жариялылық сипаты мұндай жағдайда ерекше маңызға ие болады. Сөз аталған шарттардың жолаушылар мен багаж тасымалы шартына қатысты дербес болып табылатыны туралы болып отыр. Тиісінше көлік мекемесі мүлікті қабылдау кезінде жол жүру құжатын көрсетуді

талап етуге құқылы емес. Мұндай жағдайларда әрекет ететін жалпы норма жолаушылардың ерекше санатының артықшылықтарын да белгілейді: жоғарыда атап көрсеткеніміздей транзитті жолаушыларға мұндай қызмет бірінші кезекте көрсетіледі (ҚР «Темір жол көлігі туралы» Заңы). Әрине, мұндай жағдайда тиісті жеңілдікті пайдаланудан үміткер тұлға көлік мекемесінің талап етуі бойынша жол жүру құжатын көрсетуі тиіс болады.

Жүк тасымалы Ережелерінде көрсетілгендер де жалпы болып табылады, оларға сәйкес сақтауға тапсырылған жылдам бұзылатын тауарлардың табиғи бұзылуы үшін темір жол жауап бермейді, сондай-ақ жүктің өзіне де қойылатын талаптар белгіленген. Атап айтқанда соңғылардың қатарына әр орынның ең шекті салмағы (50 кг), сақтауға жануарлар мен құстарды, оқпен ататын қаруды, сасық, от қауіпті, уландырғыш, жылдам тұтанатын, жарылғыш және өзге де қауіпті мүліктерді тапсыруға тиым салынады, олар өзге жолаушылардың мүлкін ластауы немесе зақымдауы мүмкін.

Сонымен қатар, темір жол станциясында мамандандырылған сақтау камералары жоқ болатын болса ақша, облигация, құжаттар, өзге де құндылықтар түріндегі қол жүгін сақтауға тапсыруға тиым салынады. Бұл соңғы норманың мазмұнынан көлік мекемесінің аталған нормада қарастырылған жағдайларға сілтеме жасай отырып аталған құндылықтарды қабылдаудан бас тартуға құқылы екені туындайды. Егер де ол бұлай істемеген болса онда құндылықтарын жоғалтып алған жағдайда оларда құндылықтарды сақтауға жағдай жасалмағанына сілтеме жасай алмайды [2, с. 143].

Мүлікті сақтауға қабылдау көлік мекемесі қызметкерінің сақтауға берушіге түбіртек немесе номерлі жетон беруімен расталады. Екеуінің де құқықтық күші бірдей: олар мүліктің тапсырылғанының жеткілікті және қажетті дәлелі болып табылады; тиісінше сақтаушыда түбіртекті (номерлі жетонды) ұсынған адамға мүлікті қайтарып беру міндеттілігі пайда болады. Мүліктің тапсырылғанын растаудың аталған әдісінің жеткіліктілігі көлік мекемесі қызметкерінің сақтауға берушіден өзіне тиесілі мүлікті растаудың қандай да болмасын қосымша дәлелдерін көрсетуді талап етуге құқылы еместігінен көрінеді. Түбіртек пен номерлі жетонды қажетті дәлелдер деп тану тұлғада түбіртек (номерлі жетон) болмаған жағдайда мүлік оған тек мүліктің оны алуға келген адамға тиесілі екенін қосымша дәлелдер арқылы дәлелдегеннен кейін ғана берілетініне алып келеді.

Сақтау мерзімі көлік заңдары және оларға сәйкес шығарылатын ережелер арқылы анықталады. Атап айтқанда, темір жол көлігінде мұндай мерзімдер багаж және жүк багажын тасымалдау ережелері арқылы белгіленген. Ережелерде қарастырылған мерзімдер міндетті ең төменгі болып табылады және тараптардың келісімі бойынша ұзартылуы мүмкін. Егер де осылайша белгіленген мерзім ішінде сақтауға беруші мүлікті алмаған болса, көлік мекемесі оны одан әрі 30 күн өзінде сақтауға міндетті болады. Және тек содан кейін ғана мүлік сатылуы мүмкін. Қарастырылған жағдайда АҚ 781 бабында қарастырылған сақтау туралы жалпы ережелердің бірі әрекет етеді. Ол сату тек сақтауға берушінің жазбаша ескертуінен кейін ғана мүмкін болады дегенге алып келеді (әрине, егер де оның мекен-жайы көлік мекемесінде көрсетілген

болса).

Сақтауға берушінің сақтау камерасына тапсырылған мүлкінің жоғалуы, жетіспеушілігі немесе зақымдануы салдарынан келтірілген шығындардың орынын сақтаушының толтырылуына жатқызылады. Сақтауға берушінің мүддесі үшін аталған жағдайларда есептесу шығындардың орынын толтыру туралы талап қойылған кезден бастап 24 сағат ішінде аяқталуы тиіс деп көрсетілген. Олай болмаған жағдайда көлік мекемесі АҚ 366 бабында қарастырылған салдармен борышын өтеу уақытын өткізіп алған борышкер жағдайында болады. Алайда аталған бапты қолдану кезінде Кодекстің сақтаушының мүддесі үшін шығындардың орынын толтыруды сақтауға берушінің мүлікті сақтауға тапсыру кезіндегі жүргіізген оны бағалауы шеңберінде ғана шығынның орынын толтыруды қарастырғанын есте сақтауымыз қажет. Бұл норма егер де мүлік алдын ала бағалаусыз қабылданған болса шығындардың қандай да болмасын шектеусіз толық көлемде орыны толтырылуы тиіс деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Әдетте сақтау заты қызметін жабық чемоданға, сумкаға, портфельге, жәшікке және т.б. салынған мүлік аатқарады. Мұндай жағдайда тауар қоймасы оның ішіндегілер үшін жауап беруі тиіс пе деген ссауалдың жауабын белгілеу қажеттігі туындайды. Сот тәжірибесі ұзақ уақыт бойы бұл сұраққа теріс жауап беріп келді. Мысалы, 1945 жылы шешілген істердің бірінде КСРО Жоғары соты келесі көзқараста болды: «Сақтаушы егер де чемодан сақтауға берілген кезде чемоданда не бар екені туралы ескертілмеген болса (сақтаушы біілмесе немесе білуге тиіс болмаса) сақтаушы чемодан ішіндегінің сақталуы үшін жауап бермейді» [140, с. 16]. Сонымен, жабық қорап ішінде сақталғанның барлығы үшін жауапкершілік тек ол туралы заңда арнайы ескертулер болған жағдайда ғана орын алуы мүмкін болды.

Қазіргі таңда ҚР «Темір жол көлігі туралы» Заңымен реттелетіін қатынастарға қатысты қойылған сауалға өзгеше жауап берілуі тиіс [141]. Себебі ішіндегісі көрінбейтін мүлікті сақтауға қатысты жалпы ережелерден айырмашылығы бар көзқарастар анықталмаған.

Әрине бұл сақтауға берушіні дау туындаған жағдайда аталған мүліктің расында да «жабық» болғанын дәлелдеу қажеттігінен босатпайды. Сонымен қатар сақтаушыда тиісті фактіні даулау құқығы сақталады. Қойылған мәселені шешу үшін жоғарыда атап кеткеніміздей мүлікті көлік мекемесі сақтауға беруші жүргізетін алдын ала бағалау бойынша қабылдауға тиіс екені туралы ереже үлкен маңызға ие болады. Сондықтан да, егер де сақтаушы аталған бағалауға күдік тудырған болса сақтауға берушіден оның ішіндегілермен таныстыруды талап ету құқығы сақталады. Сақтауға беруші мұндай талапты орындаудан бас тартқан жағдайда көлік мекемесі мүлікті сақтауға қабылдаудан бас тартуға құқылы болады.

Автоматты сақтау камерасында сақтау бойынша қатынастар пайда болған жағдайда оферта рөлін залда мүлікті қабылдауға дайын осындай камералардың орналастырылуы атқарады. Бұл оферта жаария сипатта болады, себебі жалпыны хабарландыру арқылы олардың кез келгенімен шартқа отыру дайындығын көрсетеді (АҚ395 бабының 5 тармағы). Сақтауға берушінің

конклюдентті әрекеті – мүлікті камераға орналастырудың – екі түрлі маңызы бар: акцепт және нақтылы шарт үшін қажетті мүлікті беру.

Автоматты сақтау камерасында сақтау кезінде пайда болатын қатынастардың табиғаты ғалымдар арасында елеулі көлемдегі дау туғызды. Сот тәжірибесі де бір пікірде болмады. Үш түрлі көзқарас ұсынылды: тиісті шарт не жалға алу шарты ретінде, не сақтау шарты ретінде, не күзет шаарты ретінде қарастырылуы тиіс.

Кеңестік сот тәжірибесі АСК қызмет етуінің негізінде сақтау шарты емес, мүліктік жалға алу шарты жатыр дегенді негізге аалды. Соңғы жылдардың сот тәжірибесіне сәйкес автоматты сақтау камераларының иелері мен клиенттер арасында таза түрдегі жалға алу қатынастарының пайда болатыны көрінеді. Соған байланысты камера иесі клиентке келтірілген шығын үшін тек автоматты сақтау камерасының дұрыс жұмыс істемегені дәлелденген жағдайда ғана жауап береді [52, с. 23].

«Жалға алу құрылымы» З.И. Цыбуленко тарапынан үлкен сынға ұшырады. Атап айтқанда сөз КСРО Жоғары Сотының түсініктемелерінің бірі туралы болып отыр. Мүліктің автоматты сақтау камерасынан жоғалуы себепті келтірілген шығындардың орынын толтыру туралы талапты қарау кезінде қай норманы басшылыққа алу керек деген сұраққа мынадай жауап берілген: азаматтар мүлкін автоматты сақтау камерасына орналастыра отырып оларды станцияға бермейді және станцияға осы камераларда белгілі бір заттардың болған, болмағаны белгісіз болады. Мұндай жағдайда темір жол станциясы белгілі бір көлемдегі сыйақыға азаматтарға пайдалану үшін автоматты сақтау камераларын береді. Тараптар арасында қалыптасқан қатынастар өз негізі бойынша мүліктік жалға алу шарты болып табылады, соған байланысты жалға беруші жаалға алушыға автоматты сақтау камерасын төлем жасау арқылы уақытша пайдалануға береді [140, с. 18]. Осы құрылымды басшылыққа ала отырып соттар автоматты сақтау камерасынан ұрланған мүліктің орынын толтыру бойынша талаптарды қанағаттандырудан тек камералардың құлыптары істемеген жағдайлардан өзге барлық жағдайларда бас тартып отырды.

Осы жолдардың авторының өзі (сөз Цыбуленко З.И туралы болып отыр), көптеген әдебиет түпнұсқаларына сілтеме жасай отырып мұндай жағдайда кәдуелгі сақтау шарты орын алады деген қорытындыға келеді. Сонымен қатар бұл қорытынды қарастырылған қатынастарға жалға алу туралы нормаларды қолданудың абсолютті түрде мүмкін еместігін дәлелдейтін мысалдар келтіру арқылы негіздейді (бұл жерде жөндеу, субаренда туралы сөз болып отыр) [142, с. 61].

Қазіргі таңда жалға алу шартының құрылымы жаңа жақтаушыларды тапты. Мысалы, М.И. Брагинский «қол жүгін АСК орналастыру кезінде АСК иесі болып табылатын темір жол азаматтан қол жүгін сақтауға қабылдамайды, тек қол жүгін қысқа мерзімге сақтау үшін орын (ұяшық) береді» дегенді негізге алуды ұсынады [2, с. 147].

Мұндай қатынастар мүлік жалға алу шартына жақын болып келеді (жалға алу), себебі мекеме (жалға беруші) азаматтан мүлікті сақтауға қабылдамайды,

тек оған мүлікті сақтауға арналған орын береді (автоматты сақтау камерасының ұяшығын) [52, с. 23].

Біздің ойымызша соңғы көзқарас мүліктің берілуі болмаған жағдайда сақтау шартының орын алуы мүмкін еместігін дәлелдейтін бөлігінде ерекше назар аударуды қажет етеді. Сонымен қатар қарастырылатын шартты көлек мекемесі- жалға берушіден жалға алуға ғана келтіру сол арқылы М.И.Брагинскийдің «темір жол мұндай жағдайда азамат АСК орналастырған қол жүгінің сақталуы үшін кінәлы болу принципі бойынша жауап береді (мысалы АСК құлпының ақауының болуы, құлпының жұмыс істемеуі) және темір жолдың кінәлы екенін көрсететін өзге де жағдайларда жауап береді» деген қорытындысын негізге алу мүмкін емес болатынына алып келеді.

Бірақ та іс мынада, мұндай жауапкершілік камераның өзінің кемшіліктерін есепке алмайтын болсақ тікелей жалға алу шартынан туындауы мүмкін емес болады, себебі міндеттеменің өзі- жалға тапсырылған мүлікті күзету- жалға алу шартының мазмұнына кірмейді. Жалға беруші өзіне мұндай міндеттемені ала алады, бірақ ол үшін жалға алуды тиісті шаарт аралас болуы үшін (күзет және жалға алу) күзет элементтерімен толықтыру қажет болады. Біздің ойымызша дәл осындай жағдай мүлікті автоматты сақтау камерасына тапсыру кезінде қалыптасады. Сол себепті егер де вокзал ғимаратында өрт болған болса немесе оны су басып кетсе немесе автоматты камералардың құлыптары бұзылса осы және осыған ұқсас өзге де жағдайларда сөз тек жалға алу элементтерін құрайтын міндеттемелердің бұзылуы туралы ғана болуы мүмкін. Алайда егер қарақшы сақтақ камерасына оның тиісінше күзетілмеуі себепті қол жеткізген болса (күзетші ұйықтап қалса) дәл осы көлік мекемесінің ендігі жерде күзет шартынан туындайтын міндеттемелерін бұзуы орын алады.

Біздің пікірімізше соңғы көзқарасты қолдайтын заңгерлердің көзқарасы неғұрлым дәлелді және сенімді болып табылады. Талданылған жағдай азамат мүлікті автоматты сақтау камерасына орналастыра отырып оны тікелей көлік мекемесіне сақтауға бермейтіндіктен және көлік мекемесі оны азаматтан қабылдап алмайтындықтан сақтау шартына жатқызылмайды. Жеке тұлға өзіне белгілі бір төлеммен берілген автоматты сақтау камерасының ұяшығын тек уақытша ғана пайдаланады. Ұяшықтың өзінде құлпында ақау болуы сияқты кемшіліктеер болмауы тиіс. Қарастырылған қатынастар әжеттегі жалға алу шартының күшімен пайда бола алмайды, себебі мүліктің сақталуы үшін жауап беруі тиіс көлік мекемесінің жауапкершілігі тікелей жалға алу шартынан туындамайды, себебі «жалға берушінің жалға берілген мүлікті күзету міндеті – жалға алу шартының мазмұнына кірмейді» [66, с. 789].

Біздің пікірімізше осы жағдайда пайда болатын міндеттеменің негізінің өзі сақтау шартының жасалынғаны туралы айтуға негііз бермеуі тиіс, олай болмағанда АСК иесінің кәсіпқой сақтаушы ретіндегі жоғары деңгейдегі жауапкершілігін есепке ала отырып, сондай- ақ мүмкін болатын сақтауға берушілер тарапынан мүмкін болатын қасақана әрекеттерді есепке ала отырып АСК иелері анық түрдегі құқықтық жағынан қорғалмаған, экономикалық жағынан зиянды жағдайда қалған болар еді [52, с. 23].

Нәтижесінде көлік мекемесі мен автоматты сақтау камерасын

пайдаланатын сақтауға беруші арасындағы шарт сақтау шарты болмайтындығымен қатар тіпті оның құрамында бұл шарттың элементтері де болмайды, оның нақтылы табиғаты «жалға алу» мен «күзет» элементтерінің «араласуынан» тұрады деген қорытынды жасауға болады.

Соған байланысты АҚ 787 бабы мазмұны бойынша АҚ 786 бабының 6 тармағының мазмұнына сәйкес келетін 5 тармақпен толықтырылуы тиіс деп ойлаймыз, атап айтқанда:

«Осы баппен белгіленген көлік мекемелерінің сақтау камераларында сақтау ережелері көлік мекемесі АСК өзге тұлғаға мүліктік жалға алу шартымен бееретін жағдайларға тараалмайды».

Осы жағдайда орын алатын келесі мәселе заң шығарушының ҚР АҚ құрамына «автоматты сақтау камерасы» тарауын енгізбегенінен тұрады, және сонымен қатар тиісті анықтама қалыптастырмаған, мұның өзі осы зерттеу авторының пікірінше толтыруды қажет ететін ақау болып табылады.

Бұл мәселені ҚР АҚ 787 бабының шеңберіін кеңейту және «автоматты сақтау камерасы» тарауын қосу арқылы шешуге болады деп есептейміз, онда тараптардың құқықтары мен міндеттеріне қысқаша анықтама берілген; патоматты сақтау камерасы иелерінің жауапкершілігі белгіленген болаар еді, мұның өзі соттардың осы мәселелер санатындағы істерді шешуі кезіндегі міндеттерін елеулі көлемде жеңілдеткен болар еді.

**Мекемелердің гардеробтарында сақтау.** Мекемелердің гардеробтарында сақтау шарты нақтылы шарттарға жатқызылады.

Мекемелер гардеробтарында сақтау заты сыртқы киім, бас киім және мекеме қызметкерлері мен келушілердің өзге де мүліктері болуы мүмкін (788 баптың 1 тармағы).

Мүлкін мекеме гардеробына тапсырған кезде азаматқа номер немесе жетон беріледі. Мүлікті қабылдауды растаудың аталған әдісі үнемі сақтауға берушіні дербестендіруге, сондай-ақ берілетін мүліктің кезінде сақтау үшін берілген мүлікке сәйкес келетінін дәлелдеугі мүмкіндік беріле бермейді. Бұл жағдайға сақтауға қабылданған және сақтаушы қайтарған мүліктің бір мүлік екеніін дәлелдеуге байланысты ыдау туындаған жағдайға куәлердің куәлігіне мүмкіндік беретін жалпы ережелер таралады (АҚ 772 бабының 4 тармағы туралы сөз болып отыр).

Тапсырылған мүлік жалпы ереже бойынша номерлі жетон немесе өзге қабылданған легиматизацияланған белгіні көрсетушіге берілуі тиіс, бұл жерде сақтаушы мүлікті алу үшін жетонды ұсынушының өкілеттіігін тексеруге міндетті емес (немесе өзге белгіні). Сонымен қатар мүлікті номерлік немесе өзге де белгіні ұсынған бөгде адамға беру сақтаушыны сақтауға беруші алдындағы шығынның орынын толтыру міндеттілігінен босатпайды. Сондықтан да сақтаушы жетонның (өзге де қабылданған беоінің) осы тұлғаға тиесілі екені туралы өзінде күдік пайда болған болса мүлікті беруді тоқтата тұруға құқылы болады (АҚ 788 бабының 3 тармағы). [50, с. 432].

АҚ 788 бабының 1 тармағында тағы да екі норма бар, олардың әрқайсысына қатысты сақтаудың сол бір негізгі белгісі – мүліктің берілуі орын алған жағдайда ғана әрекет ететіні атап көрсетіледі. Осы нормаалардың

біріншісі орынын толтырымды және орынын толтырымсыз сақтаудың аражігін бөлуге арналған. Мұндай жағдайларда («мүлікті сақтауға тапсырған кезде») сақтаудың орынын толтырымсыздығы көрсетілетіні белгіленген. Орынын толтырымдылық келісілуі немесе мүлікті беру кезіндегі өзге әдістермен негізделінуі тиіс.

Екінші норма (орны қолданудың шарты ретінде «гардеробқа тапсырылған мүлік» туралы сөз болған жағдайда қолданылатын шарт ретінде көрсетілген) мекемені сақтау туралы жалпы ережелерде қажетті деп танылатын барлық шараларды қолдану міндеттілігін жүктейді.

1922 жылғы АК әрекет еткен кезең ішінде сақтау шартының арнайы реттелуі болмауына байланысты мекеменің «оларға сақтауға берілген» мүлікті, оның ішінде сыртқы киімді жоғалтқаны үшін жауапкершілік жүктеу негіздері туралы мәселе ұзақ уақыт бойы әдебиеттерде даулы мәселе болып келді. Сот тәжірибесі де жеткілікті деңгейде тұрақты болмады. Неғұрлым кең тараған көзқарастарға сәйкес мекеме мен азамат арасында сақтау қатынастарының болуын тану үшін мекеменің өзіне келушілерден сыртқы киімдерін шешуді талап ететіні жеткілікті негіз деп есептелінді.

Мысалы шаштаразда пальтоның жоғалуымен байланысты пайда болған істердің бірінде КСРО Жоғары соты төменгі соттың шешімінің күшін жоя келе келесіні көрсетті: «Сот шаштаразда клиенттерге қызмет көрсету бойынша қандай ережелер бар екенін анықтау керек болды, оның ішінде клиенттер үшін оларға қызмет көрсету кезінде сыртқы киімін шешу міндетті болып табылады ма, әлде жоқ па» Келушілер үшін сыртқы киімді шешу міндеттілігін тану және ол үшін тиісті орын бөлу (киім ілгіштің қойылуы мысал бола алады) жария офферта ретінде қарастырылады, аталған орында дайын киімді қалдыру акцепт маңызына ие болады. Сот органының келтірілген көзқарасы әдебиетте белгілі бір келіспеушіліктер тудырды. Атап айтқанда, В.С. Якушев «мекемеде арнайы гардероб болмаған барлық жағдайларда сақтау шарты да болмайды. Клиент өз мүлкін белгілі бір тұлғаға, мекеме немесе ұйым өкіліне бермейді. Сол себепті жоғалтылған мүлік құнының орынын толтыру міндеттілігі пайда болады, бірақ бұл жауапкершілік шарттық емес деликтілік сипатта болады» деп есептейді [2, с. 148].

Қарастырылатын мәселенің табиғатына байланысты қойылған сұраққа қолданыстағы АК қатысты жауап беру үшін АК 788 бабы «Мекемелер гардеробтарында сақтау» деп атаалғанымен оның мазмұны атауының шеңберінен шығып кетеді. Оның құрамына енген мекемелер гардеробтарында сақтауға арналған ережелер «мекеме қызметкерлері мен онда келушілердің сыртқы киімдерін, бас киімдерін және өзге де мүліктерін» сақтауға да таралатыны туралы сөз болып отыр [50, с. 432]. Сонымен, Кодекс мүлікті гардеробқа тапсырған кезде ғана емес, сондай-ақ мүлікті арнайы бөлінген орындарда қалдырған кезде де дәл осы шарттық (деликтілік емес) жауапкершілікті таниды. Заң шығарушы мүлікті сақтау үшін орын бөлу (азаматтар ол туралы қорытындыны атап айтқанда жергілікті радио бойынша жазбаша немесе ауызша хабаарлау, коридорда немесе қабылдау бөлмесінде қойылған киім ілгіш арқылы біледі) жария офферта болып танылады, ал мүлікті



арнайы бөлінген орында қалдыру – акцепт болып табылады деген көзқарастаан қорытынды жасағаны айқыын болып көрінеді. В.С. Якушевтің пікірімен де келіспесе болмайды, ол былай деп дәлелдеді, «сақтау шарты тек мүлікті гардеробқа тапсырған кезде ғана пайда болады. Алайда бұл қарастырылған жағдайлар кезінде тараптарды шарттық қатынастарда тұрады деп тану мүмкіндігін жоққа шығармайды, бірақ бұл гардеробқа тапсырған кездегідей сақтау шарты емес, күзет шарты болып табылады. Міне сол себепті де «қосалқы құрылым» - деликтіні қолдану қажеттілігі өздігінен жоққа шығарылады» [143, с. 59].

Мысалы, Ақмола облыстық сотының азаматтық істер бойынша коллегиясы 2003 жылғы 8 шілдеде Көкшетау қаласында ашық сот отырысында Айнаш Болатқызы Кенжебаеваның Анна Михайловна Леневаның ЖК «Апельсин» кафесіне талап арызы бойынша Көкшетау қалалық сотының 2003 жылы 7 мамырдағы шешіміне апелляциялық арыз бойынша түскен материалдық шығынды және моральдық зиянды өндіру туралы ісін қарады. Кенжебаева А.Б., сотқа талап арыз бере отырып 2002 жылғы 11 қазанда сағат 20 сағат 30 минут шамасында досымен бірге Көкшетау қаласы Абай көшесі 87 үй мекен- жайында орналасқан «Апельсин» кафесіне кіргенін көрсеткені анықталды. Жеке мүлкін осы жерде залда орналасқан киім ілгішке ілген. Кафеде гардеробтың болуы қарастырылмағандықтан номер берілмеген. 22 сағат шамасында кафеде кетер алдында олар куртканың жоғалғанын анықтады, ол туралы бірден кафе әкімшілігі Н.В.Бушуеваға хабарлаған. Сақтау шарты мүлікті сақтауға берген кезден бастап жасалынды деп танылады. Іс жағдайынаан және тараптардың мәліметтерінен көріп отырғанымыздай талапкер кафеге барған кезде оның гардеробы жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатуы себепті істемеген. Сондықтан да ол былғары курткасын гардеробқа тапсырмаған, өз бастамасымен бөлмеде тұрған киім ілгіштердің біріне ілген.

Сондай – ақ оның куртканы сақтауға бергені туралы кафе әкімшілігіне ескертпегені анықталды, жауапкерден мүлікті қабылдап алғаны туралы алған растаушы белгі де онда болмаған. Мұндай жағдайда, талапкер өзінің курткасын ең шеткі киім ілгішке жауапкердің мүліктің сақталуына өзіне міндеткерлікті алуынсыз ілгендіктен А.Б.Кенжебаева мүлікті жауапкерге сақтауға берді деп дәлелдеуге негіз жоқ. Сақтаушының мүлікті қабылдағаны туралы қысқа мерзімдік шарттың жасалынғаны сақтауға берушіге құқықтық өкілеттік беретін белгілер – ҚР АҚ 772 бабының 1 тармағында қарастырылғандай номерлер, жетондар және өзгее де легитимдеуші белгілердің берілуі арқылы расталуы тиіс.

Сот талапкерде ондай белгілердің жоқ екенін анықтады. Сондықтан да коллегия жоғарыда аталған жағдайлар кезінде мүліктің сақталу тәуекелі оның меншік иесіне жүктелінеді деп есептейді. Соған байланысты талапкердің апелляциялық арызында келтірілген дәлелдері қанағаттандыруға жатқызылмайды. Аталғандарды негізге ала отырып коллегия қаулы шығарды: Көкшетау қалалық сотының 2003 жылғы 7 мамырдағы осы іс бойынша шешімі өзгеріссіз қалдырылсын, ал А.Б.Кенжебаеваның апелляциялық арызы қанағаттандырылмасын [37]..

Қорытындысында төмендегіні атап өтуге болады «қарастырылатын шартты АҚ кез келген бір себептерсіз бөліп көрсету өзгесін есепке алмағанның өзінде кезінде ұсынылған жеке мүлікті сақтауға қатысты ол жапа шегуші жұмыс істейтін мекемеге берілген жағдайларда оның осы мекемеде жұмыс істеуіне байланысты азаматтық емес еңбек құқығының нормалары таралады деген идеяға қарсы ұсынылған тағы да бір дәлел қызметін атқарады. Біздің ойымызша ол үшін ешқандай да теориялық та, тәжірибелік те негіз жоқ. Басқасын былай қойғанда келтірілген ережені жүзеге асыру қызметкердің өз мүлкін жоғалтуы немесе оған зиян келтірілуі салдарынан ұшыраған шығынның орынын толтыру үшін негіздемелерді барынша азайтқан болар еді. Ал мұның өзі өздігінен азаматтың оған тиесілі мүлікті өз мекемесінің сақтауына немесе күзетуіне беруімен байланысты тәуекелдердің бір бөлігін азаматтың өзіне артуды білдіретін мұндай ұсыныстарды даулау үшін жеткілікті негіз болған болар еді» [144, с. 23].

**Қонақ үйде сақтау.** Қонақ үйлер, отельдер, кемпингтер қонақ үй қызметін жүзеге асыратын мамандандырылған коммерциялық мекемелер болып табылады. Қонақ үй кешені құрамына клиенттердің мүлкі мен құндылықтарын сақтау бойынша қызмет те кіреді. Қонақ үйлер клиенттеріне мұндай қызмет көрсетуден тек ол үшін техникалық мүмкіндіктері болмаған жағдайларда ғана бас тарта алады. Атап айтқанда – бос орындар болмаған кезде. Бұл да шарттың жариялылығының белгілерінің бірі.

Сонымен қатар, жария шарт шарттарына сәйкес қонақ үй жария шарт жасасуға қатысты заңда қарастырылған жағдайлардан өзге жағдайларда бір тұлғаға екіншісімен салыстырғанда артықшылық бере отырып қызмет көрсете алмайды. Тауар, қызмет, жұмыс құны, сондай-ақ өзге де шарттар заңда тұтынушылардың жекелеме санаттарына жеңілдіктер беру қарастырылған жағдайлардан өзге барлық жағдайларда барлық тұтынушылар үшін бірдей белгіленеді. Қонақ үйдің тұтынушыға тиісті қызмет көрсету мүмкіндігі болған жағдайда тиісті қызмет көрсетуден бас тартуына жол берілмейді. Қонақ үй негізсіз жария шарт жасасудан жалтарған жағдайда АҚ 399 бабының 4 тармағында қарастырылған ереже қолданылады [145, с. 7].

Қатынастардың осы түріне арналған АҚ 789 бабы 788 бапқа қатысты арнайы болып табылады, ол мекемелер гардеробтарында сақтаудың жалпы ережелерін белгілейді. Ал 789 бапта реттелетін қатынастар субъектілік құрамының ерекшелігі бойынша АҚ 788 бабында көрсетілгеннен айырмашылығы бар болып келеді. Ең алдымен бұл сақтаушыларға қатысты. 789 бап «Қонақ үйде сақтау» деп аталғанымен, ол мотелдерде, демалыс үйлерінде, пансионаттарда, санаторийлерде, моншаларда және өзге де осыған ұқсас мекемелерде азаматтардың мүлкін сақтауға таралады (АҚ 789 бабының 5 тармағы). Соған қарамастан мұндай мекемелердің барлығын біріктіріп тұратын белгілі бір белгісі бар болып келеді. Ол мүлікті сақтау мұндай мекемелердің құрылуына негіз болған негізгі қызмет түрлерімен бірге жүргізілетінен тұрады.

